Мәңгіліктің таңына қарай

МАХАББАТ және МАҒРИФАТ

Осман Нұри ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

Мәңгіліктің таңына қарай

МАХАББАТ және МАҒРИФАТ

Осман Нұри
ТОПБАШ

ХИКМЕТ
БАСПА ҮЙІ

Мазмұны

Алғы сөз

Бүкіл әлемді сүйіспеншілігімен жаратқан, адам баласын да Өзінің ұлы туындысы етіп, тәңірлік мағрифатпен безендіріп, мәңгілік сапардың жолаушысы еткен Аллаһ Тағалаға хамд!..

Жаратылуымыздың уәсиләсі, махаббат отының шырасы, «һидаят күні» мен «мағрифат жұлдызымыз» болған Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға, Оның әулетіне, асхабына салауат пен сәлем!..

Барлық нәрсенің бір себебі бар. Кішкентай ғана құм түйіршігінен, алып аспан денелеріне дейін, себепсіз жаратылған бірде-бір болмыс жоқ. Әрбірі белгілі бір мақсатпен жаратылған. Тіпті микроп екеш микроптың да жаратылу себебі бар.

Ал адам ше? Жаратылу себебі ең ерекше болған – ең ұлы жаратылыс. Аллаһқа ең жақын немесе ең алыс бола алатын жалғыз жаратылыс. Сондықтан да адамның жаратылу себебі әлдеқайда маңызды. Өйткені ол – Аллаһтың бұл әлемдегі халифасы (өкілі). Ол әлемнің өзегі, қарашығы іспетті. Ең нағыз (абсолютті) сұлу – Аллаһқа сүйікті болу дәрежесі оған арналды.

Олай болса, адам баласы өзінің әсте бекерге жаратылмағанын түсінуі керек. Әзел (ежел) мен мәңгілік сияқты екі шексіз әлемнің арасындағы бұл сынақ жұртына босқа жіберілмеді. Бұл шындық аяттарда былай баяндалады:

«Сендерді бекерге жараттық және өздерің, расында, алдымызға кері қайтарылмаймыз деп ойладыңдар ма?» (Мүминун, 115)

«Адам емін-еркін жіберілемін деп ойлай ма?» (Қиямет, 36)

Өйткені біздің жаратылу себебіміз және мойнымыздағы иләһи жауапкершілік таулар мен тастар, тіпті көктер де арақалай алмайтынындай үлкен әрі маңызды. Бұл жауапкершілілікті және жаратылыстағы мақсатымызды арқалап өтудің жалғыз жолы – **«Мағрифат есігі – махаббатқа»** жармасу. Себебі **«Махаббаттың құдіреті»** - мойнымыздағы дүниелік және ахиреттік барлық жүгімізді көтере алатын иләһи күш. **«Ғашықтардың сұлтаны – Хазіреті Мәуләнәнің»** Мәснәуи атты еңбегінде шыр айналып түсіндіруге тырысқаны да осы. Өйткені бізді жеті қабат көктердің арғы жағына, миғражымызға апаратын жалғыз күш – **«Мағрифат және махаббат»** атты қос қанат.

Ал бұл қос қанатты кеудемізге өсіретін ең ұлы дәнекер болса көңілдердің дауасы, әлемдердің асыл тәжі – **«Пайғамбар махаббаты»**. Егер де жүрек **«Хазіреті Пайғамбарға асқан махаббатқа»** толы болса, ол жүрек – енді иләһи назар түсетін ерекше орын деген сөз. Осы орайда, өзімізден ең көп сұрайтынымыз **«Оны қаншалықты сүйеміз?»** деген сұрақ болуы тиіс. Өйткені **«Оны тану, көру және есту»** адамдарды екі дүниеде де жоғарылатады, Хаққа

жақындатады, жәннәт иелеріне қосады. Ақыл-есі бүтін адам Оны қалай сүймеске?! Оның **«Жылағаны, күлгені, мұңаюы, дұғасы біздер үшін»** еді. Ал біз Ол үшін не істей алдық? Оны қайғыға батыратын қылықтардан тыйылып, қуанышқа бөлейтін жақсылықтарға жүгіне алдық па? Мынау аласапыран ақыр заманда біздің мәңгілік шипамыз болған **«Хазіреті Пайғамбардың ұлы ахлағын»** қаншалықты бойымызға дарыта алдық?

Құлды Аллаһқа, махаббат дариясына апаратын жалғыз рахмет және махаббат бұлағы – Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед саллаллаһү аләйһи уә сәлләм. Өйткені Хазіреті Мұхаммед Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға махаббат – Аллаһқа махаббат. Оған бойсұну –Аллаһқа бойсұну. Оған қарсы болу – Аллаһқа қарсы болумен парапар.

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға деген шынайы сүйіспеншілік пен махаббаттың жүрегімізге орнығуы дегеніміз – Оның басқан іздерін маңдайымызға жарық шырақ етіп алу. Оған шын көңілден беріле отырып, итағатқа орануымыз.

Себебі Ол сондай теңдессіз тұлға – қай қырынан алсаңыз да адамзат үшін рахметтің қайнар көзі. Оның жүрегі мүминдерге шексіз жанашырлық пен мархаматқа толы. Бұл иләһи шындық.

Ұмытпайық, **«Ғұмыр және әлем»** Оның құрметіне жаратылды. Екеуі де Оның махаббатымен бітіп-таусылмас сырлармен барынша әшекейленді. Бұл сырды түсінсек, **«Әлемді оқыған, барлық нәрсені оқиды»** деп айта аламыз.

Бірақ бұл оқуымыз тек **«Ғұмырды ең көркем түрде өткізуіміз»** үшін ғана болуы керек. Өйткені Аллаһтың және Елшісінің бізден жалғыз қалайтыны – **«Жақсы құл бола білу»**. Сондықтан ең әуелі **«Мінез-құлқымыздың»** Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің, Оның ізін қуған салих құлдардың, Хақ пен хақиқат қаһармандарының **«Көркем ахлағына»** тартуы шарт. **«Жүрекке назар аудара білетін жан бола білу»** тек осылай ғана пайда болмақ. Тек сонда ғана **«Ақыл мен жүректің үйлесімділігі»** іске аспақ. Әрине, бұл орайда **«Ақыл мен жүректің азығы – Ғылым мен тәрбие»** мәселесі өзіміз үшін де, келешек ұрпағымыз үшін де тал бесіктен жер бесікке дейінгі ең ұлы міндетіміз болуға тиіс. Аят кәримәда **«Расында, нәпсісін тазартқан құтылды, ал оны жамандықтарға көмген зиянда»** (Шәмс, 9-10) деп бұйырылғандықтан, әсіресе нәпсімізді тәрбиелеуде **«“Мен” сезімі және нәпсімізді сын тезіне салу»** мәселесіне аса мән беруіміз қажет. **«Көркем мінез және әдеп»** барлық кезде, барлық жерде ең айқын ерекшелігіміз болып тұруы керек. Аллаһ Тағаланың бізге жүктеген құлшылық **«Аманатын қорғап»**, ақтық демімізде жанымызды осындай көркем халде Аллаһқа табыстай білуіміз және аят кәримәдағы **«Аллаһ мүминдердің малдары мен жандарын жәннәтқа айырбастап алды...»** (Тәубе, 111) деген сүйіншіге қол жеткізе білуіміз үшін өмір бойы **«Құрбанның шексіз хикметі»** мен мәнін санамызға сіңіріп өтуіміз керек. Өйткені құрбан – пидашылық дегені.

Қымбатты оқырман!

Жоғарыда тиек етілгендердің әрбірі осы кітапта талқыланатын тақырыптарды құрайды.

Адамдар жақсы көрген нәрселері жайында көп сөз

қозғайды. Жүрген жерінде өзінің сүйікті нәрсесі жайында айтып, сол төңіректегі тақырыптарды қозғай береді. Мысалы, өзін тек қана жұмысына байлаған кәсіпкер үнемі сауда-саттық, тауар, алармaн туралы айтады. Анау пайда, мынау зиян, анау тиімді, мынау тиімсіз деген сияқты... Кейбіреулер баласын қатты жақсы көреді. Қайда барса да өзінің баласының қылықтарын айтып, мәз-мейрам болып отырады. Ал қадірменді сахабалар мен Аллаһтың әулие құлдары қашан да Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм хақында сөз қылудан, Оны еске алудан шексіз ләззат алған.

Раббымыз бұл еңбегімізге, Хақ және ақиқат жолында жазылған әр сөзге өз берекесін берсін.

О, Раббым! Баршамызға өз ризашылығың бағытында фәйзге толы өмір сүруді, сол өмірді махаббатұллаһ пен мағрифатұллаһ көріністері аясында сүруді әрі Өзіңнің құзырыңа тек қана салих құл болып баруды нәсіп еткейсің. Бізді махаббат және мағрифатта сондай бір деңгейге жеткізкейсің, сөйтіп, ақтық деміміз Өзіңе қауышудың тойына, қиямет күні де мәңгілік мейрамның таңына айналсын!

Әмин!..

БӨЛІМ

Мағрифат есігі – махаббат

1

Махаббаттың құдіреті

Түйіршіктерден алып ғаламшарларға дейін барлық жаратылыс атаулысына махаббат өзүстемдігін құрған. Өсімдіктерден жануарларға дейін, «жанды», «жансыз» деп есептелетін болмысқа дейін бұл әлемдегі барлық нәрседе махаббат бар. Тіпті он сегіз мың ғаламдағы тіршілік махаббатпен жалғасады.

Махаббаттың құдіреті

ӘР НӘРСЕГЕ ЖАН БІТІРЕТІН – МАХАББАТ...

Бір құдси хадисте былай бұйырылады:

«Ықылас – менің сырларымнан бір сыр (болғаны сонша), оны құлдарымнан (тек) сүйгенімнің жүрегіне аманат қып беремін. (Сауап дәптеріне) жазу үшін періште немесе бұзу үшін шайтан оны (ықыласты) сезіп аңғара алмайды». (әт-Тәж, I, 43).

Аллаһтың сыры деген ықылас тәңірлік сый ретінде адамдардың ішіндегі махаббатұллаһқа бөленгендерге ғана тарту етілуде. Хадистегі «сүйгенімнің жүрегіне» деген сөз осы шындықты көрсетуде.

Бұл барлық есіктер мен жолдар – адам баласына тек оның ғашықтығы мен махаббатының мөлшеріндей ғана ашылады деген сөз. Махаббат таусылған жерде ықылас та жойылады. Шынайылық та, адамгершілік те, қайрат та... Махаббаты күшті болған жүректе бәрі: құлшылықтар да, көркем қасиеттер де, адалдық та, тәсілімият (берілу)

та, мәңгілік тыныштық та – күшті, жанды. Сондықтан жүректегі махаббат, ең әуелі, нұры еш өшпейтін күн сияқты күшті де бекем және тұрақты болуы керек. Әйтпесе май шамдай жанып таусылған махаббаттар адамды да, әдеміліктерді де тауысады. Тіпті кейде мәңгілік зиян мен қасіретке де айналып кетеді. Өкінішті нәтижелерімен адамды пұшайман етеді. Хазіреті Нахшәби әңгімелеген мына бір қисса бұл шындыққа сондай жақсы мысал болмақ:

ЖАСАНДЫ МАХАББАТ – ПӘЛЕКЕТ...

Бір жас жігіт патшаның қызының есігіне барып, оған ғашық болғандығын айтады. Бұл сөз патшаның қызының құлағына жеткенде, патша қызы есікке барып, әлгі жігітке:

– Мына мың теңгені ал да, ендігәрі маған да, өзіңе де залал келтіретін мұндай сөз айтушы болма, - дейді.

Жігіт сөзінен қайтпай қойған соң:

– Олай болса, екі мың теңге ал, - деп, ұсыныс жасайды.

Ақыры сауда он мың теңгеге барып тірелгенде, жігіт көнеді. Сонда патшаның қызы:

– Сенің мені жақсы көргенің сол ма, ақшаның жылтырынан көзің шағылысып, мені көрмес болдың. Мені басқа нәрсеге айырбастаудың жазасы не екенін білемісің? - дейді де, жасанды махаббатпен келіп, дүниелік нәрсеге беріле салған жігітті масқара қылып қуып жібереді. Бұл оқиғаны естіген (Аллаһты шын таныған) бір ариф есінен танады. Есін жиған соң былай дейді:

«Ей, адамдар! Қараңдаршы, дүниеде жасанды махаббат танытқандардың басына не келіп жатыр. Ал Хақты жақсы көретінін айтып, басқа нәрселерге көңіл бөлгендердің ахиреттегі халі қандай болмақ?!»

Мінеки, бұл қисса адамның өмірі бастан-аяқ мейлі өтпелі ғашықтық, мейлі шынайы (иләһи) ғашықтық тұрғысынан үнемі махаббат сынақтарына толы екендігін байқатады. Өйткені махаббат – жаратылыс сырымыз һәм өмір сүру хикметіміз. Шын мәнінде:

БОЛМЫСТЫҢ ҚОРЫ – МАХАББАТ...

Аллаһ Тағала әзел әлемінде (ежелде) өзгелер тарапынан танылып, білінуге құштар болды және сол себепті сансыз тіршілік иелерін жаратты. Сынақ орны болған бұл дүниеде және барлық әлемдерде Өзінің құдіреті мен өнерін паш етті. Бұл теңдессіз өнерінің шыңы ретінде де адам баласын жаратты.

Осылайша әлем және адам иләһи махаббаттың айнасына айналды. Махаббат әр нәрсенің жаратылыс сыры, һәм тіршіліктің нәрі және тыныштығы ретінде күллі жаратылыстың өзегіне орналастырылды.

Сондықтан да түйіршіктерден алып ғаламшарларға дейін барлық жаратылыс атаулысына махаббат өз үстемдігін құрған. Өсімдіктерден жануарларға дейін, жаны барлардан жансыз деп есептелетін болмысқа дейін бұл әлемдегі барлық нәрседе махаббат бар. Тіпті он сегіз мың ғаламдағы тіршілік махаббатпен жалғасады. Әсіресе адам өмірінде бұл ақиқаттың алар орны зор. Өйткені өмірдегі қаншама

азап, қасірет, ауру, айырылу т.с.с. басқа да тауқыметтерді тек махаббат дәрісімен ғана емдеп, бұл фәни әлемді мәңгілік бақытқа айналдыруға болады. Сәйри атты шайыр бұл жайлы:

Көкті, жерді көркемдеген,
Махаббаттан артық не болсын?
Жер бетіне өмір берген,
Махаббаттан артық не болсын?

Адамнан, Хауадан сұра,
Мәжнүннен, Ләйләдан сұра,
Хазіреті Мәуләдан (Аллаһтан) сұра,
Махаббаттан артық не болсын?

Адам ғашықтыққа кереӊ бола алмас,
Өзгеше-дүр ондағы сырлар,
Әр түн миғражға апарар,
Махаббаттан артық не болсын?

Жанардан моншақ аға тұр,
Кеудені сезім жаға тұр,
Көзбе-көз **Сәйри** қарап тұр,
Махаббаттан артық не болсын?

МАХАББАТ БАСПАЛДАҚТАРЫ...

Махаббат ең жоғарғы дәрежеде көрініс табатын болмыс, әрине, адам баласы. Өйткені адам жүрегінің ең үлкен азығы – Жаратушы Иесіне деген махаббаты. Сондықтан да жүректер Аллаһқа деген махаббатқа толған сайын жаратылыстың хикметін ұғына бастайды. Тыныштық пен жан рахатына кенеледі. Сонымен бірге Аллаһқа махаббат

барлық адал махаббаттардың негізін құрайды. Сондай адал махаббаттың ең шыңында Пайғамбарымыз Хазіреті Мұхаммед саллаллаһү aләйhи уә сәлләмға деген махаббат бар. Одан соң Хақ достарына, ата-анаға, бала-шағаға, бүкіл мүмин бауырларға, тіпті бүкіл жаратылғандарға сүйіспеншіліктің өзі – Аллаһқа махаббаттың қажеттілігі.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз саллаллаһү aләйhи уә сәлләм Меккені алуға бара жатқанда жолда күшіктерін емізіп жатқан итті үркітпеу, мазаламау үшін әскерінің жолын өзгерткен болатын.

Құрбандыққа қой шалайын деп жатқан бір кісінің жануардың көз алдында пышағын қайрап жатқанын көрген Расулұллаһ саллаллаһү aләйhи уә сәлләм: *«Пышағыңды мына қой көрмейтін жерге барып қайрасаң болмас па еді!»* - деп ескерткен болатын. Өйткені:

МАХАББАТ МАРХАМАТТЫ БАСТАЙДЫ

Құран Кәрімде Аллаһ Тағаланың ең көп «Рахман» есімі айтылады. Оның көрінісі – мархамат. Мархамат болса махаббаттан бастау алады. Аллаһқа шынайы жақындық махаббатымыз бен мархаматымыз мөлшерінде болмақ.

Олай болса, көңілдеріміз әуелі Аллаһ махаббатымен нұрлануы және қайтадан жәннәтқа, сондай-ақ Аллаһтың жамалына қауышуға лайық болуы шарт. Құлшылық көкжиегіміздегі жалғыз мақсат-мұратымыз осы болуы керек.

Себебі Хақ Талаға тіршілік иелерінің арасынан адам баласын ең көп жақсы көрген. Сол себепті адамды жәннәтта

жаратқан. Содан кейін сынақ үшін оны бұ дүниеге түсіріп, нәпсісін жеңе отырып құлдық міндетін атқаруды жүктеген. Аллаһ Тағаланың мұраты – біздің қайтадан жәннәт өміріне оралуымыз. Осыған орай, Фәжр сүресінде ап-айқын түрде:

«Раббыңа орал!» және **«Жәннәтыма кір!»** – деп бұйырған. Әлбетте соңғы барар жеріміз, оралатын жағымыз – Аллаһ. Тек Аллаһқа бет бұрғандар ғана нәтижеде жәннәтқа оралған болады.

МАХАББАТ ТӘЛІМІ...

Барлық пайғамбарлар және Аллаһ достары жоғарыдағы иләһи пәрменді орындай білу мақсатымен күн кешіп, бүкіл өмірлерін сол махаббаттың тәлімімен өткізген. Нәтижеде олардың әрқайсысы махаббатты мәңгіліктің туы етіп, барлығы бір-бірден руханият қаһармандарына айналған. Өзге иләһи кітаптар да, Құран Кәрім де һидаят аясында махаббатқа толы құлдық деңгейі үшін сыйланды. Хақ достары жазған туындылар да осы сырды, яғни махаббат сыры мен сол махаббат сырын түсіндіру үшін қалам тартылған шығармалар. Мысалы, Мәуләнәнің 26 мың бәйіттік «Мәснәуи» атты үлкен шығармасы да бейне бір махаббатнама іспеттес. Хазіреті Мәуләнә айтады:

«Ғазизім! Махаббатты да, ғашықтықты да Хақ Тағаланың сипаты деп біл!»

«Сен қап-қатты тас немесе мәрмәр сынығы болсаң, махаббатқа толы көңілдің арқасында гаухар тасқа айналасың. Алайда махаббат болмаса, май шамның (свеча) өзі темірдей болып қатаяды».

«Махаббат сондай бір тылсымды күш болғаны

сонша – ащы нәрсе онымен тәтті болады, көңілдер кірден және таттан онымен тазарады. Дерттер онымен шипа табады...»

«Өлген нәрсе махаббатпен тіріліп кетеді. Ғашықтық себепті патша құл болды. Ғашықтықтың салдарынан зындан мен абақты гүл бақшасына айналады. От шоғы гүл шоғындай нұр болады».

«Тағыда махаббаттың арқасында қайғылар мен қасіреттер шаттыққа бөленіп, қуанышқа айналады. Қаншама қаһар көріністері рахмет көріністеріне айналады».

«Бірақ мұндай нақты нәтижелер туындататын шынайы махаббаттар – тек Аллаһты шын білген ариф құлдарға тән жағдай. Ол ирфан (парасаттылық) мен ықыластың нәтижесінен туындайды. Яғни қай-қайдағыларға ұрынып, түкке тұрмастарға ғашық болған жан махаббаттың тағына әсте отыра алмайды».

Шын махаббат – Хақ Тағаланы жаннан әзіз біліп, Оны әрнәрседен артық сүю. Бұны «хақиқи ғашықтық» деп атағаны сонша, бұл жаратылғандарды да Жаратушысының құрметіне жақсы көруді қажет ететін махаббат. Мұның іс жүзіндегі үлгісін құрма ағашы шөркесінің жылағанынан көреміз. Иелері тарапынан жәбірленген жануарлардың Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің алдына барып көз жастарын төгуінен көреміз.

ҚҰРМА ШӨРКЕСІНІҢ МАХАББАТ КӨЗ ЖАСТАРЫ

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм сахабаларына уағыз айтқанда, мешіт бағаналарының бірі

құрма шөркесіне сүйеніп тұрып айтатын. Күні келіп, мешітте уағыз тыңдайтын сахабалардың саны сондай көбейіп, адамдардың басым көпшілігі Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің мүбәрак жүзін тамашалай алмайтындай болып кетеді. Сонда Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің рұқсатымен мешітке бір мінбер жасалады. Бірақ Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм сол мінберге шығып, алғаш уағыз айтқан кезінде таңқаларлық мұғжизауи оқиға болады.

Расулұллаһ Мырзамыз бұрын хұтба айтарда өзі сүйеніп жүрген құрма шөркесі айырылысудың қасіретімен ыңырсып және сол жердегілердің бәрі еститіндей дауыспен жылай бастады. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм мінберден түсіп оны сипап, жұбатты.

Ақылды қатты ойландыратын жайт, жай бір құрма шөркесінің махаббаты бейне бір айырылсудың қасіретінен ыңырсыған және қайғы отынан көкірегі жанған адам секілді ғашықтық көріністерін ұсынды. Міне, бұл махаббаттың құдіреті...

Міне, бұл құдірет – бүкіл тіршілік иелері қалайтын және олар тым мұқтаж болған махаббаттың құдіреті. Асрұ Саадаттағы (Пайғамбарымыздың бақытты кезеңі) бұл ақиқаттың көптеген көріністерінің бірі де мынадай еді:

ҚАЙҒЫРҒАН ТҮЙЕНІ ЖҰБАТҚАН – МАХАББАТ...

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм ансарлардың бірінің бақшасына барып, онда бір түйе тұрғанын көреді. Түйе Пайғамбар Мырзамызды көрісімен, дереу

ыңырсып, көзі жасқа толады. Пайғамбарымыз түйенің жанына барып, құлақтарының артын мейіріммен сипайды. Сонда түйе тыныштала қалады. Осыған орай, Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Мына түйе кімдікі? Иесі кім?* – деп сұрайды. Мәдиналық бір жас жігіт келіп:

– Бұл түйе менікі ғой, ей, Аллаһ Расулы! – дейді. Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Саған Аллаһ сыйға берген мына жануардың ақысы туралы Аллаһтан қорықпайсың ба? Ол маған, сенің оны аштанаш тастап, көп шаршататыныңды айтып шағымданды,* – деді. (Әбу Дәуіт, Жиһад, 44/2549)

Нәбилердің мирасшысы болған салих мүминдер де Хазіреті Пайғамбардың бойында көрініс тапқан осыншалық ұлы махаббат пен мархаматтың үлгілерін әрқашан өздерінің өмірлік ұстанымдарына айналдырған. Яғни Аллаһ досы болған салих мүминдер Хазіреті Пайғамбарымыздың махаббаты мен мархаматын түрлі кезеңдер мен аймақтарға жайып, таратқан. Сондай-ақ махаббат пен мархаматтың шыңы бола білген ерекше жандар еді. Әулиеұллаһтың үлкендерінен Хазіреті Баязид Бистами ұстанған мына өнеге амал да аса ерекше мәнге ие:

ӘЛСІЗ МАХЛҰҚАТҚА ШАПҚАТ

Баязид Бистами иләһи махабаттан жұмсарғаны соншалық – Жаратушысының құрметіне жаратылғандардың әрбірінің қиыншылығын өз болмысымен сезініп,

бірге күйзелетін. Бір күні ол біреулердің бір есекті өте қатты ұрып жатқанын көреді. Қатты ұрғандары соншалық – жануардың арқасынан қан ағып кетеді. Сол кезде Баязид Бистами Хазіреттің де балтырынан қан аға бастайды.

Тағы бірде Хазіреті Баязид Бистами жолаушылап келе жатып бір ағаштың астында біраз демалып, ары қарай жолын жалғастырады.

Жолда дорбасының бетінде әлгі демалған жерінен бірнеше құмырсқа мініп алғанын көреді.

Оларды илеуінен мақрұм қылмау және оларды бөтен жерге тастап кетпеу үшін дереу кері қайтады. Демалған жеріне барып, құмырсқаларды сілкіп, өз илеулеріне тастап кетеді.

Бұл хал – Жаратушысына деген құрмет себепті жаратылғандарға мейір-шапағатпен қараудың сондай теңдессіз үлгілерінің бірі. Раббысына жақын болған мүмин ғана көрсете алатын мейірім тереңдігі.

Хадис шәрифте:

«Мысығын аш қалдырып, өліміне себеп болған әйел жәһаннәмдік болды. Шөлдеп өлгелі жатқан бір итке аяқкиімімен су берген күнәһар әйел кешірілді» – делінген.

Алайда мынаны ұмытпаған жөн, Аллаһтың мейірімі кейде кішкентай қайырда, кейде үлкен қайырымда жатады. Дәл солай қаһары кейде кішкентай күнәда жатса, кейде үлкен күнәда жатады. Сондықтан да амалдарымызда осыны ескере отырып таразылап, мұқият болуымыз керек.

Адамды мұндай деңгейге жеткізетін иләһи махаббат

екендігі күмәнсіз. Бұл махаббат – екі жаһанның бақытын алып келетін ұлы нәсіп. Құлды нәрлендіріп, жанымен де, тәнімен де жасартып, тың қылатын – иләһи эликсир. Сол себепті Хақ достарының ең үлкен сипаты мен мақсаттары үнемі махаббат болған. Хазіреті Мәуләнә:

«Хаққа ғашықтар – махаббат дариясының балықтары. Олар вуслат (қауышу) суына еш қанбайды».

«Сен де руханият ерлерімен бірге болып, олардың арқасында сый мен ілтипатқа бөлен, рухани күш ал! Иләһи махаббатпен жас әрі тың бол!» - дейді.

МАХАББАТТЫҢ ЕҢ ҮЛКЕН БЕЛГІСІ...

Махаббаттың ең үлкен белгісі – көңілден барлық мәсиуәні, яғни Аллаһтан басқаның барлығын, әсіресе дүниеқұмарлықты, қызғанышты, кекшілдікті, дұшпандықты шығарып тастау. Егер бұлар жүректен шығарылмаса, ол жүрекке махаббат әлі кірмегені. Өйткені махаббат иелері дүние қуғандардың өткінші құмарлықтарына қызықпайды. Тек қана соңсыз әлемнің шынайы нығметтеріне қарай асығады. Осылайша екі дүниелері де бақытты, жан тыныштығымен өтеді. Тіршіліктің ең буырқанған шақтарында да рухани дағдарысқа ұшырамайды. Көңілдері үнемі тың әрі үмітке толы жүреді.

Аллаһ Тағала бізді осындай шынайы ғашықтықпен жасатсын. Махаббаттың берекелі бұлақтарынан барлық құрғаған жүректерді суарсын. Бұл машақатқа толы дүние тіршілігінде бізге жәннәт үмітімен өмір сүруді нәсіп етсін!

Әмин!

Ғашықтардың сұлтаны – Хазіреті Мәуләнә

Адам – өзгеше терең және кең бір әлем. Хазіреті Мәуләнә оның табиғатын барлық болымды және болымсыз тұстарымен тани білген және соған қарай сөйлеген. Сондықтан да адам оның Мәснәуисінде өзін табады.

«Ей, Аллаһым! Маған Өзіңнің махаббатыңды, Сені сүйгендердің махаббатын бер және мені Өз махаббатыңа жақындатқандарға махаббатпен қарауды нәсіп ет!»

Ғашықтардың сұлтаны – Хазіреті Мәуләнә

СЫБЫЗҒЫНЫ ТЫҢДА!

Мәснәуи атты шығармасының ең басында:

Тыңда сыбызғы не айтады екен саған,
Ылғи сыңсып айырылуды үнге салған!..

-десе, енді бір рубаятында:

«Сыбызғыға құлақ салшы не айтуда. Аллаһтың құпияларын бізге ашуда. Жүзі сарғайып, іші қаңыраған бос, басы кесілген және әуеншінің деміне тұтқындалған сыбызғы дағы тілсіз, сөзсіз ойын жеткізіп "Аллаһ! Аллаһ!" деуде», – деп сыбызғыдай зарлы жырлаған Мәуләнә, сөзсіз, өткен-кеткен барлық ғашықтар керуенінің ең алдыңғы қатарынан орын алады.

Оның жалынды ғашықтығы, махаббат отымен күйіппісуі сөздер жеткізе алмайтын Аллаһ махаббаты еді. Тура сол секілді ғашық ақын Юнус Әмрә:

Мен бір ғажаппенен келдім,
Халімді ешкім білмес менің!
Мен сөйлеймін, мен тыңдаймын,
Тілімді ешкім білмес менің!

Менің тілім – құстың тілі,
Менің елім – Достың елі,
Мен бұлбұлмын, Дос – гүлім,
Гүлім білгін солмас менің!

- деп өзінің ішкі жан дүниесін шумақтармен жеткізіп өткен.

Еш күмәнсіз, ғашықтық белгілері әрбір ғашық пен ариф құлдарда әр түрлі көрініс береді. Мұндай түрлі көріністер себепті Хазіреті Мәуләнәні ғашықтықтың жүректі өртейтін жалынға толы сәма (ғашықтығынан есі таңғандай, өз айналасында айналу) мен тұңғиық сөз мұхитынан көреміз. Халлаж Мансурды болса сүйген адамды сүйіктісінің болмысына сіңдіріп жоқ қылатын «Әнә-л-Хақ» сатысынан көреміз. Баһаүддин Нақшибәнд Хазіретін де жылдар бойы жаралы хайуандарды қарап, жылдар бойы көшелердің тазалығымен, басқалар жиіркенетін аурулардың қызметін көріп, оларды емдеу ісімен айналысып халыққа қызмет арқылы Халиқ (жаратушы) Аллаһқа қызмет ету арнасынан көреміз. Мұндай ғашықтардың әдіс-тәсілдері бөлек-бөлек болғанымен, барлығының да нәр алған көзі біреу, мақсаттары ортақ. Ғашықтық пен махаббатұллаһқа бой алдыру... Ілімді ғашықтық пен парасаттылыққа айналдырып ихсан (Аллаһты көріп тұрғандай құлшылық жасау) дәрежесіне жете білу... Бұл да әрине ұлы бір ұшқынды қажет етеді.

Сондай-ақ Хазіреті Мәуләнәнің шексіз де тұңғиық ғашықтық көкжиегіне қанат қағуы көңіл әлемінің жар-

қыраған күні Шәмс арқылы басталады. Ол Шәмспен танысып, одан шабыт алғаннан соң жалындаған махаббат сыбызғысына, ақиқатты сайраған бұлбұлға айналған.

Мәуләнә Жәләлəддин Руми отбасымен Конияға қоныс аударғанан соң, білімін толықтыру үшін Халеб және Шам қалаларына барады. Ол кезде шамамен отыз жаста еді.

Бір күні Шамның құжынаған базарынан өтіп бара жатса өзгеше киініп алған бір кісі:

«Бер, қолыңды сүйейін, ей, әлемдердің зергері!» – деп Жәләлəддин Румидің қолына жармасып, құштарлана сүйіп алады. Сосын кенет жалт бұрылып, көпшіліктің ішіне кіріп, ғайып болып кетеді.

Жәләлəддин Руми әп-сәтте болған бұл оқиғаны түсіне алмай, «Мұнысы несі?!» – деп абдырап, сасып қалады. Бұл бейтаныс және құпия адам оның ойынан шықпай қояды.

Араға жылдар салып Жәләлəддин Руми бір күні Кония қаласындағы медресесінде дәрістен шығып, шәкірттерімен сұхбат қылып отырғанда, баяғы Шамда қолын сүйіп, өзін аң-таң қалдырып кеткен кісімен қайта кездеседі. Бұл кісі **Тәбриздік Шәмс** екен. Жәләлəддин Румидің сұхбатына қатысқан ол таңқаларлық толқумен мына сұрақты қояды:

«Баязид Бистами үлкен бе, әлде Хазіреті Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу аләйһи уә сәлләм үлкен бе?»

Бұл сұрақ Хазіреті Мәуләнә Жәләлəддинді:

«Бұл не дегенің? Ол қандай сұрақ? Әлемдерге рахмет шуағы ретінде жіберілген ұлы Пайғамбар мен қолындағы тек

игілігі Оған үммет болу болған бір әулиені еш салыстыруға бола ма екен?!» – деп айтатындай ашуландырады.

Тәбриздік Шәмс ешбір сабырсыздыққа салынбастан сұрағын түсіндіріп:

«Олай болса, неліктен Раббысынан жәһәннәмға тастауын және денесін ол жерде басқа ешбір күнәһарға орын қалмайтындай үлкейтуін сұраған Баязид, кішкентай бір иләһи сыр көкірегіне қонуы нәтижесінде: "Мен неткен ұлымын! Өзімді барлық кемшілік атаулыдан пәк тұтамын!.." - десе, Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм сансыз иләһи сырларға қарық болса да асқан махуийят (түкке тұрғысыздық сезім, қарапайымдылық) танытып, қол жеткізген иләһи нығметерге қанағаттанбай Раббысынан тағы, тағы сұрап қоймап еді?» – дейді.

Бұл сұрақ Хазіреті Мәуләнәні тек ақылмен ғана түсінікті болатын заһири (сыртқы) ілімнің шекарасына апарып тіреген еді. Алайда сондай деңгейде болса да, осы сұрақтың шешімін табу мүмкін емес еді. Сонда Шәмс рухани күшпен оны одан да ары қадам басуға ықпал етеді. Ал оның арғы жағы ұшы-қиыры жоқ «ләдун әлемі». Осылайша Шәмс найзағай жылдамдығымен Мәуләнәні өз бойында бар болғанымен, ол бейхабар болған рухани әлемнің саяхатшысы қылады. Сол сәт рухани шарықтауға кенелген Хазіреті Мәуләнә бұл жолы рухани тереңдікпен сұрақтың жауабын тауып, жаттанды беске білетін нәрсесіндей оңайлықпен мына жауапты береді:

«Баязидтің: "Мен неткен ұлымын! Өзімді барлық кемшілік атаулыдан пәк тұтамын! Мен сұлтандардың сұлтанымын!» – деген сөздері тойғанының белгісі. Яғни ол

кішкентай ғана сырға қанық болу арқылы өзінің рухани аштығын, рухани шөлін қандырған болды. Оның рухы соған тойып шаттықтан басы айналды. Мұхит шексіз болғанымен, оның ауқымы тек сол ғана еді.

Ал Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

أَلَمْ نَشْرَحْ لَكَ صَدْرَكَ

«Сенің көңіл көкірегіңді (білім, хикмет және Құран нұрымен) **кеңітпедік пе?»** (Инширах, 1) – деген сырға қол жеткізген еді. Иләһи аяндар мен көріністер Оны жан-жағынан қоршап тұрған-ды. Сондықтан мынау әлемдей кең көкірегі қайтсе де, қанағаттанбайтын. Шөлдеген үстіне шөлдеп, ішкен сайын шөлі артып жатқан еді. Әрбір сәтте бір халден екінші бір халге көтеріліп, әр көтерілген сайын бұрыңғы халіне тәубе етіп жатқан еді. Міне сондықтан:

«Мен күніне 70 рет, тағы бір риуаятта 100 рет тәубе етемін!..» – деп айтқан.

Өйткені Ол әрбір сәтте Мәуләсі – Раббысына тағы да жақындай түсуді армандап тұратын. Себебі қалауы шексіз, бірақ құлдың Раббысымен арасындағы қашықтығы шетсіз де шексіз еді. Сондықтан да көбінде Ол:

«О, Раббым! Сені Өзіңе лайық боларлықтай, тиісінше тани алмадым. Өзіңе лайық боларлықтай құлшылық жасай алмадым», – деп жалынып, жалбарынып мінәжат етуші еді.

Шәмстің уәзипасы алдындағы адамының танымы мен жүрек тереңдігін сыртқы білім жеткізе алмайтын, міне, осы мәртебеге көтеру еді. Соның үшін алған жауабынан

ұлы мақсатына жеткен адамдардың үлкен руханиятын сезініп, қуаныштан төбесі көкке жетеді. Жауапқа мас болады. Осылайша бұл екі руханият жұлдызының арасында өмір бойы жалғасатын нұр ағыны пайда болды.

Бұдан соң Хазіреті Мәуләнәнің рухында жасырын күйде тұрған рухани қазына теңізі мәңгілікке толқындата бастайды. Сол сәтте кәдімгі бір шырпымен тұтанғандай Мәуләнәнің көңілі мұнай теңізі секілді алаулай бастайды. Тәбриздік Шәмс Мәуләнәнің көңілін осылайша тұтатып бергенімен, сондай бір халге жеткені, өзі жаққан алауына өзі де жана бастайды. Бұдан соң олардың түсініктері де, несібелері де бірдей болады.

Бұрындары құлшылық өмір кешіп, тыныш қана ұстаздық қызметін атқарып жүрген Мәуләнә бұл оқиғадан соң өз денесіне өзі симай сондай тебіреністі, көңілді өмір бастағандығын байқаймыз. Тәбриздік Шәмстің міндеті де бұл руханият теңізін тұтату еді.

ШӘМС МӘУЛӘНӘҒА НЕ ҮЙРЕТТІ?

Негізгі мәселе «Шәмс Мәуләнәға не беріп, не үйретті?» сұрақтарының жауабында жатыр. Бұл да Шәмстің Мәуләнәға ақылдың бұғауынан құтылудың жолын көрсетуі еді. Өйткені ақылдың шегі белгілі. Ақылға күш сала берсең, ақыры жындануға апарады. Ал жүректің шегі жоқ. Оның жұбаныш табатын соңғы жері де «фәнә филләһ», яғни Аллаһта ғайып болу. Шәмс Жәләләддин Румиге болмысындағы өзекті, иесі болған құндылықтарды танытып, аяғындағы кісенді алып тастады. Өйткені Мәуләнә ұшуға дайын қыран еді. Шәмс оның аяғын шешті. Оған көңіл терезесінен өзгеше белестерді көрсетті.

Бұдан кейін Мәуләнә жынды көбелектер құсап, Шәмстегі руханияттың тартымдылығына беріліп, жана бастады. Хазіреті Мәуләнәнің өзі «Диуаны Кәбир» атты шығармасында Шәмспен бірге басталған бұл хикаяларын былай баяндайды:

«Шәмс Мәуләнәға:

– *Ғалымсың, бассың, көшбасшысың, салтанат иесісің!..* – деді. Ал Мәуләнә оған:

– **Бұдан былай сыртқы дүниенің ғалымы да, басы да, көшбасшысы да емеспін. Сен жаққан от жарық қылған ақыл да, қиял да жетпес әлемнің пақыр және ғаріп бір саяхатшысымын!..** – деді. Шәмс қайтадан:

– *Сенде әлі ақыл бар екен! Сол себепті диуана бола алмағаның үшін бұл үйдің адамы емессің!..* – деді. Мәуләнә оған:

– **Бұдан былай ақылымды көңіліммен жаптым... Диуана болдым. Жәрдеміңмен енді бұл әлемнің адамымын!** – деді. Шәмс тағы да:

– *Сенде әлі есеп бар. Есіңнен танған жоқсың! Бұл әлемнің сыртындасың. Бұл әлемді нұрландыратын – ақыл емес, ғашықтық. Алдыңды көре алмай тұрсың!..* – деді. Мәуләнә:

– **Бұдан былай, сенің жәрдеміңмен басымнан аяғыма дейін от боп жандым. Есімнен таңып, тұла бойымды ғашықтық билейді!..»** – деді. Шәмс бұл жолы:

– *Сен бір жамағаттың зиялы нұрысың. Орының төрлерде!..* – деді.

Мәуләнә:

– **Бұдан былай ол нұрым сөнді. Енді мен үшін дүниелік нұрдың ешбір құны жоқ. Мен енді басқа нұрлардың соңына ердім!..** – деп жауап берді. Шәмс:

– *Сен өлі емессің. Сен сыртқы болмысыңды әлі сақтап отырсың. Бұл есіктен олай өте алмайсың. Фәни болмысыңды, барлық жылтыраған әсемдіктерімен қоса тәрік етуің керек !..* – деді. Мәуләнә оған:

– **Ол бұрын еді. Сенімен танысқалы бері, адамдардың түсінігіндегідей тірі емеспін. Басқаша бір тірілікпен танысып өлдім!..** – деді. Шәмс оған:

– *Әлі де нәпсілік сүйенген, сенгендерің бар. Атақ-мансабың сенімен бірге. Оларды таста!..* – деді. Мәуләнә:

– **Ендігәрі сен жетелеген ләдун** (руханият) **әлемінен атақ-мансап іздемекпін... Бұрынғы болмысыма тән барлық нәрселерімді тәрік қылдым, ондай белестен астым!..»** – деді. Шәмс:

– *Қолың мен қанатың бар. Мен саған қол-қанат бере алмаймын!..* – деді. Мәуләнә:

– **Бұдан былай сенің қолың-қанатың болу үшін қолым мен қанатымды сындырдым!..** – деді.

Шәмс осы жауаптарды естігеннен кейін өз міндетін орындағанына сенімі орнап, иләһи сырларға толы әлемге сапар шегуі үшін оған қанат тақты... Өйткені оны вүслат (Аллаһтың разылығы мен маххабабтына бөлену) рахатына жете алмау не айырылып қалу деген уайымға салып, қасіреттің (іңкәрліктің) берекелі арнасында оңаша қалдырған еді.

Міне, осыдан кейін барып, Жәләләддин Руми Хазіреті

Мәуләнә болды да негізгі міндетін бастады: Адамдарға ғашықтықты тәлім ету... Жүректерді махаббатпен тұтатып, кемелдендіру... Дәл жынды көбелек іспетті... Мәуләнәнің жолын қуушылардың бірі Мұхаммед Икбал айтады:

«Бір түні кітапханамда бір күйенің жынды көбелекке былай деп айтып жатқанын естідім:

«Ибн Синаның кітаптарының ішіне түнеп шықтым. Фарабидің кітаптарын көрдім. (Олардың қалам сиясынан төгілген таусылмас сырлардың және сол жазулардағы барлық әріптердің арасында жаттым, бірақ) бұл өмірдің пәлсапасын, қайтсем де түсіне алмадым. Менің күндерімді нұрландыратын күнім де жоқ қой...»

Жартылай күйген жынды көбелектің мына керемет жауабын ешбір кітаптан таба алмайсың. Ол:

«Жанталасу ғой өмірге өмір сыйлайтын. Өмірді қанаттандыратын – күйіп жанталасу», – деген.

ҚАМДЫМ, ПІСТІМ, КҮЙДІМ

Көңілі шексіз махаббат жалынымен өртенген Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ ғашықтыққа, шабытқа және Аллаһтың нұрына қарық болған өмірін үш ауыз сөзбен үш дәрежеге бөлген:

«Қамдым, пістім, күйдім!»

Сондықтан оның бар дерті – кәміл адам болу. Яғни әлем кітабының парақтарын ашып оқи білетін адам... Яғни «Қамдым, пістім, күйдім!» сырын ұғынып, кәмілдікке

жеткен жалынды жүрек... Өйткені күйіп жетілген адам – бұзылуы екіталай адам деген сөз. Өзі бұл ақиқатты былай жеткізеді:

«Ешбір айна қайтадан темірге айналмады. Ешбір нан қайта айналып бидай болған жоқ. Ешқандай жүзім қайтадан құрғақ дән күйіне қайтпаған. Пісіп жетіл, сөйтіп, бұзылудан аман қал!»

Адамды пісіретін от – айырылысу мен қасіреттің оты. Хазіреті Адам да сол себепті жәннәттан шығарылған, яғни пісіп, жетілуі үшін бұл айырылысулар мекеніне жіберілгенді. Сондықтан да адам бұл өмірде ғашықтық отымен жақсылап тәрбиеленуі керек.

Ал ғашықтық деген не?

Мұндай сұраққа Мәуләнә Хазірет:

«Ғашықтықтың не екендігін білгің келсе, мендей бол!» – деп жауап берген.

Өйткені ғашықтық – сөзбен түсіндіріп беретін ғылым емес. Бастан кешу арқылы ұғынуға болатын ақиқат. Ғашықтықтың сырлары Аллаһтың еркі мен қалауына сай өмір сүрсек ашыла бастайды. Ұлы Раббымыз қасиетті Құранда:

وَاتَّقُواْ اللّٰهَ وَيُعَلِّمُكُمُ اللّٰهُ

«Аллаһтан қорқыңдар (тақуа болыңдар)! **Аллаһ сендерге (**білмегендеріңді**) үйретеді!»** – дейді. (Бақара, 282)

АДАМ ТӘРБИЕСІ

Хазіреті Мәулөнә тұңғиық әлем өкілі болған адамды оң және теріс барлық қасиет-ерекшеліктерімен танып, сол бойынша сөз айтады. Сол себепті адам оның Мәснәуиінен өзін табады. Тіптен мұсылман емес оқырмандары да Мәснәуиді оқыған кезде қайран қалып, оның жолын қуғандардың қатарына қосылуда... Осылайша Исламға, иманға келген қаншама адам бар. Мәселен, Яман Деде атты кісі Мәснәуиді оқып барып, һидаятқа кенелген бақтияр жандардың бірі. Сондықтан одан:

«Неге үнемі Мәулөнәні аузыңыздан тастамай, Мәснәуиін оқудан жалықпайсыз?» - деп сұрағандарға:

«Хазіреті Мәулөнә мені қолымнан ұстап, Хазіреті Пайғамбарымыздың есігіне алып барды...» – деп жауап берген.

Міне, Хазіреті Мәулөнә осыншалық жүректерге жолбасшы, көңілдердің сәулетшісі еді. Оның назарында адам атаулысы бұл дүниеге болмыстың сырларын түсіну үшін жіберілген. Жануарлар қалай өздеріне тән қабілеттері мен ерекшеліктері бойынша құнды болса, адам да ақылы мен жан дүниесіне қарай құнды болмақ.

Хазіреті Мәулөнәнің ойынша, адам бейне бір орман тәріздес. Орманда доңыздан түлкісіне дейін, бұлбұлдан қарғасына дейін, шешектен шегірткеге дейін неше түрлі әсем және ұсқынсыз жаратылыстар болса, адамның да жан дүниесінің тұңғиығында дәл сондай әсемдік пен ұсқынсыздық мінез-құлық ретінде жатады. Яғни адамның іші – әсемдіктер мен ұсқынсыздықтар мекені. Сондықтан

адамға берілетін баға оның ішкі әсемдіктерді иләһи әсемдіктермен қаншалықты дәрежеде ұштастырып, кемелдендіргеніне байланысты. Иләһи әсемдіктің де өзегі Құран Кәрім. Хазіреті Мәуләнәнің адамдарға баға беруі ылғи да осы тұрғыдан болған. Мысалы:

Оның дәуіріндегі айтулы қариларының бірі Хафыз Исхақ Әфәнді Хазіреті Мәуләнәға зиярат етіп келеді. Хазіреті Мәуләнә үлкен құрметпен орнынан тұрып, оны төрге шығарады. Сосын оған:

«Құран Кәрімді қалайша құрметтеп, биік жерге, сыйлы орынға қою керек болса, Құранды жүрегінде сақтаған қариларды да дәл сондай етіп, әзиз тұтып, төрге, жоғары орындарға отырғызу керек. Ішінде Құранның нұры бар жан жәһәннәмнің бетін көрмек емес. Қағаз екеш қағаз да бетінде Құран аяты болса отқа тасталмайды. Жүрегінде тұтастай Құран жазулы тұрған адам жәһәннәмға тасталар ма?!» – дейді.

Міне, оның қариларды осыншалық құрметтеуінен және берген сүйіншісінің нәрлі берекесімен сол қаланың бүкіл қарилары Мәуләнәға шәкірт болды.

ТӘРБИЕШІЛЕР ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ АРҚАСЫНДА ҚҰНДЫ БОЛМАҚ

Хазіреті Мәуләнәнің тәрбие тәсілінде шаршап-шалдығу деген нәрсе жоқ. Ешкімді қорлау және төмен санау да жоқ. Өйткені тәрбиелеушілер тәрбиеленушілердің арқасында құнды болмақ.

Бұл жайында ол былай дейді:

«Сынықшы аяғы сынған адам қайда болса сонда барады. Аурулар мен науқастар болмаса дәрігерлік өнерінің пайдасы мен кереметтерін қалай бағалар едік?»

«Бақыр темірдің көнелігі және тозығы болмаса химия қалай пайда болар еді?»

«Мынаны білген жөн. Кемшіліктер кәмілдіктің айнасы іспеттес. Қорлық та үстемдіктің айнасы. Кереғарлықты ортаға шығаратын – оның өз кереғары. Балдың қадірін білу үшін сірке суын тату керек».

Барлық мәселе бұл дүние дәрісханасында өмір бойы ең жақсы ұстаз және ең жақсы шәкірт бола білуде... Ол үшін, әлбетте, өз болмысымызды һәм дүниені дұрыс тани білуіміз керек...

ДҮНИЕ ДЕГЕН НЕ?

Мәуләнә құддисә сирруһ *«Дүние деген не?»* деген сұраққа: **«Рухтардың абақтысы!..»** – деп жауап береді.

Тағы бір ғазалында:

«Мен істі тындыру және халықты тура жолға шақыруға жауапты болғаным үшін дүние деген абақтыдамын. Әйтпесе зындан қайда, мен қайдамын? Абақтыға қамалатындай кімнің малын ұрлаппын десеңші?!» – дейді.

Дүниеде қадамыңды басқан сайын, мақсат тұтқан жеріңе барасың. Демді алып-шығарған сайын, дүниеге қош

айтатын уақыт та жақындауда. Рухтардың негізгі отаны – аруах әлемі. Сондықтан әр алып-шығарған демімізбен рухымыз негізгі отанына жақындауда. Хауыздағы судың буланып көкке көтерілгені сияқты үн-түнсіз дем алып-дем шығарумен өмір де өз уақытын тауысады.

Адам болсын, жануар болсын бәрінің негізі топырақтан болғандықтан, жер астында шіріп, қайтадан топыраққа айналады.

Материямыз секілді руханиятымыз да өз негізіне оралмақ. Рухани ашытқысы жәннәттан бұйырғандар жәннәтқа, жәһәннәмнан бұйырғандар жәһәннәмға барады.

Айналып келгенде, ешбір хақиқаттан қашып құтылу жоқ. Не Аллаһтан, не ішінде өмір сүріп жатқан мынау әлемнен, не өзімізден... Бұл жайында Хазіреті Мәуләнә:

«Кімнен қашып барамыз? Өзімізден бе, бұл қияли нәрсе... Кімнен жеп пайда көрмектіз, Аллаһтан ба, қандай құрғақ қиял! Қандай аянышты адасу!..»

«Мынаны біліп алғайсың, дүние дегеніміз – мал-мүлік, бала-шаға, киім-кешек және сауда емес, ол Аллаһтан ғапыл болу...»

ҚАЛБУ СӘЛИМ – ХАҚҚА ТОЛЫҚ БЕРІЛУ...

Құлдың дүниеге алданбай, ғапылдықтың қауіпті шеңгелінен өзін құтқара білуі тек нәпсісін тәрбиелеп, жүрегін сафтандыруы арқылы ғана мүмкін болмақ. Тек сонда ғана жүректің кесапаттарынан құтылып, иләһи ілтипатқа бөленеді. Сонда линзаның сәулені өзінде жинайтыны си-

яқты жүрек те иләһи нұрға қарық болып, руханияттың өзегі халіне жетеді және барлық күнә атаулыны күлге айналдырады. Бұл хал – қалбү сәлимге ие болу дегені. Расында, Хақ Тағаланың құзырында сый-құрметке бөленетін жүрек, міне, тек қана осы кейіптегі жүрек. Аят кәримәда:

«Ол күні мал да пайда бермес, бала-шаға да! Тек Аллаһқа қалбү сәлиммен (әр қилы кір мен дақтан тазарған жүрекпен) **келгендер ғана** (пайдасын көрмек)**!»** – деп айтылған. (Шұара, 88-89)

Хазіреті Мәуләнә адамды қалбү сәлимге жеткізетін «фәнә мәртебесіне (Аллаһтың нұрында өз болмысын ғайып етуі)» қол жеткізе білудің сырын Хақ Тағалаға нақты да шынайы және толық тәсілім болу екендігін былайша суреттейді:

*«Теңіз суы өзіне толығымен тәсілім болған өлікті төбесіне көтеріп тербетеді. Ал тірі және титтей ғана күмәні бар адам теңіздің жалмауынан қалайша құтылмақ? Дәл солай **«Өлмей тұрып өліңдер!»** – деген сырдың арқасында пенделік ерекшеліктеріңнен сытылып шығып өлідей тәсілім болсаң, сырлар теңізі сені төбесіне көтереді».*

Адамның жаратылу себебі – Раббысын танып, Оған құл болуы. Әлемдегі күллі нәрсенің және ақиқаттың тереңіне бойлай білудің құпиясы мағрифат (Раббыны тану) мұхитынан бір тамшы болса да татқаннан кейін ашыла бастайды.

Аллаһ Тағала баршамызға Хазіреті Мәуләнәнің күшті махаббатынан ұшқындар нәсіп қылсын. Дәл сондай ғашықтықпен сыбызғыдай сайраған кәміл адам бола білуді жазсын!...

Әмин!

Махаббат және Мағрифат

Ғашықтық пен парасат, яғни махаббат пен мағрифат жүректі кәмілдендіріп, адам түйсігін сыртқы дүниеге тән ғылымның арғы жағына сапар шектіретін екі рухани қанат іспеттес. Адам тіпті осы екі қанатпен жеті қабат көктің, яғни миғраждың жолаушысына айналады.



Махаббат және Мағрифат

ЖАРАТЫЛЫСТЫҢ ҚОС СЫРЫ

Мынау шетсіз де шексіз, алып та орасан әлемнің және бүкіл тіршілік иелерінің жаратылуы мына иләһи сырмен көмкерілген:

1. Махаббатұллаһ;
2. Мағрифатұллаһ.

Жанды-жансыз барлық болмыс осы екі сырдың көрініс табуымен жарыққа шыққан. Бір құдси хадисте:

كُنْتُ كَنْزاً مَخْفِياً فَاَحْبَبْتُ اَنْ اُعْرَفَ فَخَلَقْتُ الْخَلْقَ لِاُ عْرَفَ

«Мен бір көмескі қазына едім. Білінуімді қаладым (мағрифатыма махаббатым ауды), сөйтіп, (бұл) әлемді жараттым» делінген. (И. Хаккы Бұрсави, Кәнзі Махфи)

Яғни Аллаһ Тағала болмыстың әрбірін Өзінің өнер құдіреті мен кәмілдігінің дәлелі ретінде жаратқан. Күллі болмыстың ішіндегі иләһи өнердің төтенше кереметі болған

адамды да махаббат пен мағрифаттың кәміл көрінісіне арна ретінде жаратқан.

Сол себепті адамның жаратылу мақсаты – құлшылық қылуы және Раббысын біліп тануы. Осы мақсаттың шеңберінде болмыстың және ақиқаттың тереңіне бой алдыра білудің сыры да махаббат пен мағрифат дариясынан бір тамшыға болса да, қол жеткізумен бастау алады. Сондықтан құлшылықтың шыңы – ғашық, ариф (парасатты) құл болу.

Өйткені ғашықтық пен ирфан, яғни махаббат пен мағрифат жүректі кәмілдендіріп, адам түйсігін материалдық ғылымның арғы жағына сапар шектіретін екі рухани қанат тәріздес. Адам тіпті осы екі қанатпен жеті қабат көктің және миғраждың жолаушысы болады.

Осы шындық бойынша Хазіреті Мәуләнә махаббатұллаһ пен мағрифатұллаһ ғылымының адам баласы үшін қаншалықты маңызды екендігіне меңзеп:

«Тек сыртқы дүниенің ғана ғалымы болғандар өз салалары бойынша геометрияны, астрономияны, медицинаны және пәлсапаны ең жұқа тұстарына дейін меңгереді. Олар осыларды білгенімен, бұл білімнің барлығы қас қағымдық сәтте өте шығатын бұл фәни дүниеге тиісті мәліметтер ғой! Бұлар адамға жетінші қабат көктің үстіне, яғни миғражға сапар шегудің жолын көрсете алмайды», - дейді.

«Аллаһ жолын және сол жолдың бекеттері туралы мәліметтерді нәпсіқұмарлығының жетегінде кеткен ғапылдар біле алмайды! Аллаһ жолы туралы мәліметтерді тек көкірегі ояу арифтер (парасатты құлдар) ғана, олар да ақылдарымен емес, көңілдерімен біледі!»

Демек, құлды Аллаһқа апарар жалғыз соқпақ Аллаһты тануға және сүюге құмартудан басталады. Сол жолмен Раббысына ұмтылғандар мақсаттарына тезірек жетеді. Өйткені Аллаһ Тағала:

فَفِرُّوا إِلَى اللَّهِ

«Аллаһқа жүгіріңдер!..» - деп бұйырған жоқ па? (Зәрият, 50)

МАХАББАТ және МАҒРИФАТ ЖОЛЫ

Хақтың ризашылығына қауышуға апаратын махаббат және мағрифат жолы аппақ қағаз бетіне ұқсайды. Онда жазылған барлық жазулар да анық және жарқын әріптен, оларды тек қана Хақ Тағала оқиды. Сондықтан Аллаһтың ізгі құлдары сол аппақ қағазға қара дақ түсіріп алмаудың уайым-қайғысымен өмір сүріп, құмырсқаның өзін жаншымауға тырысып баққан.

Осындай рухани дәрежеге жету Хақ Тағаланы лайықты түрде тану және Оған тақуалық шеңберінде құл бола білу арқылы мүмкін болмақ. Себебі әлдекімнің Аллаһ хақындағы білімі, танымы және махаббаты артқан сайын, Аллаһтан қорқу және тақуалық сезімдері де солғұрлым арта береді. Ғалам мақтанышы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм осыған назар аудартып:

«Араларыңдағы Аллаһты ең жақсы таныған және Одан ең көп қорқатындарың менмін», – деген. (Бұхари, Әдәб, 72; Мүслим, Фәдаил, 127)

Бұл тақуалық – ақылмен біліп, танитын тақуалық емес, жүрекпен танып, сезінетін және тұла бойды билеп тұратын тақуалық. Хақ Тағала Құран Кәрімде осыған орай:

«Әлде түндерін сәжде етумен және тік тұрып құлшылық қылумен өткізген, ахірет азабынан сақтанып, Раббысының кеңшілігін сұрағандар кәпірлердей бола ма? (Ей, Расулым!) **Айт: «БІЛГЕНДЕР МЕН БІЛМЕГЕНДЕР ТЕҢ БЕ?» Тек дұрыс ақыл иелері ғана ғибрат және үгіт алады»,** – дейді. (Зүмәр, 9)

Демек, Хақ Тағаланың назарындағы шынайы ғылым құлды Аллаһтан қорқу, тақуалық сезімдеріне жетелейтін ғылымдар, яғни ирфан (парасат), мағрифатұллаһ болмақ. Мағрифатұллаһқа жету үшін жоғарыдағы аят кәримәда баяндалған мына мәселелерге баса назар аудару қажет:

1) Түндерді сәжде және қияммен (намазбен) өткізіп, Хақ Тағаламен жүрекпен байланыс жасау;

2) Әр сәтте, барлық күйде және әр ісімізде ахіреттегі есебін көп ойлап, дүниенің фәнилігін естен шығармау;

3) Раббымыздың мархаматынан үміт етіп, үнемі Оған дұға және жалбарыну халінде жүру. Өйткені ұлы рухты адамдар үнемі дұға халінде өмір сүреді.

Ислам ғалымдары былай деген екен:

«Құран Кәрім үш маңызды негізден құралады:

1) Аллаһқа махаббат және мағрифатұллаһ;
2) Ахіретті шынайы танып, бағалау.
3) Тура жолмен (сыратү мүстәқиммен) жүру».

Бұл үш негіз – Құранның ең маңызды және негізгі мақсаттары, басты тақырыптары. Ал өзгелері – осыларға негізделген тақырыптар».

МАХАББАТ және МАҒРИФАТ ЖОЛАУШЫЛАРЫ

Мағрифат жолына тек жүрек әлемінде және иләһи ғашықтықпен ғана шығылады. Бұл жолдың даналары:

«Ей, мағрифат жолаушысы! Бұл жолда шыдамсыздықты сабырмен, ұмытшақтықты зікірмен, опасыздықты шүкірлікпен, қарсы келушілікті тағатпен, сараңдықты жомарттықпен, күмәнді яқинмен (шынайы сеніммен), рияны ықыласпен, қырсықтықты тәубемен, жалғанды шындықпен, ғапылдықты тәфәккурмен алмастырмайынша, ілгері қадам аттай алмайсың!..» – деп үндеу салады.

Осылардың барлығына толық қол жеткізу үшін, ең көп мән беруіміз керек болатын мәселелердің басында адал ас ішу келеді. Өйткені адал ас бойымызда хикмет, білім және мағрифатты өндіреді. Көңілде Аллаһқа махаббат, құмарлық және құштарлықты оятады. Мағрифатұллаһ солай артады. Ал хараммен былғанған көңілдер ешуақытта мағрифаттың дәмін тата алмайды. Имам Ғазали рахматұллаһи аләйһи:

«Дүниеде мағрифат дәмін тата алмағандар, ахіретте Аллаһтың жамалын көру нығметіне ие бола алмайды. Адам дүниеде ақысын төлемеген нәрсесіне ахіретте қалай ие болсын?!.. ***Мұнда кім не еккен болса ахіретте соны оратын болады. Бәрі де қалай өмір сүрген болса, солай өледі және қалай өлсе, солай тіріледі.*** *Мінеки, мағрифат-*

та да солай, осы дүниеде Хақты танып, тиісінше амалдарды қаншалықты істей алған болса, ахіретте Аллаһтың нығметіне соншалықты дәрежеде ие болады».

АЛЛАҺТЫ СҮЮДІҢ және МАҒРИФАТҰЛЛАҺТЫҢ ЛӘЗЗАТЫ

Риуаяттар бойынша Иса аләйһиссәләм алапес ауруына шалдыққан және екі самайы шұңқырға айналған бір адамға кезігеді. Ол адам ауырғанына қарамай:

«Уа, Раббым! Саған шексіз хамд-мадақ айтамын. Махлұқаттыңның көбіне берген сынақ дерттеріңнен мені аман қылдың..!» – деп отыр екен.

Иса аләйһиссәләм әлгі адамның ой-санасындағы тереңдік пен кемелдіктің деңгейін байқау үшін одан:

– Ей, Пәленше! Аллаһ сені қандай дерттен аман қылды?!» – деп сұрайды.

Ол болса:

– Ей, Рухұллаһ! Ең қорқынышты ауру мен пәлекет – жүректің Хақтан ғапыл және мақрум қалуы. Аллаһқа шүкір, Ол мені осыдан сақтаған екен. Өйткені мен Хақ Тағаланың жүрегіме ұялатқан **махаббат** және **мағрифатұллаһ ләззаты**ның қуанышымен жасап жатырмын. Сондықтан одан басқа дүниелік нығметтерді көрмеймін де, сезінбеймін! – деп жауап береді.

Осындай ғашық және ояу көңілдер – Хақ Тағалаға махаббат пен ғашықтықтың мекені, мағрифатұллаһ қазы-

насының ең зәулім сарайы. Сол себепті кәміл адамның жүрегін астарлы мағынада «Аллаһтың үйі», деп те атаған.

Қысқасы, махаббат пен мағрифат нұры барлық ғашықтар мен арифтер үшін екі дүниені де жәннәтқа айналдыратын иләһи нәсіп, береке, рухани сый және үлкен сыр деп бағаланады.

МАХАББАТ ТҰҚЫМЫ және МАҒРИФАТ КҮНІ

Шах Нақшибәнд Хазірет тасаввуф тәрбиесінде махаббатты тұқымға, ал мағрифатұллаһты күнге балап, былай дейді:

«Біздің міндетіміз – ішкі жан дүниеден фәнилік байланыстарды алып тастап, көңілге махаббат тұқымын егу. Егілген тұқымды да ақиқат зәмзәмімен суарып, бүршік аттырып, мағрифатұллаһ күнімен қыздырып, ықлас шыбығы етіп өсіріп шығару».

Өйткені құл Аллаһқа деген махаббатты Аллаһтан басқаға деген сүйіспеншілігінен және құрметінен жоғары ұстамайынша, сиратү мүстәқимға (тура жолға) лайықты түрде жеткен болмайды. Мұның үшін, әрине, ұлы Аллаһты соңсыз және мүтәал (ақыл да, қиялда жетпес) ұлық сипаттары арқылы тану, яғни мағрифатұллаһ шарт. Басқаша айтқанда, тура жол – мағрифатұллаһтың өзі. Өйткені Хақ Тағала:

فَاسْتَقِمْ كَمَا أُمِرْتَ

«Өзіңе әмір етілгеніндей түп-тура бол!..» – деп бұйырады. (Һуд, 112)

Бұл аят Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің шашы мен сақалына ақ түсуіне себеп болған еді. Алайда Оның тұп-тура жолда екендігі «Ясин» сүресінде ап-айқын айтылған еді. Сондықтан мұндағы Аллаһ Расулының барлық уайымы үмметінің тұп-тура жолмен жүретін жүрмейтіндігі мәселесінен туындаған еді.

Өйткені тура жолмен жүріп, Аллаһ Тағаламен дос болған күйінде Оның құзырына барғандарға сол достықтың алғашқы белгісі мен алғашқы сый-сыяпатын аят кәримә:

«Күмәнсіз, "Раббымыз Аллаһ!" деп, сосын, тұп-тура жолмен жүргендерге періштелер түседі. Оларға: "Қорықпаңдар, қайғырмаңдар, сендерге уәде етілген жәннәтпен қуаныңдар!" – дейді» (Фұссиләт, 30).

Өмірін осындай тура жол бойымен, Аллаһқа махаббат және мағрифатпен жүріп өткендер нәпсілерінің жаманшылығынан және шайтанның азғыруынан аулақ болады. Жалғыз Хақтың ризашылығын іздеумен күн кешеді. Сөйтіп, көңіл әлемінде иләһи ілтипаттың көріністеріне кенеледі. Соңында көз көріп, құлақ еститін материялық әлемнің арғы жағына рухани терезелер ашылып, бүкіл әлем оларға барынша хикметті, шексіз, орасан бір кітап ретінде ашылады. Сөйтіп, олардың мағрифат күні енді екі дүниесінде де сөнбейді.

Мағрифатұллаһ иелерінің бірі Әбу Саид әл-Харраз түсінде Ібілісті көріпті және оны аса таяғымен ұрмақ болыпты. Сонда Ібіліс:

«Ей, Әбу Саид! Мен мына таяғыңнан қорықпаймын. Өйткені ол таяқ көрінісіндегі бір зат қана. Менің қорқа-

тыным арифтердің жүрек аспанында жарқырап туған мағрифат күнінің нұрлы сәулелері болғаны сонша – жүрек сол нұрмен мәсиуәні (Аллаһтан өзге барлық нәрсені) өртеп, күлге айналдырады» – дейді.

Шынымен де мағрифатұллаһқа жеткен кәміл адам Хақ ғашықтығы мен махаббатының тым ерекше бір әсеріне бөленетіндігі соншалық – лупаның астында тұтанып өртенген қағаздай болып, барлық нәпсіқұмарлықтары бірбірден жанып таусылады. Осылайша кәміл адамның ықыласты, ғашық және ариф көңілі өзгелерді өзіне тартатын нұрлы орталыққа айналады да, адамдар оны еріксіз жақсы көріп, құрметтейді. Аллаһ Тағала ондай адамның өміріне береке сыйлап, фәни өмірінен кейін де мүминдердің көңілінде оны жасата бермек.

Осындай рухани дәрежеге жеткен бақтияр мүмин өзгелердің фәнилік ілтипаты мен құрметтеуіне көңіл бөлмейді. Тәкәппарлық, менмендік және өзін жоғары санау сияқты жаман сипаттардан бойын аулақ ұстайды. Халық ішінде Халиқпен (Жаратушы Аллаһпен) бірге өмір сүреді. **Тағзим лиәмрилләһ** (Аллаһтың әмірлерін құрметпен орындау) және **шәфқат лихалқилләһ** (Аллаһтың жаратқандарына шапқат және мейірім төгу) сезімдеріне кеудесі толы болады. Бірақ Аллаһқа деген махаббатының қажеттілігінше залымдар мен опасыздарға әсте махаббат және жақындық сезінбейді. Тек мейірімділігі себепті ғана оларға жанашырлықпен қарап, һидаят табулары үшін дұға қылады. Мал-мүлік және дүниелік барлық байлықтар оған тек қана инфақ (хайырға жұмсау) жасауға ғана қажет. Өйткені ол өзін мағрифатұллаһқа және уасылү илаллаһқа (Аллаһтың разылығына кенелу) атаған. Ол енді бұл дүние-

нің күйзелістері мен дерттерінен айыққан – қас, таза құл. Өмір бойы болмыстың айнасынан үнемі перделердің арғы жағын тамашалаумен болады, хикметке қарық болады.

ХИКМЕТ АЙНАСЫ

Адам тәнімен емес, жанымен, рухани дүниесімен қадірлі жаратылыс болғандықтан, құлдықтың шыңына тек рухының тереңдігі мөлшерінше жете алады. Біздер көңіл аударып не аудармай-ақ күн сайын сан рет көріп жүрген мынау аспан әлемі мен жер иләһи махаббатты сезінген адамның ойы мен санасына ұсынылған бір үлкен хикмет айнасындай. Ол айнадан не көруге болмайды десеңізші! Ол айнадан барлық ақиқатқа жақынырақтан куә боламыз. Мәселен, ол айна бізге мына бір шындықты қайта-қайта үндегендей:

Бұ дүниенің күндерін иләһи махаббат, мағрифат және ахіреттік ләззаттан аулақ, тек қана алаңсыз ойнап-күлумен, сауықпен, басқаша айтқанда, хайуан сияқты өткізер болсақ, адам үшін қайырлы бір өлім кеші болмас. Ол ақтық түн сондай қараңғы түн болады, оның қуаныш сыйлар таңшуағы құлазып атпайды. Мәңгіліктің жолаушысы болған адамдардың ішінде осындай қайғылы мәреге душар болғандар сондай көп. Нәпсілік дүние өмірінің жылтыраған түрлі-түсті әшекейлері бәрібір солуға мәжбүр. Дүниенің қарқылы болса, жәһәннәмнің шытырына айналары хақ.

Сондықтан да жәннәт жолаушысы болу үшін Аллаһқа деген махаббат тұқымдарын мағрифатұллаһ күнімен

жылытып өсіру керек. Ол үшін дүниенің фәни, алдамшы жылтырауына, өткінші қызықтарына жүректен орын бермеу – аса зәрулік іс. Сондай-ақ Хазіреті **Ибраһим бин Әдһәм**нің өмірі хикмет айнасынан тамашаланғанда оның шынайы махаббат пен мағрифатқа қалай бет бұрғандығы анық байқалады:

Түн ортасы еді. Ибраһим бин Әдһәм тағының үстінде отырып қалғып кеткен-ді. Кенет сарайының төбесінен қатты у-шу естіле бастады. Ұрыс-керіске ұқсаған айқайлаған дауыстар барған сайын күшейіп, ақыр аяғында сұлтанның ұйқысын қашырып жібереді.

Сұлтан Ибраһим бин Әдһәм дереу орнынан атып тұрып, там төбесіне қарап айқай салып:

– Кім бар онда? Түннің бір уағында там төбесінде не істеп жүрсіңдер? – дейді. Тұңғиықтан шыққандай бір дауыс:

– Жоғалған түйелерімізді іздеп жүрміз, хан ием!» - дейді. Ибраһим бин Әдһәм ашулы дауыспен:

– Тамның төбесі түйе іздейтін жер ме сендерге, ақымақтар?!. – дейді.

Бұл жолғы жауап өте мағыналы және ойлануға жетелеуші сөздер болды:

– Ей, Ибраһим бин Әдһәм! Сен там төбесі түйе іздейтін жер емес екендігін білгенде, үстіңдегі жібек киімдер, басыңдағы жалтыраған тәж, қолыңдағы қамшы мен отырған тағыңда Хақты іздеп таба алмайтындығыңды білмеуші ме едің?!.»

Осы және осы сияқты бірнеше оқиғадан соң Ибраһим бин Әдһәмнің жан дүниесінде көптен бері буырқанып жүрген рухани толқулар жиілеп, ақыры ол ықыласты құл тәжін де, тағын да тастап, ұлы махаббат пен мағрифат жолына жармасады. Ақыры ол сол жолдан рахат тауып, өз ішіндегі буырқаныстар мен сілкіністерді тыныштыққа орайды. Сөйтіп ол, Ибраһим бин Әдһәм «Хазірет» деп танылып, үлкен әулилердің бірі болады.

ОДАН ДА ІШКЕРІ

Ибраһим бин Әдһәм сияқты махаббат пен мағрифат дариясына сүңгіп, иманнан ихсанға көтеріле білгендер әлемнің қарашығы және шын асылдары болады. Бұлар шынайы, кәміл, нағыз адамдар. Ондайлар үнемі құлдықтың шыңында өмір сүрген. Хақ досы Юнус Әмрә адамдардың Хаққа қарай шеккен сапарларындағы рухани баспалдақтарын мынадай жіңішке жолдармен талдап, танымдай келе, ең жоғарғы баспалдақтың мағрифат екендігін айтады:

Шариғат, тариқат жол барам дегенге,
Ақиқат, мағрифат одан да ішкері.

Яғни дінді іс жүзіндегі амалдарымен һәм жүрек тұрғысынан ұстанған жандар оның өзегіндегі ұлы ақиқаттарға жетеді. Одан кейін одан да тереңде жатқан иләһи мағрифатқа барады. Бұл тұста көңіл көздері екі дүниенің ақиқатын бірдей көре бастайды. Құл барлық жерде Раббысының иләһи көріністерін тамашалай бастайды. Бұл хал керемет емес, махаббатпен, ғашықтықпен ирфанға (парасатылыққа) және мағрифатқа жеткен жүректің табиғи

ерекшелігі. Сондықтан тасаввуф жолын ұстанғандар бұл қасиеттерді өз бойларына дарыта білу үшін өмір бойы үздіксіз қажыр-қайрат танытады.

ТАСАВВУФТЫҢ МАҚСАТЫ

Тасаввуфтың негізгі мақсаты – көңіл әлемін саф, таза халге, сәлеметке жеткізу. Бұл – мұсылман тұлғаны махаббатұллаһ пен мағрифатұллаһтан өз үлесін алатындай көңіл күйіне жеткізе білу дегені. Өйткені құл тек осының арқасында ғана Аллаһтың разылығына бөлене алатындай деңгейге жете алады.

Ол үшін алдымен көңілде Аллаһқа деген махаббаттың бүршік жаруы шарт. Себебі иләһи махаббат бүршік атқанда, Хақ Тағаланы жүрекпен тану деген мағынаға келетін мағрифатұллаһ пайда бола бастайды. Яғни білімнің ирфанға (парасаттылыққа) айналуы дегені.

Осындай жүрек тәрбиесінің мектебі тасаввуф Аллаһқа махаббат және мағрифатұллаһ тақырыбында құлдардың көңілдерінен миғражға қарай ашылған рухани терезе іспеттес. Өйткені барлық нәрсе өзінің түп негізіне асық және ғашық. Дене топырақтық болғандықтан, топыраққа асық. Рух Хақ Тағаладан келгендігі үшін руханиятқа шөлдейді. Бұл жөнінде Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Дененің құмарлығы бақтарға, бауларға және жүзімдерге әуес. Ал рухтың құмарлығы хикметке және рухани білім мен мағрифатұллаһқа бағытталады. Яғни рух рухани өмірмен рахатын табады. Ол үнемі тірі және мәңгілік болған Жаратушы Аллаһты аңсап тұрады. Өйткені

мекенсіздік (мекенмен шектелмеу) рухы оның түп негізі».

Рухтың бұл мұқтаждығын қамтамасыз ету үшін Хақ Тағала пайғамбарларын мына үш міндетпен жіберген:

а) Аллаһтың дінін тәблиғ ету (жаю);

ә) Адамдардың жан дүниесін тәрбиелеу;

б) Осы тәрбие нәтижесінде Кітаптың терең мағыналары мен ғаламдағы хикметтердің тәлімін беру.

МАҒРИФАТТЫҢ АҚИҚАТЫ – ҚҰЛДЫҢ ӨЗ ДӘРМЕНСІЗДІГІН ТҮСІНУІ

Исламның ұлы тұлғалары білім жайында былай айтқан екен:

«Білім – аңғарып түсіну деген сөз. Түсінбесең, білімдімін деме. Ал түсінудің соңғы аялдамасы мағрифатуллаһ болмақ. Сол себепті мағрифатуллаһ – барлық білімдердің өзегі. Барлық білімдер мағрифатуллаһқа жақындығы мөлшеріндей құнды...»

Құран Кәрімде мағрифат білімін меңгергендер ғалым деп аталған және олардың ең айқын ерекшеліктері ретінде тақуалықтары айтылады. Мына аят кәримәда былай делінеді:

إِنَّمَا يَخْشَى اللّٰهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ

«...Құлдарының ішінде тек (нағыз) **ғалымдар ғана Аллаһтан** (тиісінше) **қорқады...»** (Фатыр, 28)

Мұндағы қорқу – үркіп, шошыну мағынасындағы қорқу емес. Одан гөрі махаббаттан туындайтын қорқу. Яғни сүйіктісін ренжітіп алмау, оны разы ете алмау және оның назарынан тысқары қалуды уайымдаудан пайда болған қорқыныш сезімі. Бұл да ақылдан гөрі жүректе болатын құбылыс. Сондықтан ең әуелі білімнің ирфанға (парасатқа) айналуы тиіс. Өйткені білімді ирфанға айналдырмай, оны тек қана тасып жүрумен шектелген, сөйтіп, өздерін нәпсі қалауларының бұрқасындарына жем қылған білім иелерін Хақ Тағала «Жұма» сүресінде **томдаған кітаптарды арқалап жүрген есектер**ге ұқсатады.

Сол себепті Хазіреті Юнус Әмрә білім мен мағрифаттың хақиқатын былай тілге тиек еткен:

Ғылым – білім білгенің,
Ғылым – өзіңді білгенің.
Сен өзіңді білмесең,
Оқу сенің не теңің?!..

Оқығанның мәні не? Ол –
Адам Хақты тануы.
Неге оқыдың білмесең,
Босқа кеткен әуре де.

Оқыдым, білдім деме,
Көп тағат қылдым деме.
Егер Хақты білмесең,
Құр сөзбен білгенің.

Бұл өлең жолдарында оңай тілмен түсіндірілген мағрифат – адам бойындағы, сөздегі және бүкіл ғаламдағы сыр мен хикметтерді қамтитын шексіз де шетсіз иләһи ілім.

Тілмен айта салуға оңай болып көрінгенімен бұл ілімді негізінде толық сипаттап беру, толық анықтамасын жасау адамзат шамасынан тыс. Бірақ әркім өз ақыл-ойының, жан дүниесінің және күш-жігерінің мөлшерінше бұл ілімді татып, нәсібін ала алады. Сол себепті әлем мақтанышы Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

لاَ اُ حْصي ثَنا ءً عَلَيْكَ انْتَ كَمَا اَثْنَيْتَ عَلي نَفْسِكَ

«(О, Раббым!) Саған (Өзіңе лайық боларлықтай) мақтау, мадақ айта алмадым (ол турасында әлсізбін). Сен өзіңді қалай ұлықтасаң, сондай ұлықсың!» – деп дұға қылған. (Мүслим, Саләт, 222)

Міне, мағрифат! Барлық мәселе осындай ирфанмен Хаққа ғашық және ариф құл бола білуде.

ҒАШЫҚТАР мен АРИФТЕРДІҢ ЖЕТІСТІКТЕРІ

Махаббат пен мағрифаттың ғашықтар мен арифтерге берер жетістігі сондай – оларға періштелер де, жеті қабат көктер де қызығады. Сондықтан адам баласына ең ұлы жетістік ретінде Аллаһқа махаббат және мағрифатұллаһ жетіп артылады. Өйткені Хақтың құзырына махаббат және мағрифат жетістігімен барған бақытты құлдардан: «Не әкелдің?» – деп емес, «Не қалайсың?» – деп сұралады.

Деректерде айтылуы бойынша Хазіреті Баязид Бистами қайтыс болғанында достарының бірі оны түсінде көріп:

«Баязид, қалың қалай?» – деп сұраған екен.

Баязид Хазірет сонда оған:

«Періштелер менен, әуелі: “Ей, пір! Мұнда не әкелдің? Қандай сыбағамен келдің?” - деп сұраған еді, мен оларға: “Патшаның есігіне келген адамнан не әкелдің деп емес, не керек деп сұрайды” – дедім. Сосын, олар: «Олай болса, не қалайсың?» – деп сұрапты.

Хазіреті Мәуләнә Баязид Бистами сияқты ұлы тұлғалы арифтердің қадірі мен бағасын былай түсіндіреді:

«Арифтердің тәухид және мағрифат деген сүрмесі бар, сен сол сүрмені іздеп тап та, өзен іспеттес мына көзіңді теңізге айналдыр!»

«Ариф әрдайым патшаның тағының алдына дейін барып тұрады. Ал зәһид болса бір айда тек қана бір күндік жол әрең жүреді».

Өйткені арифтер – ғашық жандар. Ғашықтықпен жолды қысқартады. Олар өз мәртебелерінен Хақ тарапына махаббаттың соңсыз қуатымен жылдам жүгіріп, әр сәтте құлдық терезесінен Оны тамашалап, соңында Хаққа барып жетеді. Бірақ дінді құрғақ амалмен шектегендер Аллаһтан тек қана қорыққандары үшін Оған бет бұрады. Яғни оларда махаббаттан гөрі қорқу сезімі басым. Ал қорқыныш жолды тек ұзартады, бір күндік жол бір айға созылып кетеді. Хазіреті Мәуләнә арифтерді бұл қырынан былай танытады:

«Ариф – тура жолдың да, тақуалықтың да жаны. Мағрифат – бұрынғы замандардағы зүһд өмірінің жемісі.

Яғни зәһид болу тұқым егуге ұқсайды. Ал мағрифат – сол егілген тұқымның берген жемісі».

«Арифтер – бүгініміздің де, ертеңіміздің де патшалары. Қабық өзінің ішіндегі тәтті дәмді өзекке қашан да құл болып, қызмет қылған».

«Мынаны жақсы білгін, арифтің көзі екі әлемде де адамға құтылудың жолы болады. Барлығы, тіпті ең мықты патшалар да оның жәрдеміне мұқтаж, одан көмек алады! Яғни Хақтың көріністеріне бөленген, Хақтың нұрымен есін жиып, өзін тапқан арифтің көзі енді оның өз көзі емес!»

«Көзін Әлемдер Патшасынан еш айырмаған, басқаға қарамаған, шалыс баспаған Хазіреті Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләм сол себепті әрбір жабырқаулы көңілге, әр дертті жанға шапағатшы болды».

«Сол себепті ариф құл тыныш отырған жерінен, құпия жолдармен жүздеген әлемді кезіп, бәрінен тек қана Хақты көреді».

«Арифтердің көңілдердінде тағы қаншама сырлар бар, оларды паш етуге құқықтары жоқ».

Қысқаша айтқанда, шын ғашықтар мен арифтер – осы сипаттарға ие адамдар. Олар әртүрлі жаман ахлақтан арылған, фәнимен байланыстарын барынша әлсіреткен және тек қана иләһи сипаттарға оранған бақтияр құлдар. Олардың Аллаһты жақсы көргендері сонша – Аллаһ та оларды жақсы көреді.

АЙТ МЕРЕКЕСІНІҢ ТАҢ ШУАҒЫ

Жоғарыда атап өткен ұлы сипаттары мен ерекшеліктері аясында ғашықтар мен арифтердің өмірі бейне бір қасиетті Рамазан айындай рақым, берекет және құлшылықпенен жәннәтқа дайындық болып өтеді. Олардың ақтық демдері болса мәңгілік айт мерекесінің таң шуағы іспеттес болады.

Сол себепті үстіміздегі Рамазан айыны қасиетті күндерін махаббатұллаһ және мағрифатұллаһ тәлімін алумен өткізуіміз керек. Махаббат пен мағрифат жолында не істеу керек болса, оларды жеке-жеке анықтап, іске асыруымыз қажет.

Мынаны білген жөн, ғибадаттарымызды құлшыныспен жасап, оразаларымызды тек аштықпен шектелмей, руханиятқа сүңгу – махаббат пен мағрифаттың шарты.

Қанаты сынған, жабырқаулы жандарға мейірім шуағын төгіп жұбаныштың көзі болу, ешкімі жоқтардың қасынан табылу, қайғыдан еңіреп жылағандарға құлақ түріп, жығылғандарға жұдырық болмай, жәрдем қолын созып, жылағандарға күлкі мен көтеріңкі көңіл күйі сыйлау, шарасыздардың шарасы болу да махаббат пен мағрифаттың шарты.

Өмірдегі жандарға көңіл бөлгеніміздей, дүние салған өткен-кеткендерімізді де ұмытпай, оларды Аллаһ жолына жұмсаған қайырымдылықтарымызбен және Құран оқып

бағыштауымызбен қуанту да махаббат пен мағрифаттың шарты.

Бір көңілді баурап алу, бір жаралы көңілді жұбату, бір жүректі Аллаһтың Қағбасындай құрметке бөлеу, бір жүректі тікендерінен арылту да махаббат пен мағрифаттың шарты.

Ешкімді ренжітпеу және ешкімге ренжімеу де махаббат пен мағрифаттың шарты. Өзімізді, отбасымызды, балаларымызды жәһәннәмға отын болудан сақтауға және олардың жәннәт моншақтары мен бұлбұлдары болуларына тырысу да, дінді үйрету, әсіресе Құранды үйрету және Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға рухани жіппен байлану да махаббат пен мағрифаттың шарты.

Барлық киелі құндылықтарымызды тірі ұстау, ұлтымызға және жер жәннәтіндей отанымызға ие болу да махаббат пен мағрифаттың шарты.

Әсілі тағзим лиәмрилләһ, яғни Аллаһ Тағаланың әмірлері мен разылығын жоғары тұтып, тағзым етуде қандай ерекшеліктер болса және шәфқат лихалқилләһ, яғни жаратылғандарға шапқат төгуде қандай ерекшеліктер бар болса, солардың бәрін өз бойына дарыту және қажетінше амал жасау да иләһи махаббат пен мағрифаттың шарты.

Осы шарттардың бәрі орындалған кезде өміріміздің әр сәтінде Хақ нұры біздің жолымызды нұрландырып, жарық беріп отырады. Қадамдарымыз жәннәттің жоғарғы сатыларына дейін жетеді. Ал қорқынышты қиямет таңы бізді мәңгілік мейрамның таң шуағы ретінде қарсы алады.

Уа, Раббым! Біздерді осы жағдайда тірілтіп, бұл фәни әлемнің мың бір күйзелістері мен сынақтарында бойымызға сабыр мен қайрат бергейсің! Ауруларға шипа, дерттілерге дауа, қарыздыларға өтеуге шама бергейсің! Жылдар бойы үлкен зұлымдық пен қырғын көріп жатқан мүминдерге жар болып, жәрдем еткейсің, Аллаһым!

Иләһи! Өмір бойы әр демінде тек қана Сенің ұлы ризалығыңды талаб етумен махаббатұллаһ және мағрифатұллаһпен өмір өткізуді бәрімізге нәсіп еткейсің!

Әмин!

Хазіреті Пайғамбарға Асқан махаббат

Сүйіспеншіліктің ең құптысы – жүректі ояу ұстайтын толқыған махаббат. Мұндай махаббат нұры еш сөнбейтін күн секілді.

Хазіреті Пайғамбарға асқан махаббат

МАХАББАТТА ТҰРАҚТЫ БОЛУДЫҢ СЫРЫ

Сүйіспеншілік ішкі жан дүниенің жағдайына байланысты болып, түрлі дәрежелерде көрініс табады. Бұлардың кейбірі бір қалыпты болса, ал кейбіреуі сарқырама іспеттес күшті сарынмен үдей түседі. Бір қалыпты сүйіспеншілікпен сүйгендер сүйіктіге жету жолындағы қиыншылықтарға төзе алмай, қандай да бір асулардан аса алмай жарты жолда қалып қояды. Алайда күшті сарынды сүйіспеншілікпен сүйгендер тау мен тастан асқан өзен тәрізді көптеген қашықтықтағы жолды өзіне жақын қылып, қауышу дариясына қосылуға қол жеткізеді.

Сондықтан сүйіспеншіліктің ең құптысы – адамның жүрегін ояу ұстап тұратын сарқырама іспеттес толқыған махаббат. Мұндай махаббат сәулесі еш өшпейтін күн сияқты. Хақ Тағала мұны аят кәримәда **«асқан махаббат»** деп жеткізеді. Асқан махаббат – сүйіспеншіліктің ғашықтық халіне айналуы...

Өйткені махаббаттың қайсы түрі болмасын барлығының тұрақты болуы жүректегі асқан махаббат пен жалынды ғашықтыққа байланысты. Өйткені Аллаһ Тағала барлық болмысты махаббат себебімен жаратқан еді. Құдси хадис ретінде әйгілі болған риуаятта:

«Мен жасырын күйдегі қазына едім. Танылып, білінуге махаббатым ауды, сол үшін (Мені өзгелер біліп, танысын деп) бүкіл әлемді жараттым» (И. Хаққы Бұрсәуи, Кәнз Махфи).

Сондықтан Аллаһ Тағала шексіз сұлулығы мен әсемдігіне асқан махаббат назарымен қарап, парасатқа жетіп Өзін сүйген құлдарын Ол да аса сүйіп, сүйдірген және сүйсіндірген. Хақ достары, салиқалы жандар, шәһидтер мен сыддықтар әсіресе пайғамбарлар осыншалық бақытқа жеткен ерекше жандар болып табылады.

ӘЛЕМ – МАХАББАТ ДӘРІСХАНАСЫ

Аллаһ Тағала барлық болмысқа сүйіспеншілікті нақыш еткені және Өзі сүйген құлдарын да оларға сүйдіргені соншa – күллі әлем адамзат баласы үшін бейне бір ғашықтық мектебі іспеттес. Бұл мектепте сан алуан түрдегі сұлулық пен ұлық махаббаттың тәлімі беріледі. Олар: Аллаһ махаббаты, отбасы махаббаты, адамзат сүйіспеншілігі, ұрпақ сүйіспеншілігі, пайғамбар махаббаты және ұстаз сүйіспеншілігі.

Осы махаббат түрлерінен тақырыбымыз бойынша, Хазіреті Пайғамбарға махаббат тұрғысынан болмыстағы көрініс тапқан ерекше оқиғаларға көңіл аударсақ, аса зор, тым терең ғашықтық сабағы мен үлгілері алдымыздан шыға келеді. Өйткені болмыстағы көріністер Хазіреті Пай-

ғамбарға деген махаббат мәселесінде үнемі түрде асқан махаббаттың ең күшті де керемет үлгілері болып келген.

Хазіреті Пайғамбар махаббаты туралы жансыз деп қабылданған болмыстағы көріністер бақыттылық ғасырында мұғжиза іспеттес сан мәрте халықтың көз алдында және көңіл әлемдерінде іске асқан еді.

Солардың ішіндегі ең танымал болғаны – құрма шөркесінің баршамызға мәлім мына жанайқайы:

ҚҰРМА ШӨРКЕСІНІҢ ҒАШЫҚТЫҚ КӨЗ ЖАСЫ

Баршамыз білетіндей, Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм сахабаларына уағыз айтып жатқанда мешіттегі бір құрма ағашының шөркесіне сүйене отырып, насихатын жүргізетін-ді. Сонда бұл құрма шөркесі Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің өзіне сүйеніп тұрғанын сезіп, осыны үлкен абырой мен жетістік деп біліп, мәз-мейрам болатын.

Уақыт өте келе, мешіттегі үгіт-насихатқа қатысушы сахабалардың саны көбейгендіктен, жамағаттың көбісі Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің мүбәрак келбетін тамашалай алмайтын болды. Сондықтан:

«О, Расулаллаһ! Мешіттегі адамдар көбейгендіктен мүбәрак келбетіңізді тамашалай алмайтын болдық!» – деп шағымданып, Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнан мешітке мінбер жасатуын, Оның да сол мінберге шығып хұтпа оқуын сұрады.

Осыған орай, мешітке мінбер тұрғызылды. Жараты-

лыс пен Пайғамбарлықтың асыл нұры болған бұл ұлы тұлға енді осы мінберге шығып насихат жүргізетін болды.

Бірақ Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің бұл мінберге алғашқы шығуында ешкім күтпеген әрі барлығын таң қалдырарлық мұғжизауи бір оқиға болады.

Күллі әлемге рахмет шуағы ретінде жіберілген Жаратылыс нұры бұрын хұтпа оқып жатқанда сүйеніп тұрған құрма шөркесі бейне бір сезетін, еститін және жүрегі қасіретпен қайғырған адам іспеттес аһылап-үһілеп, ыңырси бастайды.

Оның адамның жанын тебірентетін сілкіндіретін сыбызғының мұңлы зары сияқты ішкі жан дүниесінің тереңдіктерінен шыққан бұл қайғыруын мешіттегі жас-кәрі барлық мүминдер естіген еді. Оның үні тек қайғылы дауыс емес, бейне бір мұңды адамның сөзіне айналған еді.

Барлық сахабалар жансыз құрма шөркесінің ішіндегі дертін, қайғысын осыншалық мұңды дауыспен жеткізуіне таң-тамаша күйде қарап қалды. (Бұхари, Мәнәқиб 25, Бұюғ 32)

Хазіреті Мәуләнә құддисә сирруһ бұл оқиғаны Мәснәуиінде былай суреттеп жеткізеді:

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм мінберден түсіп, мүбәрак қолымен құрма шөркесін сипап:

– Ей, құрма шөркесі! Не қалайсың? Мына қайғырғаның не? Бұл халің не? – деп, терең түсінушілікпен сұрады.

Құрма шөркесі сорғалаған ыстық көз жастарын төге отырып, өзіндік тілімен сөйлей бастады:

– Я, Расулаллаһ! Сенен айрылып қалдым деп, жүрегім лаулап күйіп тұр. Ішімді еш түсіндіре алмайтындай қамқайғы мен қасірет жаулады. Сен бастапқыда хұтпа оқығанда сүйенген әлгі бақытты да талайлы шөрке мен едім. Ал қазір болса мені тастап, биік мінберге шығатын болдың. Енді Сенің сүйеніішің сол мінбер ғой!

Бірақ, ей, Аллаһтың Расулы!

Ілтипат қылғайсың, мархамат қылғайсың, менің ісімді жөн көргейсің! Әлемдегі қайбір болмыс Сенен айырылуға шыдай алмақ?

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм шөркенің осыншалық терең де асқан махаббат айқайына қарап, оны жұбату үшін:

– Ей, құрма шөркесі! Демек, айқайың менен айырылып қалудың салдарынан, соның ащысынан екен. Тіле, менен не тілесең де!

Қалайсың ба, Аллаһқа жалбарынайын, сені шығыс пен батыстағы адамдардың барлығына мәуе беретін көк жасыл, тіп-тірі ағашқа айналдырсын?! Немесе сені жәннәт ағашына айналдырсын, сөйтіп, мәңгілікке дейін ең күшті күйіңде өмір сүрерсің?!» – деді.

Мұндай ерекше ілтипатқа бөленген шөрке Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнен ішін күйдіріп тұрған ғашықтығының көрінісі іспеттес мынаны талап қылды:

«Я, Расулалллаһ! Осы Сен айтқан екеуін де қаламаймын. Менің тек арманым – Сенің болмысың мен нұрыңда фәни болу. Сол үшін мені көміп, жоқ қылып, мені осы жалған

барлығымнан құтқаруыңды талап етемін. Өйткені қандай да бір ағаш қаншалықты күшті, қаншалықты жас болса да, азығын күн мен судан алады. Алайда менің өмірімнің нәрі – Сенің нұрың. Менің денем мен жаным Саған сүйеніш болудың, Сенің дене қызуыңмен жылынудың және Сенің ғашықтығыңмен жанып өртенудің ләззатын татты.

Мен енді осы хош та тәтті ләззаттан айырыла алмаймын. Үнемі мәңгі болғанды қалаймын. Мені сондай етіп көм, ақыры Сенде, Сенің теңдессіз нұрыңмен тіріліп, мәңгіліктің жолаушысы болайын!»

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм қиямет-қайымда адам құсап тірілсін деп, шөркені талабына сай жерге көмгізді.

МАХАББАТТЫҢ АҚИҚАТЫ

Хазіреті Мәуләнә бұл ғибратты оқиға арқылы Мәснәуиінде былай деп үндеу салады:

«Мынаны білгейсің, Хақ Тағаланың ілтипатына бөленген құл бұл жалғандағы өтпелі арман қалаудың артында жүрмей, негізінде, өзінің жетуге тиісті болған мақсаты – Аллаһқа бет бұрады».

«Ей, ғапыл! Мұса мен Ахмедтің мұғжизаларына назар аудар! Аса таяқ қалайша айдаһар болды, құрма шөркесі қалайша парасатты болып, оның ыңырсыған аянышты үні естілді!»

«Махаббаттың ақиқатын жай бір шөркеден естіп, одан ғибрат ал! Өзіңді дүниелік пен денелік әуестердің тұтқыны етпе!»

«Шын бақыт пен абыройдың ең ұлысы дене қажеттіліктерінен тыс және олар аяқталған жерде екенін білгейсің!»

«Біліп қой! Шын бақыт – фәни дененің айла шарғысынан құтылып, иләһи қауышуға талаптануда».

Әлгі құрма шөркесі қиямет-қайымда иләһи ғапуға кенеліп, адам сияқты тірілейін де алға қойған мақсатымда өз болмысымды жоқ қылайын деген оймен өзін көмуін Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнан сұраған еді.

Қандай ғибратқа толы оқиға десеңізші!

Бір құрма шөркесінің өзі Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің мейір-шапағатына бөленіп, Оның көңілінен шығып отыр. Ол бұл жалғанның алдамшы атақ-абыройына алданбай, кәміл де нағыз адам іспеттес мәңгілік бақытты мақсат тұтып отыр. Сөйтіп, дұғасы қабылданып, өсімдіктің бір түрі бола тұра қаншама адамзат жете алмаған рухани шыңға жетіп отыр.

ҰХУД ТАУЫНЫҢ ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРҒА БАС ИЮІ

Бір күні Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Хазіреті Әбу Бәкір, Хазіреті Омар мен Хазіреті Әли радияллаһу анһум – бәрі бірге Ұхуд тауына шыққан еді. Ұхуд тауы рухани салмақты бұл тұлғалардың айбындылығынан сілкіне бастады.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Тыныштал, ей, Ұхуд! Үстіңде бір нәби, бір сыддық және екі шәһид бар!» – деді. (Термези, 3703, Нәсәи, Ахбас 4/5, VI, 235)

Бұдан кейін биік Ұхуд тауы пайғамбари бұйрыққа бас иіп тынышталды.

АСАУ ТҮЙЕ ҚАЛАЙ МОЙЫНСҰНДЫ?

Тек жансыз деп білінетін болмыс емес, жануарлар мен өзге де тіршілік иелері Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмді танып, Оған махаббатпен қарап, мойынсұнатын.

Бұл жағдайды Абдұллаһ бин Жәбир радияллаһү анһү мына риуаятымен жеткізеді:

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләммен бірге сапардан оралып, елімізге қайтып келе жатқан едік. Мәдинада Нәжжар ұлдарына қарасты бақтарға келгенде, бақтың біріне ешкімді кіргізбей, кірейін дегенге де шабуылдаған бір түйенің бар екенін естідік.

Жағдайды Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға айтқанда, Ол, екі әлемнің Мырзасы баққа барып, ішке кірді де ешкімді өзіне жақындатпай тұрған әлгі түйені қасына шақырды.

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің дауысын естіген түйе басын жерге тиетіндей дәрежеде иіп, Пайғамбарымыздың алдына келіп, шөкті.

Сонда Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Маған ноқта әкеліңдер!» – деді.

Әкелген ноқтаны түйенің мойнына салып, иесіне тапсырды. Сонан соң сол жердегілерге:

«Жындар мен адамзаттың иман келтірмегендері тыс қалған жер мен көктегі барлық болмыс менің Аллаһтың Расулы екендігімді біледі», – деді. (Ахмед бин Ханбәл, Мүснәд)

Сондай-ақ бұл айтқандарымыздың барлығы жоғарыда аталмыш құрма шөркесіне ғана тән оқиға емес, жансыз бен өсімдік санатындағы болмыста да іске асқан төтенше оқиғалардың, тіршіліктің Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға деген асқан махаббаты мен берілуін бейнелейді.

БОЛМЫСТЫҢ ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРҒА САЛАУАТ ПЕН СӘЛЕМ БЕРУІ

Мәуліт туралы өлең жазған Сүлеймен Чәләби:

«Бір ғажап нұр ғой, Күн көбелегі...» – деген өлең жолымен Күннің Аллаһ Расулының айналасында жынды көбелек тәрізді айналғанын, яғни жанды-жансыз барлық болмыстың Оған ғашық болғанын керемет жеткізген.

Хазіреті Әли радияллаһу анһу айтады:

«Мен Аллаһ Расулымен бірге Меккені аралап жүретін едім. Бір күні Меккенің сыртына шықтық.. Біз өткен жердегі барлық тастар мен ағаштар:

“Салауат пен сәлем Саған, ей, Аллаһтың Расулы!” – деп, сәлем бере бастады».

АҒАШТЫҢ ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРҒА БОЙСҰНЫП, КУӘЛІК ЕТУІ

Болмыстың Хазіреті Пайғамбарға деген ғашықтығы мен махаббатының өзге бір көрінісі де былай іске асқан еді.

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм бір сапар кезінде жолыққан бір адамға тәухид сенімін түсіндіріп жатқан еді. Әлгі адам Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнан тәухидқа шақыруын қуаттайтын белгі сұрады.

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм оқ атым жердегі ағашты көрсетіп, оны жанына шақырды.

Ағаш іле-шала пайғамбари әмірге бойсұнып, жерді жара отырып Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің алдына келді де иман сөзін үш рет қайталады. Сонан соң Хазіреті Пайғамбардың бұйрығымен орнына қайтты.

Бұл мұғжизаны таңдана отырып тамашалаған әлгі адам не айтарын біле алмай, сасқан күйінде Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің алдында тізерлеп:

«Рұқсат бер, Өзіңе сәжде қылайын!» - деп дауыстады.

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Әсте болмайды. Құлдың құлға сәжде етуі харам қылынған», – деді.

ТӘФӘККУР

Жансыз күйдегі болмыс пен жануарлардағы осыншалық асқан махаббат көріністеріне назар аудара отырып,

біздер Аллаһ Расулына қаншалықты бағынып, Оның жолында жүре білу үшін қандай мүмкіндіктерімізден бас тарта алдық, не дейсіз, ағайын?!

Әсіресе қазіргі таңда Оның руханиятына тым мұқтаж екендігімізді аңғаруымыз қажет... Мына бір ақынның:

«Тұр, ей, күллі әлемнің Мырзасы! Қиямет-қайым болғандай әлемнің астан-кестені шығып жатыр!» – деп меңзеген аса күрделі кезеңдеміз.

Я, Раббым! Өзің мен сүйікті Пайғамбарыңа махаббаттың арнасы болған жүректерімізге асқан махаббат сыйлай көр! Пайғамбарға деген ғашықтығынан жылаған құрма шөркесінің халінен баршамызға ұшқындар нәсіп еткейсің!

Әмин!

Оны қаншалықты сүйеміз?

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға құрметіміз, Оның сара жолы – Сүннетімен жүруіміз, Оны жақынырақ тануымыз – көңілдерімiздің тақуалық сынағы. Оның бұ дүние есігін ашуынан бастап дүниеден озуына дейін күллі адамзаттың екі дүние бақытына кенелуі және олардың һидаяты үшін жан-тәнімен қажыр-қайрат танытуына алғыс айтпайтын көңіл – көңіл емес.



«Біліп қойыңдар, араларыңда Аллаһтың Расулы бар...»

(Хұжурат, 7)

Оны қаншалықты сүйеміз?

ЖҮРЕК ПЕН АҚЫЛДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Хақ Тағала адамды таңдаулы жаратылыс иесі етіп, ең көркем кейіпте жаратып, оған ең абыройлы жаратылыс болу мәртебесін сыйлаған. Сондай-ақ жер мен көктегі барлық нәрсені адамның қызметіне атап-арнағанын баян еткен. Әрине, ақыл жүгіртетіндер үшін...

Аллаһ Тағаланың бізге деген нығметтерін тәфәккур жасау және олардың бізге берілу мақсатына сай пайдалану – ең киелі борышымыз. Әсіресе жүрегіміз бен ақылымызды ең дұрыс түрде қолдануға міндеттіміз.

Ақылды қалай қолданамыз?

Ақыл деген құбылыс нәпсіге тұтқын болмай, иләһи ақиқаттарға қанық болған күйде өзінің сынақ дүниесінде екендігін жақсылап түсінуі керек.

Жүректі қалай қолданамыз?

Жүрек Аллаһ Тағалаға махаббаттың мекені. Ол –Аллаһтың назар салатын жері. Сондықтан да әр қилы мәсиуәдан (Аллаһтан өзге нәрселерден) және күнәдан таза ұсталуы, зікір және тәухидпен толуы керек. Ақыры қалбү сәлим деңгейіне жеткен таза жүрек халінде Аллаһтың құзырына апаратындай кейіпте болуы керек. Осы күйге жету үшін:

ЖАЛҒЫЗ ҮЛГІ – ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАР

Аллаһ Тағала біздерді түзетіп, туралыққа бет бұрғызу үшін пайғамбарлар жіберген. Бұл – Аллаһтың кеңшілігі мен сыйы. Хазіреті Пайғамбарымызға дейін жер бетіне 124 мыңдай пайғамбар келген. Раббымыз ең қатты сүйген, ең таңдаулы да ең мақтаулы пайғамбарын соңғы пайғамбар етіп жіберді. Әр пайғамбарды бір-бір қауымға жіберіп, сол қауымның әлеуметтік жағдайына сай түрде тәлім-тәрбиесін жүргізді. Ал Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмді бүкіл адамзатқа арнап жіберді. Қияметке дейінгі заман атаулысының барлығын Оның тәблиғіне арнап, табыстады.

Аллаһ Тағала күпірліктің, надандықтың ең қорқынышты кезеңінде Оның бір өзін, дара тұлға ретінде адамзатқа тұтастай һидаят жолбасшысы қылып, жарқыраған күндей етіп тарту етті. Иә, тарту етті, өз кеңшілігімен сый қылып берді.

МҰҒЖИЗАЛАРДЫҢ ЕҢ ҮЛКЕНІ

Аллаһ Тағала Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға мұғжизалардың ең үлкенін бағыштады. Ол – Құран

Кәрім. Құран әу бастан қияметке дейін өзінің Аллаһтың сөзі екендігін және Расулуллаһтың шынайы пайғамбар екендігін дәлелдеп бекітуде. Әлі де дәлелдеп, бекітпек... Қияметке дейін мынау дүниеге келіп кететін бүкіл адамзат Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға берілген осы мұғжизаны көреді, жақыннан танысатын болады.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Құран деген теңдессіз мұғжизасы арқылы сондай бір қоғам тәрбиелеп шығарды. Оны саадат дәуірі, яғни бақытты дәуір деп атады. Жер бетінде мұндай екінші бір қоғамды кездестіре алмайсыз. Өйткені ол күні жәһілият адамдарынан, яғни Үнді мұхитының ең түбіндей төмен адамдардан, Гималай тауынан да асқақ, биік адамдар шықты. Қыздарын тірідей көмген жабайы қоғам Хазіреті Пайғамбардың тәлімі, тәрбиесі және рухани нәрімен айдаладағы өзеннің жағасында бір қасқырдың бір қозыны талап кетуіне жайбарақат қарап отыра алмайтындай мейірім мен шапқатқа толы қауымға айналды. Тек қана осы жетістігінің өзі Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің жаратылысының дара, үлгілі тұлға екендігін көрсетуге жетіп артылады.

СОҚЫРЛАР КҮНДІ СЫНАЙДЫ

Егер көздер соқыр болмаса, Оны міндетті түрде көреді. Егер өзі қыңыр, қыли болмаса, Одан ешбір кемшілік таба алмайды. Оған нұқсан келтіруге, кемшілік іздеуге тырысқандар, шын мәнінде, өз кемшіліктерін, өз қателері мен нұқсандықтарын көрсетуден өзге ештеңе таппақ емес. Тарих беттері көп қауымдардың өз пайғамбарларына жапқан

жиркенішті жалаларына, айыптауларына толы. Өйткені пайғамбарлар тәблиғ еткен иләһи ақиқаттар кейбір пенделердің нәпсілік қалауларына тура келмегендіктен, олар бұл ақиқаттардан мазасызданған еді. Сол себепті олар өз нәпсілерінің шырмауында өтіп жатқан сылаңдаған өмірлерін дұрыс және заңдылық етіп көрсету және басқаларға да соны қабылдату мақсатымен өз нұқсандары мен жаманшылықтарын пайғамбарларға теліп, оларға жала жабуға тырысқанды. Сондықтан да бүгінгі Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға жабылмақ болып жүрген жалалар мен қара күйелердің барлығы, шын мәнінде, сол күйені жағушылардың өздерінің қаншалықты жиркенішті, тәрбиесіз, қайсиетсіз және көргенсіз адам екендіктерін ғана көрсетуде.

Хазіреті Мәуләнә бұл жайлы:

«Жарық дүниемізді нұрландырып тұрған әсем күнді сынға алу, одан нұқсандық іздеу, негізінде, «Менің екі көзім де көр-соқыр, санам қараңғы, наданмын» деп өзін-өзі сынаумен парапар», – дейді. Ол тағы:

«Аллаһ біреудің пердесін жыртуды, айыбын ортаға төгуді қаласа, оның көңіліне таза адамдардың айыбын іздеуге құштарлық салады», – да дейді.

Адам баласы Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмді сынауды қойып, Оған алғыстарын қалай жеткізудің жолдарын ойлануы керек еді. Өйткені Оның туылуынан дүниеден қайтуына дейінгі уақыт аралығында адамзаттың келешегі мен қамы үшін шырылдап, уайымдағанына алғыс сезімдерімен толып, жіпсімеген көңіл – көңіл емес.

ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРДЫҢ БІЗГЕ МЕЙІРІ

Хақ Тағала Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің бізге деген мейірінің қандай болғандығын Құран Кәрімнің «Тәубе» сүресінде:

«Шынында, сендерге өз іштеріңнен әзіз бір пайғамбар келді. Сендердің қиналуларың оған қатты батады. Ол сендерге ынтық, мүминдерге аса еміренгіш, мейірімді», – деп баян етеді. (Тәубе, 128)

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің біздерге деген махаббаты ата-ананың өз балаларына деген махаббатынан да артық. Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләм: *«Пайғамбарлардың ішінде ең көп бәлекетке, зұлымдыққа ұшырап, көп жапа шеккені менмін...»* дегенімен, оны ешқашан шағым етіп көрмеген. Бірақ үмметінің басына түскен қиындықтар Оның жүрегін өртеуші еді. Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләм – сондай мейірімді, үмметіне жанашыр пайғамбар. Осы дүниеде біздің һидаятқа жетуіміз және құтылуымыз үшін шырылдағанындай, ахіретте де, махшар күнінде де Арштың астында тұрып бізді ойлап, сәжде күйінде бізге шапағат ету үшін Аллаһқа дұғасы қабыл болғанға дейін көз жасымен бас көтермей жалбарынады... (Бұхари, Әнбия, 3,9; Мүслим, Иман, 327, 328; Термези, Қиямет, 10).

Осылайша дүниеде де, ахіретте де бізге мейір шапағат төгуге өзін атаған Пайғамбарға біз де бүгін Оның қалағанындай мүмин бола білу және Оны жанымыздан да артық көріп, Оған деген махаббатпен толқыған көңіл бола білуге өзімізді атауымыз, сөзсіз, керек!

СҮЙГЕН СҮЙІКТІСІНЕ ЕРЕДІ

Хадисте *«Адам сүйгенімен бірге болады»* делінеді. Біз Пайғамбарымызды қаншалықты жақсы көреміз? Әрине, мұндағы сүйіспеншілік дегенді сүйген мен оның сүйіктісі арасындағы бірлік, біртұтастық деп түсінуіміз керек. Адам өзінің сүйгенімен сөзімен де, өзімен де, іс-әрекетімен де, сезімдері әрі ойларымен де, бүкіл ғұмырымен де бірге болады. Яғни сүйіспеншілікте осындай біртұтастық болмаса және сүйген сүйіктісіне қарама-қайшы жол ұстанса, онда ол сүйіктісімен бірге бола алмайды. Өйткені ол оны сүймегені.

Міне, сондықтан да біздер өз-өзімізге мынадай сұрақтар қоюымыз керек: Біз Оны қаншалықты жақсы көреміз? Оның сара жолы – сүннетіне қаншалықты мықтымыз? Балаларымызға және айналамыздағыларға Пайғамбарымызды қаншалықты түсіндіріп жеткізе алдық?

ОҒАН ЕРУ ҮШІН КӨҢІЛ ТӘРБИЕСІНЕ МҰҚТАЖБЫЗ

Мынау шайқалған дүниемізде және сақырлаған махшар майданында бақытқа кенелейік десек, өміріміздің әрбір сатысына да, сәтіне де Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмді үлге-өнеге қылып алуға зәруміз. Саллаллаһү аләйһи уә сәлләмді әлеуметтік қарым-қатынастарымызда, отбасылық өмірімізде, күнделікті күйбең тіршілігімізде өнеге тұтуымыз қажет. Ол – ең төменгі сатыдан, ең жоғарғы сатыға дейінгі барлық адамдарға үлгілі тұлға... Оны қалай үлгі қыламыз? Қағаз бетінен оқу арқылы ма? Әрине, жоқ.

Көңілімізге Оның тәрбиесін беру арқылы. Хақ Тағала мұндай тәрбиенің әдісін «Ахзаб» сүресінде анықтап баяндауда.

Бұл тәлімнің бірінші шарты – Аллаһтың разылығына бөленуді армандау. Жүректің Аллаһ Тағаламен ұдайы бірге болуы. Қаншалықты бірге болуы десеңіз, мұның жауабы аятта **«тұрғанда да, отырғанда да, жантайып жатқанда да Аллаһты зікір ету»** деп келтіріледі. Яғни үнемі бірге болу. Үздіксіз иләһи бейне таспамен бақылауға алынғанымызды сезіне білуіміз керек. Раббымыз бізге күре тамырымыздан да жақын. Ал біз Оған қаншалықты жақынбыз? Міне, бұл жақындықты орнату үшін Пайғамбарымызды үлгі тұтуымыз керек.

Бұл тәлімнің екінші шарты – ахірет жұртына баруды аңсау. Фәниликті дұрыс ұғынып, оның шекарасынан рухани түрде асып өтуіміз керек. Мұны Хазіреті Мәуләнә:

«Бұ дүние өмірі – бір түс қана. Бұ дүниеде дәулет иесі болу түсіңде қазына тауып алғанға ұқсайды. Алайда дүниелік мал-мүлік ұрпақтан ұрпаққа өтіп, дүниеде қала береді», – деп жеткізеді.

Сондықтан да сынақ әлемінде екендігіміздің байыбына барған күйде ғұмыр кешуіміз аса зәру іс. Осылайша нәпсілік қалауларымызды күйретіп, жеңіске жетеміз. Сөйтіп, көңілімізді мәңгіліктің жолаушысы етуіміз керек. Сондай-ақ жан дүниеміз ахірет біз үшін қауышу алаңына айналып кететіндей, ерекше күйге бөленуі керек. Бұл үшін де Пайғамбарымыздың үсуәтүн хасәнә, яғни көркем өнеге тұлғасынан өз несібемізді алуға тиіспіз. Оның руханиятынан сабақ алуға міндеттіміз. Сонда Аллаһ Тағала бізге жәннәтті, Өзінің жамалын тамашалау сыйын тарту ететінін уәде етуде.

БІЗ ЖӘНЕ ХАЗІРЕТІ ПАЙҒАМБАРДЫҢ ҚҰНЫ

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің қадір-қасиетін түсінбей, Одан тәлім алмай Аллаһқа апарар тура жолды табу мүмкін емес. Хақ Тағала Құран Кәрімде Хазіреті Пайғамбар аләйһиссаләту уәссәләмға берген құндылығын:

«Шынында Аллаһ және Оның періштелері Пайғамбарға көп салауат айтады. Ей, мүминдер! Сендер де Оған көбірек салауат айтыңдар және толықтай беріле отырып Оған сәлем беріңдер!..» – деп, аса ерекше түрде ескертеді. (Ахзаб, 56)

Аллаһ Тағала өзі жаратқан ең ұлы жаратылысқа, яғни Пайғамбарымызға салауат айтуда. Ал мұның шын мән-мағынасын толықтай түсіну біздің ақылымыз бен санамыздың шегінен тыс. Жаратушы Хақ Тағала өзі жаратқан махлұқына қалай салауат айтады? Бұл нені білдіреді? Негізінде, тәфсір кітаптарында мұның түсіндірмелері келтіріледі, бірақ шын мағынасы Аллаһқа ғана аян. Мұны «иләһи сыр» десек дұрыс болар. Бірақ бір нәрсе анық, Хақ Тағаланың Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға өте ерекше ықыласы мен махаббаты бар. Сондай-ақ біздің де осыны түсінуімізді қалап:

«Ей, мүминдер! Сендер де оған көбірек салауат айтыңдар және толықтай беріле отырып оған сәлем беріңдер!» – деп бұйырады.

Бірақ бұл салауат пен сәлемді тек тілмен айту жеткілікті болмайды. Әрбір жан күйіміз Оған салауат күйінде болуы керек. Отбасылық өмірімізде, жұмысымызда, адамдармен қарым-қатынасымызда әр ісіміз Пайғамбарымызға салауат пен сәлем айтарлықтай күйде

көрініс беруі керек. Мәселен, былай ойлануымыз керек, Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм менің отбасылық өмірімді, сауда-саттығымды, жұмысымды, адамдармен жасаған қарым-қатынастарымды пайғамбар ретінде ұнатар ма еді? Балаларыма берген тәрбиеме оң баға берер ме еді? Жасаған құлшылықтарыма киелі батасын берер ме еді деген секілді...

Осы сауалдарды өзімізге ұдайы қойып отыру арқылы жан дүниемізді есепке тартпасақ, таразыға салмасақ, ертең махшардың күнінде есебіміз бен таразымыз өте қорқынышты болмақ. Еш күмәнсіз қиямет күні бәрімізге:

اِقْرَأْ كِتَابَكَ كَفَى بِنَفْسِكَ الْيَوْمَ عَلَيْكَ حَسِيباً

«Өз кітабыңды оқы! Бүгін сенен есеп алуға (істегендеріңе куә болуға) **өзің жеткіліктісің»** – делінетін болады. (Исра, 14)

Ол кезде амал дәптерлерімізде жасырын не әшкере әрбір ісіміздің жай-күйін көретін боламыз. Өз өміріміздің фильмін көретін боламыз. Намаздарымызды қалай өтеппіз? Оразаларымызды қалай тұтыппыз? Тек сырт көзге ғана құлшылық қылып жатқан адамдай көріндік пе, әлде құлшылығымызды рухымызбен, жүрегімізбен зейін қойып орындадық па? Аллаһтың бұ дүниеде бізге сыйлаған сансыз нығметтеріне қалай жауап қайтарыппыз? Бізге тарту етілген рух, ақыл, сана, мал-мүліктің қаншасын инфаққа арнаппыз? Қаншасын босқа жұмсаппыз немесе халық тілімен айтқанда, қаншасын желге шашыппыз? Аллаһты және Оның Расулын қаншалықты жақсы көріп, Расулының ахлағын қаншалықты өз бойымызға дарытыппыз?

Осының бәрін де ертең амал дәптерімізде көретін, қиямет экрандарынан тамашалайтын боламыз. Бірақ мәселенің өзегі осы жалғанда тұрған күнімізде-ақ рухани жай-күйімізді көрегендікпен көре білуде.

МАХАББАТ ПЕН ӘДЕПТІЛІК СЫНАҒЫ

Біз сынақ әлемінде тіршілік жасап жатырмыз. Яғни бұл дүние – иләһи емтихан дәрісханасы. Осындағы ең үлкен сынақтарымыздың бірі – Хазіреті Пайғамбарымызға махаббат, бойсұну және тағзым тұрғысынан сыналуымыз. Аллаһ Тағала бұл жайлы:

«Ей, имандылар! Аллаһқа бойсұныңдар және Пайғамбарға да бойсұныңдар! Амалдарыңды (істеген жақсылықтарыңды) **жойып алмаңдар»** (Мұхаммед, 33).

«Ей, иман келтіргендер! Дауыстарыңды Пайғамбардың дауысынан жоғары көтермеңдер! Бір-біріңмен даңғырласып сөйлескендеріңдей Оған даңғырлап сөйлемеңдер! Әйтпегенде істеген (жақсы) **амаладарыңның босқа кеткенін өздерің де сезбей қаласыңдар.**

Шынында дауыстарын Пайғамбардың алдында бәсең үнмен сөйлегендер бар ғой, Аллаһ олардың жүректерін тақуалық сынағынан өткізді. Оларға кешірім мен үлкен сауап бар.

(Расулым!) **Саған тамдардың арғы жағынан** (айқайлап) **дауыстағандар бар ма, олардың көбі топастар»** – деп қатаң ескертеді. (Хұжурат, 2-4)

Демек, Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға

құрметіміз, Оның ұлы сүннетінің ізімен жүруіміз, Аллаһтың Елшісін жақыннан тануымыз көңіліміздің тақуалығының сынағы болғаны. Оған деген махаббатымыздың көрсеткіші. Сонымен қатар Аллаһқа жақындай білуіміздің дәнекері...

Осыдан түйіндейтініміз, біз Аллаһ Елшісін қалай және қандай амалдарда өнеге тұтамыз? Өмірімізді Аллаһ Расулының өмірімен қалай таразылаймыз, қалай реттейміз? Бұл жөнінде Құранның бізге берер анық ескертуі мынау:

«Кімде-кім пайғамбарға бойсұнса, оның анық Аллаһқа бойсұнғаны. Кімде-кім бет бұрса, (ей, Расулым, оған қамықпа!**) задында, біз сені оларға бақылаушы етіп жібермедік»** (Ниса, 80).

ОНЫ СҮЮДІҢ ӨЛШЕМІ

Абдұллаһ бин Хишамнан жеткен мына бір риуаят Расулұллаһқа деген махаббаттың қандай мөлшерде, қандай дәрежеде болуы керектігін көрсетуі тұрғысынан өте терең мағынаға ие:

«Бір күні Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләммен бірге едік. Расулұллаһ Хазіреті Омардың қолын ұстап отырған еді. Сол кезде Омар радияллаһу анһу:

«О, Расулаллаһ! Сен маған жанымнан өзге барлық нәрседен қымбатсың, артықсың!» – деп Расулұллаһқа өз сүйіспеншілігін білдірді. Оның бұл сөзіне Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Мырзамыз:

«Жоқ, болмайды, мен саған жаныңнан да сүйікті болуым қажет!» – деп бұйырды.

Хазіреті Омар радияллаһу анһу іле-шала:

«Олай болса, Сені жанынмнан да артық жақсы көрдім, уа, Расулаллаһ!» – деді. Бұған Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Міне, енді болды», – деді. (Бұхари, Әймән, 3)

Міне, Хазіреті Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға осындай ғашықтық және махаббатпен байлануымыз керек. Оны көңіл тағымыздың жалғыз сұлтаны және өміріміздің жалғыз жолбасшысы қылуымыз керек. Өйткені Оны сүю бізге парыз қылынған*. Хақ Тағала Құран Кәрімде:

النَّبِيُّ أَوْلَى بِالْمُؤْمِنِينَ مِنْ أَنفُسِهِمْ

«Пайғамбар мүминдерге өз бастарынан да аяулы...» – деп бұйырған (Ахзаб, 6). Сондықтан Ол бізге жанымыздан қымбат, өзімізден де маңызды.

Сол себепті Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға махаббат хадис шәрифтерде де ақиқи иманның шарты ретінде айтылады:

«Жаным құдірет қолында болған Аллаһқа ант етейін, сендердің қайсыбірің мені анасынан, әкесінен, бала-шағасынан және барлық адамдардан артық сүймейінше, шын мәнінде иман келтірген болмайсыңдар» (Бұхари, Иман, 8).

Сол себепті құрметті сахабалар Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің сәл ғана қалауы мен өтінішіне де

*Қараңыз, Тәубе, 24.

«Ата-анам, жаным және барлық нәрсем саған пида болсын, уа, Расулаллаһ!» – деп зыр жүгіріп, әр мүмкіншілікті пайдаланып өз сүйіспеншіліктерін дәлелдеп отырған-ды.

Осы ұлы махаббатқа бейқам болу, тіптен оған құрметсіздік жасау – надандықтың кесірі. Бұл махаббатқа жармасу – мәңгілік бақыттың жолдамасы.

ОНЫ СҮЮДІҢ БЕЛГІСІ...

Адамдар жақсы көрген нәрселері жайында көп сөз қозғайды. Жүрген жерінде өзінің сүйікті нәрсесі жайында айтып, сол төңіректегі тақырыптарды көп сөз еткенді жақсы көреді. Мысалы, өзін тек қана жұмысына байлаған кәсіпкер үнемі сауда-саттық, тауар, аларман туралы айтады. Анау пайда, мынау зиян, анау тиімді, мынау тиімсіз деген сияқты... Кейбіреулер баласын қатты жақсы көреді. Қайда барса да өзінің баласының қылықтарын айтып, мәз-мейрам болып отырады.

Ал қадірменді сахабалар мен Аллаһтың әулие құлдары қашан да Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм хақында сөз қылудан, Оны еске алудан шексіз ләззат алатын-ды.

Олар Пайғамбар Мырзамыздың жүрген жолымен жүріп, иіскеген гүлдерін иіскегені соншалық, мысалы, Имам Нәуәуи хадис шәрифтерде Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің қарбызды қалай тіліп жегендігін іздеп таба алмағандықтан, қарбыз жеуден тиылып жүрген екен.

Қожа Ахмет Яссауи Хазірет те:

«Аллаһ Расулы 63 жаста қайтыс болды. Менің де 63 жастан кейін дүниеде жасайтын тіршілігім жоқ», – деп, өзіне жердің астынан орын дайындап, қайтыс болуына дейін сонда өмір сүріп, діни тәлім-тәрбие-сін сол жерден жалғастырған болатын.

Бұл халдер әр адамның өзіне тиісті әрекеттер болғанымен, әрбірі біздер үшін асқан махаббаттың бір-бір көріністері еді.

Әбу Бәкір радияллаһү анһү:

– Айша, қызым! Бүгін қандай күн! – деп сұрайды. Ол радияллаһү анһә:

– Дүйсенбі, әке, – дейді. Сонда ол радияллаһү анһү:

– Алда-жалда бүгін өліп кетсем, мені күттірмеңдер, өтінемін, дереу Аллаһ Расулының жанына апарып жерлеңдер! – деген екен.

Мінеки, осындай қауышу құштарлығына кеудесі толы Пайғамбар ғашығы. Аллаһ Тағала Пайғамбарымызды жақыннан тануды және жаннан артық сүюді баршамызға нәсіп етсін!

ОНЫ ТОЛЫҚ СИПАТТАП БЕРУ ӨТЕ ҚИЫН

Хазіреті Пайғамбар қайтыс болғаннан кейін мұсылмандықты қабылдаған бір тайпа басшысы Халид бин Уәлид радияллаһү анһүға келіп өтініш жасайды:

– Маған Аллаһтың Елшісін сипаттап беріңізші! – дейді.

Ол:

– Сипаттай алмаймын, – дейді. Ол:

– Білгеніңізше айта беріңіз! – дейді. Сонда Халид бин Уәлид:

– Тек қана мынаны айта аламын. Жіберілгеннің қадірі Жіберушінің қадіріндей болмақ. Жіберуші – әлемнің жаратушысы Аллаһ болса, жіберілген Расулының қадірін өзің есептей бер! – дейді.

Хақ Тағала жүректерімізге сахабаның “Пайғамбарға деген махаббатынан” үлес нәсіп етсін! Өмірімізді Расул саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің махаббатымен көркейтуді жазсын!

Әмин!

Оны тану, көру және есту

Оны танысақ, ертең махшарда Ол да бізді таниды. Оны көретін күйге жетсек, Ол да бізге назарын салады. Оны естіп, тыңдауға құлақ түретін болсақ, Ол да бізді естиді. Қысқаша айтқанда, біз Оған мойынсұнсақ, Ол да бізге «Пайғамбар сендерге куәгер болсын!» (Бақара, 143) деген Құран бұйрығына сай куәгер және шапағатшы болмақ.



Оны тану, көру және есту

ОЛ СОНДАЙ ТЕҢДЕССІЗ ҚҰЛ ЖӘНЕ СОНДАЙ РАСУЛ...

Бұдан 1400 жылдан астам уақыт бұрын Хазіреті Пайғамбардың дүние есігін ашуы, шынында адамзаттың қайта туылуы болды десек артық айтқандық емес. Жаратылыс Мұхаммеди нұрдан бастау алғанындай, бұл фәни дүниеде рухани күйзеліске ұшыраған адамзаттың қайта жандануы да Мұхаммеди нұр арқылы болды.

Адамзат жаратылыстың әу басында Оның есімімен нұрланып, иләһи мейірімге қарық болған, сосын Оның дүниеге келуімен тағы бір нұрланып, бейне бір дүниеге жаңадан қайта келгендей болған еді. Оны ғашықтық көзімен көрген, сүйіп таныған әрбір көз махаббаттан тұтанған күн құсап өмір бойы Оның айналасында жынды көбелектей болып айналған.

Өйткені Ол Аллаһтың сондай бір теңдессіз сүйіктісі

болғаны сонша – барлық жаратылыс Оны көре білу үшін бейне бір үлкен бір көзге айналғандай еді. Оған қауышудың арманымен әрнәрсе құйын боп ұйтқып, қолын сүюге құмартқандар да тоқтаусыз сарқырамаға айналғандай еді.

Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләм сондай бір құл, құлдардың арасындағы жарық Айдай Аллаһқа ең жақыны.

Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләм сондай бір Пайғамбар, Аллаһ Тағала оның өміріне ант еткен.

Оның саадат ғасырында өмір сүріп, Оны көзбен көру біздерге нәсіп болмады. Бірақ Оны өз көзімізбен көргендей дәрежеде танып, сүюіміз керек. Осылай таныған және осылай сүйген көңілдер мен көздерге ғана Оны көру нәсіп болмақ.

Олай болса,

Пайғамбарға махаббаттағы ең маңызды мақсат – Оны тану және көру. Себебі Оны шын мағынада танып, көргеннен соң Оны сүймеген, бағаламаған, болмысымен қабылдамаған және Оған ғашықтықтан мәжнүн болмаған ешбір сау ақыл жоқ шығар. Тіптен нәпсілерінің тұтқынына айналған дұшпан және шайтан рухтылар дағы Оны сәл ғана танып, көрген кезде Оның «шыншыл және сенімді» екендігін айтудан басқа еш сөз таба алмаған.

Оның соңсыз нұрына шомып, Оған тәнті болмаған ешбір жан жоқ. Тек қана қараңғылықтарда адасқан қара жүректер ғана бар шығар, сірә! Олардың да, шын мәнінде, мәңгілік асулардың құздарынан құлап кетпеу үшін Оның һидаят ұсынған қанаттары мен аялы алақанына мұқтаждығы бар.

Шынында, барлық адам баласы Оны тануға, Одан өнеге алуға, Оны көруге және Оның ізімен жүруге мұқтаж. Тіпті пайғамбарлар да. Өйткені Хазіреті Адамнан бастап көптеген пайғамбарлар Оны сүйіншілеумен ғана қоймай, Оған үммет болуды армандап Хаққа жалбарынған.

Сондықтан да Оны көрумен теңелетіндей дәрежеде тану нығметіне жету, Оны жоғары ерекшеліктерімен білу біз үшін махаббат пен иманның өлшемі болмақ. Негізінде бұл жөнінде Оның соңсыз көркем сипаттары мен ерекшеліктері жайында сөзбен айтылғандар тек қана кіріспе бола алмақ. Мінеки сол кіріспе сөздердің босағасынан алынған Оның кәміл және шыңға жеткен ерекшеліктерінен бірнешуі:

ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ ПАЙҒАМБАРЫ

Қатада бин Нұғман радияллаһү анһү жеткізген риуаят бойынша Хазіреті Мұса аләйһиссәләм:

«Уа, Раббым! Мен кітабымнан адамдар арасынан шығарылатын, жақсылықты бұйырып, жамандықтарды тыятын ең қайырлы үммет жайында жазылғанын көрудемін. Аллаһым оларды менің үмметім қыла гөр!» – деген.

Сонда Аллаһ Тағала:

«Олар Ахмедтің үмметі», – деп бұйырады.

Хазіреті Мұса аләйһиссәләм:

«Уа, Раббым! Мен кітабымнан дүниеге соңынан келіп, жәннәтқа алғашқылар болып кіретін бір үммет жайында жазылғанын көрудемін. Аллаһым, оларды менің үмметім қыла гөр!» – дейді.

Аллаһ Тағала:

«Олар Ахмедтің үмметі», – деп бұйырды.

Мұса аләйһиссәләм:

«Уа, Раббым! Онда әрі бұрынғы кітаптарға, әрі соңғы кітапқа иман келтіретін, түрлі адасушылықпен, жалғыз көзді және алдаушы Тажалмен күресетін бір үммет жайында айтылған. Оларды менің үмметім қыла гөр!» – дейді.

Аллаһ Тағала:

«Олар Ахмедтің үмметі», – деп бұйырды.

Мұса аләйһиссәләм:

«Уа, Раббым! Онда сондай бір үммет жайында айтылған, олардың бірі бір жақсылық жасауға ниеттенсе, сосын істей алмаса, оған бір сауап жазылады, ал істеген жағдайда 10-нан 700 есеге дейін жауап жазылады екен. Соларды менің үмметім қыла гөр!» – дейді.

Аллаһ Тағала:

«Олар Ахмедтің үмметі», - деп бұйырды...

Сонда Хазіреті Мұса аләйһиссәләм қолындағы кітабын бір шетке қойып:

«Уа, Аллаһым! Мені де Ахмедтің үмметінен қыла гөр!» - деп жалбарынады. (Табари, IX, 87-88; Ибн Кәсир, Тәфсир, II, 259, Ағраф 154 аяттын тәфсірінде).

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм өзінен бұрын келген 124 мыңнан астам пайғамбарлардың

мәлім, әрі беймәлім барлық сипаттарына артығымен ие болып, көркем ахлақ пен адамгершілік сипаттың шыңына жеткен. Ол өз дәуіріне дейінгі өмір сүрген адамдардың тәфәккур және өмір салтында қол жеткізген даму көрсеткішіне қосымша, қияметке дейін үмметінің алдынан шығатын түрлі мұқтаждықтарына да толық жауап берген өнегелі тұлға болған.

Сол себепті Ол, саллаллаһү аләйһи уә сәлләм барлық адам баласына ақыр заман нәбиі болып жіберілген. Кәміл адамға тән барлық сипат пен ерекшеліктер Оның бойынан табылады. Қияметке дейін Одан кейін пайғамбар келмейтіндіктен, адам баласына қажет болар қандай әсемдік болмасын, қандай үлгі болмасын, Оның әйгі тұлғасында бар. Оның дидарын көрген және Оның жан дүниесін оқыған әр адамның айтар сөзі мынау болмақ:

КӨРКЕМНІҢ КӨРКЕМІ

Хазіреті Фатима радияллаһү анһә Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің қайтыс болуына жақын:

«О, Расулаллаһ! Сенің жүзіңді бұдан былай көре алмаймын ғой!» – деп жылағанында, Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Хазіреті Әлиді шақыртып, оған:

«Ей, Әли! Менің хилямды (сипаттамамды) жаз. Менің сипаттарымды көру мені көру сияқты!» – деп бұйырған.

Түрлі риуаяттарда мейірім Пайғамбары саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің киелі жаратылысы хақында қысқаша мынадай мәліметтер келтіріледі:

Ерекше рухани болмысының кәмілдігі сияқты, дене бітімі де теңдессіз еді.

Дидары толған айдай жарқырап тұратын. Хазіреті Айша радияллаһү анһә былай деп айтады: «Расулұллаһтың жүзі нұр шашып тұратыны сонша – түн қараңғысында жіпті инеге Оның жүзінің нұрымен сабақтайтын едім».

Екі жауырынының арасында нәбилік иләһи рәміз іспеттес белгі бар еді. Көп сахаба оны сүйіп қалуға ынтық болып жүруші еді. Қайтыс боларында бұл мөр тәріздес белгінің ғайып болып кетуі, Оның дүниеден озғандығының анық белгісі болды. (Термези)

Дене бітімі нұрдан болғандықтан ешқандай өзгеруге ұшырамаған еді. Хазіреті Әбу Бәкір радияллаһү анһү қайғылы, көзімен бірге көңілі де жасаураған халде Жаратылыс нұрына қарап тұрып:

«О, Расулаллаһ! Өмірің сияқты, өлімің де қандай көркем!..» – деген болатын.

Хазіреті Пайғамбардың жүзінде нұр, сөздерінде даналық, іс-қимылдарында жұмсақтық, тілінде тәттілік, сөйлеу мәнерінде таң қалдырар әсемдік бар еді.

Артық сөз айтпайтын, әр сөзі хикмет пен насихат болатын. Оның өмірінде өсек пен бос сөзге орын жоқ еді. Әр адамның ақылы мен санасына қарай, даналықпен сөйлейтін.

Мүләйім және кішіпейіл еді. Күлген кезінде қарқылдап, дауыс шығару деген болмайтын. Үнемі күлімдеп жүретін.

Оны кенеттен көріп қалған адам именіп қалатын. Онымен пікірлесіп, әңгімелескендер Оған шын көңілден ғашық болып қалатын еді.

Қызметшілеріне өте жақсы қарайтын. Өзі не жеп, не кисе, оларға да содан жегізіп, содан киіндіретін. Жомарт, сыйлағыш, шапқат пен мейірімі тасыған, керек кезде орынымен ержүрек, орынымен биязы мінезді де болатын.

Сөзіне және уәдесіне берік, әрі сөзінде шыншыл еді.

Көркем ахлағы, ақылы мен зейіні өзге адамдардан әлдеқайда артық, қандай мақтау мен марапаттауға болса да лайық адам еді.

Бет-бейнесі әсем, жүріс-тұрысында мін жоқ, теңдесі жаратылмаған мүбәрак бір жан еді.

ТАҚУАЛАРДЫҢ ТАҚУАСЫ

Барлық өлкелер өз разылықтарымен, қуана отырып Оның басқаруын қабылдаған-ды. Арабстанды бастан-аяқ түгел билеп тұрған-ды. Қалағанын істей алатын еді. Солай бола тұра, Ол қарапайым өмірін жалғастырды. Өзінің ештеңенің иесі емес екендігін үнемі айтып жүрді. Барлық нәрсенің Аллаһтың құдірет қолында екендігін үйретті. Кейде асып-тасыған дәулетке ие болды. Қазыналар артылған түйе керуендері Мәдина Мүнәууәраға байлықты үйіп жатты. Сонда да Ол бұлардың барлығын мұқтаждардың мұқтаждығына үлестіріп, өзінің жұпыны тіршілігін бұрынғы қаз-қалпынан өзгерткен жоқ. Ол, саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Ұхуд тауындай алтыным болса да - қарыздарымнан басқасын - үш күннен артық сақтап тұрмас едім», – деп айтып өткен еді. (Бұхари, Тәмәнни, 2; Мүслим, Зәкәт, 31)

КІШІПЕЙІЛДІЛЕРДІҢ КІШІПЕЙІЛДІСІ

Аллаһ Расулының төрт адам әрең көтеретін «ғарра» деп аталатын бір ас ыдысы болатын. Күн сәскеден ауып, дұха намазы оқылған соң ішіндегі тамағымен сол ыдысты Пайғамбарымызға алып келді. Сахабалар да айналасына жинала қалды. Сахабалар көп жиналған соң Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм тізерлеп отыра кетті. Мұны көрген бір бәдәуи:

«Бұл қандай отырыс?» – деп еді, Расуллұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Аллаһ Тағала мені абыройлы құл етіп жаратты...» – деді. (Әбу Дәуіт, Әт'имә, 17/3773)

ҚАНАҒАТШЫЛДЫҢ ҚАНАҒАТШЫЛЫ

Кей кездері қаншама күн өтсе де, Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің үйінде тамақтың иісі шықпайтын, талай рет аш күйі жатқан кездері болды. (Ахмед, VI,217; Ибн Саад, I, 405)

Бір күні Хазіреті Омар Хазіреті Пайғамбардың мүбәрак үйіне барады. Бөлменің ішін көзімен шолып шығады. Айнала қаңыраған бос екен. Үйдің ішінде құрма жапырақтарынан өрілген бір қамыс төсеніш бар еді. Хазіреті

Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм соның үстіне жантайып жатқан еді. Құрғақ қамыс төсеніш Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің мүбәрак денесінде ию-қию із қалдырыпты. Бір бұрышта азын-аулақ арпа ұны бар... Оның жанында шегеге асулы озығы жеткен су ыдысы бар... Бары сол ғана!

Арабстан жартыаралының Хазіреті Пайғамбарға бағынып тұрған күндерінде Оның дүниеге тиісті байлығы осылардан ғана тұратын. Хазіреті Омар бұларды көрген кезде, мұғайып, күрсінді. Өзін ұстай алмады, көздерінің жиегіне ұялаған көз жастарын жасыра алмай, төгіп-төгіп жіберген.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм одан:

– *Неге жылайсың, әй, Омар!* – деп сұрады. Ол:

– Қалай жыламайын, уа, Расулаллаһ! Иран мен Римнің патшалары дүниелік нығметтер ішінде жүзіп жүргенде, Аллаһтың Елшісі құрғақ қамыстың үстінде өмір сүруде!.. – деді.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Хазіреті Омардың көңілін:

– *Ей, Омар! Иран мен Римнің патшалары дүние нығметтерін қызықтай берсін, үлде мен бүлдеге бөлене берсін. Ахірет нығметі бізге жетеді!..* – деп жұбатты. (Ахмед, II, 298; Табарани, әл-Мұғжәмүл-Кәбир, X, 162)

❀

СЕЗІМТАЛДЫҢ СЕЗІМТАЛЫ

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм жүрегі сондай жұмсақ әрі сезімтал еді. Бір күні жерге түкірген бір кісіні көреді. Мүбәрак жүзі кенет қызарып, тұрған жерінде қозғалмай қалады. Сахабалар жүгіріп келіп, түкіріктің үстін жауып жатты. Содан кейін Аллаһтың Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм әрі қарай кете барды.

Киімді дұрыстап киюді әмір еткен. Киімнің алабажақ, салмақсыз болуын қош көрмеген Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм шаш пен сақалдың жалбырап жүруін де ұнатпайтын. Бір күні Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм мешітте отырғанында шашы мен сақалы бір-біріне шатысқан бір кісі кіріп келді. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм қолымен оған шашы мен сақалын түзетуін ымдады. Ол кісі бұл әмірді орындағаннан кейін Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Осы хал, қайсыбіріңболмасын шашы-басы жалбырап жүргеннен гөрі абзал емес пе?» – деп бұйырды. (Муатта, Шаар, 7; Бәйхаки, Шұәбүл-Иман, V, 225)

ІНЖУДІҢ ІНЖУІ

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм ешуақытта даусын көтеріп, айқайлап сөйлеген емес. Адамдардың жанынан өткенде салмақтылықпен, күлімдеп өтетін. Көңіліне жақпаған бір дөрекі сөз естігенде адамдардың бетіне басып қатты айтпайтын. Саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Мырзамыздың ішкі жан дүниесі жүзінен байқалып тұратындықтан айналасындағылар сөздері мен істерінде және

қылықтарында абай болатын. Сондай арлы, инабатты жан болғандықтан, қарқылдаған дауыспен күлген емес. Тек күлімдеп қана қоятын. Сахабалардың айтуы бойынша орамалымен бетін жапқан жас қыздан да асқан ұятты еді. Әдебі мен ахлағы тұрғысынан інжудің інжуі еді.

Хадис шарифтерінде былай бұйырады:

«Инабаттылық иманнан және инабатты адам жәннәттық. Ал арсыздық жүректің қаттылығынан. Жүрегі қаттылар болса жәһәннәмда болады!..» (Бұхари, Иман, 16)

«Ұят пен иман бірге болады. Біреуі кетсе, екіншісі де кетеді!» (Табарани, әл-Мұғжәмул-Әусат,VIII, 174; Бәйхаки, Шұабұл-иман, VI, 140)

ҚАҺАРМАННЫҢ ҚАҺАРМАНЫ

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнан асқан қаһарманды көзге елестету мүмкін емес. Өйткені өмірінде қорқыныш пен үрейге ұшырағаны мүлде байқалмаған. Сондай қиын-қыстау шақтарда да сабыр мен қайрат көрсетуші еді. Қорқып, үрейленіп ыңғайсыз әрекеттер жасағаны болған емес. Ол өзін өлтірмек болып күтіп тұрғандардың арасынан «Ясин» сүресінің екі аятын оқып, қорықпай шығып кете барған-ды.

Хазіреті Әли радияллаһу анһу:

«Бәдір шайқасының ең сұрапыл сәттерінде біз Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің арқасын паналайтын едік. Біздің ең батырымыз да, ең батылымыз да Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләм еді. Дұшпан шебіне ең жақын жерде Ол жүруші еді», – дейді. (Ахмед, I, 86)

ЖОМАРТТЫҢ ЖОМАРТЫ

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм өзін инфақ (қайрымдылық) қызметкері ретінде көріп, барлық нәрсені берушісі де, иесі де Аллаһ екендігін үнемі ескертіп жүретін.

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Жиранада жиналған олжа-ғанибеттердің қасынан Сафуанның қайран қалып, сонша байлыққа қызыға қарап тұрғанын көргенде:

– *Қатты ұнап тұр ма?* – деп сұрады. Сафуан:

– Иә! – деді. Сонда Ол, саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Ала ғой, бәрі сенікі болсын!* – деді.

Сафуан өзін-өзі ұстай алмай:

– Пайғамбар жүрегінен басқа ешбір жүрек мұншалықты дәрежеде жомарт бола алмайды, – деп, шәһәдәт айтып мұсылман болған еді» (Уақиди, II, 854-855).

ҚАЙЫРЛЫЛАРДЫҢ ҚАЙЫРЛЫСЫ

Жәһилият дәуірінде әйелдер қорланып, абыройлары аяқ асты етілетін. «Жаман жолға түсіп кетеді» – деп уайымдалынғандықтан қыз балаларды аяусыз түрде тірідей жерге көметін еді. Тас болып қатқан жүректерімен адамдар надандықтың бір пәлекетінен сақтанамыз деп, одан да жаман қылмыс жасап жатқан дәуір еді. Хақ Тағала Құран Кәрімде, Нахл сүресінің 58 - аятында олардың бұл жағдайларын былайша суреттейді:

«Егер олардың біріне (әйелің) **қыз тапты деп хабарланса, ол жүзі күреңітіп, ашуға булығады!»**

Әйелдер мен қыз балалар арға тиетін жағдайда ойын сауық құралына айналған еді. Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің дағуаты арқасында әйелдердің құқығы қалыптасты. Әйел заты қоғамда ар мен тазалықтың ескерткішіне айналды. Аналық абырой қадірленіп, бағалана бастады.

«Жәннәт аналардың аяғының астында!» – деген хадис шәрифтегі Мұхаммеди ілтипатпен әйел заты өзінің лайықты орнын тапты. (Нәсәи, Жиһад, 6; Ахмед, III, 429; Сүюти, әл-Жәмиүс-Сағир, I, 125)

КЕШІРІМДІЛЕРДІҢ КЕШІРІМДІСІ

Әбу Жәһилдің ұлы Икримә санаулы Ислам дұшпандарының бірі еді. Мекке алынған соң Иеменге қашып кеткен болатын. Жұбайы мұсылман болып, оны Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің қасына алып келеді. Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Икримәні жылы жүзбен қарсы алып:

«Ей, көшпенді сарбаз, қош келдің» – деді де, мұсылмандарға жасаған зұлымдықтарын бетіне шоқ қылып баспай, кешірім жасады. (Термези, Истизән, 34/2735)

Хазіреті Пайғамбар аләйһиссәләм жиі-жиі:

«Уа, Аллаһым! Үмметімді кешіре гөр, өйткені олар білмейді!» – деп жалбарынушы еді. (Ибн Мәжә, Мәнәсик, 56; Ахмед, IV, 14)

МЕЙІРІМДІЛЕРДІҢ МЕЙІРІМДІСІ

Мейірім Пайғамбары саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің әр іс-қимылын рақым мен махаббатқа негіздеген еді. Өйткені Ол, саллаллаһү аләйһи уә сәлләм жаратылғандарға шапқатпен қарап, әр мұқтаждың қажеттілігін қамтамасыз еткен еді. Бұл шексіз махаббат дариясынан жануарлардың өзі нәсібін алған. Жәһилият дәуірінің адамдары жан-жануарларға сондай аяусыз, қатыгездікпен қарағаны сонша – тірідей олардың құйрығын кесіп, етінен кесіп алып азаптау, қан-қырғынға дейін төбелестіру олар үшін қызықты еді. Мұндай адамгершілікке жат қылықтарға Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм балта шапты.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм бір күні жолда беті-басы күйдірілген бір есек көрді де мұңайып:

«Оны күйдіргендерге Аллаһтың лағынеті жаусын!» – деді. (Бұхари, Зәбәих, 25)

Ұясынан балапандарын алып қойып, құс ананы мазалаған кісілерге:

«Бұл байқұстың балапанын алып, оны азаптаған қайсысың, дереу балапанын кері қайтарыңдар!» – деп бұйырған еді. (Әбу Дәуіт, Жиһад, 112; Әдәб, 163-164)

Терісі сүйегіне жабысқан бір арық түйені көріп, оның иесіне:

«Мынау тілі жоқ жануарлардың хақысы туралы Аллаһтан қорық! (оларды аш қалдырма!)» – деп бұйырған болатын. (Әбу Дәуіт, Жиһад, 47)

Мейірім жайында Ол саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Мейірім көрсеткендерге Рахман Аллаһ Тағала да мейірімін төгеді. Жер бетіндегілерге шапқат және мейірім нұрын шашыңдар, сонда көктегілер де сендерге мейірімін төгеді!» – дейтін. (Термези, Бирр, 16/1924)

БАУЫРМАЛДЫҢ БАУЫРМАЛЫ

Бір күні Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм сахабаларымен бірге қабірстанға зияратқа барады. Онда:

– *Сендерге Аллаһтың сәлемі болсын, ей, мұминдер жұртының тұрғындары! Иншааллаһ, бір күні біз де аяңдап сендерге қосыламыз. Бауырларымды көргім келеді. Оларды қатты сағындым!* – деген болатын.

Сонда сахабалары:

– Біз сенің бауырларың емеспіз бе, о, Расулаллаһ?! – деген еді,

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Сендер менің сахабаларымсыңдар, бауырларымыз болса әлі дүниеге келмегендер,* – деді. Сонда сахабалар:

– Үмметіңнің әлі дүниеге келмегендерін қалай танисың, ей, Аллаһтың Елшісі? – деді. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– Бір кісінің маңдайы мен аяқтары ақ ала аты болсын делік. Ол кісі бұл атын өңшең қара жылқылардың ішінен танымас па еді? – деп сұрады. Сахабалар:

– Әлбетте таниды, ей, Аллаһтың Расулы! - деді. Сонда Аллаһтың Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– Мінеки олар да алған дәреттерінен жүздері нұрланып, қолы мен аяқтары жарқырап келеді.

Мен алдымен барып, хауызымның басында оларды күтіп тұрам. Бірақ араларынан кейбіреулері жабайы ту-йенің үйірден қуылғанындай менің хауызымның маңынан қуылады. Мен оларға «Мұнда келіңдер!» – деп дауыстаймын.

Маған: "Олар сенен кейін қатты өзгеріп кетті (Сенің сүннетіңді ұстанбай, басқа жолдарға түсіп адасып кетті)" делінеді.

Содан соң мен де оларға: "(Онда) олар аулақ болсын, аулақ тұрсын!" деймін», – деді. (Мүслим, Тахарат, 39; Фәдаил, 26)

ТҮЙІНІ

Әлемдердің сұлтаны, жаратылыс нұры Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмді әсіресе мынау ақырзаман қарсаңында көргендей дәрежеде тануға және Аллаһ тарапынан мақталып, дәріптелген қасиеттерінен өнеге алып өмір сүруге үлкен қажеттілік бар. Бұл – бізді Хазіреті Пайғамбарға мана айтылғандай шын бауыр болу абыройына бөлейтін бірегей берекеттің көзі. Тіпті бұл берекет көлеңкесінің өзі – бүкіл адамзатқа мәңгілік бақыт

сыйлайтын иләһи бір ілтипат. Бұл берекет пен кеңшілік – барлық күнәһарларға құшақ ашқан пана. Бұл берекет пен кеңшілік екі дүниеде де бізге медет пен шапағат есігі.

Сол себепті Оны тануға, көруге және естуге мәжбүрміз. Оны танысақ, ертең махшарда Ол да бізді таниды. Оны көретін күйге жетсек, Ол да бізге назарын салады. Оны естіп, тыңдауға құлақ түретін болсақ, Ол да бізді естиді. Осылайша біз Оның көркем өнеге сипаттарына арна болып, өзгелерге сол арнадан өзгеше сырлар шаша аламыз. Хақ Тағала былай бұйырады:

«Осылайша барлық адамзатқа (ақиқаттың) **куәгерлері болуларың үшін және сендерге де пайғамбар куәгер болсын деп Біз сендерді** (ей, Мұхаммед үмметі!) **уасат** (шегінен шықпайтын, әділетті, қайырлы) **бір үммет қылдық»** (Бақара, 143)

О, Раббымыз! Дүниеде және ахіретте бізді Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләммен бірге тірілткейсің! Қияметтің алай-түлейінен Ол, саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің дара шапағатымен құтқарғайсың!

Аллаһ Тағала баршамызға Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмді көргендей дәрежеде тануды, Оны естуді және тыңдауды, Оның көркем ахлағын бойымызға дарытуды нәсіп етсін. Оның адамзатқа шашқан шексіз махаббат, рақым және берекет шуағынан молынан нәр жазсын. Ұрпағымыз бен жұртымызды Оның сүйіспеншілік бұлағымен мәңгі жасыл көктемге айналдырсын!

Әмин!

Жылағаны, күлгені, мұңайғаны, дұғасы біз үшін еді

Ол кешірім пайғамбары еді. Сондай-ақ қатты жақсы көретін немере ағасы Хазіреті Хамзаның бауырын шикідей шайнаған Хиндті де кешірді. Өзін улауға тырысқан әйелді де кешірген-ді. Өзіне сиқыр жасап дуалағандарды да кешірген болатын Қаншама өлген рухтарды мәңгілік өмірдің сусынымен тірілтті.



Жылағаны, күлгені, мұңайғаны, дұғасы біз үшін еді

ӨМІРІН БІЗДІ УАЙЫМДАУМЕН ӨТКІЗДІ...

Ол, саллаллаһү аләйһи уә сәлләм бүкіл өмірін «Үмметім, үмметім!» деумен өткізді.

Асхабына:

«Байқаңдар! Мен тірі тұрғанда сендердің амандықтарыңа себепшімін. Мен қайтқан соң, қабірімде: «Уа, Раббым! Үмметім, үмметім!..» деумен алғашқы сур үрленгенге дейін жалбарынумен боламын...» – деген. (Әли әл-Мүттақи, Кәнзүл-Ұммәл, 14-том, 414-б.).

Шынымен де рәфиқу ағләсына (ең ұлы досына) «Үмметім, үмметім!» – дей отырып аттанды.

Ақтық демінде де үмметін ойлауды тоқтатпай *«Мен сендерді кәусәрімнің басында күтетін боламын...»* – деп бізлерге махаббатын, шапқатын және шынайы қамқорлығын білдіріп кеткен еді.

Қорыта айтар болсақ Хақ Тағаланың:

«Шынында сендерге өз іштеріңнен әзіз бір пайғамбар келді, сендердің қиналуларың оған қатты батады. Ол сендерге ынтық, мүминдерге аса емiренгiш, мейiрiмдi» (Тәубе, 128) – деп таныстырғанындай, Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің жылағаны, күлгені, мұңайғаны, қуанғаны, дұғалары мен тілеуі әрқашан да біз үшін еді. Тіпті миғраж сияқты Раббысымен оңаша болған сәттерінде де бізді ойлады, біз үшін шарқ ұрумен болды...

АЛЛАҺЫМ! ҮММЕТІМДІ САҚТАЙ ГӨР!..

Бір күні Аллаһ Расулы Ибраһим аләйһиссәләмның:

«Раббым, пұттар адамдардың көбісінің адасуына себеп болды. Қазір кім маған еретін болса, ол менің үмметімнен» (Ибраһим, 36), – деген сөзін және Иса аләйһиссәләмның: **«Егер оларды жазаласаң, сөзсіз олар сенің құлдарың (**қалағаныңды істейсің**). Егер оларды мағфиратыңа бөлеп, кешіретін болсаң, сөзсіз әзиз** (жеңімпаз**), хакім** (хикмет иесі**) болған да бір Өзің ғанасың!»** (Мәидә, 118) – деген дұғасын оқыды. Артынан қолдарын көтеріп:

«Уа, Аллаһым, үмметімді сақтай гөр, үмметіме мейірім ет!» – деп жалбарынып жылады. Бұған Аллаһ Тағала:

«Ей, Жәбірейіл! (Раббың барлығын жақсы біледі ғой, адамдар да білуі үшін) *сен барып Мұхаммедтен не үшін жылағанын сұра!»* – деп бұйырды.

Жәбірейіл аләйһиссәләм Хазіреті Расулұллаһқа

барды. Ол оған үмметі үшін алаңдап жылағанын айтты. (Хазіреті Жәбірейіл естігенін Аллаһ Тағалаға айтқан кезде) Аллаһ Тағала:

«Ей, Жәбірейіл! Сен Мұхаммедке барып, оған: "Үмметің жөнінде сені разы қыламыз және Сені қайғыға салмайтын боламыз" деген сүйіншіні жеткіз!» – деп бұйырды. (Мүслим, 346)

Міне Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм үмметіне осыншалықты қамқор, алаңдағыш еді.

Әбу Зәрр радияллаһу анһу жеткізген риуаят бойынша Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бір түні намазда Мәидә сүресінің жоғарыдағы 118-ші аятын таңға дейін және рукуғда да, сәждеде де осы аятты оқыды... делінеді. (Ахмед, V, 149)

Бұл хадис шәрифтерді жақсылап тәфәккур етіп, біздің Оған қаншалықты лайық үммет бола алғанымызды, Оған деген махаббатымыздың қаншалықты екендігін сын тезіне салуымыз керек.

Яғни Раббымыз бізге сондай ұлы пайғамбар нәсіп етті, ол пайғамбар үмметіне әке мен ананың баласына деген мейірімінінен асқан мейірімді, қамқор. Бұл – Аллаһ Тағаладан соң біздің мойнымызда ең көп хақысы бар адам Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм деген сөз. Оның үмметіне деген мейірімі сондай, онысын тілмен айтып жеткізу мүмкін емес, сөздер оған жеткіліксіз.

ШЫНАЙЫ ТӘРБИЕЛЕУШІ

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің тәрбие әдісіндегі ең маңызды ерекшелік – Оған иман келтіргендерді Өзінің ахлағымен безендіре отырып, кемелдендіру. Ол мұнысын аңсары қанбайтын ғашықтық іспетті бағалап істейтін. Өзі өте мейірімді еді, үмметінің де мейірімді болуын қалайтын. Өзі жомарт еді, үмметінің де жомарт болуын қалайтын. Барлық жақсы қасиеттерді өзі орындап жатқанында жаны рахат табатын. Бірақ үмметі сол қасиет-терге ие болып жатса одан да қатты қуанатын.

Бір күні Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Нәпсім құдірет қолында тұрған Аллаһқа ант етейін, бір-біріңе мейірімді болмайынша жәннәтқа кіре алмайсыңдар!» – деді.

Құрметті сахабалары:

«Уа, Расулаллаһ! Бәріміз мейірімдіміз», – деді.

Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмү сонда:

«(Менің айтып тұрғаным) *сендер түсінгендей тек қана өз араларыңдағы мейірім емес. Барлық махлұқатты, жаратылысты түгел қамтитын мейірім, түгел қамтитын мейірім!..»* – деді. (Хаким, IV, 185/7310)

ШЕКСІЗ МЕЙІРІМІНЕН МЫСАЛДАР

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм қой сойғалы жатқан бір адамды көрді. Ол кісі қойын жыққаннан

кейін, пышағын оның алдында тұрып қайрай бастады. Бұл қатыгез де аяусыз қылықты байқап қалған Расул саллаллаһү aлəйһи уə сəлләм əлгі кісіге:

«Малды сан рет өлтіремісің? Пышағыңды оны жерге жатқызбай тұрып (оған көрсетпей) қайрап алсаң болмас па еді?» – деді. (Хаким, IV, 257,260).

Терісі сүйегіне жабысқан бір арық түйені көріп, оның иесіне:

«Мынау тілі жоқ жануарлар туралы Аллаһтан қорық! Бағып мініңдер, бағылған күйде бауыздап жеңдер!” – деп кейіген болатын. (Әбу Дəуіт, Жиһад, 44/2548)

Ұясынан балапандарын алып қойып, құс ананы мазалаған кісілерге:

«Бұл байқұстың балапанын алып, азаптаған қайсысың, дереу балапанын кері қайтарыңдар!» – деп бұйырған. (Бұхари, Әдеп, 163-164/5268)

Ал біздің бұл мейірім көріністерінен алған нəсібіміз қаншалықты дейсіз?!

ДӨРЕКІ АДАМДАРҒА ДАҒЫ МЕЙІРІМ

Жақсы қарым-қатынаста жүрген адамдарға сыпайы болу əркімнің-ақ қолынан келетін іс. Ондай сыйласып жүрген адамдарға дөрекілік көрсетуге тіпті ең дөрекі адамдар да бара бермейді.

Сол себепті негізгі мəселе, жаман мəмілеге тап бол-

ғанда және көпшілік арасында жаман адамдармен қарым-қатынас жасауға тура келген шақтарда сабырлы және мейірімді бола білуде. Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің өмірі осының сансыз мысалдарына толы.

Әнәс радияллаһү анһү былай риуаят еткен:

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм екеуіміз кетіп бара жатқан едік. Расулұллаһтың үстінде нәжран матасынан тігілген, жиектері өте қатты әрі қалың шапан бар еді. Бір бәдәуи Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің артынан келіп шапанынан күшпен тартып қалды. Қарасам бәдәуидің тартқанынан шапанның жиектері Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің мойнында із қалдырыпты.

Сосын бәдәуи:

«Ей, Мұхаммед! Қолыңдағы Аллаһқа тиесілі мал-мүліктен маған да берілуін әмір ет!» – деді.

Әлем Мақтанышы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм бәдәуиге қарап күлімдеді. Сосын оған бірдеңе беруді бұйырды. (Бұхари, Хұмыс, 19; Либәс, 18; Әдеп, 68; Мүслим, Зәкәт, 128)

Өзіне сондай дөрекілік жасап, мойнын ауыртқанына қарамай, Пайғамбарымыздың оған жұмсақ жүзбен күлімдеп, жақсылық істеуі қандай ғибратты десеңізші! Оның көргенсіз бәдәуиге:

«Неге менің мойнымнан тартасың?» – демеуі және жүзінің мейірімділігі мен сабырлылығын бір сәтке де жоғалтпауы тым ерек ахлақ үлгісі, қандай керемет жаратылыс!

Ол айналасындағы сахабаларын, міне, осылай тәрбиелеп, теңдессіз ахлақ үлгілерімен өнеге бола отырып, оларды адамгершілік аспанының жұлдыздарына айналдырып жіберген-ді. Осындай рухани тәрбиенің тағы бір мысалы былай:

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм асхабымен бірге отырғанында, бір кісі келді де Хазіреті Әбу Бәкірге айтпағанды айтып, көңілін түсіріп жіберді. Бірақ Әбу Бәкір радияллаһу анһу үндеген жоқ. Әлгі адам тағы да Әбу Бәкірге жаман сөйлеп, мазасын алды. Әбу Бәкір ләм мим демеді.

Әлгі адам тағы да үшінші рет тіл тигізгенінде Хазіреті Әбу Бәкір оған лайықты жауабын берді.

Сонда Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм орнынан тұрып, кете барды.

Әбу Бәкір радияллаһу анһу дереу артынан қуып жетіп:

– Ей. Аллаһтың Расулы! Менен көңіліңіз қалды ма? – деп сұрады.

Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– *Жоқ,* – деп жауап берді. Сосын:

«Аспаннан бір періште түскен еді. Әлгі адамның саған айтқандарын жоққа шығарып, сен үшін оған жауап беріп жатқан еді. Сен сөз қайтарып, өшіңді ала бастаған соң періште кетіп, оның орнынна шайтан келді. Ал шайтан тұрған жерде мен әсте тұрмаймын!» – деді. (Әбу, Дәуіт, Әдеп, 41/4896)

СӘЛЕМ БОЛСЫН!..

Пайғамбарымыз саллаллаһү aләйһи уә сәлләмнің жоғарыдағы мысалдарда келтірілгендей жаман және дөрекі адамдарға мейіріммен мәміле жасауды үгіттеуі және үмметіне осыншама көңілінің алаң болуы, әрқашан да соңы қайырлы болатын және мәңгілік табысқа жеткізетін амалдарды таңдауынан еді. Кейбір оқиғалар бір қарағанда басқаша болып, соңынан ойланып қарасаң басқаша нәтиже беріп жатады. Сондықтан да ең маңыздысы соңы қайырлы да пайдалы болғанын істей білу. Бұл да еш күмәнсіз аса күшті салмақтылықты және пайғамбари кемелдікті қажет етеді.

Аллаһ Тағала осындай дәрежеге жеткен құлдарын мақтап, ардақтап былай деп баяндайды:

«Рахманның құлдары жер бетінде сыпайы жүреді. Надандар өздеріне соқтықса, оларға (тек қана) **«сәлем» дейді** (көркем және сыпайы сөйлейді)**».** (Фұрқан, 63)

Ең қиыны да бұл Құран ахлағын өмірімізге шағылыстыра білу. Мұндай иләһи тәрбиемен жетілген ұлы мінезді Пайғамбарымыз саллаллаһү aләйһи уә сәлләмнің бізден қалағаны да, міне осындай тәрбие.

КЕШІРІМ ПАЙҒАМБАРЫ...

Ол өмір бойы:

«Сен кешірім жолын ұстан, кешірімді бол, жақсылыққа шақырып, надандардан бет бұр!» (А’раф, 199) – деген аятқа

сай өмір сүрген әрі үмметінің мәңгілік табысқа жетуі үшін де осы бағыттағы ең жақсы үлгі өзі болды.

Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Меккені жеңіп алған кезінде, баяғыда өзіне зұлымдық жасағандарды да, қызы Зейнептің өліміне себепші болғандарды да жаппай кешірген болатын. Кеше ғана өзіне азаптың неше түрлісін көрсеткен, қабырғасын қайыстырып, қатты қинаған адамдар ол күні алдында бастарын салбыратып сапқа тізіліп, дірілдеген дауыспен:

«Бізді не күтіп тұр, ей жақсы бауырымыз?» – дегенде Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Мырзамыз жауабын бір-ақ ауыз сөзбен:

«Кешірім!..» – деген болатын.

Өйткені Ол кешірім пайғамбары еді. Сондай-ақ өзі қатты жақсы көрген немере ағасы Хазіреті Хамзаның ішібауырын шикідей шайнаған Хиндті де кешірді. Өзін у беріп өлтірмек болған адамдарды да кешірді. Қаншама өлі рухтарды мәң-гіліктің сусынымен жаңадан тірілтті. Өзін өлтіруге келе жатқан Омар бин Хаттаб та Оның өмірге өмір сыйлайтын ерекше нәрінен дәм татып, Фаруқ (дұрыс пен бұрысты айырушы, қара қылды қырық жарған әділ) сипатына ие болып, Пайғамбардың үлкен ғашықтарының біріне айналған еді.

Яғни Оның кешірімі жүректерді өзгертетін кешірім еді. Оның мейірімі қараңғылықты нұрға айналдырар күшке ие мейірім еді. Сондықтан да Хақ Тағала Оны жер бетінде тіршілік еткен барлық адамдарға үлгі қылып ұсынды. Кешірім және мейірімде Пайғамбар сияқты болуға ынталандыру үшін Аллаһ Тағала өзінің ұлы кешірімін уәде етті:

«... Аллаһтың сендерді кешіруіне қуанбас па едіңдер? (Аллаһтың өздеріңді кешіруін қаламас па едіңдер?)**»** (Нұр, 22)

Кім қаламайды десеңізші?!.

Бірақ мұның шарты – кешірімді болу. Кешіре-кешіре, кешірімге лайық халге жету...

Қараңызшы, Хазіреті Әбу Бәкір Хазіреті Айша анамызға жала жапқандардың арасында болған бір адамға материалдық жәрдем көрсетуін тоқтатқан болатын. Осы аят кәримә түскен соң оларды кешіріп, жәрдем етуін жалғастырды. Өйткені кешірімнің иесі – Хақ Тағала. Ал, оның қарапайым қағидасы – кешірімнен үміттенгеннің кешірімді үйренуі...

Айналып келгенде мәселенің түп төркіні мейірім мен рахметте. Ал рахмет дегеніміз еш күмәнсіз Ол саллаллаһү аләйһи уә сәлләм.... Һәм тек белгілі адамдарға ғана емес, барлығына рахмет... Қысқасы:

ӘЛЕМДЕРГЕ РАХМЕТ...

Аллаһ Тағала Құранда:

«(Ей, Расулым!) **Біз сені әлемдерге тек рахмет шуағы ретінде ғана жібердік»** – дейді. (Әнбия, 107)

Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм сондай бір рахмет, Ол өз дәуірінде мүшріктер мен дұшпандарының өзіне көлеңке іспеттес пана болды. Оның құрметіне зұлымдық, ширк және күпірлік жайлаған Меккеге көктен иләһи азап түспеді. Апат болмады. Аллаһ қаһарын іске

асырмады. Өйткені араларында Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм бар еді. Бұл шындықты Аллаһ Тағала Құран Кәрімде:

«(Ей, Расулым!) Олардың арасында Сен тұрған кезде, Аллаһ оларды азаптамайды» – деумен білдірді. (Әнфәл, 33)

Бірақ Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Меккеден Мәдинаға һижрат еткеннен соң жағдай өзгерді. Мүшриктерге көктен бәлелер жауа бастады. Сондай бір берекесіздік және жоқшылық дәуірі басталды. Аспанға қараса көздері қарауытып, аштықтан бастары айналатындай күндер бастарына туды.

Демек, кімнің көңілінде Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм болса, Аллаһ Тағала ол көңілге азап жібермейді. Мүшріктерге дағы Оның құрметіне мейірім жасаған Аллаһ Тағала Пайғамбарына деген махаббатпен өмірін өткізген және мақтаулы сүннетінен бір сәтке айрылмаған құлдарын отқа тастасын ба? Бірақ қайсы бір көңілге Ол Һидаят күніне махаббат сәулелері енбеген болса, ол азаптан құтыла алмайды.

КӨҢІЛІМІЗДЕ ОЛ БАР МА?

Хақтың құзырында да, осы дүниеде де өмір бойы бізді тілінен де, ділінен де тастамаған, жүрегімен бізден еш уақыт ажырамаған Пайғамбарлар Сұлтаны Мұхаммед саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға дәл сондай махаббат және пейілмен жауап беру – Оған үммет болу абыройына ие болған әрбір сүйген жүректің ең бірінші борышы.

Бірақ бұл – «жүрегімде бар» дей салумен немесе солай

ойлаумен ғана біте салатын жағдай емес. «Сүйген адам сүйіктісін аузынан тастамайды» қағидасы бойынша Пайғамбар ғашықтарының белгісі – қандай жағдайда да Оның руханиятын шағылыстырып тұрулары. Сондай-ақ Оған көп-көп салауат және сәлем айтулары...

САЛАУАТ ПЕН СӘЛЕМ

Махаббат пен ынтызарлыққа апарар жол – Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға салауат пен сәлем айту. Хақ Тағала Хабибіне (досына) құрметін білдіріп, көңілдеріміздің Хазіреті Пайғамбардың рухани нәрі және берекесімен толып, тасуы үшін бізге артылған қасиетті борышты аят кәримәда:

«Аллаһ және оның періштелері Пайғамбарға көп-көп салауат айтады. Ей, мүминдер! Сендер де Оған салауат айтып, толық берілумен сәлем беріңдер! » – деп бұйырып, білдіруде. (Ахзаб, 56)

Үбәй бин Кағб радияллаһу анһу:

“Түннің үштен бірі ауғанда Расулуллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм оянып, орнынан тұрды және:

«Ей, Адамдар! Аллаһты зікір етіңдер! Аллаһты зікір етіңдер! Жерді орнынан шайқайтын сур үрленеді. Артынан екіншісі болады. Өлім барлық екпін күшімен келіп жаншитын болады. Өлім барлық екпін күшімен келіп жаншитын болады», – деді.

Мен Хазіреті Пайғамбардан:

– Уа, Расулаллаһ! Мен саған көп салауат айтамын.

Мұны қаншалықты жасауым керек? – деп сұрадым.

– *Қалағаныңша жасай бер!* – деп бұйырды. Мен:

– Дұғаларымның төрттен бірін салауатқа арнасам дұрыс бола ма? – деп сұрадым.

– *Қалағаныңша жасай бер. Бірақ одан да көп болса бұл сен үшін қайырлы болмақ,* – деді. Мен:

– Олай болса дұғаларымның жартысын салауатқа арнайын, – дедім.

– *Қалағаныңша жасай бер. Бірақ одан да көп болса бұл сен үшін қайырлы болмақ,* – деді. Мен тағы да:

– Олай болса дұғаларымның үштен екісін салауатқа арнасам жете ме? – деп сұрадым.

– *Қалағаныңша жасай бер. Бірақ арттырсаң бұл сен үшін қайырлы болады,* – деді. Мен:

– Олай болса дұғаларымның бәрін де салауатқа арнайын, – дедім. Сонда Ол, саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Онда Аллаһ сенің барлық қиыншылықтарыңды кетіріп, күнәларыңды кешіретін болады,* – деді". (Термези, Қиямет, 23/2457)

Салауат шәрифтердің маңыздылығы соншалықты, әр намазда тахиятта «Уа, Нәби! Саған сәлем болсын. Аллаһтың рақымы мен берекеті Саған болсын!» дейміз. Тахияттан соң тағы да салауат шәриф келтіреміз. Бұл – бізге жүктелген иләһи міндеттеме. Барлық ғибадаттардың өзегі саналатын намаздының төрінен орын алған ұлы әмір...

Бұл да, негізінде біздің кешірілуімізге бір себеп... Жеке, ерекше сый..

Хақ Тағала үмметі үшін сондай алаңдап, уайымдаған, қайғырып, көз жасын төккен Пайғамбарын қуантып сүйіндіру үшін, Оның құрметіне бізге кешірім есіктерін ашуда.

Сол есіктердің ең үлкендерінің бірі – Хазіреті Пайғамбарға салауат пен сәлем айту...

Олай болса, біздің міндетіміз не болмақ?

Түні-күні сол есіктерге ұмтылу... Құрметті сахабалардай және Сәлмән Фәрисидей...

СӘЛМӘН МЕНІҢ ӘУЛЕТІМНЕН

Сәлмән Фәриси радияллаһү анһү Пайғамбарымыздың туысы емес еді. Бірақ, Хазіреті Пайғамбарға ғашықтық, құрмет және қызметте жақындағаны соншалық – Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм ол жайында:

«Сәлмән, бізден, біздің әулетімізден...» – деген. (Ахмед, II, 446-447)

Бұл жөнінде Хаким Термези:

«Екі түрлі сәйидтік (пайғамбар әулеті) ***бар. Бірі тектілік жолмен жалғасса, екіншісі рухани жолмен жалғасады»,*** – деген.

Сондықтан да барлық Хақ достарының әрбіреуі рухани сәйид болып табылады.

Олай болса, біздің де көңілдеріміз Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға Сәлмән Фәриси секілді сондай ғашық, сондай байлаулы болуы керек. Сонда адамзаттың Мырзасы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм қиямет күнінде бізді де:

«Ол бізден», – деп танымақ..

Барлық құрметті сахабалар осындай сүйінші мен ұлы сыйдың ынтызарлығымен жасағандықтан Оған асхаб болу мәртебесіне ие болды.

ЖЕҢІС СЕБЕБІ...

Қоштасу қажылығында Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің маңдайындағы кекілі кесілгенде Халид бин Уәлид:

«О, Расулаллаһ! Маңдайыңның шашын маған беріңіз! Оны беруге менен басқаны таңдамаңызшы! Әкем, шешем сізге пида болсын!» – деп жалбарынды.

Шашы қолына тигенде оларды көздеріне бір сипап алып, сәлдесінің орауының алдыңғы жағына ұқыптап қыстырып қойды. Бұл мүбәрак шаштың берекетімен оның соғыста алдынан шыққан жауды жеңбеген кезі болған жоқ. Мұны Халид бин Уәлид радияллаһү анһүдің өзі:

«Мен оны қай жаққа бұрсам, сол жақтың жеңісі бұйырып отырды!» – деп айтады. (Уақиди, III, 1108; Ибн Әсир, Үсдүл-Ғабә,II, 111)

Бір жорық кезінде тіпті мынадай жағдай болды. Халид радияллаһү анһү әскерін тоқтатып, оларға:

«Сәлдемді жоғалтып алдым. Оны іздеп табыңдар!» – деп бұйрық берді.

Бүкіл соғыс майданын тінтіп шықса да, сәлдесін ешкім таба алмады. Бірақ Хазіреті Халид сәлдесін таппайынша сол арадан кетуден бас тартты. Әскеріне:

«Тағы да іздеңдер!» – деді.

Сәлдесі табылғанға дейін әскерді орнынан тапжылтпай қойды. Ақырында сәлде табылды. Қараса, тозығы шыққан ескі сәлде екен. Бәрі аң-таң:

«Сонша адам, сонша уақытты осы бір ескі сәлде үшін жұмсадық па?» – десконде Хазіреті Халид радияллаһу анһү:

«Жоқ! Бұл жәй ғана бір сәлде емес. Ішінде Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің мүбәрак шашы бар», – деді.

Мінеки, сол Рахмет Пайғамбарының өзі сияқты әрбір естелігі де өзінше берекет және бақыт. Одан бізге естелікке қалған әр нәрсе – күн жетпес дүние. Мүбәрак шашы мен сақалы да бөлек бір береке.

Аллаһ Тағала Оның үмметіне жанашырлығы мен мейіріне, үмметі үшін көңілі түсіп, үмметі үшін жылап жалбарынғанын құрметтеп, Оның өзін және Оған тиісті барлық нәрселерді де біздер үшін мейірім мен кешірім, һидаят пен мәңгілік табыс және мәңгілік бақыт себебі қылған.

Ал, ендеше, біздің Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға көзқарасымыз бен жан дүниеміздің жағдайы

қалай? Сүйіспеншілігіміз жәй ғана құрғақ сөз күйінде ме, әлде қалай? Сүлеймен Чәләбидің мына бір ескертпе шумағы өте мағыналы айтылған:

Ол жасынан ойлаған ед үмметін,
Сен қартайдың орындамай сүннетін.

Аллаһ Тағала ешбірімізді мұндай ғапылдыққа түсірмесін. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға ғашықтықпен Оның мақтаулы сүннеті айналасында және Оның баға жетпес қасиеттері айналасында шыр айналған пәруанаға айналдырсын!.. Сөйтіп, Ол, саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің «Уа, Раббым, бұл да бізден..» – деген шапағатына бөлесін!...

Әмин!..

Хазіреті Пайғамбардың көркем ахлағы

Жүзінде иләһи нұрдың тартымдылығы мен іс-қимылында аса нәзіктік және айтқан сөзі мен сөйлеуінде шешендіктің ең керемет үлгісі байқалатын-ды. Ойға шомса ұзақ шомып, үнемі тәфәккур халінде жүруші еді.

«Шынында, сендер үшін Аллаһтың Елшісінде кәміл өнеге (үсуәтүн хасәнә) **бар».**

(Ахзаб, 21)

Хазіреті Пайғамбардың көркем ахлағы

ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫНЫҢ ІРГЕ ТАСЫ – КӨРКЕМ МІНЕЗ

Өмірімен қияметке дейінгі болашақ нәсілдерге теңдессіз үлгі-өнеге болатын ең кәміл Ұлы тұлға – барша әлемнің мырзасы Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу аләйһи уә сәлләм.

Оның кемелді, Ұлы тұлға болуының ірге тасын еш күмәнсіз көркем мінезі құрағаны сонша – Ол туралы Құран Кәрімнің Қалам сүресінде:

وَإِنَّكَ لَعَلى خُلُقٍ عَظِيمٍ

«Сөзсіз, Сен ұлы мінезге иесің» (Қалам, 4) – делінген.

Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләм – тек сөзі жағынан Құранды үйреткен мұғалім емес, ондағы иләһи бұйрықтарды өз өміріне енгізіп, Құраннның жанды үлгісі бола білген қасиетті тұлға.

Жәбир радияллаһу анһу риуаят еткен хадис шәрифте Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Аллаһ мені көркем мінезді толықтыру үшін жіберді» – деген еді. (Муатта, 904; Бәйхаки, әс-Сүнәнүл Күбра, X, 192)

ОНЫҢ КӨРКЕМ ҚАСИЕТТЕРІНЕН ҮЗІНДІЛЕР

Жүзінде иләһи нұрдың тартымдылығы мен іс-қимылында аса нәзіктік және айтқан сөзі мен сөйлегенінде шешендіктің ең керемет үлгісі байқалатын-ды.

Артық сөз сөйлемейтін. Әр сөйлегені даналық пен үгітке толы еді. Оның киелі аузынан ешқашан өсек, не бос сөз шыққан емес-ті. Алдындағы адамының ақылы мен түсінігіне қарай сөйлесіп, қатынасатын.

Ол сыпайы да кішіпейіл және әрқашан жайдары жүзді болғаны сонша – Оның қарқылдап күлгенін көрген жан жоқ еді.

Оны кенеттен көріп қалған адам именіп қалатын, ал, Онымен сұхбаттасып дос болған адам Оған шын жүрегімен ғашық болып, сүйетін-ді.

Зиялы қауым өкілдеріне де мәртебелеріне қарай құрмет көрсететін. Туысқан-туғандарына ерекше көңіл бөліп, оларға көбірек сый тартатын. Әһлу Бәйтімен (отбасымен), қадірменді сахабаларымен жақсы қатынасқанындай, өзге жұртшылықпен де нәзіктікке, ізет пен ілтипатқа толы мәмілемен қатынасатын.

Қызметшілерінің барлығын разы қылып, Өзі не ішіп-жесе, не кисе, оларды да сонысынан жегізіп, кидіретін. Жомарт, сый тартқыш, мейірімді де қамқоршы еді. Орнында батылдылық танытып, ал, кезі келгенде жұмсақ мінезін танытушы еді.

Берген уәдесіне берік, сөзінде шыншыл еді. Мінез-құлық, ақылдылық пен парасаттылық тұрғысынан барлық адамзаттан үстем әрі құл ішінде мақтауға ең лайық жан еді.

Қысқаша айтар болсақ, суреті (дене бітімі) әдемі, сирәті (жаратылысы) кәміл, теңдесі жоқ киелі тұлға еді.

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм қажет деп тапқан кезде ғана сөйлеп, көбінесе тыныш, әрдайым мұңлы, үздіксіз терең ойлармен жүретін. Бір сөзді бастағанда, әңгімесін толығымен айтатын, айтқан сөздері де көптеген мағыналарды қамтитын еді. Сөздері анық әрі керегінен не көп, не аз емес-ті. Жаратылысы жұмсақ болғанымен, асқан дәрежеде берік те айбатты еді.

Хаққа қарсы келу мен хақтың тапталуынан басқа нәрселерге ашуланбайтын, ашуланғанда да орнынан түрегелмейтін-ді. Ал ешкім сезбейтіндей дәрежеде болса да, хақ тапталғанда ашуланып, хақ орнына келмейінше, ашуы басылмай, тек хақ орныққаннан кейін барып ашуы тарқап, тынышталатын. Өзі үшін мүлдем ашуланған емес-ті. Өзін ойлап, мүддесін қорғау үшін ешкіммен дауласпайтын.

Ол ешкімнің үйіне иесі рұқсат бермейінше кірмейтін. Өз үйіне келгенде де үйде өткізетін уақытын үшке бөліп, бір бөлігін Аллаһқа ғибадат етуге, екінші бөлігін отбасына,

үшінші бөлігін болса өзіне арнайтын. Ал Өзіне арнаған бөлігінде болса, ақ-қара демей, адамдардың барлығына арнап, олардың ешқайсысын мақрұм қалдырмай, барлығын разы қылып, қайтаратын-ды.

Аллаһтың Елшісі саллаллаһу аләйһи уә сәлләм әрбір іс-қимылын зікірмен орындайтын-ды.

Кім де кім Одан қажеті үшін бір нәрсе сұраса, сұраған нәрсесі маңызды, не маңызсыз болса да, оны бермей тыныштық таба алмайтын-ды. Сұрағанын беру мүмкін болмаса, мұқтаж адамның көңілін жылы сөзбен көтеретін еді. Сөйтіп, Ол әркімнің қайғы-қамына ортақтасатын.

Адамдар қандай мансап пен мәртебеде болса да, Оның алдында бай мен кедей, ғалым мен надан тек адамзат деген қасиеті бойынша бірдей мәміле көретін еді. Барлық мәжілістері сыпайылық, ілім, ар-ұят, сабыр, тәуекелдік пен сенімділік сияқты жақсы қасиеттерге арна болған ерекше жиындар еді.

Қателігі мен кемшіліктеріне бола ешкімді кекетпейтін. Ескерту керек болған кездің өзінде де алдындағы адамын ренжітпейтіндей, сыпайы түрде ымдап ескертетін. Ешкімнің белгісіз айыбы мен кемшіліктерінің артына түсіп, бақыламайтын және сондай жағдайлардың тексерілуіне де тыйым салған еді. Негізінде, өзгелер туралы жаман ойлау, олардың артына түсу Құдайдың әмірімен тиылған еді.

Өз жаны үшін жетерлік мөлшерден артығын қаламаған Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм ақыл жетпес дәрежеде инфақ (қамқорлық) жасап өмір

сүрді. Өз қолында артық бір малдың болуын қаламай, қажетінен артығын садақаға беретін-ді. Оның бұл ерекше жағдайын жақсы білетін Хазіреті Омар радияллаһү анһу бір күні ұлының қасына барып, дастарханына отырған еді. Дастархандағы тамақтың майына қосымша тағы да бөлек бір май қосылғандығын көргенде:

«Мұндай екі нәрсе Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмның дастарханында болмайтын-ды. Аллаһ Расулы бірін жесе, екіншісін садақаға беретін» деп, дастарханнан тұрып кетті. (Ибн Мжә, Әтғимә, 57; қосымша қараңыз, Ибн Сағд, 1, 406)

ОНЫҢ КӨРКЕМ МІНЕЗІН ӨЗ БОЙЫМЫЗҒА ДАРЫТУ

Ислам Тарихындағы «бақыттылық таңынан» бастап, қазірге дейін жетіліп те жалғасып келе жатқан даналар әрқашан да Оның әсем де көркем жаратылыс қасиеттеріне ие бола білгендері бойынша ғана көтеріліп, ел тағдырына аса маңызды үлес қосқан кемел көсемдер деп аталды. Барлық арифтер мен ғашық жүректер Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің мінезін өз бойларына дарыта білгендеріне қарай хадис шәрифте нағыз палуан деп таныстырылған сипатқа ие бола білді. Сөйтіп, Аллаһ Тағаланың өмір мен өлім деген заңы мен мақсатын шынайы түсініп, өтпелі ләззаттар мен әуестерге көңіл аудармай, тек салих амалдар орындауға ғана бел буды. Осылайша, іліммен, парсаттылықпен, Хақ пен халыққа қызметпен және ғибадаттармен әрленген ерекше өмір сүрді.

Яғни Аллаһ Тағала ардақты Пайғамбарының көркем мінезін үлгі тұтқан жандарды абыройға бөлеп, оларды жандандырды, абат қылды. Иман келтірмей тұрғанда өз қыз баласын тірідей көмген, залым жаратылыстағы Хазіреті Омар һидаятқа қауышып, Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің тәрбиесімен жетіліп, Оның жаратылысын үлгі тұтқаннан соң бейне бір мейірімділік пен қамқорлықтың ескерткіші ретінде мемлекет басшылығына дейін көтерілді. Тіпті, Мәдинадан мыңдаған шақырым қашықтықтағы Тигр өзені жағалауында жайылып жүрген қойды қасқыр талап кетер ме екен деп, уайымдайтындай сезімтал болды.

АЛЛАҺ ОҒАН ҚҰРМЕТСІЗДІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Хазіреті Пайғамбардың ұлы да кемелді жаратылысының адамды мәңгілікке жеткізер күшті ықпалы, шексіз берекеті болғанымен, керісінше «Көңілдердің Сұлтаны» Пайғамбарымыздан бет бұрғандарды да Аллаһ Тағала әрқашан бетпақ қылып, игіліктен мақрұм қалдырған. Оған дұшпандық жасағандарды ауыр жазалап, күйзелтуші азапқа дүшар еткен. Хазіреті Мәуләнә бұл жайында:

«Адамның бірі ауызын майыстырып Пайғамбарымыздың мұбәрак есімін мазақтағаны үшін, яғни сол арам ниетінің салдарынан аузы қисайып қалды. Сонан соң істегеніне өкініп, пұшайман болды да:

«Ей, Тәңірлік білімнің құпиялары өзіне аян болған Мұхаммед! Мені кеш... Мен надандығымнан Сені мазақ

қылдым. Алайда нағыз мазақталатын адам – мен екенмін...» – деп жалбарынды».

«Дүниеге сәулесін шашып, жарық берген күнді кекетіп, одан кемшілік іздеу – негізінде адамның: «Менің екі көзім де көр, қараңғы» деп, өзіне-өзі айып тағып, жамандағаны»,– дейді.

Хазіреті Пайғамбардың жаратылысына кереғар түрдегі мұндай ахуал оны істеген адамның нәпсілік бейімдері мен кемшіліктерінің Аллаһты ашуландырып, Оның кәріне ұшырататындай дәрежеге жетуінен туындаған жағдай. Бұл шындықты Хазіреті Мәуләнә:

«Аллаһ Тағала біреудің абыройын төгіп, айыбын паш еткісі келсе, оның жүрегіне адал адамдарды кінәлау ойы мен қалауын ұялатады», – деген.

ХАҚ ТАҒАЛАНЫҢ АЛДЫНДА АБЫРОЙҒА БӨЛЕНУ ҮШІН

Аллаһ Тағаланың алдында абыройға бөленіп, құрмет-беделге ие бола білуіміз адамдардың қандай болмасын, кемшілік пен кінәларын іздестірмей, өз қателіктеріміз бен кемшіліктерімізге көңіл аударып, оларды түзетуге тырысудың арқасында іске аспақ. Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Аллаһ пендесінің кемшілігін жабуды қаласа, ол пенде нәпсілік арман қалауларымен кірленіп, күнәға батқан адам-

дардың кемшілік пен күнәларының өзін көрмей, ондаймен шұғылданбайтын халге жетеді».

«Аллаһ медет берейін десе, жүрегіміз жылап-жалбарынуға ынтық болады. Аллаһ ғашықтығымен жылаған көздің иесі қандай бақытты! Аллаһ ғашықтығымен тұтанып жанған жүрек қандай жақсы жүрек!»

«Әр жылап-еңіреудің ақыры – күліп қуану. Сондықтан әр оқиғаның ақырын көре білген жан қуанышты да бақытты жан. Қайда өзен болса сол жер көкпеңбек. Сондай-ақ, қайда көз жасы сорғаласа, ол жерді мархабатқа бөлеп, рухани жандандырады».

«Сен де, ей, балам! Еңіре, көзіңнен жас сорғаласын. Сөйтіп, жан бағыңда гүлдер өссін. Көзіңнен жас ақсын десең, көзінен жас сорғалағандарға жанашыр болғайсың. Өзің жанашырлыққа, мархабатқа бөленейін десең, әлжуаздарға мархабат қылғайсың!»

Бір ақын бұл туралы:

Шат болуды қаласаң, қайғылыны шаттандыр.
Азат болуды қаласаң, жүректерді қуандыр.

- деп өте жақсы айтқан.

Мінеки, Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің Құдай мақтаған ең кәміл де ерекше мінез-құлқы осы, яғни ғаріптер мен пақырларға қошемет корсетуі еді.

Әбу Үсамә радияллаһу анһу:

«Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің

айтқан сөзі Құран еді. Көп зікір салып, хұтпасын қысқа, намазын болса ұзақ оқитын-ды. Жарлының, бейшараның қажетін қамтамасыз ету үшін онымен бірге жүруге намыстанбай, керісінше ондай ісін қуана отырып орындайтын», – дейді.

Барлық мәселе, Аллаһқа құл болу мәселесінде өмір бойы азды-көпті, ертелі-кеш шамамыз жеткенше оң иығымыздағы иләһи қоймаға сақтаған ізгі амалдарымыздың саны мен сапасын арттыру және жоғалтпай сақтап қалуда...

ТЫШҚАН МЕН БИДАЙ ҚАМБАСЫ

Рамазан айы секілді рухани құнарлы уақыттарда Хақ Тағаланың бізге сыйлағандарын кейінгі уақыттарда босатып жіберіп, айрылып қалатын болсақ, үлкен зиян тартатын боламыз. Істелгені не, істелмегені не деген үкімнің аясына кіретін болса, ол ізгі амалдардан ешбір жеміс көре алмаймыз. Яғни салих амалдарымызды ғапылдық, қызғаныш, кек, сөз тасу, жамандау, өтірік-өсек, харамдар мен жаман ахлақпен былғап, оттан ерігген майшамдай немесе мұздан салынған үйшіктей ерітіп алып, ахиретте тақырда қалып жүрмейік.

Олай болса, ерекше көңіл бөлетін нәрсеміз қасиетті Рамазанда беріле отырып жасаған құлшылықтарымыздағы ғашықтық, ықылас, парасаттылық сияқты інжу-маржандарымызды басқа уақыттарда ұсақ ақшадай оңға-солға шашып алмау... Өйткені бұл дүние ізгі амалдар жасаудың мүмкіншіліктеріне толы болуымен қатар, сол амалдарды

кеміріп жеп қоя алатын жабайы тышқан қаупіне де толы. Осы жөнінде Хазіреті Мәуләнә мынадай ескерту насихатын:

«Біз бұл дүние қамбасында бидай жинап жүргендейміз. Бірақ жинаған бидайымыз белгісіз бір жағдаймен қайта-қайта азайып кетуде. Бір күні есімізді жиып, бидайымыздың бұлай азайып кетуінің, жоғалуының себебі қамбаға жасырын кірген тышқандардың және олардың айласының кесірінен екендігін түсіне алмай жатырмыз», – деп құлақ қағыс етеді.

Мұнда жасаған құлшылықтарымыздан, ізгі амалдарымыздан және адамгершілік борыштарымыздан тапқан барлық көркем нәтижелеріміз, сауаптарымыз, жүрегімізге орнаған тыныштық – бидайға теңелген. Қамба қала іспеттес денеміздің рухани қоймасы. Тышқан нәпсіміздің және нәпсіқұмарлықтарымыздың белгісі.

Бұл астарлы сөздерден алар сабағымыз мыналар:

Жасаған құлшылықтарымыздан қандай да бір рухани ләззат алмасақ, онда көңіліміздің қамбасына тышқан түскені. Шайтан мен нәпсі жасаған құлшылықтарымызды ұрлап, кеміріп жоқ қылуда. Сондықтан да біздің көңілімізде рухани нәр мен ләззат қалмауда. Сол себепті көптеген адамдарда құлшылық бар, бірақ нәпсілерінің құрсауынан шырмалып шыға алмағандықтан рухани тыныштық аз, құлшылықтарынан жүректерінің алар иман нәрі құнарсыз.

Хазіреті Мәуләнә бұл жайындағы мысалын былай тағы жалғастырады:

«Қу тышқан қамбамызды тесіп, ал қамбамыз оның құлығынан құтыла алмай отыр. Ей, Хақты талап еткен жан! Алдымен қамбаға кірген тышқаннан құтылудың жолын қарастыр, содан соң бидай жинауға тырыс».

«Кәмілдердің кәмілі, көңілдердің шипасы болған сүйікті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің: ***«Намаз тек жүрек тыныштығымен ғана толық болады»,*** *– деген хадисін есіңе ал да, нәпсіден және шайтаннан құтылу үшін жүрек тыныштығымен намаз оқи баста!».*

«Егер қамбамызда ұры тышқан болмағанда қырық жылдық ғибадат бидайы қайда кетер еді? Күн сайын аздыкөпті болса да, шын көңілден жасалған құлшылықтар мен ізгіліктерден туындайтын жан тыныштығы неліктен сезілмейді?»

«Шақпақ темірінен көп ұшқын шашырады. Иләһи махаббаттан өртенген көңіл оларды өзіне тартып алды».

«Бірақ қараңғылықта жасырынған ұры бар. Ұшқындарды шетінен сөндіру үшін үстінен бармағымен басуда. Дүниеде рухани шырақ жағылмасын деп сол қараңғылықтағы ұры ұшқындарды шетінен сөндіруде...»

НӘПСІ МЕН ШАЙТАН ДЕГЕН ҰРЫЛАРҒА ҚАРСЫ ШАРА...

Ізгі амалдар мен көркем қасиеттерге ие бола білудің, сондай ақ, ие болғаннан кейін оларды сақтап қалудың бірден-бір жолы – көңіл деген «Қағбамызда» Хазіреті Пайғам-

бар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмді өзімізге имам тұтып, Ұлы Раббымызға шын көңілімізбен құлшылық жасай білуіміз. Яғни жүрегімізбен һәм іс-қимылымызбен Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләммен бірге бола білу.

Екіншіден, Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің киелі аты жер мен көкте және көнілдерде мәңгілік жасай береді. Сондықтан жүрегімізге дүниеге тән патшалар мен олардың салтанаттарының атақ-абыройын емес, мәңгіліктің тағында отырған Аллаһтың сүйікті де теңдессіз құлы, көңілдер сұлтаны Хазіреті Мұхаммед саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің аты мен даңқын өшпес махаббат жазуымен нақыштап орнықтыруымыз қажет. Сонда ғана біз рухани құндылығымызды сақтай аламыз.

Құран Кәрімде Аллаһ Тағаланың:

«(Ей, Расулым!) **Олардың арасында Сен тұрған кезде, Аллаһ оларды азаптамайды»** (Әнфал, 33) – деген баяны мүшріктер туралы болған еді. Ал бұл аяттың ишари (астарлы) мағынасы бойынша, «Жаратылыс Нұрына» деген махаббат пен Оның қасиетті сипаттарын өз жүрегі мен көңіліне ұялатқан мүмин жандарға сүйіншілер мен үлкен сыйлықтар бар дегені. Демек, мүмин құлдың жүрегі неғұрлым Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға деген махаббатпен толса, солғұрлым Құдайдың кәріне ұшыраудан алыстаған болады. Хазіреті Мәуләнә және Баһаүддин Нақшибәнди Хазіреті сияқты фәйздің тұңғиық көзіне айналады. Мұндай болу – Хақ Тағаланың уәдесі. Яғни жан дүниемізден Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм орын тепкен болса, Аллаһ Тағала да ілтипатымен мәміле жасап бізді азаптамайды.

Ұлы Аллаһ Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға деген махаббатымыз бен Оның көркем мінезін бойымызға дарытудың арқасында бізді мәңгіліктің азабына душар болудан қорғаса, бұл жалған дүние бастан-аяқ тұзақ әрі тауқыметке толы болса да біз үшін түк емес. Ал ішкі жандүниеміз Одан қалыс қалса, құрдымға кеткеніміз де сол... Мына шайырдың айтқанындай:

Ілтипатыңнан қалыс қалса ғапыл, пай, пай!
Екі дүниеде жетер оған бұл қасірет!

О, Раббымыз! Біздерді Оған махаббатпен байланған лайықты үммет қылғайсың! Мейірімділік аспанындағы «ұлы жаратылыс күнінің» сәулесінен жарық алып, жүрегіміз бен жүзімізді толған айдай жап-жарық қылғайсың!

Әмин!

БӨЛІМ

3

Әлемді оқи білген бәрін де оқиды

Құл Аллаһқа жақындай отырып, алдымен, өзінің ештігін түсінуі керек. Ештіктен кейін арифтік басталады. Сонан соң барлық нәрсе, яғни әлемнің және өзінің ішіндегі сырлары жүрегі мен санасына бірте-бірте ашыла бастайды. Қысқасы, ғаламдағы гауһарды көре білген, задында, өзіндегі гауһарды көргені. Ал өзін таныған – Раббысын таныған.

Әлемді оқи білген бәрін де оқиды

ОҚЫ ӘМІРІНІҢ МАҒЫНАСЫ

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмға түскен алғашқы уахидың алғашқы сөзі «اِقْرَأْ – Оқы!» болуына байланысты, руханият саласының мамандары бұл жайында мынадай тәфсірлер жасаған:

«Оқы! Барлық нәрсені оқы! Аллаһтың кітабын оқы! Аллаһтың аяттарын оқы! Ғалам кітабын оқы! Үнемі оқы! Һидаятқа жету үшін, адасудан аман қалу үшін оқы! Иманыңды кемелдендіру үшін оқы! Аллаһтың атымен оқы! Жаратқан Раббыңның атымен оқы! Адамды ұйыған қаннан жаратқан, әрі оған барлық нәрсені оқу, жарыққа шығару, ұғыну және ұққандарын санасына тоқи отырып амалға асыру мүмкіншіліктерін берген ұлы Раббыңның атымен оқы! Адамға оқу нығметін беру арқылы ең үлкен сый жасаған Аллаһтың атымен оқы! Білу үшін оқы! Раббыңа жақындай түсу үшін оқы! Себептерге қарай отырып оның арғы жағын оқы! Туындыға қарап оның Ұстасын оқы! Өнерге қарап, шынайы өнер Иесін оқы! Оның құдірет қаламының

бұл әлемде сызған әр жолын оқы! Адамға білмеген нәрсесін үйреткен Аллаһтың атымен оқы!».

Сондай-ақ Хазіреті Мәуләнә мұқабаға қыстырылған ғылыми кітаптарды оқып жүрген кезін **«қамдым»**, ғаламның сырларын оқи бастаған кезін **«пістім»** десе, иләһи сырлардың жалынынан өртеніп жанған кезін **«жандым»** деп атай отырып, өзінің басынан өткізген рухани кезеңдерін осылайша тілге тиек еткен.

Аяттағы **«Оқы!»** деген әмір өте маңызды. Сонымен қатар оның Аллаһтың атымен ғана іске асырылуы да дәл сондай маңызды әрі **«Оқы!»** бұйрығына бас июдің қалай іске асатындығын паш етуде.

ҒАЛАМДАҒЫ СЫРЛАР МЕН ХИКМЕТТЕР

Негізінде Құран Кәрім көп жерде ғаламдағы сырлар мен хикметтерге назар аудартуда. Мына аят кәримәны мысалға келтірейік:

سَنُرِيهِمْ آيَاتِنَا فِي الْآفَاقِ وَفِي أَنفُسِهِمْ حَتَّى

أَوَلَمْ يَكْفِ يَتَبَيَّنَ لَهُمْ أَنَّهُ الْحَقُّ بِرَبِّكَ أَنَّهُ عَلَى كُلِّ شَيْءٍ شَهِيدٌ

«Оның (Құранның) **мүлде ақиқат екендігі айқындалғанша Біз оларға атыраптағы** (көкжиектегі) **және өз бастарындағы аяттарымызды** (белгілерімізді) **көрсете береміз. Раббыңның барлық нәрсеге куә екендігі** (Сенің растығыңның дәлелі болуға) **жетерлік емес пе?!»** (Фүссиләт, 53)

Аяттағы **«атыраптағы»** деген сөзбен адамды қоршап тұрған сыртқы дүниесіндегі, ал **«өз бастарындағы»** деген сөзбен адамның биологиялық және ішкі жан дүниесіндегі хикметтерге, сырлар мен ғибратты құбылыстарға сілтеме жасалуда. Бұл шындық басқа бір аят кәрімәда былайша келтіріледі:

«Біз көктерді, жерді және екеуінің арасындағыларды ойын-сауық болсын деп жаратқан жоқпыз. Оларды тек қана шындық бойынша жараттық. Бірақ олардың көбі білмейді». (Дұхан, 38-39)

Үлкен әулиелердің бірі Жүнәйд Бағдади Хазірет бір күні бір топ адамның асығып-үсігіп, қызық бірдеңе көруге ұмтылғандай бір жаққа қарай бара жатқанын көреді. Олардан:

– Бұл не асығыс, жиналып қайда бара жатырсыңдар? – деп сұрайды. Олар:

– Пәлен жерден бір ғалым кісі келіпті. Аллаһ Тағаланың барлығы мен бірлігін мың бір дәлелдермен түсіндіріп береді екен. Оның сол дәлелдері мен білімін тыңдауға кетіп барамыз. Қаласаң сен де жүр! - дейді.

Бұған Хазіреті Жүнәйд таңырқаған кейіппен күлімдеп, оларға:

– Көретін көздер, еститін құлақтар және сезетін жүректер үшін ғаламда иләһи сансыз дәлелдер мен Аллаһтың барлығына куәлік ететін сансыз құбылыстар бар. Тек Аллаһ Тағаланың өзінің өзі жайында жасаған куәліктері қаншама. Ей, халайық! Осының бәріне қарамастан күмәнданатындар

болса, бара берсін! Ал біздің көңілімізде күмәннің қиқымы да жоқ, – дейді.

СЕБЕПТІҢ АРҒЫ ЖАҒЫН КӨРУ

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде жиі-жиі: **«Ойланбайсыңдар ма?»** - деп бұйырып, адамдарды тәфәккур әлеміне шақырады. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм да *«Бір сағаттық тәфәккур алпыс жылдық ғибадаттан абзал»* - деп бұйырып, ақылды мағрифат пен хикмет дариясында қолданудың маңыздылығын баян еткен. Өйткені ақыл Аллаһтың разылығына бөлену жолының тілмашы іспеттес.

Хазіреті Мәуләнә бұл туралы мына сөздерімен тәфәккур мен хикмет есіктерін айқара ашып, көздер мен көңілдерді жақсылап жұмыс істетуге шақырады:

«Сен диірмен тасының қозғалғанын көреді екенсің. Абайлап қарап, үңіліп, оны айналдырып тұрған ағын суды да көрсең етті!».

«Топырақтың, тозаңның ауада қалқып жүргенін көрдің. Ендеше оларды ауаға көтерген желді көр!»

«Пікір шөлмегінің қайнап жатқанын көрудесің. Оны қайнатқан отқа да көреген көзбен қара!»

«Мынау зәулім үйлер менен сарайларды және сансыз үйлер салған ұсталардың бар болғаны ма, жоқ әлде жоқ болғаны ма ақылға қонымды, ей ақылсыз?!»

«Мынау көріп тұрған жазуыңды жазған жазушы бар екенін мойындау дұрыс па, әлде дуалдарды безендірген және кітап беттерін толтыртып тұрған жазулардың жазушысы жоқ деп ойлау дұрыс па, ей шырағым?!»

«Ей, адам! Бұл әлемде өздігінен пайда болған бір нәрсе көрсете аласың ба? Өзінен-өзі шымданып, гүлденіп, топырақ астынан өсіп шыққан өсімдікті топырағынан жаратып көрші, өздігінен өсіп пе екен?!»

Бұл жайында Сәйри ақын былай деп шумақтаған:

Пайда болса бұл жерлер өздігінен,
Сарай мен үй де салынар ед өздігінен!.

Шатырдағы мұржалар айтып тұр ғой,
Отсыз түтін қалай бұрқырар өздігінен!

Айнал деген бұйрықты кім берді оған?,
Жаңылыссыз айналар ма жер өздігінен!

Қарамай кетсе тастап шаруа егер,
Бидай-сабан қалай бөлінер өздігінен?!

ӘЛЕМ КӨҢІЛ КӨЗІМЕН ОҚЫЛАДЫ

Әлемді, ондағы иләһи сырларды сезіне отырып оқу тек қана жүрекпен, яғни көңіл көзімен мүмкін болады. Сондықтан да ең жаман нәрсе көздің соқырлығы емес, жүректің соқырлығы. Өйткені бұл дүниеде соқыр болған жүрек қияметте де соқыр. Сол себепті Хақ Тағала құлдарының ғапылдығын кетіріп, оларды ояу болуға шақырып қасиетті кітабында былай бұйырады:

«(Ей, Расулым! Саған қарсы келгендер) **жер жүзінде еш кезіп көрмеді ме? Сонда олардың** (осыларды) **түсінер жүректері, естір құлақтары болар еді. Негізінен көздер соқыр емес, көкіректегі көңыл көзі соқыр»** (Хаж, 46).

Бұл шындық төңірегінде Хазіреті Мәуләнә:

«Құран Кәрімнің аяттарын және Хазіреті Пайғамбардың хадис шәрифтерін оқымас бұрын, ниетіңді дұрыста. Гүл бақшасындағы хош иістерді мұрның сезбей жатса, кінәні бақшадан емес, өзіңнен және мұрыныңнан іздегін!..»

«Құран Кәрімнің мағынасын, тек әуесқойлықтарын отқа салып, күл қылғандар, сөйтіп Құранның алдында майдай еріп құрбан болған және рухы Құранға айналған жандар ғана түсінеді..» – дейді.

ОҚУДЫҢ СЫРЫ – ӨЗІҢДІ ТАНУ

Юнус Әмрә Хазірет бұл ақиқатты өлең шумақтарына былай түсіреді:

Ғылым – ілім білгенің,
Ғылым – өзіңді білгенің.
Сен өзіңді білмесең,
Оқу сенің не теңің?!

Адамның өз жаратылысын танып білуі оны Аллаһты тануға жетелейді. Сондықтан да құл Аллаһқа жақындай отырып, алдымен өзінің «ештігін» ұғынуы керек. «Ештік» сезімінен соң арифтік басталады. Онда барлық нәрсе, яғни әлемнің және өзінің ішіндегі сырлары көкірек көзіне перде

ашылғандай мәлім болады. Сондықтан да ариф әлемге және ондағы барлық жаратылысқа басқа көзбен қарайды. Тағзим лиәмрилләһ (Аллаһтың әмірлеріне құрметпен бас ию) және Шәфқат лихалқилләһ (Аллаһтың жаратқандарының бәріне шапқат) сырларына қанық бола отырып өмір сүреді.

ҚҰМЫРСҚАНЫ ДА РЕНЖІТУ ЖОҚ

Абдұллаһ бин Абдұррахман, әкесі Абдұррахман радияллаһү анһүдың былай дегенін риуаят қылады:

«Бір жорық кезінде Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләммен бірге едік. Расулұллаһ бір кезде қажеті үшін арамыздан шығып кетті. Сол кезде хұммара деген бір құсты көрдік. Екі балапаны бар екен. (Құс ұшып кеткенде) балапандарын алдық. Байқұс анасы біздің қасымызға келіп, қанатымен жанталасып, шырылдап ауада ары-бері, жоғары-төмен ұшып жүрді. Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм біздің қасымызға келіп:

«Кім бұл байқұстың балапандарын алып, қинап жатқан? Балапаның қайтарып беріңдер!» – деп әмір етті.

Тағы бірде құмырсқа илеуін өртегенімізді көрді. (Құмырсқалардың өртенген илеуіне қатты жаны ашып):

– *Кім мұны жаққан?* – деп сұрады.

– Біз, – дедік. Сонда саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Отпен азаптау тек оттың Раббысына ғана тән* – деді. (Әбу Дәуіт, Жиһад, 122 (2675), Әдәб, 176 (5268)

Сол пайғамбари сезімталдықтан алған нәсібі болса керек, Кануни Сұлтан Сүлеймен сарайының бақшасында алмұрт ағашын шіріткен құмырсқаларды өлтіруге рұқсат алу үшін Шәйхұл-Исләм Әбус-Сүғуд Әфәндиден төмендегі шумақтармен:

Ауланда көп зиян қылса құмырсқа,
Оларды менің өлтірткенім дұрыс па?

- деп пәтуә сұрайды.

Патшаның бұл пәтуә сұраған хатына Әбус-Сүғуд Әфәнди одан терең мағынада:

Ертең хақтың құзырында ұмытпа,
Сүлейменнен ақы алар құмырсқа!.

- деп жауап қайтарады.

Осындай жұмсақ жүректіліктің тағы бір мысалы:

БАРЛЫҚ ЖАРАТЫЛҒАНДАР АЛЛАҺТЫ ЗІКІР ЕТУДЕ

Бір күні Үфтәдә Хазірет шәкірттерімен бірге қырға шығады. Оның әмірі бойынша барлық дәруіштер қырдың ең әдемі жерлерін аралап ұстаздарына бір-бір шоқ гүл әкелуге кетеді. Бірақ Қазы Махмуд Әфәнди ғана ұстазына солғын бір жаман гүл алып келеді. Басқалар мәз-мейрам болып, қолдарындағы әдемі гүлдерді ұстаздарына табыс етіп болған соң, Қазы Махмуд мойны салбырап, ұяла сынық, солған гүлді Хазіреті Үфтәдә ұстазына береді.

Өзге шәкірттері таңырқап отырғанда, Хазіреті Үфтәдә

– Махмуд, балам-ау! Бәрі әдемі гүл шоқтарын әкеліп жатқанда, сен неліктен бір-ақ тал, өзі сынық, солған гүл әкелдің? – деп сұрайды.

Қазы Махмуд әдеппен:

– О, тақсыр! Сізге не сыйласам да аз болар еді. Бірақ қай гүлді жұлмаққа қолымды созбайын, оның «Аллаһ, Аллаһ» деп Раббысын тәсбих етіп, зікір айтып жатқанын көрдім. Жүрегім олардың бұл зікірлерін бөлуді қаламады. Сосын шарасыз мынау қолымдағы тәсбих етуін тоқтатқан солған гүлді әкелуден басқа амалым қалмады!.. – дейді.

Бұл керемет терең мағыналы жауапқа өте қатты разы болған Хазіреті Үфтәдәнің аузынан сол сәтте:

– Һүдаи, Һүдаи (Құдайы, Құдайы)... балам-ау! Бұдан кейін сенің атың Һүдаи болсын! Ей, Һүдаи! Бұл қырға шыққанымыздан сен ғана нәсібіңді алыпсың.. – деген сөздер төгіле бастаған екен.

Осылайша Қазы Махмуд «Һүдаи» атанып кетіпті. Өйткені ол енді әлемдегі иләһи сырларға және рухани әлемге көзін ашқан еді. Әлем оған кітап іспетті өз парақтарындағы сырларын аша бастаған болатын.

Содан кейін халық Һүдаи деп аталған Қазы Махмуд Әфәндінің қол жеткізген ерекше рухани дәрежесін құрметтеп, есімінің алдына «Әзіз» деген атты қосып, Әзіз Махмуд Һүдәи деп атай бастаған. Ол сол атпен танымал болып, ел есінде қалды.

ӘЛЕМ АДАМ ЖАЙЫНДА СЫР ШЕРТУДЕ

Әлемдегі гауһарды көре білген адам негізінде өз болмысындағы гауһарды да көрген болады. Өйткені адам – әлемнің өзегі, Шәйх Ғалиб бір өлең шумағында мұны:

Үңілші өзіңе бір, өзегісің ғаламның сен,
Жаратылғандардың ұлысы адамсың сен, – десе,

Хазіреті Мәуләнә:

«Әзіз досым! Сен жалғыз ғана бір адам емессің, сен бір тұтастай әлемсің! Сен тұңғиық, шетсіз бір мұхитсың!»

«Ей, кәміл адам! Сенің мынау ұлы болмысың бәлкім тоғыз жүз қабат. Түбі – ұшы-қиыры жоқ теңіз. Жүздеген әлем сол теңізге батып кеткендей», – деп жеткізген.

Арифтердің сұлтаны Хазіреті Мәуләнә нағыз адамға тән қасиеттерді Шәмстің бойынан көріп, өмір бойы Шәмсті немесе сол сияқты дара тұлғаны іздеумен өткен. Сондықтан да өмірмен қоштасар сәтінде:

«Іздеген адамымнан арманда кетіп бара жатырмын», – деген болатын.

Сондай-ақ Хазіреті Мәуләнә бұл фәни әлемдегі кәміл адамдардың аздығын мынадай бір хикаямен түсіндіруге тырысады:

Бір күні түн ортасында сыртқа шықтым. Қырды айналып кезіп жүр едім. Бір адамның қолына шам ұстап алып бірдеңе іздеп жүргенін көрдім:

– Түн ортасында, тас қараңғыда не іздеп жүрсің? – деп сұрадым одан. Ол кісі:

– Адам іздеп жүрмін, – деп жауап берді. Мен:

– Саған обал! Босқа өзіңді шаршатып жүрсің... Мен жұртымды тастап, іздесем де таба алмадым. Бар үйіңе, енді жатып, дем ал, бос әурешілікке салынып жүрсің, оны еш жерден таба алмайсың! – дедім.

Әлгі кісі аянышты көздерімен қарап:

– Таба алмайтынымды мен де білемін. Бірақ сонда да іздегім келеді, әйтпесе көңілім тыныш таппайды, – деді.

Бұл – шынайы, кәміл адамға ынтық болған адамның ізденісі.

Шын мәнінде, адам деген асыл зат – адам санасының себептерге тірелмей, оны Жаратқанға, әсерден әсер Етушіге, өнерден Өнерпазға жету арқылы танып, білуге тырысқан ұлық Раббысының айбынды да теңдессіз салтанатының бұл фәни әлемге шағылысқан бір сәулесі ғана. Бұл сипатымен алғанда адам – өзгеше бір әлем. Сондай-ақ ол – жанды Құран бола алатын бір ғана тіршілік иесі.

О, Аллаһым!

Біздерге әлем атты кітап парақтарын оқитын көңіл көзін бер! Көкірек көздерімізді соқыр қылма! Әлем кітабында жазылған сол сырлар менен өз ішіміздегі сырлардың терезесінен өз жамалыңның соңсыз нұрын тамашалай білуді нәсіп еткейсің!

Әмин!..

Ғұмырды ең көркем түрде өткізу

Күннің жылу бермеуі қалайша мүмкін емес болса, көмірін ең көркем түрде өткізіп, ең жақсы қасиеттерге қол жеткізген рухы мықты адамдардың да өздеріне және өзге махлұқатқа пайдалы болмауы және айналасына әсемдік пен нұр шашып тұрмауы дәл солай мүмкін емес.

Ғұмырды ең көркем түрде өткізу

ӨМІРДІҢ СОҢЫНА ДЕЙІН...

Хазіреті Пайғамбар аләйһиссәләм жиі-жиі:

«О, Аллаһым! Рахымыңнан үміт етемін. Қас-қағым сәттің өзінде де мені нәпсіммен оңаша қалдырмағайсың! Әрбір халімді түзеткейсің! Шынында да Сенен басқа тәңір жоқ!» – деп Хаққа жалбарынатын. (Әбу Дәуіт, Әдеп, 100-101)

Ол көңілдер Сұлтаны өз бойындағы теңдессіз құлдық сипаттарына қарамай, күндіздерін ең пайдалы түрде өткізуімен қатар, түннің белгілі бір уақытын да намаз оқумен өткізуші еді. Тіпті одан аяқтары ісіп кететін. Оның бұл халінің себебін сұраған Хазіреті Айша анамызға:

«Ей, Айша! Шүкірлік қылатын құл болмайын ба?» – деп жауап берген. (Мүслим, Мүнәфиқун, 79)

Демек, Хақ жолында кім қандай биіктікті бағындырып, қандай дәрежеге жетсе де, ешқашан құлдық жа-

уапкершілігінен босатылмайды және амалдарын әсте кемітуіне немесе жеңілдетуіне жол берілмейді. Яғни парыздар, уәжіптер, сүннеттер, харамдар, халалдар, мұбахтар, мұстахаптар және өзге иләһи қағидалар мен мойнымыздағы борыштардың барлығы құлдық жолына түскен әр адамның мойнына артылған жүк әрі соңғы демімізді үзгенге дейін мойнымыздан түспек емес. Соның үшін арифтер бүкіл өмірлерін:

«Раббыңды хамд-мақтаумен зікір ет, сәдже етушілерден бол және ажалың жеткенше Раббыңа құлшылық қыл!» (Хижр, 98-99) – деген иләһи әмірге сай сүруге тырысумен болып, алып-шығарған демдерін өмір тәсбихіне айналдыра білген.

ӨМІРДІҢ БЕРІЛУ СЕБЕБІ

Адамға берілген өмір нығметінің негізгі себебі – құлшылық.

Сол себепті барлық мақсаттарымыз бен ұмтылыстарымыздың негізінде, бұл өткінші уақыт пен шектеулі өмірімізді ең жоғарғы сезімдермен және болмысты танумен өткізу құштарлығы болу керек. Яғни өмір бізге берілген шикізат материалы секілді. Оны, яғни өмірді жақсылықтармен, қайырмен өңдейтін болсақ жақсылық толы нәтижелер өндіріп шығарамыз, жамандықтар мен зұлымдықтармен өңдейтін болсақ жаман нәрселер өндіреміз. Ал егер оған атүсті қарап, өңдемесек онда тақырда қалып,

қатты өкінушілерден боламыз. Мысалға, бір ағаш ұстасы қолындағы жаңғақ ағашын пайдаланбаса, уақыты өтіп кеткен соң ол тек отынға ғана жарайтын шөркеге айналады. Ал егер пайдаланса одан жасаған әсем бұйымдар небір үйлердің, сарайлардың сыйлы төрлерінен орын тебеді. Мінеки, адам – сол ағаш ұстасы, ал оның өмірі – әлгі жаңғақ ағашының өзі.

Олай болса, адам өз өмірін пайдалы өткізу үшін істейтін нәрсесін алдымен жақсылап ойланып алып, содан соң сыбана кірісуі керек. Бірақ бұл да жеткіліксіз. Өйткені ұстаның да екі түрі болады. Бірі жоспарсыз, мақсатсыз әйтеуір өндірсе, екіншісі нағыз өнер туындысын өндіреді. Мұндағы маңызды нәрсе – өмір атты шикізат материалын ең дәл жоспарлармен, ең жіңішке де тура өлшемдермен шеберлікпен өңдей білу. Бал арасы бал жасаған кезде, өз туындысын дәлдікпен, шеберлікпен жасалуына мән бермеуші ме еді? Әрине, мән береді. Егер ол мән бермесе, бал бізге шипа емес, у болып жетуі де мүмкін.

Олай болса, арадан әлдеқайда артық жаратылған адамның арадағы мұқияттылықтан да жақсы және кәміл болуы, өмірін пайдалы өткізіп, иманы мен ирфанын (парасатын), ықыласы мен тақуалығын, дүниесі мен ахиретін өз қолымен керемет құрастыруы, қысқасы тұлғалығы мен ахлағын балдан да тәтті халге жеткізуі керек!

Бұл үшін не істеуі шарт?

ӨЗ КІТАБЫҢДЫ ОҚЫ!

«Оқы!» әмірі орындала бастаған кезде ғана өмір де шын мәнінде басталған болады. Оқымаған құл – өлі, қураған ағаш. Оқу дегенде тек қана кітап бетіндегі шектеулі білімді оқып қоюды айтып отырғанымыз жоқ. Жазуды оқу зейінді тойдырады. Алайда көңілдеріміз бен көкіректерімізді тойдыратын оқуға мұқтаждығымыз бар. Ол үшін бүкіл әлемді оқи бастауымыз керек. Тауларды, тастарды, гүлдерді, жеті қабат көкті және ең бастысы өзімізді оқу. Тіпті өзімізді қалай оқығандығымызды да оқып отыруымыз қажет. Махшарда бізге осы оқытылады. Қолымызға өміріміздің амал дәптері берілетін болады, сонда бізге:

«Өз кітабыңды оқы!» – делінеді.

Ол кітапқа, яғни амал дәптерімізге дүниелік өмірде қандай сезімдермен, не жазған болсақ, ахиретте соларды оқитын боламыз. Өзіміздің шын бет-бейнемізді сол жерде танитын боламыз. Бұл дүниеде қандай таяз, шалшық судың ішінде тұншыққанымызды сонда барғанда көретін боламыз. Нәпсінің кішкентай ғана төмпешіктерінен қалай тоңқалаң асып жығылғанымызды сонда байқап, өкінетін боламыз. Сол үшін өміріміздің дәптерін онда барғанда жүзімізді қызартпайтын жазуларға, ең көркем амалдарға және ерекшеліктерге толтыруымыз керек.

ӨЗІМІЗДІ-ӨЗІМІЗ СЫН ТЕЗІНЕ САЛУ

Осы терезеден қарайтын болсақ, асыл, бағалы және жемісті өмір ақиқат жолмен жүруден ғана тұрады. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм осындай өмір

сүруді үгіттейді. Мұның бақылауын әубастан қолға алуымызды Хазіреті Омар насихат етіп :

«Есепке тартылмас бұрын өздеріңізді-өздеріңіз есепке тартыңыздар!...» – дейді. Өйткені адам қалай өмір сүрсе, солай көз жұмады. Әрі қалай өлсе, күмәнсіз солай тірілтілетін болады.

Хәйсем бин Рабиғ айтады:

«Өлім аузында жатқан бір кісінің жанында едім. Тәухид кәлимәсін тәлқин еттім (жан тапсырғай жатқан адамның иманын үйіру). Байқұс кісі мені естімей жатты. Хақ сөзді сол күйі оған естірте алмадым. Өйткені ауызы жыбырлап тек ақша санап жатты».

Бұл – мәңгілік өмір тұрғысынан қарағанда босқа және қасіретпен өткен өмірдің қорқынышты сахнасы... Бұл дегеніміз – шырылдауық шегірткедей ахірет қысына дайындық жасамай бару. Ақша атты үлкен пұттың шырмауында кету. Сол себепті құмырсқа сияқты ахірет қысына қамдануымыз және оны өміріміздің мақсаты деп білуіміз керек. Олай болса, адам өмірі үшін демалыс пен зейнет өлімнің арғы жағында. Себебі қабірде, бәлкім, ғасырлар бойы ұйқтауымыз мүмкін.

Бұл дүние – ахіретте мәресіне жететін үлкен жол. Ақыл мен жүректің қуатын арттырмасақ соңына жете алмаймыз. Осылайша өмірді ең көркем түрде өткізу мүмкіншілігіне ие боламыз.

Имам Шәфи Хазірет былай деп айтады:

«Өзіңді Хақпен айналыстырмасаң, жалған (дүние) келіп сенімен айналысады».

Бұл шындықты өміріне сіңдіре алмағандардың халін Сағди Ширази былай деп жориды:

«Әуесқойлықтар әлемінде өмір сүрген рух өзінен жиркенетін болады..».

Қажы Байрам Уәли өмірді Хақтан басқа арнамен жүріп өткізудің ақылға сыйымсыздығына назар аудартып былай дейді:

«Тәкәппарлық және сол сияқты жаман құлықтар белге байланған ауыр тас сияқты. Онымен жүзе де, ұша да алмайсың..».

Бұл жолдың ең маңызды түсы – адамның өз кемкетіктері мен қателіктерін жақсылап анықтап алып, оларды жоюға тырысуы. Өйткені:

«Адамға өз кемшіліктерін білуден артық даналық жоқ!»

ҚАУІП-ҚАТЕРЛЕР

Нәпсілік пайдалар мен құмарлықтар рухымызға себілген у екендігін білгеніміз жөн. Олардың әрбірі – рухани өмірімізге құрсалған шынжыр. Пайдақор көңілмен Аллаһқа жету мүмкін емес. Әсіресе ғайрү-мүслимдердің (мұсылман еместердің) өмір салтына жақындау – үлкен рухани апат. Өйткені мұндай жақындық ой туыстығына апарады. Ал ол уақыт өте келе жүрекпен байланған туысқандыққа айналады әрі мүминді жоқ қылады. Соның үшін өмірді мәнді

өткізу ақыл мен жүректі сыртқы жаулардан қорғау шартына байланысты болмақ.

Ендеше өмірімізді немен, қалай өткізсек, оны мәнді де сәнді өткізген боламыз?

ӨМІРДІҢ МӘНІНІҢ НЕГІЗДЕРІ

Оларды дене, мал-мүлік және жүрек болып бөлінетін үш негіз айналасында топтастыруға болады: Яғни денені адал аспен тамақтандырып, адал табыспен асырау және Хақ жолына қарай бұру; мал-мүлікті Хаққа арнай білу; сондай-ақ жүректі ең көркем әрі ең ұлы қасиеттермен безендірсе, олар адамды ахсану тақуим (жаратылғандардың ең жоғарғысы) дәрежесінде ұстап тұратын бірегей шарттар болмақ. Ол үшеуіне жетуіміз үшін мына ерекшеліктерге ие бола бастауымыз керек:

- Сыртқы және ішкі рухани білімді меңгеру;
- Хазіреті Пайғамбардың ахлағын бойымызға дарыту;
- Жаман құлықтардан арылу;
- Саадат (бақыт) дәуірінен үлгі алу;
- Құранмен сезімдерімізді ояту;
- Туралықтан айрылмау;
- Шыншыл болып, сөзде тұрду;
- Құлшылықтарды тастамау;
- Өлімді ойлап, түнгі құлышылықтарды орындау;
- Салих адамдармен бірге болу;

- Дін бауырларды жақсы көру, ғайбат сөз айтпау;
- Ысрап пен сараңдықтан сақтану, инфақ жасау;
- Қанағат атты байлық жинау;
- Мейірім мен шапқат иесі болу;
- Құл хақысына абай болу;
- Адал ризық теру;
- Еңбекқор құл болу;
- Аллаһ жолына қызмет жасау;
- Ықылас пен тақуалықты өлшем ету;
- Сырт көзге қалай көрінсе, іші де сондай болу.

ГҮЛДЕР ШАХЫНА ШЫҚ БОЛУ

Жоғарыда аталған барлық көркем ерекшеліктер – жұмсақ, сезімтал рухты және көркем тұлғалы бола білудің бірден-бір қағидалары. Бұл қағидаларға ие болған көңілдер жан рахатына бөленген дәргахқа айналмақ. Гүл бақшасындағыдай мың бір әсемдік олардың бойынан жайнап тұрмақ...

Мұндағы гүл – Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің символы. Яғни гүлдердің Шахы – Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләм. Біз де амалдарымызбен сол «Гүлдегі» шық бола алсақ жарар еді!

Шәйх Сағди «Гүлістан» атты еңбегінде мынадай бір хикая келтіреді:

«Бірі кісі моншаға барады. Моншада достарының

бірі оған тазалануы үшін қош иісті бір саз балшық береді. Балшықтан жанға сондай жағымды иіс келеді. Сонда әлгі кісі балшықтан:

– Ей, мүбәрак балшық! Сенің хош иісіңе қайран қалдым. Кәне айтшы, сен мискпісің, әлде әтірмісің?– деп сұрайды. Балшық оған:

– Мен миск те емеспін, әтір де емеспін. Кәдімгі, өзіңіз білетін, балшықпын. Бірақ бір гүлдің дәл түбінде болғандығымнан сол гүлдің жапырақтарынан аққан шықтармен күнде суланып тұрушы едім. Міне қазір сіздің мұрныңызды жарып бара жатқан иіс – сол гүлден сіңген ис, – дейді.

ӘСЕМДІКТІҢ АЙНАЛАҒА ТАРАУЫ

Күннің жылу бермеуі қалайша мүмкін емес болса, өмірін ең жақсы түрде өткізіп, ең көркем ерекшеліктерге қол жеткізген рухы мықты адамдардың да өздеріне және өзге махлұқатқа пайдалы болмауы және айналасына әсемдік пен нұр шашып тұрмауы дәл солай мүмкін емес.

Яғни әр адамның өз өмірін ең көркем түрде өткізіп, өзін жетілдіруі, сөзімен де, ойымен де әсемдіктер шашқан өзекке айналуы қоғамды адам ысрабынан сақтайтын ең маңызды шарт..

Өмірін пайдалы өткізгендер өздерін құтқарумен қатар басқаларды да құтқарудың уайымымен болады. Олар өздерін барлық келеңсіздіктерге жауапты сезінеді. Бұл Хазіреті Омардың көңіл мектебі. Ол:

Тигер өзені бойында таласа қасқыр қойды,
Иләһи әділдік сұрайды Омардан оны.. - деп айтатын.

Шынында, бұл – ұлы тұлғаның және биік көңіл шыңын бағындырған адамның аузынан шығар сөз.

ӨЗІМІЗБЕН КҮРЕСТЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТУ

Тасаввуфтағы нәпсілік тәрбие мен тәзкийәнің мақсаты – көңілдің осындай дәрежеге жетіп жетілуі. Әрине мұндай тәрбие мен тәзкие үшін әуелі Аллаһтың қалауларына толық тәсілім болып, нәпсіқұмарлықтарға қарсы қару алып күресу керек болады. Әрбір мүмин өз кемшілігін, қателігін, әлсіздігін, ештігін және жәһилдігін түсініп, Раббысын бүкіл ұлылығымен, құдіретімен және кәмілдігімен тануға бет бұруы және өз амалдарын да осы бағытқа бұруы шарт. Міне, осылай істелген жағдайда Құран тілімен айтқанда **«жамандықты барынша бұйыратын»** (Юсуф, 53) нәпсі жамандықтардан арылып, құпталған сипат-қасиеттермен безене бастайды.

Нәпсіні тиып, соның жолында шын ықыласпен күреске кірісу маңыздылығы мен қиындығына орай, «жиһад әкбәр» деп саналған.

Бұл сөзді Пайғамбарымыз саллаллаһу aләйһи уә сәлләм өте қиын болған Тәбук жорығынан қайтып келе жатқанда:

«Енді кіші жиһадтан үлкен жиһадқа оралдық», – деген еді.

Алайда сол жорық өте орасан жорық еді. Жорықтың басынан аяғына дейін мүнәфиқтардың фитнәлары, шайтанның азғырулары шаршатқан еді. Сол жылы өте қатты қуаңшылық пен аптап ыстық болып, жорықтың жолы да сондай ұзақ және жаяуды мүрттай ұшыратын жол еді. Астық оратын науқан келсе де, мүминдер бар жұмыстарын тастап шыққан еді.

Өздерін жер қайысқан Византия әскері күтіп тұрғандығы жайында жеткен хабар бұл жорыққа тағы да салмақ қосқандай болды. Отыз мыңнан аса сахабадан құралған әскер мың километр ары, мың километр бері жүріп өткенді. Мәдинаға жеткенде өңі солғын, терілері сүйектеріне жабысып, шаш-сақалдары үрпиіп өсіп кеткен болатын. Осындай жағдайда келе жатқанда Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің айтқан бұл сөзінің хикметін білгісі келген сахабалар:

– Уа, Расулаллаһ! Жағдайымыз – мынау. Бұдан да үлкен жиһад болуы мүмкін бе? – деп сұрағандарында Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Иә! Енді кіші жиһадтан ең үлкен жиһадқа, нәпсімен күрес жиһадына оралып келе жатырмыз!» – деген.

Өйткені Аллаһ Тағала:

«(Расулым!) **Өз нәпсісі мен әуесқойлығын тәңір тұтып алғанды көрдің бе?»** (Фұрқан, 43) – дей отырып, ішкі дүниесімен күреспей берілген адамдардың өз нәпсілерін тәңір тұтатындықтарын меңзеген. Сол себепті тәухид кәлимәсінің өзі, алдымен, жүректен барлық «тәңірлерді» ысырып, тазалау, сосын барып Хақ Тағаланың барлығы

мен бірлігін таза және қоспасыз, шынайы түрде жүрекке орнықтыру дешег сөз. Яғни толығымен Аллаһқа бет бұру. Оның әр ісіне разы болу дегені.

❀

Жалпы құлдың Хақтан разы болуы дүние сынақтары мен бәләлеріне сабырлық көрсетуі, ахіретке дайындығын өмір бойы шаршамай, жалықпай жалғастыруы, негізінде өзін-өзі жеңген-жеңбегеніне байланысты.

Өйткені бір заман басқа түсіп:

Қош барлығы Сенен келген,
Мейлі гүл ме, мейлі тікен!
Сырлы шапан, әлде кепен,
Қаһарың да, ілтипатың да қош!

- деуге тура келеді.

Бір күн келіп Хазіреті Яқуб пайғамбар секілді:

«Менің істейтінім енді көркем сабыр ғана...», деу керек болады.

Әлде отқа тасталған кезіндегі Хазіреті Ибраһим сияқты көмекке келген періштелерге дағы:

«Оттың Иесі кім? Ол менің жағдайымды біледі. Сендерден еш сұрарым жоқ!» – дегеніндей, дей білу қажет болады.

❀

ТҮЙІН

Демек, бүкіл мәселе сондай керемет бір өмір сүріп, нәтижесінде:

ارْجِعِي إِلَى رَبِّكِ رَاضِيَةً مَّرْضِيَّةً

«Разы болған әрі разы қылған күйде Раббыңа қайтып орал!» – аятымен сүйіншіленген соңсыз нығметтерге қауышу. (Фәжр, 28)

Аллаһым! Біздерді сондай нығметке жеткізе гөр! Мынау фәни өмірімізді соңсыздық берекеті ішінде ең көркем түрде өткізуді нәсіп еткейсің! Келіп-кетер өткінші сауықтарға алданып, қасіретке душар болғандардан қылмағайсың!

Әмин!..

Жақсы құл бола білу

Жақсы құл бола білу дегеніміз – өміріміздің әр сатысы мен кезеңіне Исламның көркем заңдылықтарын орната білу. Исламды өміріміздің ешбір сатысынан шет қалдырмау. Мәселен, саудадан, отбасылық өмірімізден, күнделікті қарапайым тіршілігімізден қалыс қалдырмау!

Жақсы құл бола білу

ӨМІРДІҢ ХИКМЕТІ

Қасиетті үш ай..

Бұл мүбәрак айлардың күндізі мен түнгі мезгілдері Хаққа жақындай білу үшін ең үлкен мүмкіншілік.

Хақ Тағала кей айларды кей айлардан қадірлі де қастерлі қылған. Сондай-ақ түндердің ішінен кейбір түндерді қасиетті деп дәрежесін жоғарылатқан. Себебі құлы бұл мезгіл аралықтарында Өзіне жалбарынсын, жақындасын, Өзінің соңсыз ризалығына қол жеткізсін деп. Сөйтіп иләһи кешірімге қол жеткізіп, Жамалұллаһ көріністеріне кенелсін деп Ұлы Аллаһтың құлдарына бағыштаған ерекше уақыт мезгілдері..

Бұл нығметтерге жетудің алғашқы шарты – тәухидтің жүрекке мықтап орнығуы. Ал екіншісі – сол тәухид сенімі бойынша құлшылық жасау.

Задында бізге берілген өмірдің мәні мен хикметі:

Хақ Тағала жақсы құл бола білу, құлдықта белгілі бір дәрежеге жете білу.

Адамзат арасындағы ең үлкен дәреже болған пайғамбарлықтың өзі құлдық сана-сезімімен орындалған Аллаһтың өзгеше сыйы еді. Сондықтан барлық мүминдерді күтіп тұрған ұлы міндет:

ЖАҚСЫ ҚҰЛ БОЛА БІЛУ

Жақсы құл бола білу дегеніміз не?

Өміріміздің әр сатысына Исламның тамаша заңдылықтарын шағылыстыра білу деген сөз. Саудада, Отбасылық өміріміздe, күнделікті қарапайым тіршілігімізде дінді негізге алу. Құлшылықтарымызды Аллаһқа толық беріліп, сезініп, иман толқынысымен өтеу. Міне, жақсы құл бола білу дегеніміз осы.

Хақ Тағаланың Құрандағы бұйрықтары – бізді жақсы құл болуға тәрбиелейтін, соның жолдарын үйрететін заңдылықтар. Исра сүресінің 22 - аятынан 40 - аятына дейінгі аралықты оқитын болсақ, осының мысалын көруге болады. Ол аяттарда Аллаһ Тағала Хақ Пайғамбарымызға қаратып айтқан әмір және тыйымдарымен бүкіл үмметке ескерту жасаған. Бұл үгіттердің ең үлкен ерекшелігі – барлық хақ діндерде бірдей мазмұнда болуы. Аллаһтан түскен әрбір дінде сол түскен ортаның әлеуметтік ерекшеліктеріне орай кейбір айырмашылықтар болуы мүмкін. Алайда барлық хақ діннің уағыздайтын негіздері жалпылама алғанда бірдей.

ИЛӘҺИ ҮГІТТЕР

Хақ Тағала былай деп бұйырады:

وَقَضَى رَبُّكَ أَلاَّ تَعْبُدُواْ إِلاَّ إِيَّاهُ وَبِالْوَالِدَيْنِ إِحْسَاناً
إِمَّا يَبْلُغَنَّ عِندَكَ الْكِبَرَ أَحَدُهُمَا أَوْ كِلاَهُمَا
فَلاَ تَقُل لَّهُمَا أُفٍّ وَلاَ تَنْهَرْهُمَا وَقُل لَّهُمَا قَوْلاً كَرِيماً

«Раббың тек Өзіне ғана құлшылық жасауларыңа, ата-аналарыңа жақсы қарайласуларыңа үкім шығарды. Олардың бірі немесе екеуі де сенің қасыңда қартайса, оларға «түу!», деп те айтпа. Оларға кейіме, оларға тек жақсы сөз айт!..» (Исра, 23)

Аяттағы бірінші үгіт:

Тек Аллаһқа құл болу. Ешбір жаратылған фәниге құл болардай дәрежеде тәуелді болуға немесе медет күтуге болмайды. Тек Аллаһқа ғана мойынсұнып, Одан тілеп, Оған құлшылық жасалады...

Екінші үгіт:

Ата-анаға жақсы қарайласу. Дүниеге келуімізге себепкер болған ата-анамызға тиісті құрметті көрсету. Аллаһ Тағала оларды біз үшін бағалы қылғаны соншалық:

«Олардың бірі немесе екеуі де сенің қасыңда қартайса, оларға «түу!», деп те айтпа!..» – деп бұйыруда.

Демек, адам қартайған сайын қайтадан балалық күйіне орала бастайды. Күші, қуаты азайады. Дене қалай күші мен қуатын жоғалтса, ақыл мен зейін де дәл солай әлсіреп, төмендей береді. Ата-аналардың сондай жастары ұлғайып, кемпір-шал болғанда, үлкен адам болған өз баласының өзіне «түу» дегізетіндей әрекеттер жасап та қояды. Сондай кезде біздің ұстанатын жолымыз Аллаһтың мына әмірі болуға тиіс:

«Абайлап бақ, оларға түу деп те айта көрме!»

ҮШ ҚАРҒЫС

Қағб бин Ұжрадан келген риуаятта:

Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бізге мінбәрге жақынрақ отыруымызды бұйырғаннан соң, бәріміз мінбердің алдына келіп үймелей отыра кеттік. Бірінші баспалдаққа көтеріліп *«Әмин!»* – деді. Екінші баспалдаққа көтеріліп тағы да *«Әмин!»* – деді. Үшінші баспалдаққа көтеріліп тағы да *«Әмин!»* – деді.

Мінберден түскеннен кейін:

– Ей, Аллаһтың Елшісі! Бүгін біз сізден бұрын естімеген жаңа нәрсе естіттік қой! – дедік.

Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

– Мен мінберде болғанымда Жәбірейіл келді. Бірінші баспалдақта тұрғанымда:

«Рамазан айына жеткенімен** (тиісті құлшылықтарын жасамай)**, кешірімге қол жеткізбеген иләһи рахметтен аулақ болсын!» *– деді.*

Мен «Әмин!» дедім.

Екінші баспалдаққа көтерілгенімде:

«Сенің атың аталған жерде Саған салауат пен сәлем айтпаған адам мейірімнен аулақ болсын!» *– деді.*

Мен «Әмин!» дедім.

Сосын үшінші баспалдаққа шыққанымда:

«Ата-анасы немесе олардың біреуі қолында қартайғанымен, жәннәтқа қол жеткізе алмаған адам мейірімнен аулақ болсын!» *– деді.*

Мен «Әмин!» дедім. (Хаким, Мүстәдрәк, IV, 170)

Бұл хадис шәрифте Жәбірейілдің Аллаһтан әкелген үш ескертуі бар:

ҮШ ЕСКЕРТУ

Алғашқы ескерту – басынан аяғына дейін иләһи рахмет, берекет, мархамат және кешірімге толы қасиетті Рамазан айын Аллаһтың кешіріміне қол жеткізе алатын деңгейде жақсылап, пайдалы түрде өткізу.

Екіншісі – Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің қадірін, бағасын жақсылап түсіну. Себебі Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләм – Хақ Тағаланың бұл үмметке

берген үлкен сыйы. Ол – бүкіл әлемге үлгі боларлықтай жалғыз тұлға...

Адамның басына қандай да бір бәлекет түссе немесе қандай да бір сый-сыяпатқа қол жеткізетін болса, солардың барлығы азды-көпті, үлгі ретінде Пайғамбарымыздың басынан өткен. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм үмметіне өте жанашыр, мейірім пайғамбары еді.

Оған біздің қарызымыз көп. Олардың ішіндегі ең үлкен қарызымыз күмәнсіз Оған салауат пен сәлем айту.

Хадис шәрифтегі үшінші ескерту болса, ата-анамызға қартайған кездерінде қалай қарауымыз керектігі жайында. Оларға бас иіп, қызмет көрсетуіміз шарт болып табылады. Тек ата-анаға бас ию Аллаһқа бас июге кедергі жасайтын болғанда ғана оларға бас июге болмайды. Өйткені бәрінен бұрын Аллаһқа бас ию шарт. Мысалға, арақ іш, тойында дастарханға арақ қоямыз, намаз оқыма, орамал тартпа және т.с.с бұйырса, ата-ананың әміріне бас июдің өзі харам іс болып табылады.

Бірақ ата-анамыз Аллаһқа қарсы келушілерден болғанның өзінде оларға жақсы және жылы сөйлеуіміз керек, бұл да Аллаһтың әмірі:

«Ол екеуіне кішірейіп, мархамат құшағын жай да: “Раббым! Ол екеуі мені кішкентайымда қалай өсіріп-баққан болса, Сен де оларды мархаматыңа бөлей гөр!” деп тіле» (Исра, 24).

Яғни қартайып, шарасыз халге түскен ата-анаға әрі жақсылап қарау керек, әрі олар үшін дұға қылу керек. Бұл да Аллаһтың ризашылығын табу жолдарының бірі.

Дүние шаңырағының босағасын аттап кіргендер, мына екі мәселеде өте мұқият болулары керек:

а. Қартайған ата-анаға құрмет көрсетіп, мейірімді болу;

ә. Жақсы, салихалы ұрпақ тәрбиелеуге ынта қою.

Үйленуге шешім қабылдап, отбасылық өмірге дайындалып жатқан әрбір жастың міндеті – осылар. Әйтеуір, күндердің күнінде олар да сол күйге түсетін болады.

ЖАСТЫҚ ШАҚ ПЕН СҰЛУЛЫҚ УАҚЫТША

Хақ Тағала Құран Кәрімде өмірдің сатылары жайында айтады және бүкіл бір өмірді қысқаша:

«Біз кімге ұзақ өмір берсек, сонда оның жаратылысын (балалық, жастық, жігіттіктен кетіп, қартаяды, нашарлайды) **бұзып** (әлсіретіп)**, белін бүкірейтеміз. Олар мұны түсінбей ме?»** – деп сипаттайды. (Ясин, 68)

Адам әуелде әлсіз, қауқарсыз болып дүниеге келеді. Ата-анасының қолында және олардың мейірім құшағында өсіп-өнеді. Мұнда ата-ананың да өте маңызды рөлі бар. Ата-ана балаларының өмірін жақсылық пен ізгіліктерге толтыруы керек.

Аллаһ Тағала адамға жастық шағында білегіне күш, бойына қуат береді. Сосын жасы ұлғайған сайын бұл жаратылысы кері қарай кете бастайды. Ақырындап белі бүкірейеді. Денедегі көп ағзалар күшін жоғалтады. Сол сияқты ақылы да кері кетіп, алжиды, жүйкесі жұқарады. Сондықтан төзімі аз болады.

Аллаһ Тағаланың бұл заңдылығы үнемі әрі үздіксіз көрініс таба бермек. Сондықтан Хақ Тағала біздің үнемі саналы түрде күн кешуіміз үшін «Ойланбайсыңдар ма? Сапар қай жаққа?» – деп, бізді ойлануға шақыруда.

РАХМЕТ ЕСІГІ – ТӘУБЕ

Мәселе қайда сапар шегіп бара жатқанымызды жақсылап ұғынып, салих құлшылық жасай білуде. Раббымыз бұл жөнінде:

«Раббыларың сендердің жүректеріңдегіні өте жақсы біледі. Егер сендер салихалы болсаңдар, мынаны біліп алыңдар, Аллаһ жамандықтан тыйылып, тәубеге бет бұрғандарды ерекше жарылқаушы» – дейді. (Исра, 25)

Хақ Тағала жүректегі сырларды ең жақсы білуші. Ол өзінің құлдарына **күре тамыры**нан да жақын екендігінен хабар береді (Қаф, 16). **Адам мен оның жүрегінің арасы**на енетінін білдіреді (Әнфәл, 24).

Барлық сезімдерімізді Аллаһ Тағала бізден де жақсы біледі. Бірақ әрқашан бізге мейірім есіктерін ашады және құтылу жолдарын көрсетіп отырады. Бізден қалағаны – жамандықтардан қайтып, тәубеге шынайы бет бұруымыз.

Ал тәубе дегеніміз – сөзбен бола салатын нәрсе емес. Тәубе жамандықтардан тыйылып, оларды жек көруден басталады. Осындай тәубе Құранда «тәбәтүн насуха» деп аталады. Мұндай шынайы тәубе – барлық мейірім мен жәннәт есіктерінің жалғыз кілті.

Аллаһ Тағала бұл орайда бізге тәубе жөнінде шайтанның тұзағына түспеуімізді ескертеді:

«... Шайтан Аллаһ жөнінен (рахымды, кешірімді деумен) **сендерді алдаусыратпасын!»** (Лұқман, 33).

Яғни тәубе тек ауызбен, тілмен ғана емес, ділмен, жүрегімізбен де іске асуы керек.

Одан кейінгі иләһи борыштардың бірі:

ӘЛЕУМЕТТІК МІНДЕТТЕРІМІЗ

Аят кәримәда былай бұйырады:

«Туыстарға, міскіндерге, жолаушыларға хақыларын бер!» (Исра, 26).

Демек, ең бірінші кезекте жақсылық жасап, қарайласуымыз керек болған адамдар туысқандарымыз екен.

Одан кейін міскіндер, кейін жолда қалғандар, сонан соң қиын жағдайға түскендер келеді.

Яғни Аллаһ Тағала бізді айналамыздағы адамдар алдында жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеуде. Ол бізге мүлікті аманат қылып қана берген, шын мәнінде барлық байлықтың иесі – Аллаһ. Құл жәй ғана қазына қарауылы, жұмсаушысы және жұмсаған әр тиынынан сұралады да. Демек, баршылықта өмір сүрген құлдар жоқшылықта өмір сүріп жатқандарға жауапты. Көзін тарс жұмып, өзін, өз отбасын ғана ойлауына рұқсат жоқ.

Хақ Тағала сонымен қатар:

«Орынсыз жерге шашып-төкпе!» – деп бұйырады. (Исра, 26)

Яғни бұл – мүлік аманат болғандықтан, оны рахат өмір сүруіңе жағдай жасау үшін оңды-солды шаша алмайсың, кедейлерді, зұлымдық көріп жатқандарды, мұқтаждарды көріп олардан ғибрат ал деген сөз.

Шашып-төккендер жайында:

«Олар шайтанның достары. Ал шайтан тым опасыз», – деп ескертеді. (Исра, 27)

Олай болса біз мал-мүлкіміз мәселесінде қандай қағиданы ұстануымыз керек?

Қоғамға қарап отырсақ, қолына дәулет біткендер «ақша менікі, қалай жұмсасам да өзім білем. Өмірге екі рет келмеймін ғой! Оралымның барында ойнап күлейін!» – деген сияқты ұрандармен тон пішіп, өзін-өзі алдаумен өмір сүреді.

Алайда бұл тіршіліктегі өмірлік ұстанымдар пайғамбарлар мен сахабалардың ұстанымдары ғой!

Аллаһ Тағаланың жіберген пайғамбарларының арасында өте мүшкіл жағдайда өмір сүргендер де, өте дәулетті болғандары да бар. Бірақ дәулетті пайғамбарлар жүректері мен зейіндерін ешқашан ақша жәшігіне айналдырмаған. Байлықтарына жүректерінен орын тепкізбеген. Мал-мүліктің тұтқыны болмаған, оны аманат деп біліп, Аллаһ бұйырған істеріне, Аллаһ бұйырған мөлшерде жұмсаған.

Осман мемлекетіне назар аударатын болсақ, олар билік жүргізген алғашқы үш ғасырда осындай тура жолды ұстанған. Яғни Осман мемлекеті өз дәуірінде Аллаһтың берген дәулетін дұрыс пайдаланулары нәтижесінде Аллаһ Тағала оларға 24 миллион шаршы километрдей орасан аймақтың билігін берді.

Ең маңыздысы – Аллаһқа құл бола білу және мүліктің шынайы иесі кім екендігін санамен де, жүрекпен де түсіне білу. Ол үшін шайтанмен сыбайластық жасамау керек. Өйткені шайтанмен кішкентай ортақ нәрсесі болғандардың жәннәтқа кіруге үлкен кедергілері бар. Бұл – құл үшін үлкен қасірет.

КӨҢІЛ АУЛАЙТЫН СӨЗ

Жанымыз да, мүлкіміз де Аллаһтікі. Сол себепті әрі малымызбен, әрі жылы сөзімізбен ғаріптердің көңілін аулап, жүрегін баурап жүруіміз керек. Бұл жөнінде Хақ Тағала нәзіктікті, сыпайы болуды бұйырады:

«Егер Раббыңнан үміт еткен мархаматты дәметумен (қолда жоқтықтан қайырымдылық жасай алмай) **жалтақтасаң, онда оларға сыпайы сөйле** (көңілдерін аула)**!»** (Исра, 28).

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің қасына ғаріптер, ешкімі жоқ жалғыздар келуші еді. Олар өздеріне бір садақа немесе бір сыйлық берілер деп күтетін еді. Кейде Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм қолында беретін ештеңесі болмай қалатын, кейде тіпті өзі де сол кісілердің ар жақ, бер жағында болып аш жүретін кездері де болуышы еді. Мінеки, осындай қолында берер ештеңесі болмай қалған кезде Пайғамбарымыз саллаллаһу

алəйһи уə сəлләм ол кісілерге қарауға ұялып, оларға білдірмей жүзін теріс қаратып алушы еді. Міне Аллаһ Тағала осыған байланысты жоғарыдағы аяттарды түсірді:

«Ең болмаса, олардың көңілін аулайтын, жақсы сөз айт!»

Яғни жүзіңді теріс қаратпай, оларға жақсы сөзбен, жарты ырым жаса!

Осы тəрбиемен Пайғамбарымыз саллаллаһү алəйһи уə сəлләм қолында еш берері жоқ болған кездерінде де күлімдеп, тəтті, жылы сөздерін садақа ретінде ұстанып жүрді.

Пайғамбарымыз саллаллаһү алəйһи уə сəлләм өмірдің түрлі, қилы тұстарында үнемі құшақ жайған, етек-жеңі кең, əр сөзі, тіпті жүзіне қараудың өзі адамды жұбатып, қайғысын ұмыттырып жіберетін жан еді. Сондай-ақ Оның рухани халі сондай тұрақты, иманға толы еді. Мысалы, Хəндəк соғысында мұсылмандар ауыр жағдайды бастарынан өткізді. Қиналғандары сонша: «Аллаһтың жəрдемі келмей ме екен?» – деп шүбəлана бастаған еді. Сол кезде Пайғамбарымыз саллаллаһү алəйһи уə сəлләм:

«Шын өмір – ахірет өмірі!», – деген болатын.

Сосын, Меккенің алынуы секілді ұлы жеңіске қол жеткізгенде де Ол, саллаллаһү алəйһи уə сəлләм дəл сол күйде еді. Ол түйе үстінде шалқайып, шіренбестен, басын сəжде етердей еңкейген күйде Меккеге кірген еді. Айналасындағыларға айтқан сөзі тағы да:

«Шын өмір – ахірет өмірі!» – болған-ды.

Өйткені бұл дүниедегі жеңіс пен сыйлардың барлығы да өткінші. Әрі бұл өмірде қаншама жетістік пен жеңіске қол жеткізген болсақ, оның барлығы да тек Аллаһтың көмегімен ғана болған.

Сол себепті Аллаһтың құлы үнемі Аллаһқа тәсілім күйінде болуы, сөзімен де, малымен де, іс-әрекеттерімен де айналасына садақа таратып жүруі, жылы жүзді және кішіпейіл болуы керек-ақ.

Мұсылман тұлға Исламның әсемдігін өз бойынан өзгелерге шағылыстыруы керек.

Осылайша қоғам ішінде қашан да көңілдерді құлатушы емес, емдеп жазушы адам болуы шарт. Бүгін шатырлап жанып жатқан отбасылардағы жас буындар, көшеге тасталғандар, есірткінің жетегінде кеткендер және жезөкшелік жолының қараңғы соқпағына түсіп кеткендер үшін біз, қайткенде де, Аллаһтың алдында жауапқа тартылатын боламыз. Хазіреті Мәуләнә:

«Бір адамды құтқар, үлкен қажылығың болсын!» – дейді.

Бұл әлемде адам баласы тұрғызған алғашқы қасиетті мекен Қағба болды. Ал адам жүрегі – Хақ Тағаланың тұрғызған рух тұрағы. Сол себепті ең үлкен құлшылық – бір жүректі иман нұрына бөлеу. Ал ең үлкен пәлекет – бір жүректі құлатып, имансыздық шұңқырына итеру.

Хазіреті Мәуләнә бұл жөнінде:

«Мамық бол, аяққа кірер тікен болма!» – деген.

САРАҢДЫҚ ТА, ЫСЫРАП ТА КЕРЕК ЕМЕС

Мамық болу дегеніміз ең алдымен барыңды бөлісу. Қолымыздағы бар-жоғымызды, білім, мал-мүлік, тіпті күлімдеу арқылы айналамызға мейірім көрсете білуіміз ке-рек. Мұндағы ең жақсы өлшем – сараң да болмау, ысрапшыл да болмау. Хақ Тағала:

«Қолыңды мойныңа байлап алма (сараң болма) **және барынша ашып та жіберме** (ысырап қылма!)**. Өйтсең, өкіниште, таршылықта қаласың»,** – деп бұйырады. (Исра, 29)

Тек өзімізді ғана ойлауға рұқсат жоқ. Айналамыздағыларға бейқам қарауымызға тағы болмайды. Сараңдыққа да, ысырапшылыққа да сол себепті тыйым салынған. Өйткені ысырап – өзіңе үйіп-төгу, артылғанын желге шашу, ал сараңдық өзіңе ғана жинай беру, жинай беру деген сөз. Екеуінің де түбінде өзгелердің жағдайын ойлау, басқалардың қамын жеу сезімі жоқ. Бұл екеуінде тек өз қара басын ойлау ғана бар. Ал Хақ Тағала басқалармен бір-бүтін болып, айналасына қарайласатын қамқор құл болуымызды қалайды. Ысырапшыл да, сараң да болмауымыз керек. Үнемі қамқор болуымыз керек. Ал қамқорлықтың өлшемі не? Хақ Тағала бұны былай деп баяндайды:

«... **Сенен нені садақа ету туралы сұрайды. "Қажеттеріңнен артығын** (беріңдер)**" деп айт»** (Бақара, 219).

ЕКІ БӨЛЕК СЫНАҚ

Тепе-теңдікті жақсы ұстай білу керек. Қаржы мәселесінде Хақ Тағаланың маңызды ескертуі мынау:

«Раббың қалағанына рызығын мол қып береді, қалағанын тарылтады. Шүбәсіз, Ол құлдарының жайын жақсы біледі. Оларды толық көреді» (Исра, 30).

Бұлардың екеуі де, яғни баршылық та, жоқшылық та Аллаһтың сынағы. Бұлар құлды не жәннатқа апарады, не болмаса, - Аллаһ сақтасын - жәһәннамға апарады. Аллаһтың құлдары бұл екеуіне де риза болып, құлшылық қылар ма екен, әлде бас көтеріп қарсы шығар ма екен, деген Аллаһ сынағы.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің кейде жоқшылықты басынан кешірген кездері, яғни үйінде судан өзге ештеңе болмаған кездері де болған. Ал кейде олжаларға қарық болып, Мекке мен Мәдинаның ең дәулетті адамына айналған кездері де болған. Ол екі халде де дүниелік дәулетке көңіл аударған жоқ. Ол байлығын Аллаһтың бұйрығы бойынша пайдаланды және қалай жұмсауды бұйырса солай жұмсады.

Тіршіліктің өзі – адамға бағына қарай берілген нәрсе. Хақ Тағала қалағанына береді, қалағанына бермейді. Ол да баққа қарай. Беруі де, бермеуі де сынақ. Құл екі халде де Жаратушы Иеге разы болуы керек. Берсе, ысырап қылмай, шүкіршілік етіп, инфақ жасауы керек, ал егер бермесе, **«Сабырлы болғандарды сүйіншіле!»** (Бақара, 155) – деген аят кәримасын өзіне ұран етіп, сабыр сынағын басынан өткізбек.

Аят кәримәда:

«Ол күні малың да, балаларың да көмектеспейді! Тек Аллаһқа сәлим (таза, арылған) **жүрекпен келгендер ғана!** (құтылады)**»** – делінген. (Шұара, 88-89)

Яғни мал-мүлкің, әйел-балаң бәрі осы дүниеде қалмақ. Сондықтан өмірді түгелімен сол құндылықтарға ғана арнау нәтижеде адамды һәм рухани, һәм материалдық тапшылыққа ұшыратады.

МАТЕРИАЛДЫҚ УАЙЫМ МЕН ҚЫЛМЫСТАР

Исламнан бұрынғы дәуірді «жәһилият дәуірі» деп атаймыз әрі сол дәуірдің адамдарын жасаған зұлымдықтарына қарай кінәлаймыз, қаралаймыз. Мұнымыз жөнсіз де емес. Өйткені ол кездегі адамдар «асырап, баға алмаймызау» деген қорқынышпен және басқа да себептермен өз балаларының өміріне қиянат жасаушы еді. Аллаһ Тағала:

«Күн көре алмау қорқынышымен балаларыңды өлтірмеңдер, олардың да, сендердің де ризықтарыңды біз береміз. Оларды өлтіру шын мәнінде үлкен күнә» – дей отырып нәресте қырғынын харам қылған. (Исра, 31)

Сондай-ақ Хақ Тағала:

«Тірідей топыраққа көмілген қыз баладан қандай кінәсі себепті өлтірілгендігі сұралған кезде...» – деген баянымен баласын өлтірген адамдардың ахіретте ауыр есепке тартылып, сондай ауыр азапқа ұшырайтындығын білдіруде. (Тәкуир, 8-9)

Ал бүгінгі дәуірді қалай атасақ екен?

Жәһилият дәуірінде қыз балалар тірідей көмілуші еді. Ал бүгінгі таңда дүниеге келмей жатып, аналарының құрсағында-ақ миллиондаған нәресте, аборт жасаушы хирургтардың қолында жұлма-жұлмасы шығып жан тапсыруда.

Жарық дүниенің есігін ашпай кетіп жатқан байқұс балапандар-ай!.. Анансының көзі алдында, қолы қол, бұты бұт болып, басы жұлынып жатыр. Ал анасы дүниеде өзі рахат өмір сүру үшін бұған рұқсат етуде. Кім білсін, бәлкім сол өзі өлтірткен нәрестесі өзіне сүйеу, қамқоршы болар ма еді?... Бұл аборт жасалған жазықсыз нәрестелермен қатар соғыстар мен қақтығыстардың салдарынан аяусыз өлтіріліп жатқан сансыз балаларымыз да өз алдына адамзаттың қасірет трагедиясы...

Былай қарасақ бүгінгі күні кәдімгі жәһилият дәуіріне қайтадан оралғандаймыз.

Сол себепті бұл күндері өзімізді Хаққа лайық жақсы құл болған-болмағандығымызды жақсылап ойланып, таразыға салуымыз керек. Осынау адамзат баласының басына түрлі қайғылар мен апаттардың келуіне себепкер болған бізден кеткен кемшілік қайсылары десеңізші?! Қоғамымыздың тыныштығы мен бақыты үшін құлшылығымыз қандай күйде болуы керек? Осылай жан дүниемізбен есептесіп, Ислам әлеміне көбірек дұға қылалық. Отанымыз бен ұлтымыз үшін де, әсіресе таңсәрі уақытының нәрлі аясында Раббымызға көбірек жалынып, жалбарынайық.

Аллаһ елімізге ауыр сынақ бермесін. Мемлекетімізге зауал бермесін. Бейбіт өлкелер мен бейкүнә адамдардың қырылуына жол беретін соғыс шоқтарын Өз мейірім бұлттарымен сөндірсін. Осы үш мүбәрак айдың құрметіне дүниеге мейірім мен берекетін берсін. Ал біздерді үнемі адамзатқа пайдасы тиер, рақым және берекет таратушы жақсы құлдарынан қылсын!

Әмин!..

Көркем мінез

Адам ұлы тұлғалар мен көркем мінез иелеріне қашан да тәнті болған және оған еліктеген. Тарих беттерін парақтар болсақ, көңіл сұлтандары өздерінің жоғары мінезділігімен, тұлғалығымен қоғамдағы рухани тірілікті және Исламның қасиеттерін мықтап ұстап қалған. Ұлы Раббымыз олардың сол қуатты имандары мен жоғары мінездеріне бола оларды Өз сүйіспеншілігіне бөлеп қана қоймай, бүкіл мұсылмандарға да сүйдірткен.

Көркем мінез

АДАМНЫҢ ҚАСИЕТІ

Әлемнің ең жоғарғы жаратылысы болып, Аллаһтың халифасы мәртебесіне бөленген адам баласы осы қасиеті мен абыройын сақтап қалуы үшін өз дәрежесіне сай жоғары мінез бен ең көркем ерекшеліктерге ие болуға мәжбүр. Олай етпесе нәпсісі оны төмендердің ең төменіне түсіріп, қор қылатындығы хақ.

Сол үшін құл өзін мәңгілік бақыт таңына жеткізетін, нәпсінің бұғауынан азат ететін ұлы, әрі жоғары сатылы иләһи сипаттарды меңгеруі керек. Оны меңгеріп қана қоймай, сол жоғары дәрежеге сай сипаттарды өміріне сіңдіруі керек. Мұнда жетістікке жете білгендер өздерін де құтқарып, өз айналасындағы адамдарға да қол ұшын беріп үлгермек..

КӨРКЕМ МІНЕЗГЕ БӘРІ ТӘНТІ

Еш күмәнсіз бұл дүниедегінің барлығы, әсіресе адам баласы, ішімен де сыртымен рухани сымбатты,

жұмсақ жүректі, кемел ойлы және орнықты тұлғалы жоғары сипаттарға ие тұлғаларға қашан да тәнті болған. Жаратылғанынан бері жерлер мен көктер және бүкіл адамзат ондай адамдарға сүйсіне қарап, ақылдар мен көңілдер өз күшінің жеткенінше оларға еліктеуге, ұқсауға тырысып баққан.

Себебі адамның табиғатында жоғары, көркем мінезге сүйіспеншілік және еліктеу құштарлығы жаратылысынан бар құбылыс. Тіпті адам баласының жаратылысындағы ең негізгі қасиеттердің бірі де сол еліктеуге бейімділігі. Бала ана тілін осылай үйренеді. Ата-анасының, жақын туыстарының қолында өсіп және қоршаған ортасының әсерінен дами отырып, тұлғалық ерекшеліктерін қалыптастырады.

Яғни адам туылғанынан бастап болымды және болымсыз, материалдық және рухани кемелденуін еліктеген адамдарынан алып отырады. Христиан ата-анадан дүниеге келген бала мұсылман отбасында өсіп-жетілетін болса, оның мүмин болып қалыптасу мүмкіндігі жоғары болады. Дәл сол сияқты мұсылман отбасыда туылған бала да христиандардың қолында өсіп-жетілсе, оның христиан болып кетуі әбден мүмкін.

Осы шындық бізге адам баласының болмысы үнемі дамуға ашық болғандықтан айналасынан көргендерін өзіне өнеге ете отырып, алдыға жылжып кемелденіп отыратынын көрсетеді. Олай болса, өзімізге кімді өнеге етіп алуымыз керек?

ПАЙҒАМБАРЛАРДЫҢ ӘРБІРІ КӨРКЕМ МІНЕЗ ҮЛГІЛЕРІ

Адам баласының өнеге алу мұқтаждығын қамтамасыз ету үшін және оны ең тура жолға бағыттау үшін Хақ Тағала бізге өнеге тұтатын тұлғалар ретінде пайғамбарларды жіберген.

Әлем мақтанышы Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің өміріне көз жүгіртер болсақ иләһи уахидың алдымен Оның жүрегіне түскенін байқаймыз. Бұл жағдай бізге қасиетті аяттарда былай баян етіледі:

«Күмәнсіз, ол (Құран) **– әлемдердің Раббысының түсіргені. Оны Рухұл-Әмин** (Жәбірейіл) **ескертушілерден болуың үшін ап-анық араб тілінде Сенің жүрегіңе түсірді»** (Шұара, 192-195).

КӨРКЕМ МІНЕЗ – БАҚЫТТЫҢ КӨЗІ

Жүрекке түскен Құран Аллаһ Расулының мінезі мен ахлағының бейне бір тірі Құран күйінде көрініс беруіне дәнекер болды. Оның сахабалары сол тірі Құран іспеттес тұлғаның мінезі мен табиғатына тәнті болып, өз тұлғалықтарын да нәби жүрегінен сусындау арқылы қалыптастырды.

Һидаят бұйырмай тұрғанда қаннен-қаперсіз, жабайы өмір кешіп жатқан бұл жәһилият адамдары Аллаһ Расулынан алған рухани тәрбиемен нәрленіп, іс-амалдарында кәмілдіктің шыңына қарай ұша жөнелген. Сол себепті:

Сахабалардың сол дәуірін «саадат дәуірі, яғни бақыт дәуір», деп атаған.

Сол шақтың адамдары «мағрифат» иелері болды.

Сол дәуір «терең тәфәккур (ойлау) маусымы» сипатына ие болды.

Сол шақ Раббымызды және Расулұллаһты жақынырақ танудың дәуірі еді.

Құрметті сахабалар саналарының төрінен нәпсілік армандарын бытыратып, жүректеріне тәухидті ғана орналастырды. Малдары мен жандары арқылы әрқашан және барлық жерде Аллаһтың ризалығын іздеді. Сол ізденіспен Қытайға да, Самарқандқа да барды. Ыстамбұлға да сапар шекті. Бұл сапарлар оларды еш шаршатқан жоқ. Өйткені көңілдеріне мархамат пен һидаят бойлаған еді. Хақ үшін, халық үшін қызмет иманның ләззатына айналған еді.

Ол сахабалар үнемі асқан жанкештілік пен ерекше тұлғалық, яғни Ислами адамгершілікті танытты.

Сол сахабалар бір адамнан бір хадис шәриф алып, үмметке жеткізу үшін бір айлық жолды еш қиналмай жүріп өтуші еді. Ол бақытты адамдардың бойында сондай бір жоғары мінез орнағаны соншалық, қаншама жол жүріп барғанына қарамай тақуалығынан, атын бос дорбамен алдап шақырған адамның риуаят еткен хадисін алмады. Жануарды алдаған адамның мінезі шикі, сондықтан айтқан сөзінде жалғандық болады деп білді.

Қанағатшылдық олардың бойында табиғи күйге

айналды. Ол қоғамда ысырапшылдық деген асыра жұмсау, тек өз жаны рахат өмір сүру, мақтан, дүниеқұмарлық жоқ еді. Сахабаларға бұл мүлдем жат еді.

Ислам шекаралары он жылдан соң Мәдинадан Палестинаға, Иракқа жеткен кезде де жан дүниелері сол кішіпейіл күйінде қалды. Қазыналар оларға селдей аққан кездерде де үйлерінің үлгісі, ішкі дүниелері мен дүниеге көзқарастары еш өзгерген жоқ.

Осылайша олар дүние тарихында «адамгершіліктің шыңына жеткен адамдар» ретінде сақталды.

Аллаһтың дініне қызметті мақсат тұтқан мүминдер де құрметті сахабалардың бұл халінен өнеге алып, сол ұлы сырдан сусындауы керек. Жүрегіне Құранның нұрын сіңіруге барынша тырысуы қажет.

ЖҮРЕКТІ АШАТЫН КІЛТ

Мұсаб бин Ұмәйр радияллаһу анһу Әсғад бин Зурара радияллаһу анһу екеуі Мәдинадағы Абду Әшхәл және Зафар ұлдары тайпаларының жұртына барады.

Ол кезде Абду Әшхәл ұлдарының рубасы Сағд бин Мұаз бен Үсәйд бин Хұдайр болатын. Екеуі де әлі мүшрік еді. Сағд Мұсаб бин Ұмәйрдің келгенін естігенде Үсәйдке:

«Не қып отырсың? Біздің әлсіз және әлжуаз адамдарымызды алдап-арбауға келген ана екеуіне бар да оларды бұл арадан қуып жібер!» – дейді.

Үсәйд сонда Мұсаб бин Ұмәйр мен Әсғад бин Зурара-

ға барып, оларға қабағын шытып тұрып, айтпағанды айтады жəне қолындағы найзасымен едіреңдеп:

– Өмір сүргілерің келсе, бұл арадан тайып тұрыңдар! – деп зекиді.

Мұсаб радияллаһу анһү болса сабырлы жəне күлімдеген жүзімен:

– Егер отырып тыңдасаң, саған айтар нəрселеріміз бар. Сен ақылды жəне көреген, осы жердің данасысың. Ұнатсаң қабылдарсың, ұнатпасаң қоярсың.. – дейді.

Үсəйд сəл ойланып:

–Дұрыс айтасың , – деп, найзасын жерге қадап, отырып оларды тыңдайды.

Тыңдаған сайын, Мұсаб радияллаһү анһү түсіндіріп жатқан иләһи əсемдіктердің тартылысы оны одан ары баурап алады. Соңында Исламды жан-тəнімен қабылдап, ол жерден иманның шаттығына бөленген халде қуана отырып кетеді. Сағдқа барғанда:

«Оларды тыңдадым. Айтқан нəрселерінен бір кемшілік таба алмадым», – дейді.

Бұған қатты ашуланған Сағд енді жеке өзі Мұсабқа барады. Өте ашулы еді жəне қылышын ортан беліне дейін қынынан шығарып дайындап барған-ды. Ал Мұсаб бин Ұмəйр болса, оны жылы шыраймен қарсы алып, ашуын басады. Сосын тəтті де жанға жайлы сөздермен оған иләһи ақиқатты баян ете бастайды.

Сөйтіп, Сағдтың өзі де Үсәйд құсап хақиқаттың жан тербеген насихатынан иман кәусәрін тауып, жүрегі жібиді.

Еш күмәнсіз, бұл хал – Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің рухани тәрбиесінде жетілген ерекше сахабалардың қандай ұлы тұлғалыққа қол жеткізгендіктерінің айқын бір мысалы.

Ол бақытты жандар адамды адам ететін Исламның берекесімен:

«Сені өлтіруге келген адам, сенің қолыңмен тірілсін!» – деген дәстүрді алтын әріптермен адамзат тарихына жазып кеткен.

КЕШІРІМ МЕН МЕЙІРІМНІҢ ШЫҢЫ

Бұл орайда ұлы өнеге Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм өлтірілуі керек болған қаншама күнәһарларды, тіпті сүйікті ағасын өлтірген Уахшиді дағы кешіріп, оларға жақсы мәміле көрсеткендігін қанша қайталап айтсақ та көп емес. Оның көңілінде және мәжілісінде қашан да мейірім мен рақым ашудың алдын орап кететін. Пенделерді өртеген түрлі ғапылдық пен адасу алаулары Оның ақиқат кәусәрында сөніп, жайқалған гүл бағына айналатын.

Ол дәуірдің адамдары:

«Тіссіз бе бір адам, оны бауырлары талап қойатын!» деп сипатталған жабайылық және надандықтан құтылды. Жүректері сондай жұмсарды, соғыстан соң бір тамшы суға зар боп, қиналып жатқан кезінде өзіне әкелінген суды ішпей, басқа жаралы бауырына берілуін өтініп:

«Анаған апарыңдаршы!» – деп, соңғы демінде бұратылып жатып өз қолындағы суды ауадан қажет кезінде бауырына қиған, өзінен артық бауырын ойлаған асыл тұлғаларға айнала берді.

ДҰШПАНДАРДЫҢ КӨЗІНДЕ ДЕ КӨШБАСШЫ БОЛУ

Адамзатты осыншалықты теңдессіз рухани дәрежелерге жеткізген Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү aлəйһи уә сәлләм сол асыл тұлғалар керуенінің әрдайым басында болды.

Өткен ғасырдың орталарында Голландияның Лахей қаласында жиналған ілім және пікіршілдер мәжілісінде әлемнің ең ұлы жүз тұлғасы анықталды. Сол мәжілісте толығымен Христиандардан тұратын таңдаулы әділқазылар өздерінің негізгі талаптарына сай келгендіктен Хазіреті Пайғамбарды ең ұлы тұлға деп таңдауға мәжбүр болды.

Тағы да бір назар аударарлық жайт, құрметті сахабалардың жүзден тоқсаны тек қана Расулұллаһ саллаллаһү aлəйһи уә сәлләмнің үсуәтүн хасәнә делінген ұлы өнеге тұлғалығына тәнті болып Исламды қабылдаған болатын.

Оған дұшпандық қылуда шектен асып кеткендердің өзі Оған ешуақытта «өтірікші» немесе «залым» деген сипаттар таға алмаған, айдан жарық, күннен нұрлы дидарына күйе жаға алмаған еді. Тіпті оны жамандауға бастаған кезде өздері байқамай мақтап қоюшы еді.

ҰЛЫ АХЛАҚТЫ МАСҚАРАЛАУ МҮМКІН ЕМЕС

628 жылы Парсыларды жеңіліске ұшыратқан Византия императоры Гераклит жорықтан оралған соң Сирияда болған кезінде Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің Исламға шақырған хатын алады.

Бұл хатқа кейбір елдердің патшалары құсап ашуланбады, қайта оны қызыға оқып, Оның тәбилиғін, уағыз-насихатын тыңдауға құмартады. Бірақ алдымен көкейіндегі сұрақтарды қою үшін Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің жерлестерінің Сирияда жүргенін естіп оларды алдына шақыртады.

Сол кезде Хазіреті Пайғамбардың азулы дұшпандарының бірі Әбу Сүфиян Меккелік саудагерлерді басқарып, Сирияда жүрген болатын. Ол жыл һижраның 6 -жылы және Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләммен Құрайштықтар арасында татуластық келісімі жасалынған болатын. Гераклиттің әмірімен Әбу Сүфиян бастаған бір топ мүшрік оның құзырына әкелінді.

Сол кезде Гераклит пен уәзірлері Иляда, яғни Бәйтүл Макдисте болатын. Гераклиттің әмірімен аудармашы:

«Пайғамбармын деп отырған бұл адамға ең жақының қайсысың?» – деп сұрады. Әбу Сүфиян:

«Мен оның туысқанымын» – деп алға шықты. Сонда Гераклит:

«Оны және онымен бірге жолдастарын қасыма жақын әкеліңдер! Мен онымен сөйлескен кезде жолдастары қасымызда тұрып тыңдап тұрсын!» – деп әмір етті.

Сосын Гераклит Әбу Сүфиянның қасындағы араптарға қарап:

«Мен мына адамға біраз сұрақтар қоямын, егер өтірік айтып жатса, маған “Өтірік айтып жатыр” - деп айтыңдар!» – деді.

Кейінірек «Уаллаһи, өтірік айтқанымда жолдастарымның мені өсек қылатындығынан ұялмағанымда, Ол туралы өтірік айтар едім!» – деген Әбу Сүфиян Гераклитпен болған әңгімесін былай жеткізеді:

– Оның тегі қандай? – деп, Гераклит маған сұрақ қоя бастады. Мен:

– Ол ең тектіміз! – деп жауап бердім.

– Одан бұрын біреу пайғамбармын деп шыққан ба еді? – деді.

–Жоқ! – дедім.

– Ата-бабасында патша немесе билікте болған біреу болып па еді? – деп сұрады.

–Жоқ! – деп жауап қайтардым.

– Оған сенгендер байлар ма, билер ме, кедейлер ме? – деп сұрады.

– Кедейлер, – деп жауап қаттым.

– Оған сенгендер азаюда ма, көбеюде ме? – деп сұрады.

– Көбейіп бара жатыр! – дедім.

– Оның дініне кіргеннен кейін ұнатпай, қайта шығып кеткендер бар ма? – деді.

– Жоқ! – дедім.

– Бұрынды-соңды өтірік айтқанын естіп пе едіңдер? – деп сұрады.

–Жоқ! – дедім.

– Сөзінен тайған кезі болып па еді? – деп сұрады.

– Жоқ, берген уәдесінен таймайды. Бірақ жақында Онымен белгілі бір уақытқа дейін келісім жасастық. Осы уақыт ішінде Оның не істейтінін білмейміз – дедім. (Әбу Сүфиян "Оны жамандау үшін осыдан басқа араға қыстыратын сөз таба алмадым" деп кейінгі уақыттарда айтқан еді).

– Онымен соғыстыңдар ма? – деді.

– Иә! – дедім.

– Бұл соғыстар қалай аяқталады? – деді.

– Кейде Ол, кейде біз жеңеміз, – дедім.

– Ал сендерге нені бұйырады? – деді.

– Бізге *"Жалғыз Аллаһқа құлшылық қылыңдар, Оған ешбір нәрсені серік қоспаңдар! Аталарың табынған пұттарды тастаңдар!"* – дейді. Намаз оқуға, шыншыл, ар-намысты болуға және туыстық қатынастарды бұзбауға шақырады, – дедім. Сонда Гераклит аудармашысына:

– Мына адамға айт:

Оның тегін сұрадым, араларындағы ең тектілердің бірі екендігін айттың. Пайғамбарлар да осылай қауымдарының ішіндегі текті ата-анадан туылады.

Араларында Одан бұрын біреу пайғамбармын деп шыққан ба еді деп сұрадым. Жоқ дедің. Егер Одан бұрын пайғамбармын деген біреу шыққан болғанда, соған еліктеп жүр деп айтар едік, бірақ олай емес.

Ата-бабаларының ішінде патша немесе билікте болған біреу бар ма еді деп сұрадым. Жоқ дедің. Егер тұқымында билікте болған біреу болғанда, атасының билігін қайта қолға алу үшін даулап жүр деп айтар едім.

Өзін Аллаһтың пайғамбармын деп жария қылмас бұрын, Оның жалған сөз айтқанын бұрынды-соңды естіп пе едіңдер деп сұрадым. Жоқ дедің. Менің білерім, адамдарға жалған сөз айтпайтын адам Аллаһ жайында әсте өтірік айтпайды!

Оған ергендер сол жердің алдыңғы қатарлы адамдары ма, әлде қарапайым халық па деп сұрадым. Қарапайым халық дедің. Барлық пайғамбарлар да осылай болған, қарапайым адамдар соңдарынан ерген-ді.

Оған ергендердің саны артуда ма, әлде кеміп бара ма деп сұрадым. Артып жатыр дедің. Хақ діндердің ең үлкен ерекшелігінің бірі тәблиғ толық жасалғанша ерушілер ұдайы артып отырады.

Араларында Оның дініне кіргеннен кейін ұнатпай,

ол діннен шығып кеткендер бар ма деп сұрадым. Жоқ дедің. Нағыз иман нәтижесінде ғана жүрекке осындай орнықтылық пен сенімділік орнайды.

Сөзінде тұрмай кеткен кезі болды ма деп сұрадым. Жоқ дедің. Шынайы пайғамбарлар осындай болады, сөздерінен қайтпайды.

Сендерге не әмір етуде деп сұрадым. Тек қана Аллаһқа құлшылық қылып, Оған ешкімді ортақ қылмауды әмір еткендігін, пұттарға табынудан тыйғандығын айттың. Сондай-ақ намазды, туралықты, арлы да адал болуды бұйыратындығын айттың.

Егер осы айтқандарың рас болса;

Ол адам жақын арада менің мына аяқтарым басып тұрған жерлерге де ие болады. Мен бұл пайғамбардың шығатынын негізінде білгенмін. Бірақ сендердің араларыңнан шығады деп ойламаған едім.

Оның құзырына бара алатынымды білсем, Онымен кездесу үшін барлық қиындықтарға шыдар едім. Егер қазір Оның қасында болғанымда Оның аяқтарын жуар едім» – деді.

ҺИДАЯТТЫҢ ДӘНЕКЕРІ

Осылайша Гераклит секілді көптеген адамдар Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің жоғары ахлағы мен кәміл тұлғалығына тәнті болғандығын жариялап айтқан. Сондай-ақ Ол Жаратылыс Нұрының ұлы тұлға-

лығын мүбәрак жүзінен көріп тамашалаған бақытты қанша жан иманның теңізіне сол жерде ақ шомып кете барған.

Яһуди ғалымдарының бірі Абдұллаһ ибн Сәләм һижратта Аллаһ Расулын іздеп барып, Ол саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің мүбәрак жүзін көргенде-ақ:

«Бұл дидар өтірік айтпайды!» – деп мұсылман болған еді.

Әбу Рәмсәнің ұлы да:

«Хазіреті Пайғамбарды маған көрсеткен кезде мен Оның нұрлы мүбәрак жүзін көре салып:

«Бұл ұлы адам анық Аллаһтың Нәбиі, Хақ пайғамбар» - дедім.

Өйткені Ондағы керемет әсемдік, айбындылық, нұрлы да жұмсақ жүректілік ең жоғарғы дәрежеде болғандығы сонша – одан артық Оның Аллаһтың Елшісі екендігін дәлелдеуге ешқандай мұғжиза немесе басқа да белгілердің қажеті де жоқ еді.

МАРАПАТ ТАҚТАСЫ

Хазіреті Мәуләнә:

«Жаным мына кеудеде тұрғанда Құранның құлымын, тұтқынымын; Мұхаммед Мұхтар саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің жолының тозаңымын...

Біреу менің осы сөзімнен басқаша жеткізетін болса, ол адамнан да безермін, ол сөзден де..» дейді.

Тарихта тұтастай өмірі егжей-тегжейлі зерттеліп, баяндалған бір-ақ пайғамбар, жалғыз тұлға бар. Ол – Хазіреті Мұхаммед Мұстафа саллаллаһү аләйһи уә сәлләм.

Оның барлық іс-әрекеттері, сөздері мен сипаттары, өмірінің әр сәті үммет жадында сақталып, тарихтың марапат тақтасына мәңгілікке ілініп қойған.

ИЛӘҺИ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ АХЛАҚ

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің өмірі қияметке дейін келетін барлық нәсілдерге үлгі, өнеге. Құран Кәрімнің Қалам сүресінде Ол жайында:

«Шынында Сен ұлы ахлаққа иесің!» делінген. (Қалам, 4)

Оны мұншалықты жоғары ахлақи жаратылысқа ие етіп жаратқан және тікелей Өз тәрбиесіне алған Аллаһ Тағала адамзаттың Оны үлгі және жолбасшы етуін бұйырған аятында:

«Шынында Расулұллаһта сендер үшін – Аллаһқа, ахірет күніне қауышуды армандағандар үшін және Аллаһты көп зікір қылатындар үшін – “үсуәтүн хасәнә” (көркем өнеге**) бар»,** – деген. (Ахзаб, 21)

Ол сондай бір ұлы өнеге: Оны үлгі тұтқандар өздері де үлгі болар тұлғаларға айналады.

Олай болса, бәрін қойып, Оның көркем ахлағынан өз нәсібімізді алып қалуымыз керек.

Өйткені адамдар кәміл мінезді, салмақты, орнықты

үлгілі тұлғаларға тәнті болады және оларды үлгі тұтып артынан ереді.

Ислам тарихы бұл ақиқаттың сансыз көріністеріне толы десек болады.

РУХАНИ ӘЛЖУАЗДАРДЫҢ ІСІ

Аббасилер кезеңінде шекарасы барынша кеңейген халифалықтың барлық байлықтары өлке орталығы Бағдатқа ағылып жатқан болатын.

Осыған байланысты халық ішінде, әсіресе ақсүйектер арасында дүниеге беріліп, жан рахаты мен тән рахатына, ойын-сауыққа алдана бастағандардың саны күрт артқан еді. Тіпті Халифа Мәмуннің қызымен үйленген Бас уәзір Хасан бин Сәһлдің он тоғыз күн жалғасқан тойы ысрапшылдық пен бассыздықтың шегіне жеткенін көрсеткен еді. Мемлекет қазынасынан қалауынша алып, өз рахаттары үшін жұмсап жатқан ел билеушілері байлық пен әсем бұйымдардың иісіне мас болып кеткен еді.

Мұндай тұтқындыққа түскен әлсіз жүректер мен рухани әлжуаздар, күмәнсіз, ешуақытта айналасына жағымды үлгі-өнеге бола алған емес. Арттарына өшпес із қалдырып, халық жадында жақсы жағына сақталмақ түгілі, арттарынан қарғыс еститін дәрежеге жетері сөзсіз.

МЫҚТЫ ТҰЛҒАЛЫҚТЫҢ ӘСЕР ҚУАТЫ

Бағдатта адамдарды Аллаһқа шақырып, нәпсілерін Тыйған, көңілдерді Құран Кәрім және Сүннет бағытында тірілтумен айналысып жүрген, өздерін Аллаһтың ақ жолына арнаған тақуа жандар да бар болатын. Ол Хақ достары: Абдұллаһ бин Мүбәрак, Сүфиян әс-Сәури, Фұдайл бин Ияд, Жүнәйд Бағдади, Мағруф Кәрһи және Бишр Хафи Хазіреттер сынды тұлғалар еді...

Бұл қадірлі тұлғалар әлгі жан рахаты мен тән рахатының соңын қуалаған ысрапқорларға қарама-қарсы жоғары мәрттік пен ұлы мінез көрсетіп, даналықпен танылып жатқан еді. Бұл Хақ достарының көңілдері ешқандай дүниелік салтанат пен әсем бұйымдарға сатылмаған, Аллаһ алдында дәрежеге ие болудан басқа ешбір мансапқа қызықпаған адамдар еді.

Бұлар дүниеқұмарлықтың батпағына батып бара жатқан көпшіліктің тасалар рухани панасындай еді. Сұлтандар, уәзірлер, мемлекет билеушілері адамдардың сыртқы дүниесіне билігін жүргізіп тұрған болса, бұл Хақ достары көңілдерге тақтарын құрып, жүректерді аулаған еді.

Бұлардың ешбір дүниелік пайданы ойламастан халыққа жанкештілікпен қызмет етуде, шабытқа толы рухани күйлері мұсылман еместерге дағы әсер етіп жатқан еді.

Аббасилер мемлекетінің халифасы Харун Рашид өз салтанаты мен дәулетіне оранып, Ракқа қаласында тұрып жатқан еді. Бір күні сол жерге Абдұллаһ бин Мүбәрак Хазірет келеді. Бүкіл қала халқы оны қарсы алу үшін қала

сыртына шығады. Халифа үлкен қаланың ішінде жалғыз қалғандай болды.

Бұл көріністі сарай балконынан тамашалап тұрған Харун Рашидтің күңдерінің бірі сырттағылардан:

– Бұл не өзі? Анда не болып жатыр, – деп сұрайды. Сырттағылар:

– Хорасаннан бір ғалым кісі келді. Аты – Абдұллаһ бин Мүбәрак. Қалын жұртшылық түгел соны көруге шықты, – дейді.

Сонда әлгі күң:

– Шынайы сұлтандық Харундікі емес, осы кісінікі болар. Өйткені Харунның сұлтандығында сақшылар түрткілеп шығармаса, жұмысшылары дағы бір жерге жинала алмайды, – деген еді.

ТҮЙІН

Шынында тарихта осындай салих тұлғалар көркем мінездерімен, асыл ахлақтарымен қоғамдағы рухани тірілікті және Исламның бедел абыройын жоғары ұстап тұрған. Ұлы Раббымыз олардың сол қуатты имандары мен көркем мінездеріне бола оларды Өз сүйіспеншілігіне бөлеп қана қоймай бүкіл мұсылмандарға да сүйдірткен. Бір аят кәримәда:

إِنَّ الَّذِينَ آمَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ سَيَجْعَلُ لَهُمُ الرَّحْمَنُ وُدّاً

«Иман келтіріп, ізгі амал жасағандарға келер болсақ, олар үшін Рахман Аллаһ (адамдардың көңілінде) **сүйіспеншілік жаратады»** - делінген. (Мәриям, 96)

ДҰҒАМЫЗ

О, Аллаһым! Біздерді Хазіреті Пайғамбар Мұхаммед саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің ізімен жүріп, биік белестерді бағындырған иманы күшті, мінезі кәміл, сөздері дана бақтияр құлдарыңның қатарына қоса гөр!..

Әмин!

Көңіл адамы бола білу

Көңіл адамы болсаң, барлық көңілдерді нұрландыратын Күн болғаның. Өз бойыңнан толған айлы түндей көріністер байқалмақ. Бұл өткінші де алдамшы жалғанға талай билеушілер келді. Көбісі ұмытылып та кетті. Ал көңіл сұлтандарының есімдері және олардың қалдырған іздері қияметке дейін жалғаса бермек.

Көңіл адамы бола білу

ХАҚТЫҢ ҚАҒБАСЫ

Адамды адам қылған барлық көркем ерекшеліктер, көңіл топырағында өсіп-өнеді. Ақыл тек қана сол топыраққа қызмет қылса ғана пайдалы болмақ. Өйткені көңіл – Хақтың Қағбасы. Аллаһтың назар салатын мекені.

Сол себепті көңіл айналарын тазартып, сүртіп отырғандар соңсыз көркем ерекшеліктердің және Хақ Тағаланың соңсыз сырларына қарық болады. Сол үшін көңіл адамдарының үнсіздігінің өзі талай сырлар шертіп, талай мағыналар береді...

ӘРІПСІЗ СӨЗДЕР

Хазіреті Осман халифа сайланып, алғашқы хұтбасын айту үшін мінбәрге шыққан кезінде жамағатқа үндемей, үнсіз насихат айтқан болатын.

Хазіреті Мәуләнә мұндағы хикметті және терең мағынаны былай сипаттап береді:

«Хазіреті Осман халифа бола салысымен халыққа үндеу жасау үшін мінбәрге асығып шықты.

Бүкіл әлемнің мақтанышы болған Пайғамбарымыздың мінбәрі үш баспалдақтан тұратын. Хазіреті Әбу Бәкір мінбәрдің екінші баспалдағына, ал Хазіреті Омар үшінші баспалдағына отыратын еді.

Хазіреті Осман болса, сол мінбәрдің ең жоғарғы баспалдағына дейін шығып, сол жерге отырды.

Бірақ халифа Османның терең иманы мен ұжданынан бихабар бір адам оған келіп:

– Сенен бұрынғы екі халифаның екеуі де Расулуллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнін орнына отырмап еді. Сен мәртебең жағынан олардан жоғары емессің. Сөйте тұра неліктен олардан жоғары отыруға ұмтылдың? – деді.

Хазіреті Осман оған:

– Егер үшінші баспалдаққа тұрсам, Хазіреті Омарға ұқсауға тырысып жатыр деген ойлар туар еді. Екінші баспалдаққа отырар болсам, онда өзін Хазіреті Әбу Бәкірге ұқсатып жатыр деп айтулары мүмкін еді.

Мінбәрдің ең жоғарысы Хазіреті Мұстафаның орыны еді. Сол себепті өзін Пайғамбарлар Сұлтанына ұқсап жатыр деген сын ешкімнің ойына келмес деп ойладым, – дейді.

Бұл сөздерден соң Хазіреті Осман хұтба оқылатын жерге отырды. Сонау екінті уақыты таяғанға шейін еріндерін қимылдатқан жоқ, үнсіз, тек қана үнсіз отырды..

Халифаның сол руханият дариясы ішіндегі ұзақ үн-

сіздігіне ешкімнің де: «Кәне, сөйлесеңізші!» – деуге немесе мешіттен шығып кетуге дәті бармады.

Халықтың ішіндегі көргенсіз, білімсіз және тәрбиесіздерін де, білімді әрі тәрбиелілерін де өзгеше бір салмақтылық басып, мешіттің іші де, сырты да Аллаһтың нұрына толғандай болып кетті.

Көңіл терезелерінен арғы бетті тамашалай білгендер, сол иләһи нұрды көріп тұрғандай болды. Ал көздері мұндайға тарс жабық, мұндайдан мақрұм соқыр көңілдердің өзі сол нұрдың ыстық жалынын сезіп тұрғандай еді».

Осы мысалдан көргеніміздей тек қана кітаби мағлұматтармен шектелмегендер, құрғақ мәліметтердің аясында сусыз шөлдегідей өмір сүрмегендер, яғни көңіл адамдары үндемесе де мыңдаған үгіт насихат айтқаннан да әсерлі мағына жеткізе біледі. Олардың әріпсіз сөздері сөздердің дыбысталыуынан әлдеқайда терең мағыналы...

Сондықтан да бар мәселе көңіл адамы бола білуде!

КӨҢІЛ АДАМЫ БОЛСАҢ...

Егер сен көңіл адамы болсаң, барлық көңілдерді нұрландыратын күн болғаның. Сенен талай көңіл адамдары рухани терең шабыт алады.

Егер сен көңіл адамы болсаң, көңіліңнің тереңдігі мен ені бүкіл әлемге таралады. Ең ұсақ бөлшектерден алып денелерге дейін бұл әлемде Хақты және ақиқатты тамашалайтын боласың.

Егер сен көңіл адамы болсаң, барлық істерің мен құлшылықтарыңда жан болады, жанан (сүйікті Раббың Аллаһ) болады.

Егер сен көңіл адамы болсаң, бүкіл әлемдердің бет-кеұстары, асылы, өзегісің.

Егер сен көңіл адамы болсаң, сондай бір ұлы әсемдіктер мен ұлылықтардың иесі болып, өз ішіңдегі теңдессіз көркем өнерді тек қана көңілдерге ғана емес, тасқа да оясың, қағазға да нақыштайсың.. Сен өңдеген қарапайым қара тас гауһар тастан да бағалы халге жетеді. Жұп-жұқа қағаз сенің рухыңның шағылысыуымен баға жетпес құнға ие болады.

Исламның өнер тарихына көз жүгіртер болсақ, мәңгі жадымызда қалған Мимар (сәулетші) Синан, хұсни хат (көркем хат) өнерінің сөнбес күніне айналған Карахисари және Хафыз Османның өнер туындыларындағы теңдессіздік пен көркемдіктің сыры, міне, осы шындықта, яғни олардың көңіл әлемінің адамы болуларында жасырылған.

ШЫН САЛТАНАТ

Көңіл әлемінің сұлтаны болған жандардың салтанаты да өзгеше. Өйткені шынайы салтанат негізінде көңіл сұлтандығында. Әрине Хаққа жүзін қаратқан көңілдер иләһи назар мекені болмақ. Бұл өткінші де алдамшы жалғанға талай билеушілер келді. Көбісі ұмытылып та кетті. Ал көңіл сұлтандарының есімдері және олардың қалдырған іздері

қияметке дейін жалғаса бермек. Олар өмірден өткенімен, фәни өмірлерінен кейін де адамдар арасында рухани тірі болып қала береді.

Осындай сұлтандардың бірі – Явуз Сұлтан Сәлім хан. Оның өмірі өте назар аударарлық. Ол өмірінің соңына дейін бір қолында қылыш, бір қолында қалам, ал жүрегінде Аллаһқа деген берік иманмен өмір сүрді.

Осылайша жеңістеріне қаламының, жырларының сезімі шағылысты да, ол өзін билеуші, басқарушы емес, қызметшімін деп сезінді. Тарих деректерінен 20 Ақпан, жұма күні Мәлік Мүәйяд мешітінде оқылған хұтбада имаманың оны:

«Хакимүл Харамәйниш-Шәрифәйн (қос қасиетті харам мешіттерінің билеушісі)» – деп атағанына разы болмай, көзіне жас ала отырып, сол жерде дереу имамды тоқтатып,

«Жо, жоқ! Керісінше **Хадимүл Харамәйниш-Шәрифәйн** (қос қасиетті харам мешіттерінің қызметшісі)», – деп, түзеткен болатын.

Артынан жердегі кілемді алдырып, топыраққа сәжде етіп, Раббысына шүкір етті. Хадимүл Харамәйниш-Шәрифәйн екендігін білдіру үшін сәлдесінің үстіңгі жағына сыпырғыш тәрізді бір үкі тақты.

Орасан жеңістерден соң ішкі жан дүниесін есепке тарта отырып, сондай-бір күшті рухани сезіммен астанаға оралды. Сол жерде өзін салтанатты түрде қарсы алмақ болған халайықтың алдына барудан тартынып:

«Ымырт түссін, бәрі үй-үйлеріне қайтсын, көшелерде

адам болмасын, мен содан кейін барып Ыстамбұлға кірейін. Фәнилік қошеметтері, салтанатты рәсімдер мен дүниелік iлтипаттар бізді нәпсімізге жем қылып, жерге жығып ұрып жүрмесін!..» – деген еді.

Осылайша Явуз ешқашан нәпсісі мен нәпсіқұмарлықтарды көзінің алдына перде қылудан сақ болып, жүздеген жылдарға әсер еткен терең көзқарасқа ие адам болды. Әрі сол көзқарастарына сай адымдар жасай білді.

Оның уәли әкесі II Баязид Сұлтан да сондай кісі еді.

КӨҢІЛ КӨРЕГЕНДІГІ ЖӘНЕ СҮЛЕЙМАНИЕ МЕШІТІ

II Баязид уәлидің нәтижелері мен жемістері күні бүгінге дейін жалғасып жатқан асыл пікірлердің сәулетшісі әрі үлкен көңіл адамы еді. Оның Исламға уақыф (қор), медресе, шипажай және өзге қайырымдылық қызметеріне қоса Ислами ілім-ғылымға және мәдениетке берген маңызы мен қосқан үлесі орасан зор. Оның билік құрған кезеңі Осман елінің мәдениеті мен өркениетінің негізі қаланған кез болып тарихта қалды. Атақты италияндық сәулетші әрі суретші Леонардо да Винчи II Баязидке хат жолдап, Ыстамбұлдағы мешіттер мен өзге ғимараттардың жоспары мен жобасын дайындап беруге ұсыныс жасаған кезде, сарайдағы уәзірлер бұл ұсынысты қуанышпен құптаған болатын.

Алайда, терең әрі кең тасаввуф тәрбиесін көрген II Баязид хан болса бұл ұсынысын кері қайтарып:

«Егер мұны қабылдайтын болсақ, өлкемізде сәулеті мен рухы тұрғысынан шіркеу сәулет өнерінің көлеңкесі үстемдік құрады. Өз Ислами сәулетіміз бой көтеріп, дами алмайды. Өз құнына жете алмай қалып қояды!..» – деген болатын.

Міне осындай көзқарас ақылды да, парасатты және көңіл ері деуге болатын мұсылманның ой-санасын көрсетеді. Өйткені ІІ Баязидтен кейін Ислам шекаралары қалай жиырма төрт миллион шаршы километрге жайылса, дәл солай Ислам өнері де шыңға қарай өрмеледі. Осы дана түсініктің арқасында Исламның рухы сәулетте нақышын тауып, өз құнын қияметке дейін сақтай алатын Сүлеймание мешіті және сол сияқты өнер туындылары дүниеге келді.

Сондай-ақ шынайы көңіл адамдарына әрқашан көңілдердің Сұлтаны Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм жан-жағынан жолбасшылық еткен. Риуаяттардың айтуы бойынша Кануни Сұлтан Сүлейман хан Сүлеймание мешітінің салынуына шешім қабылдаған кезде түнде түсінде Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләмді көреді. Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм оған мешіттің қайда салынатынын көрсетумен қатар, мешіттің іші мен сыртының жоспарын егжей-тегжейлі түрде бұйрықтар беріпті. Әрі бұларды оған:

«Мінбәрді мұнда қойыңдар, михрабты мына жерге, ал күрсіні мұнда қоярсыңдар!» – деген тәрізде анық түрде түсіндіріп беріпті.

Үлкен толқыныс және қуаныш сезімімен ұйқысынан оянған Кануни Әлемдердің Мырзасына салауат айтып, көз

жастарымен Хақ Тағалаға шүкір етеді. Ертесі күні, алдымен Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм меңзеген жерге барып бас сәулетші Мимар Синанды сонда шақырады және сол жерге үлкен мешіт салдырғысы келетінін айтады. Мимар Синанның өзі де сондай ұсыныс күткендей Сұлтанға:

«Мәртебелі сұлтаным! Мешітті осы жерге, мына жоспар бойынша салайық. Мінбәрді мұнда, михрабы мына жерде, ал күрсісі мұнда болады», – деп, Кануниге түсінде көрсетілген Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің мүбәрак сөздерін дәл қайталайды. Сол кезде Кануни күліп жіберіп, Синанға:

– Бас сәулетшім! Хабарың бар көрінеді?! – деді.

Атақты сәулетші Синан басын төмен иіп тұрып, дәл сол түсті өзінің де көргендігін білдірмек болып, сыпайылықпен:

– Сұлтаным! Сіздің дәл артыңызда тұрған болатынмын!.. – дейді.

Оның бұл айтқанына бола қуанышы мен толқынысы арта түскен Кануни дереу:

– Олай болса, тез арада мешіт шәрифтің құрылысы басталсын! – деп әмір берді.

Осылайша көңіл адамдарының асыл өзегінде жасырылған жыр әсемдігіндегі өнер құлдықтың сәні болған тақуалық рухымен бірге аса шеберлікпен тастарға нақышталды. Ол кәдімгі тастан салынған зәулім мешіт емес, бейне бір көңіл сарайындай болып салынды. Нәтижеде рухы да, сырт келбеті де теңдессіз көркем болып, өнердің ға-

жап туындысы жарық көреді. Ақын Яхия Кемал бұл көріністі былай суреттейді:

Ең көркем ханасы болсын деп соңғы діннің,
Келбеті мынау құрастырғаны сәулетшіңнің.
Тасыған қыштарын ғазилер сардарымен,
Тасты жеңген қанша мың жұмысшы мамандарымен.

Тәуелсіз Отанның түні менен күндізіне,
Рухани терзе ашқан осыннан көк жүзіне.
Жетсін деп мәңгілік рақымға рух әскері,
Бір кісі бұл жеңіс ханасының сәулеткері.

КІШІПЕЙІЛДІЛІКПЕН ҰЛЫҚТАНҒАН КӨҢІЛ

Сәулетші Синан өз туындысында шеберлігіне қоса көңіл адамы екендігін де бейнелеп, туындыларын өз шыңына жеткізіп, Ислам әлеміне қолтаңбасын қалдырып кеткен. Оның бұл ерекше қолтаңбасы рухындағы тақуалық сезімдерімен әшекейленген еді. Себебі ол соншалықты лайық әрі хақы болғанымен, мешіттің сәулетшісі екендігін білдіретін таңба қоймай-ақ, тек суретшілердің салған суреттерінің астына қойған қолы іспеттес қабірін Сүлеймание мешіті мен медресесінің қабырғаларының сыртына және соған жақын бір жерге салдырып, кішіпейілділігін де сәулет туындысымен бірге қияметтік қылып кеткен.

Ариф Нихат Асия осы терең сезімдердің әсерімен былай деп жырлапты:

Сәулеті асса да есеп-қисапатан,
Сәулетші өзін салмаған ортаға.
Қандай кішілік, алып сәулеттің,
Туынды ұлы, сәулетші қолы бейне бір нүкте!

Ұқсатшы бізді Жаратқан Аллаһ,
Жолдаған қос қаһарманыңа.
«Аллаһым жіберші лайық аттастар
Синаның менен Сүлейманыңа!»

БОЛАРЫ БОЛЫП, БОЯУЫ СІҢГЕН СОҢ

Ақынның жоғарыдағы дұғасына шын көңілден әмин делік. Өйткені Синандарға лайық аттас бола алатындай дәрежеде көңіл адамы болмайтын болса Сүлеймание секілді теңдессіз жәми-мешіттердің жаңасын салу былай тұрсын, бұрынғыларға да дұрыстап ие бола алмауымыз мүмкін.

Күн сайын қаншама тарихи-мәдени мұраларымызды елемеушілік пен бағаламаушылық көріністерінің неше түрлісіне куә болып жүрміз. Бұл қасиетті тарихи аманаттарға ие бола алмауымыздың бізге не пайда әкеліп, не зиян тигізері әрине айдан анық. Бірақ мына бір нәрсені ұмытпаған жөн, кейбір зияндарды қайтадан қалпына келтіру, артынан қанша өкініп, ах ұрғанменен мүмкін болмай қалады. Бұл жайында халық аузында мынандай бір әдемі сөз бар:

«Болары болып, бояуы сіңген соң» (не істесең де кеш).

Марқұм Мехмет Акиф ақын бұл шындықты былай шумақтарға төгіпті:

Қирату адамға қандай бедел айтшы берер?
Ондай іс икемсіздің де қолынан келер!
Сен тек көрсетші қолыңнан келсе егер,
Екі-ақ ырғаумен құлатылады Сүлеймание..
Бірақ қайта тұрғызайық делінсе саған,
Охо, онда керек болады жаңа Сүлейман мен Синан!

Бұл хақиқатты көру, сезіну және ұғыну үшін көңіл көздеріміз әрдайым ояу және ашық болуы керек. Ойланып қараңызшы, шетелдік саяхатшылар дағы рухтарын сол сәулеттің көлеңкесінде демалдырады.

КӨҢІЛ КӨЗІ

Хазіреті Мәуләнә айтады:

«Мынау дүниеде ет көзі ашық болғанымен, көңіл көздері ұйқыда жатқан қаншама адамдар бар. Алайда көңілі ояу болған адам дене көзін жұмса да, көңіл сарайында жүздеген көкірек көзі ашылады».

«Егер сен көңіл адамы болмасаң, ояу бол, үнемі ояу болғайсың. Аллаһтан көңіл көзін сұра, сол үшін тырмыс, соған күш жұмса!»

«Егер көңілің ояу болса қорықпа! Енді сенің көзіңнің

алдынан жеті қабат та жоғалмайды, алты жағың да жоғалмайды! Сондықтан да Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм: ***"Менің көздерім ұйықтайды, бірақ көңілім еш ұйықтамайды!"*** *– деген».*

«Сен мынау басымыздағы фәни көзді негізгі шын көзіміздің, яғни көкірек көзіміздің көлеңкесі деп біл. Шын көзіміз бір нәрсені қандай деп көрсе, фәни көзіміз де ерте ме, кеш пе сол жаққа қарай бейімделеді. Соның айнасына айналады. Бұл шындықты мынау ақырмен айналысып жүргендер білмес. Мұны тек қана көңіл адамы болған арифтер ақылдары мен көңілдері арқылы біле алады!»

«Ей, ғапыл! Білемісің, өлім күнінде бұл сезімдеріңнің ешбірі де қалмайды. Сенің жан нұрың бар ма екен, көңіліңе жар болатын!»

«Мазарда бұл көздеріңе топырақ толады. Мазарды нұрландырып тұратын рухани нұрың, көңіліңде көзің бар ма екен? Денеңдегі хайуани рухың қалмаған кезде, оның орнына өлімсіз бір рух қоюуың керек»

«Ал ол өлімсіз рухты қолға қондырудың шарты, тек қана ізгіліктер істеп қана қоюда емес, сол ізгіліктерді Хақтың құзырына апара білуде. Бұл тек қана ықлас арқылы болмақ. Өйткені ***«Садақаларды Аллаһ алады»*** *– деп айтылған (Тәубе, 104)».*

«Хақтың құзырына ізгілік (салих амалдар) апарудың жолы көңілден өтері анық. Егер сенде көкірек көзі болса, көңіл Қағбасын тауаф қыл! Топырақтан жасалған деп ойлаған Қағбаның шын мағынасы – көңіл!»

«Аллаһ Тағала, көзге көрінетін материялық Қағбаны тауаф етуді, күнәлардан арылған, таза көңілің Қағбаға айналсын деп саған парыз еткен».

ИМАНМЕН ИЛЕУ

Аталарымыз көңіл Қағбасының бір көрінісі ретінде адамдарды һәм өнер туындыларын иман нұрымен бағалаған. Әйгілі Синан да осындай ақиқаттың терең өлшемдерімен Сүлейманиені салғандықтан өлімсіз өнер туындысы жарыққа шыққан. Тіпті оның құрылысы жүріп жатқан кезде тастардың дәретсіз қаланбауына, тас пен керпіш арбалары жегілген жануарлардың шаршамауына, аш қалмауына үлкен мұқияттылықпен қарған. Халық аузына таралған мына сөздер шындықты дәл суреттейді:

«Сүлейманиенің иесі – Сұлтан Сүлейман, сәулетшісі – Синан, ал қамыры (балшығы**) – иман!..»**

Сондай бір иманмен салынған бұл құрылыстың әр сатысы адамгершіліктің теңдессіз көріністеріне толы. Сүлеймание мешітінің ашылу салтанатында Сұлтан Кануни өзінің мәрттігін тағы бір шегелеп, үлкен адамгершілік көрсетіп:

– Бұл ұлы құлшылық сарайын Синан ашсын. Өйткені ең көп еңбек сіңірген – сол, – деді.

Ал Синан болса:

– Сұлтаным! Хаттат Карахисари бұл мешітті өзінің көркем жазуларымен безендіру жолында көз жанарын таусып, соқыр болды. Бұл абыройды соған берейік! – деген болатын.

Сөйтіп, зәулім құлшылық сарайын ашу құрметі хаттат Карахисариге бұйырды.

Осылайша Сүлеймание мешіті Ислам рухының заттық көрінісінің бір үлгісі болды. Оған алыстан көз салатын болсаңыз көзіңізге қолдарын көтеріп Раббысына жалбарынған дұға қылушы адамның бейнесі елестейді. Оның сәулетіне құлшылықтың руханияты сіңген. Материалдық құрылысқа рухани мағына сыйдырылып, шеберлікпен нақышталған. Іші қатты жарық та емес, қою қараңғы да емес, орташа алагеуім. Ішіне кірген адамға бір рухани тебіреніс беріп, ләдунни әлемге рухани сапар шектіретіндей. Тасы да, топырағы да ерекше мәнге ие. Бұл құлшылық сарайы Ислам рухының материяға шағылысуының ең кемел түрлерінің бірі деуге болады. Ол бір үнсіз тұрған, әрі сол үнсіздігімен талай сыр шертіп тұрған адам тәрізді. Оның іргесінде бес жүз жылдан бері жасалған сәжделердің іздері, келіп-кеткен, еліне қайтып оралмаған Ислам сарбаздарының қиялы бар. Өзінің нәрін руханияттан алған, сөзбен жеткізе алмайтын, игі мекен. Тарих бойы абыройлы жеңістерге себеп болған дұғалардың жаңғырған мекені. Яхия Кемал бұл мешіттің руханиятын өлең жолдарына былай сыйғызуға тырысыпты:

Көктен де, жерден де ағылып әр есікке,
Кіруде бірінен соң бірі иләһи мешітке..

....

Аллаһты мадақтап, ұлықтар мыңдаған ауыз,
Тәкбірлер толқыны болғандай бір ғана дауыс!

Уа, Аллаһым! Біздерді аталарымызға лайық әулет қылып, осындай теңдессіз өнер туындыларын жарыққа шығарар және көңіл Қағбаларын тұрғызар құлдарыңнан қыла гөр. Осы жәннәттай Отанымызда мұсылман иісін айналаға аңқытып тұрған тарихи мұраларымызға қиямет-ке дейін жалғасар ұзақ ғұмыр бергейсің!..

Әмин!

Ақыл мен көңілдің үйлесімділігі

Ақыл күмәннің мекені болса, көңіл – сенім мен шынайылықтың сарайы. Осыған орай Хазіреті Мәуләнә: «Теңізді бір тамшыдан, ал Күнді молекуладан көруге болады... Бірақ, өкінішке орай, ғапылдар ай сәулесінен де жарық шырақтың алдында жарықты көре алмайды», – деген.

Ақыл мен көңілдің үйлесімділігі

ТЕПЕ-ТЕҢДІК ПЕН ҮЙЛЕСІМДІЛІК

Аллаһ Тағала барлық жаратылысқа тепе-теңдік пен үйлесімділік сыйлаған. Адамның ақылы мен есебі жетпес, шешімін таба алмайтын, тек үнсіз ғана қалып, қайрандығын білдіруге мәжбүр болатын сансыз жаратылыстың өте керемет және нәзік үйлесімділікпен миллиондаған жылдар бойы ешқандай кемшіліксіз жалғасып келуі де осы керемет иләһи заңдылықтың арқасы. Ағаш пен топырақ, жапырақ пен бұтақ, тұқым мен жеміс, ақ пен қара, күн мен түн, жер мен көк – барлығы осы ұлы үйлесімділіктің керемет құдіретіне толы.

Міне, адам баласын қадірлі әрі ардақты қылатын жалғыз қағида да осы шындықтың ішінде. Яғни мына әлемнің негізі болып саналатын адам баласының бойынан иләһи қалаумен көрінген барлық нәрсе: ақыл, жүректің жұмыс атқаруы, кем-кетіксіз бүкіл организмі, рухтың сол тәндегі атқаратын қызметі секілді ерекшеліктер – Аллаһтың

құдіретінің көрінісі. Бірақ сынақ үшін біздің қалауымызға берілген тұстарда болса адамның шеберлігі, иләһи тепетеңдік пен әмірлерден алатын несібесі мен ой-өрісіне қарай өзгереді.

Егер де адам баласы осы бағытта ақыл мен көңілдің үйлесімділігін иманмен, парасатпен және махаббатпен қуаттайтын болса, көңілі де, ақылы да керемет те кемел, биік шыңдарға шығады.

Ал бұл болса өте қиын мәселе. Бұған қол жеткізу үшін мықты ғылыми әрі рухани тәлім-тәрбие қажет.

Өйткені ақыл мен көңілдің жаратылысы өзгеше болғандықтан үнемі әр түрлі нәрселерге бейімділік танытады. Бірі сезіммен, екіншісі қисынмен әрекет етеді. Көбіне істің қисыны сезімге, сезім қисынға сай келмейді. Себебі ақыл материя мен нәпсіге жақын, ал көңіл болса мағнауият (руханият) пен рухқа жақын.

АҚЫЛ МЕН КӨҢІЛДІҢ БЕЙІМДІЛІКТЕРІ

Ақыл өз қамын, көңіл болса өзгенің қамын ойлайды.

Ақыл тәкаппарлықты қалайды, ал көңіл кішіпейілділікті қалайды.

Ақыл – күмәннің мекені, көңіл болса – сенім мен шынайылықтың сарайы.

Ақыл – пайдакүнем , ал көңіл – береген әрі жомарт.

Ақыл дұрыс пен бұрысты айырмастан өз мүддесіне

жету үшін әрекет етеді, ал, көңіл болса – туралық пен дұрыс нәрсені қалайды.

Ақыл – ашушаң, ал көңіл – байсалды әрі ұстамды.

Ақыл – бір тамшы, көңіл – ұшы-қиырсыз мұхит.

Ақыл – бүлікшіл, көңіл болса – бейбіт.

Ақыл – жүреген, ал көңіл – жүргізуші.

Міне, сондықтан ақыл көңілге қарсы шығып, оны билейтін болса адамның өмірінің тепе-теңдігі бұзылады. Екі дүниесі де астан-кестен болады. Өйткені ақылда адамды билеп, басқаратын толық қабілет жоқ. Егер жүреген мен жүргізуші орындарын ауыстыратын болса пәлекетке душар болады. Сондықтан адамды көңіл билейді, ал ақыл оның жәрдемшісі, көмекшісі іспеттес. Яғни ақыл барлық уақытта көңілге тәуелді болуы тиіс, сонда барып екі жақ та тура бағытта болады.

Мұны осылай болуға мәжбүр еткен ақиқатты осы әлемдегі керемет тепе-теңдік пен үйлесімділіктен анық көруге болады.

БҮКІЛ ӘЛЕМ – ҮЙЛЕСІМДІЛІКТІҢ ЕҢ ТАМАША МЫСАЛЫ

Мына ұшы-қиыры жоқ әлемде адам ақылы жетпейтін әрі таң қалдырарлық тәртіп пен үйлесімділіктің бары айдай анық. Бұл тәртіп пен үйлесімділік осы әлем жаралғаннан бері өте ғажап, әрі керемет жүйелі тәртіппен

еш өзгеріссіз жалғасып келуде. Осы керемет үйлесімділіктің бір ғана мысалы ретінде жер шарымызды айтуға болады. Егер жердің осы 23,5º көлбеу болмағанда жыл мезгілдері ауысып келмес еді. Жаз болған жерлер ұдайы жаз, қыс болған жерлер ұдайы қыс болып қалар еді. Немесе күн мен жердің ара қашықтығы тағы да біраз қашық болғанда бүкіл жер жүзі полюс секілді суық болар еді. Ал, керісінше, тағы біраз жақын болғанда, барлық нәрсе жанып, күл болар еді.

Осы және басқа да жағдайлар барлық ғаламшарлардың белгілі тәртіппен орналасуы бүкіл әлемдегі тіршіліктің жалғасуына әсер ететіндігін көрсетеді.

Міне, бұл – ғажап әрі өте күрделі жүйе. Аят кәрімәда бұл жайында былай айтылады:

«Ол көкті көтеріп, бір тәртіп орнатты» (Рахман, 7).

«Көкті жеті қабат етіп жаратқан да – Ол. Рахманның жаратқанынан ешқандай кемшілік таба алмайсың».

«Тағы да назар салып қара, бір сызат көре алар ма екенсің...?» (Мүлік, 3-4).

Бір бағбан таңертең оянғанда жеміс-жидегінің сынып құлап жатқанын көретін болса, мұны табиғи апаттың, желдің немесе дауылдың істегені деп біледі. Ал егер де сынып, құлап жатқан ағаштар есеппен, яғни әр үшінші немесе бесінші ағаштың құлап жатқанын көретін болса, мұны желден немесе дауылдан деп ойламайды. Мұны шамасы жететін біреу жасағанын түсінеді. Ол оның жауы болуы мүмкін. Олай болса бес-алты ағаштың себепсізден-себепсіз құлауын қабыл етпейтіндер, мына әлемнің өздігінен бола қалғанына сенуі күлкілі нәрсе.

Ақын Нәжип Фазыл мұндай ғапылдарға былай дейді:

Жайнаған кілең әсемдік жан-жағыма қарасам,
Жайнаған нәрсе бар дағы, жайнатқан оны болмай ма?
Жүзіңді әсемдеп сызған суретші кім екен, қалқам,
Айнаға барып, бір қарап, ғапылдар мұны ойлай ма?

Әрбір молекуласында сансыз сырлар жатқан мына әлемдегі керемет көріністерді сипаттау үшін **Мәуләнә**:

«Теңізді бір тамшыдан, ал Күнді молекуладан көруге болады... Бірақ өкінішке орай ғапылдар ай сәулесінен де жарық болған шырақтың алдында жарықты көре алмайды» – деген.

СЕБЕПТЕР ТІЗБЕГІ ЖӘНЕ ШАЙТАННЫҢ ТҰЗАҚТАРЫ

Жаратылысы бұзылмаған әрбір жан иесі әлемдегі себептер тізбегін саналы түрде аңғарып, бұлардың барлығының «мүсәббибүл әсбабқа», яғни Хақ Тағалаға барып тірелетіндігін түсініп иман келтіреді. Бірақ адамдардың түсінігін бұзу үшін шайтан әрбір сәтте адам баласына мың сан тұзақ құрады. Көптеген ғапылдардың түскен бұл тұзақтарына түспеу үшін, малғұн шайтанның азғыруын ескерте отырып Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Сен малғұн шайтанға алданып иманыңды ұрлатып алма. Ол өте айлакер ұры, қараңғы түнді ұнатады. Ретін тауып түнде есігіңді қағады. Сен сыртқа шығып, қолыңдағы шырағданды жағып кім келгенін көргің келеді. Бірақ шақпақты жаққаныңда ол ұры білтені ұстап, тұтандыруыңа

жол бермейді. Сен де қараңғыда көрмей ақиқаттан алыстап «білте дымқылданып қалған екен» – дейсің. Осылайша білтені тұтандыруыңа кедергі болған ұры саған беймәлім болып, сен де оны аңғара алмай қаласың.

Малғұн шайтан сенің иман шырағданыңа қараңғы түнекте осылай бас сұғады. Сонымен сені негізгі иеңнен алыстатып, көңіл қамалыңнан барлық қазыналарыңды ұрлап, соңында сені ахіретте құр қалдырады. Осылай кете беретін болса көзің мен көңілің өнерден де, өнершіден де бейхабар қалады. Мына әлемдегі керемет өнерді де, өнершіні де аңғармай қаласың».

ЖАРАТУШЫ ОЙЫН ОЙНАП СҮЙЕК ТАСТАМАЙДЫ

Энштейннің мына сөзі қандай әсерлі десеңізші!

«Мына әлемнің Жаратушысы ойын ойнап сүйек тастамайды. Оның жаратқан нәрселерінің ешбірі кездейсоқ және есепсіз емес. Осыған орай бекем иманы жоқ адамның нағыз ғалым болуы мүмкін емес. Себебі ғылымсыз дін – көр, ал дінсіз ғылым – ақсақ».

Ақыл-есі дұрыс әрбір жан мына әлемде қайда қараса да Аллаһтың бар екендігін және құдіретін аңғарады. Пайғамбар жіберу, олардың тілімен, ғылымымен, ахлағымен адамзатты кемелділікке жеткізу секілді әрекеттердің барлығы иләһи сыйдың нәтижесі. Сонымен қатар адамдарға көптеген пайда келтіріп қызмет еткен ғылымның барлығы да Аллаһтың бар екендігін және құдіретін көрсетіп, адамдарға

әлсіз екендіктерін сездіріп, құл екендіктерін түсінулеріне септігін тигізеді.

Адам баласы өз дене құрылысына, табиғатқа ғибрат көзімен қарайтын болса, ап-айқын құдіретке иман келтірмеудің ақылға сыйымсыз әрі күлкілі екендігін дереу байқайды. Мұны Сәйри ақын өте керемет жеткізген екен:

Сүзілер қанша мағына, соңсыз мына ғаламнан,
Иләһи сырлар кем болмас, адами көңіл айнадан!..
Қандай асқақ ақиқат, жер мен көктер тірексіз,
Бір тозаң жоқ ғаламда өлшемсіз, артық, керексіз!..
Үстінде шексіз кеңістік, астында қара топырақ;
Біздей құлға жарасар, сәжде ету Оған молырақ!..

КӨКІРЕК КӨЗІМЕН ҚАРАУ ҚАЖЕТ

Мына ұшы-қиырсыз әлем Аллаһтың бар екендігінің, құдіретінің мысалы екендігі даусыз. Бұл адам баласына берілген иман сәулесі. Бірақ мына әлемдегі ақиқаттар мен сырларды көре алу үшін, бүкіл әлемді көкірек көзімен, яғни қырағылықпен күзету, тамашалау қажет. Шәйх Сағдидің айтқанындай:

«Ақыл иелері үшін жасыл ағаштың әрбір жапырағы Ұлы Жаратушыны танытатын бір дәптер. (Ал надандар үшін еш нәрсе емес)».

Міне, сондықтан Хазіреті Мәуләнә өзінің Селчук медреселерінде ұстаз болып, көптеген сыртқы ғылымдарды меңгерген кезеңін **«Қамдым»** деп, ал көрегендігімен мына әлемнің сырлы парақтарын оқып, иләһи кереметтерді

тамашалап, Ұлы Жаратушыға деген махаббатының артқан кезеңдерін **«Пістім және күйдім»** деп атаған. Себебі ол мына әлемдегі сырлы махаббатты оқып былай деген болатын:

*«**Көбелек** ғашықтығынан отқа түсті. Алаулаған жалынның арасында қанат қағып, күйіп-жанып іс-әрекетімен: “Сен де осындай бол!” – дейді».*

*«Май құйылып, пілтесі тұтатылған **шырағдан** арқасы бүкірейіп, еңкейген күйде жанып, ақырын әрі баяу: “Сен де осындай бол!” – дейді».*

*«**Шам** ақырын жанып әрі жылап жатты. Өзін отқа тастап, азапқа көндікті. Бірақ көз жасын төгіп жатса да айналасына жарық берді. Маған: “Мен сияқты бол. Сен де нәпсіңнен арылып осылай жан, осылай ері” - деп жатты. Әлгі шам тағы да: “Бұл дүниеде табыс тауып, пайда көру үшін алтын мен күмісті шашсаң да, бұлар саған қандай пайда береді? Рухани табыс тапқың келсе мен секілді жанып, ері!” – деді».*

*«**Теңіз** құрсағын інжу-маржанға толтырып, бір шетке шегініп, ішіндегі інжу-маржанды байқатпау үшін өзін ашулы көрсетіп маған: “Риядан сақтан. Гауһарыңды ішіңе жасырып, сен де мен секілді бол!” – дегендей».*

*«Бақшадағы **раушан гүлі** үсті-басын кірден тазартып, киімін жыртып, күлімсірейді. Тікеннің көрсеткен жәбірі мен қорлығына сабыр етіп, былай дейтін тәрізді: “Ей, адамзат, сен де мен сияқты бол! Тікенмен бірге болғаныма неге қайғырайын, неге мұңға батайын? Мен жаман қылықты тікенмен бірге тұруға көндіккенім үшін күлуді үйрендім. Оның арқасында әлемге әсемдік беріп, жұпар хош иіс аңқытамын. Тікенмен тату тұру арқылы көптеген нәрсеге қол жеткіздім”».*

«Хазіреті Адам ата қырық жыл бойы тәубе етіп жалбарынды. Күнәсінің кешірілуі үшін еңіреп жылады. Үйінде бала-шағасына: “Сендер де мен секілді болыңдар” - дейтін».

*«Тыныш! Сабыр сақта! Анау **жартас**қа қарап, одан ғибрат ал. Ол да еш сөйлемей үнсіз күтуде. Бірақ дыбыссыз ішінен қан жылауда. Ол да бейне бір: “Ей, адамзат, тыныштал да, сен де жыла!” - дейтін тәрізді».*

«Олай болса ей, данагөй, ақылды жан! Мына әлемдегі ғашықтық дәрісін мұқият оқы да, сен де жан! Ері, өксіп еңіре! Ғапылдығың үшін қайғырып жыла немесе таудағы жар тастар секілді үнсіз ішіңнен қан жыла!..»

Міне, бұл әлемнен Хазіреті Мәуләнәнің оқыған бірнеше шумағы.

Сондықтанданышпан тақуа кісілер ғибрат пен хикметке толы бұл әлемді «ақылдылар үшін керемет дәріс, ал, ақымақтар үшін ішіп-жеу, көңіл-көтеру» деп сипаттаған.

Нәпсіқұмарлықтың шырмауында өткен өмір құрдымға бастайтын айла қулықтарға толы.

АЙНАДАҒЫ СОҢҒЫ НАҚЫШ

Хазіреті Мәуләнә адамның жастық, қайратты шағы мен оның артынан келетін өмірінің соңғы кезеңдерін мынадай мысалдармен түсіндіреді:

«Ей, құлпырған көктемнің әсемдігіне таң қалып, қайран болған адам! Сондай-ақ күздің сарғайып солғын тартқан күйіне да қара».

«Таң шапағы атқанда, әсем күннің шыққанын көргенде, кешке қарай оның өлімі болып саналатын батуын да есіңе ал!»

«Ей, Хақ жолының жолаушысы! Айнадағы соңғы бейнеге қара. Бір сұлудың қартайған шақтағы көріксіз кезін, бір ғимараттың қираған кезін ойлан да, айнадағы жалғанға алданба!».

Адам баласы осы шындықтарды түсініп, ұғынатын болса, ақыл мен көңілдің үйлесімділігіне қол жеткізіп, соңында нәпсісін тізгіндеп, оны тәрбиелейді. Ал бұны ұғына алмайтын болса, өте қауіпті, жыртқыш нәпсінің тұзағына түсіп қайғы-қасіретке душар болады.

ӘДЕПТІЛІКТІҢ БАСТАУЫ

Құлдың Аллаһ жолында ең көп мән беретін нәрсесі – ақыл мен көңілдің үйлесімділігі. Соның нәтижесі ретінде, соңында құл иләһи әдепке ие болады. Хазіреті Мәуләнә істі былай түйіндейді:

«Ақылым жүрегімнен «Иман деген не?» – деп сұрады. Сонда жүрегім ақылымның құлағына «Иман дегеніміз – әдеп» – деп сыбырлады».

АҚЫЛ МЕН КӨҢІЛДІ ҚОРҒАУДЫҢ ЖОЛЫ

Ақыл мен көңіл иман нұрына қаныққан әдептен құр-алақан қалатын болса, бұл жалған дүниеде адамның түсінігі де, ақылы да зиянға ұшырайды. Бұл дүниедегі

есепсіз сынақтарға, қайғы-қасіреттерге, қиындықтарға төзе алмай, сон-дай-ақ жан алқымға келген сәтте опық жейді. Ал егер ақыл мен көңіл өз үйлесімділігін иләһи әдептен табатын болса, онда түсініктегі қателіктер мен жүректегі қыңырлықтар жойылып, кісі мәңгілік тыныштық пен бақытқа жетеді.

Өзінің әлсіздігін мойындап, Хақ Тағаланы пәктеп, ұлықтайды да:

سُبْحَا نَ مَنْ تَحَيَّرَ في صُنْعِهِ العُقُول

سُبْحَا نَ مَنْ بِقُدْرَتِهِ يَعْجُزُ الْفُحُول

«Адам ақылын аң-таң қалдырған ұлы өнерінің алдында бас иіп, Аллаһ Тағаланы барлық кемшіліктен пәктеп, ұлықтап дәріптеймін».

«Шексіз құдіретімен адам ақылын шарасыз қалдырған Аллаһты барлық кемшіліктен пәктеп, дәріптеймін» – дейді.

Аллаһым!

Ақылды көңілден мақұрым қалудан, көңілді де ақылдан мақрұм қалып, тар зындан болудан сақта. Бізді ақыл мен көңілдің үйлесімділігімен мағрифатұллаһқа жеткен және Өз дәргахында мәңгілік тыныштық пен бақытқа бөленген бақытты құлдарыңнан қыл!

Әмин!

Ақыл мен жүректің азығы – ғылым мен тәрбие

Ғылым дегеніміз – хикметке терең бойлай білу; жұмбақтың шешімін табу; барлық нәрсеге қарап, Хақ Тағаланың құдіретін тани білу; тәрбиеге келер болсақ, ол – пайғамбардың кәсібі. Тәлім беріп тәрбиелей білу үшін аса сезімтал болу қажет.

Ақыл мен жүректің азығы – ғылым мен тәрбие

РАББЫМ! БІЛІМІМДІ АРТТЫР!

Хақ Тағала мына бір қасиетті аятта:

وَقُل رَّبِّ زِدْنِي عِلْماً

«(Расулым!) "**Раббым! Білімімді арттыр!" де!**» – дейді. (Taha, 114)

Өйткені бұл жердегі білімнің артуы – адамның қадір-қасиетінің артуы. Бұл қадір-қасиет кісіні екі дүниеде де абыройға бөлейді. Себебі білім – адамның өзін, айналасындағыларды және де Раббысын тануына жол ашатын құрал. Сондай-ақ о дүниелік болғаннан кейін де кісінің мәртебесінің артуына себеп болатын сарқылмас қазына.

Хадис шәрифте былай айтылады:

«Адам өлгеннен соң үш амалынан басқа барлық амалдары тоқтайды. Олар: садақатун жария (үнемі жалғасып

отыратын садақасы), пайдасы тиетін ғылымы, артынан дұға жасап жарылқау тілейтін ізгі перзенті» (Мүслим, Уасият 14).

ПАЙДАЛЫ ҒЫЛЫМ (ИЛМУН-НАФИҒ)

Бір наху (араб тілі грамматикасының бір саласы) ғалымы кемеге мінеді. Жолда ғылымымен мақтанып, кемешімен әңгімелесе кетеді. Арада кемешіге түрлі-түрлі сұрақтар қо-йып, одан «білмеймін» - деген жауап алғанда ғылымына тә-каппарланып:

«Өкінішті! Өміріңнің жартысын босқа өткізіпсің ғой!» – деп, оны мұқатып, кекетеді.

Кішіпейіл кемеші оның бұл әрекетіне ренжігенімен, сабырлылық көрсетіп ғалымға жауап қайтармай үнсіз қалады. Сол мезетте қатты дауыл соғып, кемені шыр айналдырып, теңселтіп ала жөнелді. Барлығы абыр-сабыр болып әбігерге түсіп жатқанда кемеші ғалымға бұрылып:

- Ей, ұстаз! Сен жүзуді білесің бе? - деп сұрайды.

Нахушы түрі сұп-сұр болып, дірілдеп-қалтырап:

- Жоқ, білмеймін, – дейді.

Сонда кемеші мұңайған күйде:

- Нахуды білмегенім үшін менің өмірімнің жартысы босқа өткен еді. Олай болса, жүзуді білмей сенің бүкіл өмірің босқа өткен екен. Кемеміз бұл дауылдан аман қалмас сірә. Ей, ғалым! Дәл қазір наху ғылымынан гөрі

жүзу ғылымының өте маңызды әрі қажетті екенін білмейтін бе едің?...» – деп, үн қатады.

Бұл хикаяда айтылған наху ғылымы тек дүниелік, сыртқы (заһири) ғылымды білдіреді. Ал ең пайдалы ғылым – мұқтаждыққа қажетті ғылым. Адамзаттың ең маңызды қажеттілігі – тәнмен қоса рухтың да мәңгілік бақытын қамтамасмыз ету. Бұл да Аллаһтың ризалығын алуға байланысты. Аллаһтың ризалығы болса, оған кәміл иманмен қоса ізгі амалмен қол жеткізіледі.

Бұл қиссадан мына мәселені де ұға аламыз: Бұл фәнилік тән кемесі өлім дауылына ұшырағанда, яғни ажал келген сәтте негізгі қажеттілікті қанағаттандырмайтын, іске аспайтын, рухсыз, бос әрі тек нәпсінің құмарлықтарын ғана қанағаттандыратын мағлұматтар пайдаға аспай қалады.

Пайдалы ғылымнан құр-алақан адам құқықты үйренетін болса, ақиқат пен әділетті орнатудың орнына қанішер болуы мүмкін. Медицина ғылымын үйренетін болса, емдеудің орнына кісі өмірін қатерге тігуі әбден мүмкін. Ғылымы, қабілеті бола тұра басшыда мейірімділік, рақымдылық болмайтын болса, ол қолы астындағыларды жаншып билеп төстейді.

Мұндай адамдар ғылымды жеке бастарының пайдасы үшін қолданып, надан кісі жасай алмайтын зияндар келтіруі мүмкін.

Шын мәнінде, адамды тәкаппарлыққа, дөрекілікке жетелеп, соңында опық жегізетін ғылым сырт көзге керемет, пайдалы болып көрінгенімен, шын мәнінде, обалдан басқа

еш нәрсе емес. Міне, сондықтан Аллаһ Расулы саллаллаһу аләйһи уә сәлләм Жаратушы Хақтан үнемі пайдалы ғылым сұрап, үнемі:

«Аллаһым! Пайда бермейтін ғылымнан, қорықпайтын жүректен, тоймайтын нәпсіден және қабыл болмайтын дұғадан Саған сыйынамын!» – дейтін.

Осыған орай, ғылым дегеніміз – хикметке терең бойлай білу. Жұмбақтың шешімін табу; барлық нәрсеге қарап Хақ Тағаланың құдіретін тани білу. Мысалы, медицина ғылымы Аллаһтың адам денесіне қойған керемет заңдылықтарымен айналысады. Бұл ғылыммен айналысқан кісі тек осымен ғана қалып қоймай, одан әрі ілгерілеп, адам денесіндегі заңдылықтарда жасырын жатқан иләһи сырларды көре алуы тиіс.

Өйткені ғылым – тамашалау емес, сырларды ашу.

ҒЫЛЫМДАҒЫ МАҚСАТ

Дана Юнус Әмрә ғылымдағы негізгі мақсатты былай түсіндіреді:

Ғылым – білім білгенің,
Ғылым – өзіңді білгенің.
Сен өзіңді білмесең,
Оқу сенің не теңің.

Оқудағы мақсат не?
Адамның Раббысын білуі.

Неге оқыдың білмесең,
Босқа кеткен еңбек – сол!

Оқыдым деп мақтанба,
Тағатым көп деп даттанба.
Егер Хақты білмесең,
Мұның бәрі бос нәрсе.

Ал Құран Кәрімде:

إِنَّمَا يَخْشَى اللّٰهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاء

«Шын мәнінде, Аллаһтан тек ғалым құлдары ғана қорқады» – деп айтылғаны бойынша Аллаһтың құдіреті мен ұлылығын толық ұға білу де білімнің арқасында іске асады. (Фатыр, 28)

Қысқасы, ғылымдағы ең өзекті мәселе, ондағы басты мақсат алдымен Аллаһты танып, кейін дүние мен ахірет бақыты үшін қажетті мағлұматтарды игеріп, екі дүниеде бақытқа жету. Әйтпегенде ғылым дегеніміз сырат көпірінде аяқтан шалып, тозаққа терең бойлауымызға себеп болады.

Хадис шәрифте бұл жайлы айтылады:

«Қиямет күнінде ғылым үйреніп оны үйреткен және Құран оқыған кісіні Аллаһтың құзырына алып келеді. Аллаһ Тағала оған берген нығметтерін есіне салады. Ол да есіне түсіріп, растайды. Одан:

– Ал бұл нығметтерімді қалай қолдандың? – деп сұрайды.

Ол болса:

– Ғылым үйрендім, үйреттім және сенің ризашылығың үшін Құран оқыдым, – деп жауап береді.

Хақ Тағала:

– Өтірік айтасың. Сен жұрт ғалым екен десін деп ғылым үйрендің, өте керемет оқиды екен десін деп Құран оқыдың. Расында, сен үшін осылай да айтылды, – дейді. Сонан соң әмір беріледі де, ол адам екбетінен тозаққа тасталады» (Мүслим, Имара 152).

Тағы бір хадисте Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Кімде-кім білімін арттырып (соған лайықты түрде) дүниеде тақуалығы мен діндарлығын арттырмайтын болса, ол тек Аллаһ пен өзінің арасындағы қашықтықты арттырған болады...» – дейді.

ҒЫЛЫМДА ПАРАСАТТЫЛЫҚ

Егер де кісі білгенін амалға асырып, оны парасаттылықпен, мағрифатұллаһпен безендіретін болса, ол ғылым иесінің жүрегіне орнығады да оны мәңгіліктің жолаушысы қылады. Оның жүрегі залым Хажжаждың қатыгездігінен арылып, Юнус Әмрәнің шапқат шапанын жамылады.

Осы тұрғыдан алғанда ғылым алдымен кісіге өзін-өзі танытуы үшін керек. Жаратылыстың мақсатын білдіріп, мағрифатұллаһқа есік ашуы тиіс. Яғни ғылым парасаттылық пен даналыққа жетелеуі қажет.

Парасаттылық (ирфан) дегеніміз – мағлұматтың пәк сана-сезімге терең бойлап мықтап орнығуы. **Ариф** деп алған мағлұматтарының сырын, хикметін және иләһи сырларды игерген, яғни парасатты кісіні айтамыз. Мұндай жетістікке жете алмаған ғылым иелері үшін:

«Ғалым, бірақ ариф емес» – деп айтылады.

Мұндай кісілердің мағлұматтары кітаптағы секілді сенімді әрі нақты. Бұл жағдай қоймада тұрған тұқымға ұқсайды.

Ол тұқым топыраққа түскенде ғана өніп-өсіп, көбейеді. Әйтпесе ондай мағлұматтар жаңа пікірлер тудыруға, санадан жүрекке еніп сезімдерді арттыруға жарамай қалады. Сондықтан мұндай мағлұматтарды **кітаби мағлұмат** дейді.

Ислам данышпандары ғылым жайында былай деген:

«Ғылым дегеніміз – сезіне білу. Сезім пайда болмайынша ғылым орнықпайды. Ал бұл сезімнің соңы мағрифатуллаһқа алып барады. Сол себепті мағрифатуллаһ – бүкіл ғылымның негізі. Ғылымдар осы ғылымға жақындау арқылы қадір-қасиетке ие болады...»

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Кісінің өнерлі, білімді болғаны жақсы. Бірақ, Ібілістен ғибрат алып оған (өнер мен білімге) онша мән бере берме. Себебі Ібіліс те білімді болатын. Ол Адамның топырақтан жаралғанына, яғни сырт көрінісіне қарап, оның ақиқатын көре алмады».

«Ғылымның, ақылдың және де пікірдің көпшілігі ақиқат жолаушысының жолын тосып қарақшылық жасайды. Сондықтан жәннәттық кісілердің басым көпшілігі философтардың кесірінен аулақ болған пәк кісілер».

«Ей, ғапыл адам! Тәкаппарлықтан, менмендіктен арылып қажетсіз нәрселерді доғар. Сонда барып саған Тәңірдің рахметі жауады».

ҒЫЛЫМ МЕН ПАРАСАТТЫЛЫҚҚА ДАЯРЛАНУ

Ғылым мен парасат – өте қымбат қазына әрі жарық нұр. Бұларды қолға түсіру үшін, ең алдымен, олардың мекенін, яғни жүректі қажетсіз, зарарлы нәрселерден арылдыру қажет.

Сондықтан пайғамбарлар ең-әуелі аяттарды оқитын. Кейін бұл аяттарға сенген, ден қойған кісілердің нәпсілерін қыңырлықтан, астамшылықтан арылдырып, жүректерін рухани кірлерден тазартқан. Артынан тазарып, арылған кісілерге кітап пен хикметті үйреткен.

Мына әлемдегі құдірет пен сырларға тәнті болған ғашықтарға тек осындай данышпан кісілер ғана ұстаздық ете алады.

ҒЫЛЫМ – КӨПСАЛАЛЫ

Құран Кәрімде айтылғанындай Мұса аләйһиссәләмға Хазіреті Қызырға берілмеген бір ғылым берілген еді. Қызыр аләйһиссәләмға да Хазіреті Мұсаға берілмеген бір ғылым берілген болатын.

Сол секілді Хазіреті Гейлани Хазіреті Мәуләнә секілді бола алмайтынындай, Хазіреті Мәуләнә да Хазіреті Гейлани бола алмайды. Сондай-ақ Шах Нақшибәнди Ахмед әр-Рифаи бола алмайтынандай, Ахмед әр-Рифаи да Шах Нақшибәнди секілді бола алмайды. Себебі екеуіне берілген нәрселер мен екеуінен талап етілген қызметтер екі түрлі болатын.

Бірақ барлығының басты мақсаты құлшылық әрі мағрифат еді. Өйткені Хаққа апарар жолдардың саны өте көп.

Екіншіден Хақ Тағала өзінің сансыз достарының әрбірін қияметке дейін жалғасатын ұлы нұрының сәулесі шағылысқан айна іспетті қылған. Осылайша әр түрлі жолдармен өз құдіретін көрсеткен.

Сол үшін әрбір Аллаһ досының бойында бұлтартпас өз міндеті бар. Осыған орай захири (сыртқы) білімге жорым жасап, тәпсірлеп, түсіндіру үшін ғалымдар қажет болғанындай, мағынауи білімдерді де сол секілді көңілге құя білетін әулияұллаһ қажет. Хазіреті Әбу Ханифа қаншалықты маңызды болса, Хазіреті Бахаүддин Нақшибәнди де соншалықты маңызды.

УӘҺБИ ҒЫЛЫМ

Ғылымдардың ішінде Аллаһ Тағаланың таңдаулы құлдарына ғана сыйлаған «уәһби ғылымның» орны өзгеше. Бұл ғылымды тек Аллаһ Тағалаға шын тақуа, жаратылыстарға мейірімді болу, дүние-мүлікке деген сүйіспеншілікті жүрекке кіргізбей, нәпсімен тынбай күресу арқылы игеруге болады.

«Білген нәрселерімен амал жасағандарға Аллаһ білмеген нәрселерін де үйретеді» – деген хадис шәриф те осыны меңзейді. (Әбу Нұайм, Хилья X. 15)

Демек, Аллаһтың аяттарын түсінуге кедергі болатын тәкаппарлық, менмендік, қызғаншақтық, дүние-мүлікке деген сүйіспеншілік секілді рухани дерттерді тасаввуфи тәрбие арқылы емдеп жазбайынша, Құранның сырларын түсіну мүмкін емес. Қасиетті Құранда бұл хақында:

سَأَصْرِفُ عَنْ آيَاتِيَ الَّذِينَ يَتَكَبَّرُونَ
فِي الأَرْضِ بِغَيْرِ الْحَقِّ

«Жер жүзінде астамсып, паңсығандырды аяттарымды қажетінше түсінуден аулақ қыламын…» деп баяндалады. (А'раф, 146)

Жинақтай келгенде, ішкі жан дүниені рухани тәлім-тәрбиемен өңдемейінше Құранның, табиғаттың және адамзаттың сырларын ұғыну мүмкін емес.

ҒЫЛЫМ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ ҮШІН ҚАЖЕТ

Туылғанынан бастап білімге мұқтаж адам баласы үшін ғылым – негізінде өмір бойы адамды тәрбиелеуден тұрады. Құран Кәрімнің айтқанындай шынында да білгендер мен білмегендер еш уақытта тең болмаған.

Бұл жерде айтылған білімділер мыналар:

а) Қиямда және сәждеде Аллаһпен бірге болғандар.
ә) Ахіретті уайымдағандар.
б) Аллаһты паналағандар.

Ал бұдан тыс қалған адамдар, шын мәнінде, білімділер қатарына қосыла алмайды.

Өйткені кісі бойында бұл үш ерекшелік болмайтын болса, көзімен көрген нәрсесін жүрегі көрмейді деген сөз.

Сондықтан Құран Кәрім:

إِنَّا عَرَضْنَا الْأَمَانَةَ عَلَى السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضِ وَالْجِبَالِ
فَأَبَيْنَ أَن يَحْمِلْنَهَا وَأَشْفَقْنَ مِنْهَا وَحَمَلَهَا الْإِنسَانُ
إِنَّهُ كَانَ ظَلُوماً جَهُولاً

«Біз аманатты көктерге, жерге және тауларға ұсындық. Олар мұны қабылдаудан бас тартты, (жауап-кершілігінен) **қорықты. Оны адам қабыл алды. Шынында ол өте залым әрі надан»** (Ахзаб, 72) деген аятында айтылғандай ғылым

арқылы күнәға батқан адамды **«залым»** және **«надан»** сипатынан құтқарып, кәміл адам дәрежесіне жеткізуді мақсат етеді.

«Зұлымдықтың» антонимі «әділдік», яғни құлдың ізгі амал жасауы. «Надандықтың» антонимі болса «білімділік». Нағыз ғалым болу үшін заһири (сыртқы) ғылыммен қатар, батыни (рухани) ғылымды да игеру қажет. Дүние есігін надан болып ашқан адам баласы ғылыммен тәрбиеленіп, ғалым және кәміл сипаттарымен пікір мен сезім қалыптастырып періштелерден жоғары, пайғамбар мұрагері бола алады.

Имам Ғазали рахметұллаһи аләйһи бұл тұрғыда:

«Пайғамбарлардың нағыз мұрагерлері – заһири әрі рухани ғылымдарды игерген ғалымдар», – деген..

ТӘЛІМ - ТӘРБИЕ АДАМ ҮШІН

Небір жыртқыш жануарларды үйретіп, оларды игілігіне қолданған және небір ағаш-дөңкелерді өңдеп олардан керемет өнер туындыларын шығарған адам баласы негізгі тәрбиенің өзі үшін, яғни адамдар үшін қажетті екенін естен шығармауы қажет.

Өйткені ең ауыр қызмет – адам тәрбиелеп жетілдіру.

Тәрбие көрмеген нәпсі үнемі кісіні жамандыққа итермелейді. Аллаһ Тағала адам баласының жаратылысына

күнә мен **тақуа**лыққа бейімделу қабілетін берген. Сондықтан сәби кезінен бастап, оның бойынан осы екі қабілет көріне бастайды.

Кісі күнәға деген бейімділігін тежеп, тақуалығын арттыру арқылы бақытқа қол жеткізуіне болады. Бұл да тәрбиелеу арқылы іске асады. Жыртқыш жануарды тәрбиелеу, нәпсісіне берілген адамды тәрбиелеуден әлдеқайда оңай.

Тәлім - тәрбие беру – пайғамбар кәсібі. Тәрбиеші бола білу үшін өте сезімтал болу қажет. Себебі шәкіртпен қарым-қатынас құрған кезде олардың да сезімін түсініп, есепке алып, сол бойынша әрекет ету керек.

Бұл – дәрігердің емдеуден бұрын анализ жасауы, яғни аурудың себебін анықтауы секілді нәрсе. Қиыншылығы мен мәселесін шешіп, қол ұшымызды берген адамдардың ғана жөнге келетіндігін естен шығармауымыз керек.

Адамдардың қабілеттері әр түрлі болатынындай, әлсіз тұстары да өзгеше болмақ. Сол себепті тәрбиешілер рухани дәрігер секілді әрекет етуі керек.

Біреуге пайдалы болған сөз немесе әрекет басқа біріне зарар беруі мүмкін. Сондықтан тәрбиесінен жауапты болған адамдарымыздың мінез-құлқын жақсы білуіміз шарт.

Сонымен қатар түсіндіріп, үйреткен кезде уақыты мен мөлшерін де дұрыс таңдап, белгілей білу қажет.

Қатты затты иген кезде оның морт сыну ықтималды-

лығын есепке алатынымыз секілді, нәпсіқұмарлығы мен қалаулары басым кісіні бұл дертінен құтқару үшін де асығыстық жасамауымыз қажет. Алдымыздағы кісіні теріс бұрылып кететіндей дәрежеде бірден қатты айтып шошытып алмауымыз шарт.

Ыдыстағы толы затты дәл сондай көлемдегі ыдысқа дереу аударатын болсаңыз, жартысы сыртқа төгіліп, зая кетеді. Ал егер асықпай жай әрекет ететін болсаңыз, ол ыдыстағы затты екінші ыдысқа еш ысырапсыз құйып аласыз.

Адам тәрбиелеу барысы кезінде де осы физикалық заңдылықты жоққа шығаруға болмайды. Яғни бір кісіге бағыт-бағдар көрсетіп, тәрбиелеу үшін ең алдымен ұстамды болып, ол адамның қабілеті мен түсінігін ескеріп, оны жақсылап танып алу қажет.

Түптеп келгенде, тәрбиеші шәкіртінің мінез-құлқы мен қабілетін бес саусақтай танып, кім не нәрсеге қабілетті болса, оны сол бағыт бойынша жетілдіруге тырысуы тиіс.

Мысалы ақындыққа жақын кісіні адамның рухани дүниесіне бағыттау қажет. Ал жетекшілікке, басқаруға қызығатын кісіге басқарып қадағалаудың әдістерін, әрбір істі лайықты маманына берудің қажеттілігін, мейірімділік пен әділдік жайлы әңгімелеу қажет. Өзге кәсіптер де осы секілді. Бірақ қоғам үшін қажетті бұл қабілеттерді тәрбиелеудің әдістері алуан түрлі болады.

Тәлім-тәрбие беру барысы адам бойындағы тән мен рух, ақыл мен жүрек арасындағы нәзік байланыс ескеріле отырып жасалуы тиіс.

Егер де кісіге тек ақыл тұрғысынан айтылатын болса пайдакүнемдік, мәртебе, дүниеқоңыздық сезімдері ауыр басып, рухани жетістіктен құр алақан қалады. Осылай тәрбие көрген адам соңында дүние-мүліктің, абырой-даңқтың құлы болады. Ал, егер ақылымен қатар ішкі жан дүниесі де тәрбиеленген болса ғана жаратылысындағы қабілеттерін Хақ жолына бағыттауға болады.

Мына мәселені ұмытпауымыз қажет: жүрекке қонбаған білім парасаттылыққа алып бармайды. Парасатсыз білім болса иесін адастыруы әбден мүмкін. Рухани сезімдер мен қасиеттерді бойына дарыта алмаған адам үнемі жамандықты үгіттейтін нәпсінің уысына түскен болады.

Ысырапшылықты тек қолымыздағы мал-мүлікті оңдысолды шашу деп түсінбеуіміз қажет. Қасиетті аяттағы:

«Аллаһ ысырапшылдарды жақсы көрмейді» деген иләһи ескертуді бүкіл өмірімізге бағыт етіп алуымыз қажет.

Осы жолдағы қызметінің маңызды екенін сезінген ұстаз шәкіртінің уақыты мен күшін ысырап етпеуі керек, тіпті ысырап етуіне жол жоқ.

Өмірді босқа өткізудің ысырап екенін жадымыздан шығармайық. Қолымыздағы ұлы аманатты сақтай алмау да бір ысырап. Әсіресе жаратылыстың ең ұлығы болған адамды осы мақсатта тәрбиелеп жетілдірмей, зардап шектіретін болсақ, ысыраптың ең сорақысы сол.

Олай болса, кісі тәрбиелеуде барынша ықтиятты болу қажет. Оны Ұлы Жаратушының қалағанындай етіп, яғни бұл сырлы ғалам кітабын оқи білетін, ондағы иләһи тәртіп

пен үйлесімділікті тамашалап, терең ойға шомып иманын ихсан дәрежесіне жеткізе білетін кәміл адам етіп жетілдіру.

Сондай-ақ қасиетсіз, жай, қара халық емес, Ислам жетілдірген Саадат ғасырындағы қоғамның сипатын өз бойларына дарыта алатын тұлғалар даярлау қажет. Әйтпесе миллиярдтаған адмзаттың кәміл адамға деген мұқтаждығы орындалмай бос қалады.

Ең басты мәселе – мына ақыр заманда бір адам болса да жетілдіру...

Жаңа ұрпақ ішіне түсіп жатқан алаулаған жалыннан бірнеше жасөспірімді болса да құтқарып қалу...

Кім білсін, біз қол ұшын берген жастар, бәлкім, ертеңгі күннің Ахмет Яссауилері, Мәшһүр Жүсіптері, Абайлары, Шәкәрімдері, Ыбырайлары болар... Иншааллаһ!

Бір ұлт осындай дана, біртуар азаматтар жетілдіру арқылы ұлы ұлтқа айналады әрі ұзаққа самғайды. Осман қағанаты Анадолыда қоныстанған ең кіші тайпа болғанымен, ұлы тұлғалардың арқасында ұлғая-ұлғая үш құрлықты иеленген ұлы бір бәйтерекке айналды. Кейіннен алып мемлекет бола тұра, ой-өрісі тар, санасы уланған, тек өз мүддесін, яғни халықтың болашағын емес, өзінің қара басын ойлайтын кісілердің қолына түскен соң кішірейе-кішірейе соңында тарих беттерінде аты ғана қалды.

Қысқасы, адамдарға тәлім-тәрбие беріп жетілдіретін тәрбиеші, ұстаз, мұғалім секілді қызмет жолындағы кісілер ең алдымен өз көңілдерін, жан дүниелерін тақуалықпен безендірулері шарт. Ішкі жан дүниесі тақуалықпен бе-

зенбеген кісілердің белгілі бір уақыттан кейін құлап, қирап қалатын үйдің қабырғаларынан еш айырмашылығы жоқ.

Ал көңілдерін адамдарға айқара ашып, оларды құшақ жая қарсы алғандар Хазіреті Мәуләнә, Шах Нақшибәнд, Абдүлқадир Гәйлани және Юнус Әмрә секілді аты мен еңбегі өшпей қияметке дейін өмір сүреді және мектептеріндегі дәрістері де тоқтаусыз жалғасады.

Уа, Раббым! Бізге үнемі пайдалы білім нәсіп ет. Пайдасыз барлық білімнің жамандығынан сақта. Ұрпағымызды нағыз ғылыммен, парасаттылықпен өз мәдениетіне сай түрде тәрбиелеп, болашақ үшін кәміл де ұлы тұлғалар даярлауды нәсіп ет!..

Әмин!

«Мен» сезімі және нәпсімізді сын тезіне салу

Менмендік – көзге ілінбейтін ерекшеліктері арқылы уысына түсірген адамды оңайлықпен жібере қоймайтын өте ауыр дерт. Адам қаншалықты жетілсе де, ол оның жан дүниесінің бір бұрышында жасырынып жатады. Айлакер түлкі секілді аңдып, сәтін күтеді Басқаша айтқанда, менмендік – қатерлі ісік секілді.



«Мен» сезімі және нәпсімізді сын тезіне салу

МЕНДЕ ЕКІЖҮЗДІЛІКТІҢ БЕЛГІСІ БАР МА?

Адам баласының дүниеде де, ахіретте де өзіне пайдасы тиетін көркем мінез бен өзіндік жеке қасиетке ие болуы адам тәрбиесіндегі ең басты мақсат. Себебі адам тек осылай ғана өзіндік қабілеті мен талпыныстарын нәпсіге жеңдірмей, Аллаһ ризалығы үшін жұмсап, жоғары дәрежелерге қол жеткізе алады. Қарама-қайшы жағдайда нәпсісіндегі менмендік пен кібірліктің тұтқыны болып, екі дүниеде де опық жейді.

Сондықтан асхабы кирам тәрбие мәселесінде өзгелерден гөрі өзін тануға, қателігі мен туралығын нақтылап анықтауға баса көңіл аударған. Яғни олардың өмірлері өздерін мұқият қадағалау, есепке алу арқылы тәрбиелеп, басқаларға теңдессіз үлгі бола білген ерекше, керемет өмір мезгілдері болып табылады. Олар бұл мәселеде өте мұқият болғаны соншалықты – сонау Хазіреті Омардың өзі Хазіреті Хұзайфадан:

«Ей, Хұзайфа! Аллаһ үшін айтшы, менде мұнафиқтың бар ма?» – деп сұраған.

Оның бұлай сұрауының екі себебі бар еді. Біріншісі – Хазіреті Хұзайфаның мұнафиқтар жайында Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләммен сырлас болуы. Екіншісі, адам өзіне-өзі баға бергенде өз пайдасына қарай бұруы мүмкін. Себебі кінәлі адам өзін қорғап, ақтау үшін қолынан келгенін жасайды. Сондықтан қазы өзі үшін үкім шығара алмайды. Ол үшін басқа қазы үкім шығарады.

МІНЕ, МАЛ-МҮЛКІМ, МІНЕ, АРҚАМ!

Адамның өзін-өзі нақты танып, бағалай білуі үшін қажетті екі айна бар. Олар Құран Кәрім мен Хазіреті Пайғамбардың сүннеттері. Сахабалардың ішкі жан дүниелерінің кемелділікке жетуінің сыры осында. Олар Пайғамбардың тәрбиесімен үнемі өздерін дамытып, жетілдіріп отырған.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің өмірінің соңғы кезеңіндегі мына әрекеті біз үшін қандай керемет тәрбие үлгісі:

«Асхабым! Егер біреудің бір затын (қателікпен) алған болсам, міне мал-мүлкім, келіп алсын. Кімнің арқасынан ұрған болсам, міне арқам, келіп ұрсын!»

Хазіреті Расулұллаһ саллаллаһу аләйһи уә сәлләм бұл әрекетімен бізге мына нәрсені үйреткісі келгендей:

Кісі кейде кімнің затын алғанын аңғармай қалуы

мүмкін. Кейде кімнің арқасынан ұрғанын да байқамай қалуы ықтимал. Яғни пенде бұл тұста әлсіз. Өйткені мал-мүлік пен күш-қуат – әрбір адамның қол жеткізу үшін барын салып әрекет еткен нәрселері. Сондықтан Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм қияметке дейін келетін бүкіл адамзатқа осы екі мәселеде өз бойынан өнегелі мысал көрсеткен.

Шынында да адам кейде кімге қолы тиіп кеткенін аңғармай қалады. Тілімен кімді ренжітіп алғанын байқамайды немесе көпшіліктің ішінде кімнің аяғынан басып кеткенін біле алмай қалады. Яғни қателікпен біреудің аяғын басып кетуі әбден мүмкін.

Міне сондықтан ардақты Пайғамбарымыз істеген әрбір әрекеттен өз іс-әрекетімізді аңғарып, кешірім сұрауымызды қалаған. Осы орайда өзімізді тәрбиелеп, есепке алу ең басты шарт болмақ. Себебі:

МЕНМЕНДІК ПЕН ТӘУХИД БІРГЕ БОЛА АЛМАЙДЫ

Шынымен де бір жүректе менмендік болатын болса, ол жерде тәухидке қатысты ерекшеліктер жойылады. Яғни менмендік тәухидті әлсіретеді. Хақ Тағала қасиетті аятында былай дейді:

«(Ей, Пайғамбар!) **Әуесқойлықтарын тәңір тұтып алғанды көрдің бе? Енді оған сен өкіл боласың ба?»** (Фұрқан, 43).

Әуесқойлықтың ең қуаттысы әрі қауіптісі – адам-дағы «мендік» сезімі. Міне, сондықтан кәлимә тәухид айтқанда

«лә иләһә» деп бастаймыз. Яғни ең алдымен жүректен барлық иләһтарды шығарып тастаймыз. Өйткені жүректегі иләһтар (тәңірлер) мен нәпсінің құмарлықтарын шығарып «илләллаһ» деген кісі ғана Құдайдың жамалдық сипаттарының көріністеріне бөленіп, Аллаһ Тағаламен жүрегі жай табады, тыныштыққа бөленеді.

Бұл деңгей тәухидтегі ең басты мақсат. Себебі менмендік адамның ішіне кіретін болса, ол жерден оңайлықпен шықпайды. Адам осы менмендігінің кесірінен нәпсісінің соңынан еріп, үнемі өзін дұрыс деп санайды. Сол себепті тәухидке толығымен келе алмайды. Сондықтан тасаввуфтың ең маңызды әрі қиын мәселесі адам бойындағы менмендікті жою. Жүректегі «мен» шықпай, Аллаһ зікірі сол жерге орнықпайды. Егер орнықса сонда адам толық берілген күйде «Уа, Раббым, Сенсің!» – дей алады. Яғни құл өзінің түкке тұрғысыз бір жан екендігін, бір «еш» екендігін түсінеді.

Өзін «еш» сезініп, әлсіздігін мойындағандар Хақ Тағаланың ұлылығы мен құдіретін сезіне бастайды. Барлық уақытта Хақ Тағалаға шүкіршілік етіп, құлдық сезіммен өмір сүреді.

Тарихтан белгілі болғанындай генерал Барбарос Хайреддин Паша бір соғыста тұтқынға түскен жаудың кемелерін алдына салып айбынды теңіз флотымен Халич шығанағына кіріп келе жатқан кезде Қануни мен уәзірлері бұл керемет сахнаны Сарайбұрнынан тамашалап отыр еді. Генералдардың бірі қатты толқып:

– Сұлтаным, дүниеде бұрын-соңды мұндай көрініс болған ба екен? Сіздер қаншалықты мақтансаңыздар да аз, – дейді.

Ұлы қаған Қануни сонда:

– Генерал, біздің мақтануымыз қажет пе, әлде бұл жеңісті сыйлаған ұлы Раббымызға мақтау айтып, шүкіршілшік етуіміз керек пе? – деп үн қатады.

Күмәнсіз, Қануни Сұлтан Сүлейманның дүние патшалығынан да үстем болған бұл руханият сұлтандығы оның Аллаһтың хас құлдарынан алған фәйіз бен берекеттің және менмендік дертіне шалдықпағандығының нәтижесі еді.

Егер де адам менмендік дертіне шалдығатын болса (Аллаһ сақтасын) «лә иләһә» сөзінің мағынасына сай түрде өмір сүре алмайды. Өне бойындағы қыңырлықтарды, жүрегіне орнығып қалған тәңірлерді және нәпсіқұмарлықтарын жоя алмайды. Менмендік бұларды жоюға кедергі болады.

Яғни «лә» деген өшіргіштің іске асып әсер етуі үшін, алдымен менмендік кедергісінің жойылуы керек. Бұл үшін әркім өзін-өзі жақсылап анықтап, танып алуы шарт. Мәуләнә Мәснәуиінде былай дейді:

«Орманда қаншама жануар бар болса олардың әр бірінің қасиеті мен қабілетін адам бойынан да көруге болады.

Мысалы:

Кейбір адамда құрбақаның қабілеті бар. Ол тек батпақты жерді қалайды. Енді бірінде түлкінің қабілеті бар. Ол үнемі алдап-арбап жүреді. Тағы бірінде қорқау қасқырдың ерекшелігі бар. Ол адам жыртқыш келеді, әрі бұл

ісінен рахаттанып, жаны жай табады. Тағы бірінде үй жануарларының ерекшеліктері басым».

Бұл ішкі ерекшеліктер сырттан оңайлықпен көрінбегендіктен адамдар ішкі жан дүниелерін тәрбиелеуде көбіне қателіктерге барады. Осылайша тәрбиелеу онан сайын қиынға соғады.

❀

МҮШКІЛ МӘСЕЛЕ...

Шайтани сипаттардан болған менмендік тап сиратү мүстақимнің (тура жолдың) бойында тұрғандықтан адамды оңайлықпен алдап-арбайды. Оны жойып жіберу әркімнің ақылына да келе бермейді Ақын Бақи мұны:

«Бұрыс – барлық уақытта бұрыс, әрі бос нәрсе. Бірақ ол дұрыстың кейпінде көрінетін болса бұл өте қиын мәселе», – деп тамаша айтқан.

Менмендіктің ең басты ерекшелігі – басқаларды менсінбей кемсіту. Яғни менмендік дертіне шалдыққан кісі басқалардың кемшіліктерін мінеп, өзін артық санайды. Ібіліс сияқты тәкаппарланып көкірек кереді. Өзін барлық қате кемшіліктерден адамын деп ойлап, Аллаһтың ескерту бұйрықтарынан өзін жауаптымын деп санамайды. Иләһи әмірлердің өзіне де қатысты екендігін аңғара алмайды.

❀

ЖАСЫРЫН ҚАНТ АУРУЫ ТӘРІЗДІ...

Менмендік – көзге ілінбейтін ерекшеліктері арқылы уысына түсірген адамды оңайлықпен жібере қоймайтын өте ауыр дерт. Адам қаншалықты жетілсе де ол оның жан дүниесінің бір бұрышында жасырынып жатады. Айлакер түлкі секілді аңдып, сәтін күтеді. Басқаша айтқанда **менмендік** – адам төсек тартып жатып қалмайынша, байқалмайтын беймәлім **қант ауруы** немесе жасырын **қатерлі ісік** секілді. Адам мән бермейінше емін-еркін өмір сүріп, сөйтіп шайтан мен нәпсі оны оп-оңай құрыққа түсіреді.

МЕНМЕНДІКТІҢ ЕМІ

Бұл дерт тек маманының, яғни рухани емшінің зерттеп анализ жасауының нәтижесінде байқалады. Оны емдеу тағы да рухани емшінің берекелі дастарханынан рухани дәм тату арқылы оңай болады.

Бұл қалай іске асады?

Ең алдымен таң сәрі уақыттарын тиімді пайдалану, өлімді еске алу, рухани сұхбаттарға қатысу арқылы іске асады. Көңіл сұхбат, насихат ордаларынан өзіне қажетті шипасын алып, «Маған бұл сұхбатта мына насихат мынадай ем болып қонды. Мынадай кемшілігімді байқадым», – дейді. Әркім үлкенінен кішісіне дейін өзіне қажетті шипаны алуы қажет. Қажетті емін ала алмаса сұхбаттан да насихаттан да ешқандай пайда болмай, бұл тәрбиелеу әдісінің негізгі мақсаты босқа кетеді.

Тасаввуф бұл мәселеде шынайы, яғни құлдың көркем мінез бен құлшылықта тек сыртқы пішінде ғана қалмай әрі қарай ілгерілеуін қалайды. Ұлы шындықтардың тек қана тыңдалып, сөз жүзінде қалуына разы емес. Тасаввуф иләһи сырлар мен ұлы мағлұматтарды тыңдаған әрбір көңіл иесінің былай деуін қалайды:

- *Бұл айтылғандардан маған қандай пайда бар?*

- *Бұл қанатты сөздер менің ішкі дүниеме қалай әсер етуі керек? Жүрегімдегі тәңірлерді жеңе білдім бе?*

- *Қызғаншақтықтан құтыла алдым ба?*

- *Ғайбаттан тыйыла алдым ба? Сабырлымын ба, әлде сабырсызбын ба?*

- *Тыңдаған сұхбаттарымнан кейін Ұлы Аллаһқа, Хазіреті Пайғамбарға бір адым болса да жақындай алдым ба?*

- *Мінез-құлқым мен ахлағымда қандай өзгерістер болды? Мінезім жақсарды ма?*

- *Әлде айтылған шындықтар, хикметтер мен ғибратты сөздер мына құлағымнан кіріп, мына құлағымнан шығып кетті ме?*

- *Осыларды үйреніп, білгеннен кейін жауапкершілігім қаншалықты артты?*

Бұл сұрақтардың жауабын табу үшін қажет болған сыр – тек қана:

ШЫНАЙЫЛЫҚ СЫРЫ

Хақ Тағаланың бізден қалаған нәрсесі – шынайылық. Ол ұлы Жаратушымыз құлдарынан үнемі ықыласты болуларын және шүкіршілік етулерін қалайды. Өйткені шынайылық шүкіршіліктен туындайды. Шынайылық болатын болса шүкіршілік те, сабырлылық та, батылдық та болады. Осылай болған кезде Хақ Тағала аз ғана әрекеттер үшін мол сый-сыяпат береді.

Ең басты парасат – осындай хикметке жете білу. Менмендіктен құтылып аз ғана амалды өте құнды қыла білу. Хикмет дегеніміз – ақыл шарасыз қалған жерде жүрекке орын беріп, осы арқылы сырларды меңгеру. Басқаша айтқанда хикмет – адамға ақылдың әлсіздігін түсіндіріп, Ұлы Құдіретке мойынсұндыра білу. Себебі Хаққа қауышу үшін тек қана ақыл еш уақытта жеткілікті бола алмайды.

Осы мақсатта Хақ Тағала алдымен Мұса аләйһиссәләмға Қызыр аләйһиссәләмды жіберіп, оған ақылдың әлсіздігін мойындатты. Демек, адам баласы өте әлсіз, үнемі Раббысына мұқтаж. Тек қана Хақ Аллаһқа жақындау арқылы ғана ақиқаттар мен хикметтерді және сырларды түсіну мүмкін болады.

ЗАҺАР МА, БАЛ МА?

Ақиқаттар, хикметтер, сұлулықтар мен сұхбат мәжілістері сырға толы суға ұқсайды. Ол суды аралар ішіп бал жасайды, жыландар ішіп у шашады. Сондықтан ізгілермен бірге болғанда, ақиқаттарды түсінуде бал арасы секілді

болу ең маңызды мәселе. Сол үшін өзімізді жақсылап танып, нәпсімізді өлмей тұрып есепке алумыз қажет.

Аллаһ Тағаланы тілмен ғана емес, ғибадатпен, жүрекпен тани аламыз ба? Өзіміз қайда қарап тұрмыз, көзіміз қайда? Хал-ахуалымымыз Аллаһты еске сала ма, әлде нәпсіні ме? Көріп тамашалаған нәрселеріміз жан дүниемізге әсер етіп бізді ойлануға, ғибрат алуға жетелей ме, жоқ әлде пасықтыққа, мүнәфиқтыққа және қызғаншақтыққа бастай ма? Құлағымыз нені тыңдауда? Тіліміз қандай сөз сөйлеуде? Зікір, шүкіршілік, салауат және көркем сөздер айтуда ма, әлде ғайбат па? Ауызымыздан рухты рахаттандыратын, шаршаған көңілдерге шипа, күш беретін сөздер шығуда ма, жоқ әлде адамдарды шағып алып, ренжітетін улы сөздер ме?

Менмендік пен нәпсіге бой алдыру жайында Хазіреті Қажы Байрам Уәли былай керемет ескерту жасайды:

«Нәпсіге берілу – белге байланған тас секілді. Онымен ұша да алмайсың, жүзе де алмайсың».

САН МЫҢ СЫНАҚ

Бізді өміріміздің соңына дейін менмендік пен нәпсіқұмарлықтан сан мың сынақпен тәрбиелеген Хақ Тағала бұл ақиқатты былай түсіндіреді:

وَلَنَبْلُوَنَّكُمْ بِشَيْءٍ مِّنَ الْخَوْفِ وَالْجُوعِ وَنَقْصٍ

مِّنَ الأَمَوَالِ وَالأنْفُسِ وَالثَّمَرَاتِ وَبَشِّرِ الصَّابِرِينَ

«Расында, (Пайғамбарыма бағынып-бағынбағандарыңды іріктеу және сендерге деген нығметімді толықтыру үшін) **сендерді біраз қорқытып,** (біраз) **ашықтырып,** (тағы біраз) **малдарың мен жандарыңды** (өліммен) **және өнімдеріңді** (шаруаларыңды) **кемітіп сынаймыз. Сабыр қылғандарды** (ілтипатым және жақсылығыммен) **қуандырып қой»** (Бақара, 155).

Менмендікке беріліп бұл сынақтардан сәтті өте алмау – тым үлкен қасірет. Кейбір адамдар бұл сынақтардың ішінде дел-сал болып жүреді. Өзінің кемшіліктері мен жүрегінің көрлігін Аллаһтан көруге дейін барады. Мұндай сорақылықты Аллаһ Тағала былай түсіндіреді:

«Адам деген сондай – қашан Раббы оны сынап, сыйлы-абыройлы етсе және жарылқаса, ол: *"Раббым мені сыйлы-абыройлы етті",* – дейді».

«Ал Раббы оны сынап, ризығын тапшы қылса *"Раббым мені қор қылды",* – дейді» (Фәжр, 15-16).

Алайда Хақ Тағала құлдарының разылық көрсетуін, молшылықта берегендікпен шүкіршілік етуін, ал таршылықта мақтау айтып сабырлы болуын қалайды. Демек үнемі басымызға түскен сынақтарды алдымен дұрыс түсініп, кейін соған қарай өзімізді есепке алуымыз қажет.

ЕҢ ҮЛКЕН ЖЕТІСТІК

Өміріміздегі ең үлкен жетістік – ешқашан нәпсіқұмарлыққа салынбау. Қысқасы бұл өмірде мәңгі қалатындай болып өмір сүрмеу. Яғни фәнилік екеніңді естен шығармау.

Бір Аллаһ досы: *«Дүниеден мәңгілікті сұрама. Саған беретіндей оның өзінде де мәңгілік жоқ!»* – деп керемет айтқан. Соңында бұл дүниенің өзі де жоқ болады.

Бұл жайында Фәридуддин Аттар да:

«Қанағаттан нәсібі жоқ адамды дүниелік мал-мүлік қалай байытады?» - деп дұрыс айтқан.

Демек ең үлкен байлық, ең үлкен сый – менмендіктен арылып, қанағатшыл бола отырып, Аллаһқа разы болу. Оның құзырына осындай пәк жүрекпен бару. Осы жайлы Ұлы Жаратушы қасиетті аятында:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُواْ اتَّقُوا اللّهَ حَقَّ تُقَاتِهِ
وَلاَ تَمُوتُنَّ إِلاَّ وَأَنْتُمْ مُّسْلِمُونَ

«Ей, Иман келтіргендер! Аллаһтан шынайы (Оның тәңірлік абырой-данқына лайық боларлықтай) **қорқыңдар және мұсылман болған халдеріңде ғана өліңдер!»** – дейді. (Әлү Имран, 102)

Бұл иләһи пәрменді терең ойланып, ой жүгірту қажет. Біздің өміріміздің бір шегі бар, ол да ақтық дем келген уақыт. Ол бізге беймәлім. Олай болса сол сәтте өкініп қалмау үшін әрбір алған демімізде оған дайын болуымыз қажет. Сол уақытта Әзірейілмен қандай жағдайда кездесеміз? Сәждеде ме, жоқ әлде бұрыс жолда ма, ашу-ызамен немесе жамандықпен бе? Бізге беймәлім бұл кездесу қандай жағдайда, қай жерде болар екен? Соңғы сөзіміз қандай болар екен? Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің: *«Егер кімнің соңғы сөзі кәлимә тәухид болатын болса, ол*

жәннатқа барады» деген сүйінші хабарына лайық болар ма екенбіз?

Бұл сүйінші хабарға лайық болуды қалайтын болсақ, уақыт бар кезде «лә иләһәны» өзімізге өте көп насихаттауымыз қажет. Жүрегіміздегі бүкіл нәпсінің құмарлықтары мен қалауларын, менмендікті, тәңірлер мен пұттарды осы сөзбен жоюымыз керек. Аллаһтың назары түскен жүрегімізді арылтып, тазартып, кіршіксіз әрі пәк қылып, мағынауият пен хикметке толтыруымыз қажет. Міне сонда барып Хақ Тағаланың көркем сипаттары көңілімізге өзгеше әсер етеді.

Бұл үшін **әғузү билләһи минәш-шайтанир-ражим**ді шынайы түсініп, әрбір сәтте бізге тұзақ құрып торуылдап жүрген шайтанды аластатуымыз қажет. Не болса да, бұл мәселеде сәл ғана да ғапылдыққа түспеуіміз шарт. Сонда барып періштелер құштар болған әсемдікке қол жеткіземіз. Хазіреті Пайғамбардың тәрбиесіндегі жалғыз әрі басты мақсат қашан да осы болатын.

Мына оқиға осы мәселеге тамаша мысал болады:

МЕН ШАЙТАН БАР ЖЕРДЕ ОТЫРМАЙМЫН!

Расулұллаһ саллаллаһү аләйһи уә сәлләм ардақты сахабаларымен бірге отырғанда бір кісі кіріп келіп, Хазіреті Әбу Бәкірге тіл тигізіп, оны ренжітеді. Бірақ Әбу Бәкір радияллаһү анһү үндемей, әлгі адамға жауап қайтармайды. Ол адам екінші рет тағы да тіл тигізіп мазалайды. Хазіреті Әбу Бәкір тағы да үнсіз қалған еді, Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм оның бұл әрекетіне риза болып, жүзіне күлімсіреп қарады. Әлгі адам бұл әрекетін

тағы да қайталап еді, Хазіреті Әбу Бәкір бұл жолы оған тиісті жауабын берді.

Сол уақытта Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм дереу орнынан тұрып кетіп қалды.

Әбу Бәкір радияллаһү анһү дереу соңынан барып:

– О, Расулаллаһ! Маған ренжідіңіз бе? – деп сұрады.

Сонда Аллаһ Расулы саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

– *Жоқ»,* – деп, артынан сөзін былай жалғап:

– *Көктен бір періште түсіп, әлгі адамның саған айтқандарын өтірікке шығарып, сенің орныңа оған жауап беріп жатты. Сен жауап қайтарып, өшіңді алған соң періште кетіп, орнына шайтан келді. Мен шайтан келген жерде отырмаймын»,* – деді. (Әбу Дәуіт, Әдеп 41/4896)

Осыған байланысты Хазіреті Мәуләнә:

«Надандардың қасында кітап секілді үнсіз бол!» - дейді.

Өйткені Хақ Тағала мүминдердің осындай болуын қалайды және олардың ерекшеліктерін былай баяндайды:

وَعِبَادُ الرَّحْمَنِ الَّذِينَ يَمْشُونَ عَلَى الْأَرْضِ
هَوْناً وَإِذَا خَاطَبَهُمُ الْجَاهِلُونَ قَالُوا سَلَاماً

«Рахманның құлдары жер бетінде сыпайы сақтап жүреді. Надандар тіл тигізетін болса оларға: «сәлем!» деп кете барады» (Фұрқан, 63).

وَالَّذِينَ لَا يَشْهَدُونَ الزُّورَ وَإِذَا مَرُّوا بِاللَّغْوِ مَرُّوا كِرَاماً

«(Ол ізгі құлдар) **жалған нәрсеге куәлік етпейді, ал бос сөзге жолығатын болса** (ол жерден) **айбындылық танытып өте шығады»** (Фұрқан, 72).

Біздің дүниедегі һәм ахиреттегі өміріміздің берекелі болуы менмендіктен құтылуымызға, өлместен бұрын өзімізді сұраққа тартуымызға байланысты. Бұл үшін барлық уақыт сәтті саналады. Бірақ қасиетті, мүбәрак уақыттарда өте көп әрекет етуіміз керек. Қолымызда өмірімізде пайдаланып қалатын үлкен мүмкіншіліктер бар. Олар:

ҚАСИЕТТІ ҮШ АЙ

Сансыз берекет пен рахметке толы қасиетті үш айда біз үшін өте көп мүмкіншілік бар. Ішіндегі мүбәрак түндер мен күндердің көптігі мен берекетінің арқасында бұл үш ай барлық жағынан рухани тәлім-тәрбие айлары. Қасиетті үш ай – жәннәтқа қол жеткізуіміз үшін арналған ерекше уақыт аралығы. Осы уақыт аралығындағы жеті қат көкке көтерілуді білдіретін миғраж мұғжизасын ескере отырып, бүкіл ғибадаттарын миғраж рухымен жасағандар қандай бақытты.

Хақ Тағала баршамызға осындай руханият нәсіп етсін. Бізді нәпсіміз бен менмендігіміздің жамандығынан сақтасын. Біздерді миғражға лайықты бақытты құлдарының қатарынан қылсын. Өміріміздің барлық кезеңдерін, әсіресе рахмет жауған қасиетті үш айды берекелі өткізуді баршамызға нәсіп етсін!..

Әмин!..

Көркем мінез және әдеп

Тозақтың оты адамның жаман қасиеттерімен тұтанады. Жәннәттағы бау-бақша да адамдардың көркем мінездерімен және ахлағымен көгереді.



«Біздің жолымызда еңбектенгендер үшін, Біз қайткенде де, жолдарымызды көрсетеміз...»

(Анкәбут, 69)

Көркем мінез және әдеп

ШЕКСІЗ ҚАЗЫНА...

Адам баласының бұл дүиедегі һәм ахиреттегі ең қымбат әрі шексіз қазынасы – оның көркем мінезі мен әдебі.

Адамның қадір-қасиеті де осы қымбат қазынаның құнымен өлшенеді.

Сондай-ақ Хақ Тағала Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің ұлы дәрежесін баяндау үшін қасиетті аятында:

وَإِنَّكَ لَعَلى خُلُقٍ عَظِيمٍ

«Күмәнсіз сен ұлы ахлаққа иесің!» – деген. (Қалам, 4)

Ардақты Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм да:

«Мен басқа мақсатпен емес, тек көркем ахлақты толықтыру үшін жіберілдім» (Муатта, Хүснү-л Хұлқ6 8), – деп, өз міндетін баяндап, бүкіл адамзатқа **«үсуәтүн хасәнә»**, яғни көркем ахлақтың үлгісі болған.

Осы тұрғыдан қарағанда ахлақ діннің өзегі іспеттес.

الْيَوْمَ أَكْمَلْتُ لَكُمْ دِينَكُمْ

«Бүгін сендердің діндеріңді толықтырдым...» деп басталатын, діннің толықтырылғанын білдірген аят кәримә түскеннен кейін Хақ Тағала құдси хадисте:

«Бұл – менің Өз затым үшін разы болған дінім. Осы дінге жарасатыны да тек жомарттық пен көркем ахлақ. Мұсылман күйлеріңде өмір сүрген сайын осы екі қасиетпен сый-құрмет көрсетіңдер!» – деп бұйырған. (Әли әл-Мұттақи, Кәнз, VI, 392)

ЕҢ КӘМІЛ МҮМИН

Адамзат тарихы пайғамбарлардың көркем ахлақ үлгілері мен көрсеткен теңдессіз әрекеттеріне толы. Хазіреті Юсуф аләйһиссәләм сөзсіз мұның ең керемет мысалдарының бірі. Қасиетті аятта айтылғанындай, ол өзіне зұлымдық жасаған бауырларына:

«Бүгін сендерге сөгіс жоқ. Аллаһ сендерді жарылқасын. Ол мейірімділерлің мейірімдісі» (Юсуф, 92), – деп, кешірімділіктің теңдессіз үлгісін көрсетті.

Осыған орай Хазіреті Пайғамбар саллаллаһу аләйһи уә сәлләм:

«Иман тұрғысынан мүминдердің ең кәмілі – ахлағы ең көркем болғаны» (Ахмеб б. Ханбәл, Мүснәд II, 250), – дей отырып, ахлақ иманның жемісі және кәмілдігінің белгісі екенін баяндаған. Аллаһ достары да осы Мұхаммеди ахлақты өз бойларына дарытқан рухани жетекшілер болып табылады.

Әбу Мұхаммед Жәрири:

«Тасаввуф – көркем мінезді дарытып, жаман мінезден аулақ болу», – дей отырып, осы жәйтты меңзеген еді.

Олай болса, нағыз құл болғысы келген әрбір жан, алдымен, өз нәпсісін үнемі бақылауында ұстауы қажет. Бойындағы жаман ахлақты ақырын-ақырын жоюға күш-қайрат жұмсап, тәубе етуі қажет. Бұдан кейін жаман мінезінің орнына көркем ахлақты өз бойына дарытуға әрекет жасауы керек. Мысалы, тәкаппарлық дертіне шалдыққан адам кішіпейілділік пен сыпайылықты игеруі тиіс. Өшпенділік пен қызғаншақтыққа шалдыққан болса, мүмин бауырларын өзінен артық көріп, олардың кемшілігінен бұрын өзінің кемшілігін іздестірсін.

Мүминнің мүмин үшін айна екенін, жаман көзбен қарағанда жамандықтарын, жақсы көзбен қарағанда жақсылықтарын көретінін ескеріп, нәпсісін мүминдердің жақсы жақтарымен айналысуға итермелеуі керек.

ІШКІ ДҮНИЕМІЗДЕГІ ҚАРАМА-ҚАЙШЫ ЕКІ КҮШ

Адамның ішкі әлемінде жақсылық пен тақуалықты және жамандық пен бұзақылықты бұйыратын екі теріс күш бар. Барлық адам бүкіл өмірінде осы екі теріс күштің күресінің нәтижесіне қарай өміріне бағыт береді. Тақуалығы артқан кезде ізгі амалдарға, көркем мінезге бұрылып, ал бұзақылығы артқанда күнә мен арсыздыққа түседі.

Қасиетті аятта:

«(Аллаһ) **оған** (адамға) **бұзақылықты да, тақуалықты да аян етті...»** делінеді. (Шәмс, 8)

Бұзақылық – адамды Аллаһтан алыстататын барлық нәрсе. Тақуалық болса – құлды Аллаһқа жақындататын ізгі амалдар мен бүкіл жақсы әрекеттер.

Құл осы екі ерекшеліктің қайсысымен өмір сүретін болса, қадір-қасиеті де сол бағытта болады.

Хазіреті Омарға түнін намаз оқумен, күндізін ораза ұстаумен өткізетін бір кісіні мақтап келгенде, ол бұған айтарлықтай мән бермей:

«Сіз маған ол кісінің сауда-саттығының, көршілерімен қарым-қатынасының, сапарға шыққанда жолдастығының қандай екендігін айтыңызшы», – деген.

Хазіреті Омар мән берген бұл үш ерекшелік – адам нәпсісі қиналған шақта жабайы жыртқыш аңдай арпылдайтындығын бейнелейтін үш айна секілді. Тып-тыныш болып көрінген мысықты бір бұрышқа қамап ұстағанда ішіндегі барлық ашу-ызасын сыртқа шығаратынындай, адам да сауда-саттықта, көршілік және жолдастық қарым-қатынастарда қиналған сәттерінде ішкі дүниесінде жасырын жатқан шынайы бей-несін сыртқа шығарады. Адамның өмірі осы үш мәселеде сыналумен өтеді десек те болады.

Дүниедегі сынақта ең үлкен кедергілердің бірі болып саналатын нәпсі көбіне адамның ақылына жағымсыз ой-пікірлер салады. Ал адамның ішкі жан дүниесінде асыл гауһардай бағалы ерекшелік бар. Адамның міндеті рухани тәрбие арқылы нәпсісін кірлерден тазартып, бойындағы асыл гауһарды сыртқа шығару.

Бұлай жасамайтын болса адамның нәпсісі жамандықтың ордасы секілді күндіз-түні шайтанға қызмет етеді. Хазіреті Мәуләнә бұл жайтты:

«Аллаһтың рахметі мен сыйы Ніл өзені секілді кемерінен асып ағады. Бірақ біздің ахлағымыз Перғауындікіне ұқсайтын болса, біз үшін ол өзеннің суы тартылып құрғап қалады.»

«Көрмейсің бе? Сенің жұмсақ мінезді, пәк досың нәпсісіне тиіп, оған қарсы келгеніңде жыланға айналып жатыр», – деп түсіндірген.

Шәйх Сағди болса:

«Көзі, құлағы, ауызы бардың бәрі бірдей адам емес. Нағыз адам – көркем ахлақты адам», – деген.

ҚАШЫР МЕН ТҮЙЕ...

Хазіреті Мәуләнә көркем мінезді кісі мен ахлақсыз кісінің өмірін қашыр мен түйеге теңеп былай мысал етеді:

Қашыр түйеге:

– *Ей, достым! Сен қыр-сай демей өте қиын жолда да еш қиналмастанмойымай рахат жүресің. Мен болсам жолымнан адасқандай сасқалақтап қаламын.*

Жол құрғақ болсын, балшық болсын мен үнемі жығылып құлап жатамын.

Мұның мәнісі неде екенін айтшы, мен де қалай өмір сүру керектігін үйренейін, – дейді.

Сонда түйе былай жауап берді:

– Менің көзім сенің көзіңнен де өткір. Сонымен қатар мен жоғарыдан қараймын. Биік тауға шыққанымда соқпақ жолдың соңын қиналмай көре аламын. Хақ Тағала барлық жолдың ой-шұқырын көзіме көрсетеді.

Мен әрбір қадамымды абайлап, ақырын басамын. Сондықтан сүрініп, құлай бермеймін.

Сен болсаң, үш қадамнан арғы жолыңды көре алмайсың. Түйірді көргеніңмен тұзақты көре алмайсың, – дейді. Сол сияқты көр адам мен сау адам отыруда, тұруда, жүруде тең бола ала ма?

БАРЛЫҚ НӘРСЕ – АХЛАҒЫМЫЗДЫҢ КӨРІНІСІ...

Бұл дүниеде де, о дүниеде де алдымыздан шығатын нәтижелер біздің ахлағымыздың жемісі. Тозақтың оты адамның жаман қасиеттерімен тұтанады. Жәннәттағы бау-бақша да адамдардың көркем мінездерімен және ахлағымен көгереді.

Хазіреті Мәуләнә:

«Кім құрмет көрсететін болса, құрмет көреді. Шекер берген халуа жейді», – десе,

Сәййид (қожа) Низам:

«Жаман ахлағың тозақта саған алаулаған от болады. Әйтпесе тозақта ешқандай от жоқ», – деп керемет айтқан.

ӘДЕП ДЕГЕН ТӘЖ

Әбеп – ахлақтың ең биік шыңы. Жетілмеген адамды ихсан сезімімен кәміл адам дәрежесіне көтеріп, Аллаһ алдында әдепті қылу – әдептің ең кәмілі. Бұдан соң Аллаһ Расулы саллаллаһү aлəйһи уə сəлләмға әдепті болу керек. Хақ Тағала Хұжурат және басқа да сүрелерде мүминдерге Аллаһ Расулы саллаллаһү aлəйһи уə сəлләмға әдепті болуды бұйырады.

Бұл әдеп ұстазға, әке-шешеге, мүминдерге және де осылайша жалғасып, бүкіл жаратылысқа бағытталады.

Сүфян әс-Сәури құддисә сирруһ:

«Көркем мінез Аллаһ Тағаланың қаһарын қайтарады», – дейді.

Ибн Аббас радияллаһү анһү:

«Әдептіліктің басы – молшылықта да, таршылықта да Аллаһ Тағаланың әмірлеріне бойсұну және тыйымдарынан аулақ тұру», – деген.

Мынадай нақыл сөз бар:

Үш қасиет бар. Бұл үш қасиетке ие болған адам қор болмайды:

1. Көркем мінез-құлыққа ие болу;
2. Әдептілермен бірге отыру;
3. Басқаларды ренжітіп алмайын деген уайыммен жүру.

Әдептің ерекшелігін бір ақын былай баяндаған:

Хақ нұрынан бір тәж екен әдеп деген,
Ки ол тәжді, аман бол сен әр бәледен.

Хазіреті **Юнус Әмрә** де бұл хақиқатты былай тілге тиек еткен:

Көңіл әлемінде ізденіп талпындым,
Еш нәрсеге жете алмайсың екен,
егер әдебің болмаса.

Осы шындыққа орай Хақ досы болған ғалымдардың кейбіреулері **«тасаввуф әдептіліктен тұрады»,** – деп танымдаған.

Хазіреті Мәуләнә болса:

«Ақылым жүрегімнен “Иман деген не?” – деп сұрады. Сонда жүрегім ақылымның құлағына “Иман дегеніміз – әдеп”,– деп сыбырлады» - дейді.

ӘУЛИЕНІҢ ӘДЕБІ

Хазітері **Хатәм Әсамм**ның мына әрекеті ғибрат аларлық керемет мысал:

Бір күні Хазіреті Хатәмға көңіліндегі дерттерін ақтару үшін бір әйел келді. Ол өзінің дертін енді айта бастағанда, байқаусызда еріксіз жел жіберіп қояды. Әйел ұялғанынан үні өшіп, жерге кіріп кете жаздайды. Хазіреті Хатәм болса әйелдің масқара болып ұятқа қалмауы үшін еш нәрсе естімегендей өзін саңырау етіп көрсетеді. Қолын құлағына апарып:

– Қызым-ау! Құлағым естіңкіремеуші еді, біраз дауысыңды көтеріңкіреп айтшы. Не айтқаныңды ести алмадым, – дейді.

Осылайша әлгі әйел өзінің еріксіз жасаған жөнсіз әрекеті естілмей қалған екен деп ойлап, көңілі жай тапты. Сосын өзінің ішкі дертін жоғары дауыспен қайтадан түсіндіре бастады.

Бұл керемет, асқан әдептілігінен кейін оған **«әсамм»** (саңырау) деген лақап ат тағылды. Міне, нағыз Ислами әдеп...

Осы оқиғадан кейін Хазіреті Хатәм әдептілік сақтап, әлгі әйел қайтыс болғанға дейін халық арасында саңырау болып көрінетін болған. Ол әйел қайтыс болған соң қасындағыларға:

– Енді құлағым естиді, жай дауыспен сөйлей беріңдер, – деген.

ҺИДАЯТ ДӘНЕКЕРІ

Исламның көркем ахлағы мен әдебі жүздеген жылдар бойы қаншама «һидаят Күні» жетекшілерінің шығуына дәнекер болды. Марқұм әкем Ислам ахлағына сай түрде халал жолмен табыс табуға қатты көңіл бөліп, оған харам араластырмаудың өте маңызды екенін әрі берекелі болатынын мына оқиғамен бізге айтып отырушы еді:

«Біздің мұсылман емес бір көршіміз бар еді. Ол кейіннен мұсылман болды. Бір күні одан Исламды қабылдауының себебін сұрағанымда ол былай деді:

Ажыбадемдегі егістік жерімдегі көршім Раби молданың сауда-саттықтағы көркем мінезінің арқасында мұсылман болдым. Раби молда сүт сатып күнелтетін. Бір күні кешқұрым біздің үйге келіп:

– Алыңыз, мына сүт сіздікі, – деді.

Аң-таң болып:

– Бұл қалай? Мен сізден сүт сұрамадым ғой! – дедім.

Сонда ол сезімтал, мейірімді кісі:

– Байқаусызда менің малдарымның бірі сіздің егістігіңізге кіріп, жайылып жүр екен. Сондықтан мына сүт сіздікі. Тағы да ол малымның жеген шөбі денесінен толық қорытылып шыққанға дейін сүтін сізге әкеліп отырамын, – деді.

Мен болсам:

– Оның несі бар, көрші. Оның жегені шөп қой? Кешірдім оны, – дедім. Сонда да Раби молда:

– Жо-жоқ, олай болмайды. Оның сүті сіздікі, – деп, әлгі малының жеген шөбі денесінен тарқағанға дейін сүтін бізге әкеліп отырды.

Міне, сол мүбәрак кісінің бұл әрекеті маған қатты әсер етті. Осылайша көзімдегі ғапылдық перделері түріліп, көңілімде һидаят таңы атты. Мен өзіме-өзім:

– Мұндай көркем ахлақты кісінің діні сөзсіз ең ұлы дін болуы керек. Осындай керемет, адал, пәк сезімді

кісілерді шығарған діннің түп-тура екендігіне күмәндануға болмайды, – дедім де кәлима шәһәдәт айтып, мұсылман болдым.

Бұл кісі Раби молданың басқа да көркем әрекеттеріне көп таңырқайтын. Ол тағы да былай деген:

«Біз түнде қыдырып, үйге кеш оралатынбыз. Раби молданың шамдары жанып тұратын. Өйткені ол ізгі жан ғибадатын жасап жататын. Сондай-ақ ол күнделікті сүтін үшке бөліп, бір бөлігін үнемі пақырларға тарататын».

Осы оқиғаны түсіндірген құрметті әкем Мұса Әфәнді бізге Раби молданы жиі-жиі айтып отыратын. Оның көркем мінезінен туындаған рухани айбынын айтатын. Раби молданың ғұламалар мәжілісінде көретін сый-құрметіне мән беріп, бізге былай дейтін:

«Ғұламалрадың жиналысына, іштерінде үлкен тәфсірші ғалым Алмалылық Хамди Языр да бар, үнемі болып тұратын. Хамди Языр төрге отырып, басқа құрметті ұстаздар оның айналасына отыратын. Осылайша сағаттар бойы ғылыми сұхбаттар болатын.

Хамди ұстаз келген адамдардың сәлемін отырған жерінде алып, дәрісін жалғастыратын. Тек Раби молда келген кезде ұстаз дереу орнынан тұрып, ол ізгі жанға құрмет көрсететін. Сөз жоқ бұл әрекет ізгі құлдардың көркем ахлағының рухани айбынынан туындаған әсері болатын. Қысқасы, Раби молда мен Алмалылық Хамди ұстаздың жағдайлары Хақ Тағаланың ізгі құлдарына берген айбыны мен нағыз ғұламалардың оған көрсеткен құрметінің ең керемет көрінісі еді».

ТАРАЗЫДА ЕҢ АУЫР БАСАТЫН...

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм үнемі мүминдерді көркем ахлаққа шақырып:

«Қиямет күнінде мумин құлдың таразысында ең ауыр басатын нәрсе – көркем ахлақ. Аллаһ Тағала жағымсыз әрекет жасап, жағымсыз сөздер сөйлеген кісіні жек көреді», – дейтін. (Термези, Бирр 62)

Қиямет таразысында ауыр басу үшін ең көркем ахлақ пен әдептің үлгісі әлемдердің Сұлтаны саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің рухани өмірінен және ұлы ахлағынан өз үлесімізді алуымыз қажет.

Бұл тек махаббатты шынайы түрде Оған арнап, оның руханиятынан нәр алу арқылы іске асады.

Оның руханиятынан нәр ала білу үшін, өмірдің әрбір сәтінде Оның мүбәрак ізімен жүріп, қасиетті Рамазан айында жүргендей сезіммен өткізу қажет.

БҰРЫНҒЫ РАМАЗАНДАРДАН СОҚҚАН САМАЛ

Хазіреті Мәуләнә:

كعبه بنياد خليل آذرست

دل نظر گاه جليل اكبرست

«Қағба Азардың ұлы Халил Ибраһимнің салған ғимараты, Көңіл болса Ұлы Аллаһтың назар салатын жері», – дейді.

Осыған орай адамдардың көңілін аулау қажет, сонда барып бұл әрекетіміз үлкен қажылықпен барабар болады.

Міне, бұрындары Рамазан айлары осындай мағына-уиятпен, руханиятпен өтетін.

Марқұм әкем **Мұса Әфәнді** қасиетті Рамазан айына қатты көңіл бөлетін. Рамазанда үйіміз құт-берекеге толатын. Ифтардың (ауыз ашар) рухани ләззатына тоя алмайтынбыз.

Ол айдың бір күнінде қоқсық тазалаушыларды шақыратынбыз. Оларға көңіл бөліп, құрмет көрсетіп, сыйлайтынбыз. Үйден шығып бара жатқанда жағдайларына қарай сый-сыяпат таратылатын.

Тағы бір күні арбакештер шақырылатын.

Бір күні ұстаздар, бір күні көршілер, енді бір күні туған-туыстар қонақ болатын.

Барлығына құрмет көрсетіліп, лайықты сый-сыйяпаттар берілетін.

Бұл әрекеттердегі мақсат – бір мүминнің көңілін аулау, кәріп-қасер, пақыр-міскіннен ғұламаларға дейін барша жұрттың дұғасын алу болатын.

Осы мақсатта ауыз ашарға әдейілеп пақыр-міскіндер шақырылатын, олардың ұмытылуына жол берілмейтін. Қазіргі кездегідей люкс мейманханаларға тек белгілі адамдарды шақыру секілді жаңылыс әрекеттер болмайтын.

Көңілдер бай-кедей барлығына құшақ жаятын.

Тіпті пақыр-міскіндерге ыңғайсызданбасын деп аса мән берілетін. Мұқтаждар мен жоқ-жітіктер өздерін борыштар сезінбеулері үшін зекет пен садақа салынған конверттерге:

«Құрметті (пәленше) мырза! Қабыл алғаныңыз үшін рахмет айтамыз!» – деп жазу ешкім немқұрайды қарамайтын ерекше бір қайырымдылық әдептілігі еді. Себебі:

«Садақаларды Аллаһ алады» – деген аят кәримә білдіргендей зекет пен садақалар Аллаһқа берілетін. (Тәубе, 104)

Сондай-ақ Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләмнің:

«Күмәнсіз, садақаны мұқтаж алмастан бұрын Аллаһтың (құдірет) қолына өтеді. (Яғни мұқтаждарға берілген садақаларды алдымен Аллаһ алып, сосын жоқ-жітікке тапсырады)» – деген хадис шәрифі бойынша әрекет етілетін. (Мүнәуи, Күнузү-л Хақаиқ, 34)

Науқастарға беті жабық ыдыстармен тағамдар жөнелтілетін. Адамдармен қоса жануарларға да құрмет көрсету назардан тыс қалмайтын.

Қысқасы, бұрынғы Рамазандарда Аллаһтың сүйікті құлдары жаратылысқа Жаратушының көзқарасымен қарап, мұны нәбәуи ахлақпен тамашалауға тырысатын және адамдардан жан-жануарларға дейін барлық көңілдерді жандандыруға ат салысатын.

Бұл көркем ахлақ өміріміздің барлық кезеңдерінде көрініс табуы керек.

Сондықтан рахмет әрі берекет айы қасиетті Рамазанда малмен, денемен және жүрекпен орындайтын ғибадаттарымыз бен іс-әрекеттерімізде көркем мінезді жаңғыртып, жандандыруымыз қажет.

- Молынан садақа беру,
- Құран оқу,
- Науқастар мен кәріп-қасерлерді қуанту,
- Аллаһ пен Пайғамбардың ахлағына барынша орану

– секілді қағидалармен өмір сүріп, қасиетті Рамазанды сезінуіміз керек. Бұл сезімді бүкіл өмірімізге енгізіп, басынан соңына дейін өмірімізді Рамазанның құт-берекесімен өткізіп, ақтық демімізде мәңгілік бақыт пен негізгі мейрамға қол жеткізу үшін әрекет етуіміз керек.

Аллаһым! Бізді осындай ерекше ілтипатыңа лайық қылғайсың! Өмірімізді Рамазан айы секілді өткізіп, ақтық демімізді де мейрам таңына айналдырғайсың!

Аллаһым! Жаратылысымызды сүйікті Пайғамбарымыздың көркем ахлағымен және әдебімен безендір. Дүниеде де, ахіретте де жүзімізді жарық қылатын көркем ахлақ пен ізгі амалдар жасауға лайық қылғайсың!

Әмин!

Аманатты қорғау

Аманатты бізді Аллаһтың алдында ұятқа қалдырмайтындай етіп сақтап, қорғаудың негізі – барлық харамдар мен күнәлардан аулақ болу. Әсіресе көптеген үлкен де күйзелтуші күнәларды қарапайым әрі дұрыс нәрселер секілді қоғамымызға сіңдіріп, улап жатқан мына уақытта өте мұқият болуымыз қажет. Кемеңгерлер айтқандай, «Күнәнің үлкен-кішісіне қарама. Кімге бас көтеріп, кімге қарсы күнә істегеніңе қара».

Аманатты қорғау

ЕКІ ҮЛКЕН АМАНАТ

Құран Кәрімде Аллаһ Тағала:

«Біз аманатты көктерге, жерге және тауларға ұсындық. Олар мұны қабылдаудан бас тартты, (жауапкершілігінен) **қорықты. Оны адам қабыл алды. Шынында, ол – өте залым әрі надан»,** – дейді. (Ахзаб, 72)

Бұл жерде адамның қабыл алған аманатының ауырлығы және оны орындау өте қиын екендігі меңзелген.

Сонымен қатар ол аманатты орындауға кедергі болатын ең үлкен қауіптің зұлымдық пен надандық екендігі білдірілген. Егер де адам зұлымдық жасап, надандыққа салынатын болса, аманатты сақтай алмай сәтсіздікке ұшырайды.

Бұл қауіп-қатерді жою үшін зұлымдықтың антонимі әділдікті ұстанып, ізгі амал жасап және надандықтың антонимі болатын сыртқы әрі рухани білімді үйрену қажет. Мұны орындау үшін, Құран мен Сүннетке мықтап жабысу қажет.

Сондықтан Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм:

«Сендерге екі аманат қалдырып барамын. Оларға мықтап жабысыңдар (сөйтсеңдер) еш уақытта адаспайсыңдар. Оның бірі – Аллаһтың кітабы Құран, екіншісі – Сүннетім...» – деген. (Муатта, Қадар, 3)

АМАНАТ ТӘРБИЕСІ

Аманаттың қадірі – оны аманат еткеннің қадіріне тең. Сондай-ақ аманаттың үлкендігі – жауапкершілік пен есеп берудің қаншалықты екендігін көрсетеді. Барлық пайғамбарлардың да жауапқа тартылатындығын білдірген иләһи баян олардың еш қажымай, жалықпай өмірлерінің соңына дейін әрекет етулеріне себеп болған.

Хазіреті Пайғамбарымыз саллаллаһү аләйһи уә сәлләм күнәсіз әрі Аллаһтың қорғауында бола тұра, өмірінің соңына дейін міндетін толық атқарып, мойнындағы аманатын лайықты түрде арқалай білуді уайымдап өткен. Қоштасу қажылығында оның жүз мыңнан астам сахабасынан үш рет;

«Асхабым, ертең сендерден мені сұрайды, не деп жауап бересіңдер? Тәблиғымды толық атқара алдым ба?» – деп сұрауы, әрі осы сұрағына «Иә, ей, Аллаһтың Расулы, тәблиғыңды толық атқардың!» деген жауапты алғанда:

«О, Раббым! Куә болғайсың!» – деп үш рет жалбарынуы, біз үшін өте мәнді тәрбие үлгісі.

Оның бізге қалдырған екі үлкен аманатына, Құран

мен Сүннетке, осындай жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Сонда барып Аллаһ пен Расулына лайық бола аламыз. Біздің тек осы екі ұлы аманатқа мықтап жабысуымыз арқылы ғана Аллаһ пен Оның Расулының алдында қадіріміз артады.

Яғни ұлы аманаттарды дұрыс қорғай алсақ, сонда ғана біздің қадір-қасиетіміз еселеп артады.

Бұл аманатты сақтап, қорғап қалудың белгісі Құран мен Сүннеттің ахлағын өз бойымызға қаншалықты дарыта білгеніміз болмақ. Егер де өміріміз Хақ Тағаланың:

وَالَّذِينَ هُمْ لِأَمَانَاتِهِمْ وَعَهْدِهِمْ رَاعُونَ

«Олар аманаттарын және берген сөздерін толық орындайды» (Мүминун, 8) – деген мақтауына сай өтетін болса, онда:

الَّذِينَ يَرِثُونَ الْفِرْدَوْسَ هُمْ فِيهَا خَالِدُونَ

«Олар (ең жоғарғы жәннәт) **Фирдәуске мұрагер болады. Әрі онда мәңгі қалады»** – деген сүйіншісіне лайық боламыз. (Мүминун, 11)

БАЛА ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ БАСТЫ НЕГІЗДЕР

Аманатқа адал болып, оның соңындағы сүйіншілеріне лайық болу үшін өміріміздегі ең басты әрі маңызды жұмысымыз Құран мен Сүннет болуы керек. Әрбір сәтті осы екі аманатқа сай түрде өткізу – біздің ең басты мақсатымыз болуы тиіс. Сондай-ақ алда келе жатқан

жаз мезгілінде өзімізді әрі балаларымызды Құран Кәрім тәрбиесімен және мәдениетімен тәрбиелеу – бізді екі дүниенің бақытына жеткізеді.

Өміріміздің соңына дейін осы мәселеде өзімізді күнде есепке алып отыруымыз қажет. Себебі:

«Істі ертеңге қалдырғандар опық жейді» – деп айтылған. Өйткені, ең соңында ертеңі болмайтын бір күнге көзімізді ашатын боламыз. Сондықтан мына сұрақтарды өзімізден-өзіміз бүгін сұрауымыз қажет:

Біздің намазбен арамыз қалай? Бала-шағамыздың намазбен аралары қандай? Бауыр етіміз болған балаларымызды жастайынан намазға үйрету, оларды күніміздегі үлкен қауіп-қатерлерден қорғайтынын естен шығармайық. Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің бұйрығы да осы бағытта. Себебі шынайы оқылған намаз – құлды барлық жамандықтан, арсыздықтан сақтайды. Осыған орай намаз – адамның өзіндік қасиетін қалыптастыруда ағаштың тамыры іспетті. Ағаштың тамыры терең әрі мықты болса, қатты соққан дауылға да төтеп беріп, құламайды. Ал тамыры шіріген болса, ешқандай дауыл соқпай-ақ ағаш өздігінен құлауы мүмкін. Тамыры шіріген ағаштың бұтақтары мен жемістері де мәз болмайды.

Яғни біздің келешектегі жемісіміз болған балаларымызда қандайда бір кемшілік немесе жаман әрекет байқалатын болса, мұның себебін олардан емес, өзімізден іздеуіміз керек. Себебі олар біздің берген тәрбиеміздің жемісі, өзіміздің дайындаған нәтижеміз.

Олай болса, балаларымызды жәннәттың бүршіктері

секілді жетілдіруіміз қажет. Аллаһ Тағаланың бізден қалағаны да осы. Егер әке-шешесі, баласы, немересі және де ұрпақтары әрі қарай осылай жалғастыратын болса, оларға Аллаһ Тағаланың рахметі, берекесі жауады. Мол нығымет иесі Аллаһ олардың әр біріне барлығының жасаған амалдарының сауабын жазады және де жұмақтағы несібелерін еселеп арттырады. Бұл жәйт қасиетті аятта:

«Иман келтіріп, ұрпақтары да иманда өздеріне ергендер (бар ғой!) **Міне, Біз олардың ұрпақтарын өздеріне қостық. Әрі олардың амалдарынан еш нәрсе кемітпедік...»** делінген (Тур, 21). Бұл Аллаһтың неткен керемет сүйіншісі әрі сыйы десеңізші!

Әке мен шеше ахіретте тек өз сауаптарымен ғана тартылмайды. Олардың таразысына иманды әрі тақуалыққа тәрбиелеген перзенттерінің, немерелерінің және бүкіл ұрпақтарының сауаптары да қосылады. Әрі олардың ешбірінің сауабы кемітілмейді.

Бұған үнемі әрі қаншалықты шүкіршілік етсек те аз. Біздей күнәһар құлдарына Аллаһтың мейірімділігі қандай кең десейші.

Ақыл-есі дұрыс ешбір адам мұндай қымбат сыйды иеленуден қашпайды. Бірақ, әрине, бұл үшін балаларымыздың тәлім-тәрбиесіне барынша назар аударып, мұқият қадағалауымыз қажет. Кейбір шайтани ұйымдар балаларымыздың пікірін, жүрегін, рухын ұрлап жатса, оларды одан құтқарып, тәлім-тәрбие берудегі жауапкершілігіміз онан сайын артады.

Денеміздің бір бөлігі жұлынған кезде, бүкіл тұла

бойымыз дерттен сыздап, оған қарсы тұратын болса, бауыр етіміз болған балаларымызды да бізден жұлып әкеткенде жанымыз сыздап, мұңға батып, бұл бәлекетті жою үшін қолымыздан келген шараға қалай бармасқа? Сонымен қатар балаларымызды тікенсіз гүл секілді жетілдіру үшін күндіз-түні оларға көңіл бөлуіміз қажет.

МЕЙІРІМ ҚҰШАҒЫ...

Балаларымызға қатты көңіл бөлу дегеніміз – оларды орынсыз тыйымдармен шектеу деген сөз емес. Бұл ісімізді мейір-шапағатымызды төгіп, құшағымызды жайып, бар ықыласымызбен атқарғанымыз жөн. Әсте ашу шақырып, жек көрінішті болмауымыз керек. Балаларымызды қастарында болсақ та, болмасақ та өздерін бақылауда жүргендей, сезінетіндей етіп тәрбиелеуіміз қажет. Мысалы, қандай да бір әрекет жасағанда олар өз-өздерінен:

«Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм менің бұл әрекетімді ұнатар ма екен?» – деп, сұрай алулары керек. Бұл тәртіп сақшыларынан да бетер әсерлі әрі қадағалаушы әрекет.

Ата-аналар, ұстаздар мен тәрбиешілер балалардың тек сүйіспеншілікті ұнататынын естерінен шығармаулары керек. Ұлы кемеңгерлер де қорқыныштарынан гөрі Аллаһты шын сүйгендіктері үшін күнә істерден қашқанда өте қатты әсерленіп, рухани марқайып қалмайтын ба еді? Олай болса, сүйіспеншілік пен мейірімділік барлық тәрбиешілердің басты ерекшелігі болуы қажет. Осы ерекшеліктер – қолымыздағы аманаттарды қорғаудың қайнар көзі.

Бірақ мұндай дәрежеге жету үшін ең алдымен адам өзін іштей әрі сырттай тәрбиелеуі қажет. Өйткені ғылым мен парасатты санаға орнықтыру үшін ауыз жеткілікті, ал оны жүрекке орнықтыру үшін, оның шын көңілден шығуы керек. Бұл үшін де руханиятқа бай жүрек қажет. Әйтпесе бабаларымыздың:

Өзі мұқтаж медетке бір адам,
Қалай берсін медет өзгеге ол адам.

–деп айтқанындай, өзі мәйірімге мұқтаж адам өзгелерге қайдан мейірім төгеді.

НӘПСІҚҰМАРЛЫҚ КӨР-СОҚЫР ҚЫЛАДЫ...

Егер де адам өзін ұлы аманаттарды қорғау міндетін атқаруға тәрбиелемейтін болса, онда оны нәпсіқұмарлықтары қапыда қалдырып, жүрек көзін көр етеді. Осылайша ол ахлағының уланғанын және ғибадатының бүлінгенін аңғармай қалады. Нәтижеде руханияттан жұрдай болады.

Хазіреті Мәулөнә мұндай қауіп-қатерге қарсы:

«Шайтан алып палуан Адамға не істемеді. Ей, адам баласы! Шайтанды әлсіз, қауқарсыз деп ойламаңдар».

«Іші тар шайтан біздің анамыз бен әкеміздің асыл тәжі мен сәнді киімдерін жымқырып кетті».

«Хазіреті Адам секілді ұлы кемеңгер шайтанның кесірінен опық жеп күйінген болса, оның айласын өзің ойлап көр!»

«Есіңде болсын аңшы! Шайтан дүниені сүю, дүниеқоңыздық, атаққұмарлық, ашу-ыза, нәпсіқұмарлық жемдерін шашып күтіп жатады. Ол жемдер арамызда. Бірақ бұл жемдердің басымызға төндіретін бәлекеттері жасырын, оны біз көре алмаймыз».

«Қай жерден ол жемдерді көретін болсаң, одан сақ бол! Абай бол тұзаққа түсіп жүрме. Қол-аяғың байланып қалмасын».

«Шайтанның шашқан жеміне түспейтін құс, тұзағы мен айласы жоқ ақиқат жайылымынан тамақтанып, сол жерден жем жейді. Ақиқат жайылымынан жем жеген құс, рухани азығын алып, шайтанның тұзағынан құтылады. Осылайша оның қол-аяғы байланбайды», – деп ескертеді.

ҚОЗЫНЫ ҚАСҚЫРҒА ТАПСЫРУҒА БОЛМАЙДЫ...

Нәпсіге беріліп, опық жемеу үшін Хазіреті Мәуләнә тағы былай насихат айтады:

«Сен мінезіңді Аллаһ әмір еткендей етіп өзгерт. Сонда ғана саған берілген аманаттар таусылып кемімейді».

«Адам мінезін Жаратқанмен кеңес, пайғамбарлардың мінезін көркемдеп, оларды жетілдірген ұлы Жаратушымен келіс. Мінезіңді оның мінезіне сай қыл. Сен оған бір қозы сыйласаң, соңында ол саған бір отар қой сыйлайды. Ол барлық нәрсені асырап, жетілдіруші».

«Сен қозыны қасқырға аманат етіп тапсырып жатырсың. Қасқырды оған жолдас қылма. Қасқыр түлкі болып

сені алдағысы келсе, ақылға салып ойлан, алданып қалма. Одан жақсылық көрмейсің».

Бұл жерде айтылған қозы – көркем мінез бен ахлақты білдіреді. Ал қасқыр – нәпсінің құмарлықтары мен шайтанның қалаулары және жаман мінез.

АМАНАТТЫ САҚТАУДЫҢ МАҢЫЗЫ...

Аманатты Аллаһ Тағаланың құзырында бізді масқара етпейтіндей етіп сақтаудың маңызы – барлық харамдар мен күнәлардан барынша аулақ болу. Әсіресе небір үлкен күнәлар мен сұмдық әрекеттер қоғамымызда қарапайым әрі дұрыс әрекет секілді қабыл етілген бүгінгі күнде өте мұқият болуымыз керек. Бүгінгі таңда харамның үстіне халал мөрі, халалдың үстіне харам мөрі басылуда. Нәпсіқұмарлықпен қор болып өмір сүруге тәнті болып, құмартуда. Туралық пен дұрыс әре-кеттер жиіркенішті көрсетіліп, шеттетілуде. Бұл – қазіргі күннің ең үлкен апаты.

Олай болса бізді бұл апаттардан қорғайтын иләһи аманаттарға мықтап жабысу – құтылудың жалғыз жолы. Мына ақырзаманда һидаятымыз бен ғибадатымыздың берік болуы үшін харамдар мен күмәнді нәрселерден аулақ болуымыз қажет. Өзімізді, бала-шағамызды және айналамыздағыларды қорғаудың ең басты жолы өзімізді харамдардан қорғаудан басталады.

Қысқасы, нәпсі деген перғауынды жеңу үшін, көңіл Мұса болуы керек. Себебі көңіл Мұса болатын болса, нәпсі перғауынын аса таяқпен ұрып аластатады. Бұл ха Хақ достарының рухани тәрбиесі арқылы іске асатын мәселе.

Хазіреті Мәуләнә:

«Нәпсіні өлтіру, шаянның аман қалуын қалап, тек оның улы инесін алып тастауға ұқсайды».

«Басын таспен езіп өлтірмесін деп жыланның улы тісін жұлып алып тастарсың», – деп керемет айтқан.

Имам Беста болса:

«Адамның дүниедегі ең көп нәрсесі – қателіктері мен кемшіліктері. Ей, тәніне қызмет еткен адам! Қашанға дейін оған қызмет етесің. Көңіліңді өзіңдегі иләһи аманатқа, рухыңа аудар да оның кемшіліктерін толықтыруға тырыс. Өйткені сен денеңмен емес, рухыңмен ғана адамсың», – деген.

КӨҢІЛ САУДА-САТТЫҒЫ

Бүкіл өмірімізде көңіл әлеміндегі сауда-саттығымызды нәпсімізбен, шайтанмен емес, тек Аллаһ Тағаламен жасауымыз қажет. Себебі нәпсі мен шайтанға мол қазына берсек те, олардан кішкентай да пайда келмейді, керісінше бізді бәлекетке итермелейді. Тек Аллаһ Тағалаға ұсынған ғибадатымыз ғана кемшіліктері болса да бізді мәңгілік бақыт-қа жеткізеді. Осы мақсатта Хазіреті Мәуләнә:

«Мына қадір-қасиетті білмейтіндердің дүкенінен бас тарт, қадірің артсын. Аллаһтың қалаулы құлы бол. Халық сауда жасайтын дүкенге емес, Аллаһ сауда жасайтын дүкенге бар», – дейді.

«Ол ешбір жасанды ақшаны кері қайтармайды. Себебі оның сатып алудағы мақсаты – пайда көру емес».

Осы шындықтарға көңілі толған бір қарапайым наубайшы бар болатын. Өзіне жасанды ақша берсе де оны алатын. Ақшаның жалған екенін білсе де, оны иесіне айтпайтын әрі қалаған нанын беретін. Оның бұл әрекетіне барлығы таң қалатын және неге бұлай істейтінін ешкім түсінбейтін. Соңында ақтық демі келген сәтте наубайшы қолын Ұлы дәргахқа жайып:

«Уа, Аллаһым! Жылдар бойы адамдар маған жалған ақша әкелген, мен оны олардың бетіне баспай қалағандарын беретінмін. Сен мұны жақсы білесің. Аллаһым! Енді мен де сенің құзырыңа жалған құлшылықтарыммен келіп тұрмын. Оларды бетіме баса көрме!» – деп жалбарынған-ды.

Раббымыздан махшар күнінде біздің де кемшіліктеріміз бен күнәларымызды бетімізге баспауын жалбарынып сұраймыз. Бізді, ұрпағымызды және отанымызды бүкіл нәпсілік әрі шайтани тұзақтардан, күнәлардан, харамдар мен бәлекеттерден аман сақтасын. Екі дүниеде де жүзімізді жарық, көңілімізді шат-шадыман қылсын!

Әмин!

Құрбанның шексіз хикметі

Құрбан шалудағы негізгі мақсат – Аллаһқа беріліп, тақуалық бойынша құл болу турасында жүректердің ояу болуы. Сондай-ақ Алаһ Тағала былай бұйырады: «(Құрбандарыңның) еттері де, қандары да Аллаһқа бармайды. Аллаһқа баратын тек сендердің тақуалықтарың ғана» (Хаж, 37).

Аяттағы бұл хикмет бойынша Хазіреті Мәуләнә: «Құрбан күні – қорқынышты қиямет күні. Ол күн – мүминдерге мереке, ал қасарысқан өгіздерге өлім күні», – деген.

Құрбанның шексіз хикметі

АДАМЗАТТЫҢ ҮШ СЫНАҒЫ

Ибраһим аләйһиссәләмның көңіліне қымбат, жүрегіне ыстық үш нәрсесі бар еді. Олар: малы, жаны және баласы. Аллаһ Тағала оны осы үшеуімен де сынап көрді.

Хазіреті Ибраһим Аллаһтың зікірі үшін малын түгел қиды. Сосын Нәмрудпен белдесіп, отқа тасталған кезінде Аллаһтың тағдырына ризашылық білдіріп жанын да қиды. Сосын Аллаһтың әмірімен баласын құрбандыққа шалу керек болған кезде де, кідірмей оған да мойынсұнды.

Осылайша ол Аллаһпен дос болу мәртебесіне қол жеткізді. Халилуллаһ атына лайық болды.

Ибраһим аләйһиссәләмның сүрінбей өтуімен қорытындыланған бұл сынақтар негізінде бүкіл адамзаттың басынан кешіп жатқан сынақтары.

Жанымызға ыстық малымызды Аллаһ жолында жұмсай білу, бізге аманат етіп берілген жанымызды ажал келмей тұрып-ақ Жаратушы Иесіне толығымен арнау

және бала-шағамыздың бізді Аллаһтан алыстататуына жол бермеу жолындағы сындар – нәпсімізді және шайтанды жеңіп, мәңгілік азаттыққа қол жеткізуіміз үшін Аллаһтың бізге берген сыйлары. Құрбан құлшылығының астарлы терең мағыналары Жаратушы Иеміздің бізден жәй ғана құрбандық қаламайтынын білдіруде және бізге кәміл адам болу жолының белгілерін көрсетуде.

ПАЙҒАМБАРДЫҢ ӘМІРГЕ ҚҰЛДЫҒЫ

Хазіреті Ибраһим аләйһиссәләм Хажар анамыз бенен Исмаил аләйһиссәләмды қазіргі Меккенің орнына қоныстандырғаннан соң Сара анамыздың жанына қайтып оралды. Оларды анда-санда зиярат етіп тұрды.

Ибраһим аләйһиссәләм Меккеде болған кезінде бір күні түс көреді. Түсінде аятта айтылатынындай, өз ұлы Исмаилды құрбандыққа шалып жатқанын көреді. Бұл түс оны қатты ойландырып, толғандырады. Бірақ дәл сол түсті үш күн қатарынан көреді. Ол күндер қажылық маусымының тәурия, арафа және айттың бірінші күндері болатын.

Бір риуаятта Ибраһим аләйһиссәләмның:

«Аллаһ маған бір ұл берсе, оны Өзіне құрбан етер едім» - деген сөзі үшін сынаққа алынғандығы айтылады.

Ибарһим аләйһиссәләм Аллаһтан келген әмірге құлдық деп, Хажар анамызға ұлы Исмаилды жуындырып, иіс май жағуын бұйырады. Оны бір досына апаратынын айтады. Хазіреті Исмаилге өзімен бірге жіп, пышақ ала жүруін ескертеді де:

«Ұлым, Аллаһ ризалығы үшін құрбан шалуға барамыз!», –- дейді.

Екеуі Минаға қарай бет алады. Сонда малғұн шайтан адам кейпіне кіріп, Хажар ананың қасына барып оған:

– Ибраһим балаңды қайда алып кеткенін білемісің? – деді.

Ол ойында ештеңе жоқ:

– Бір досына алып кетті, – деп жауап береді.

Шайтан:

– Жоқ, ол оны бауыздауға алып кетті, – деді.

Хажар ана:

– Ол баласын қатты жақсы көреді, – деп жауап қайырады. Малғұн шайтан қоймай:

– Аллаһ солай әмір етіпті, сондықтан оны бауыздамақшы, – дегенде, Хажар анамыз көркем иманмен:

– Егер Аллаһ әмір еткен болса, біздің міндетіміз – тек мойынсу, тәуекел ету, – деп жауап береді.

Хажар анамызды алдай алмайтынына көзі жеткен шайтан, бала Исмаилдың жанына барады. Дәл сол сұрақтарын оған қойып:

– Әкең сені қайда алып барады, білесің бе? – дейді.

Ол:

– Раббысының әмірін орындауға алып барады, - дейді.

Шайтан:

– Сен өзің де біліп келе жатырсың, ол сені бауыздауға апара жатыр, – деп азғырды.

Сонда Исмаил аләйһиссәләм:

– Әрі жүр, малғұн шайтан! Біз Раббымыздың әмірін қуана-қуана орындаймыз, – деп, шайтанды қуалап, оған тас лақтырды.

Шайтан Исмаилды да алдай алмайды. Енді соңғы үміті Ибраһим пайғамбарда еді.

– Ей, шал! Баланды қайда апарасың? Шайтан сені түсіңде алдады. Ол түстерің шайтаннан болатын, – деп, азғырды.

Ибраһим аләйһиссәләм:

– Нағыз шайтан сенсің! Кет мына жерден! – деп қуалайды. Қолына жеті-жетіден тас алып, үш жерде малғұн шайтанға тас лақтырады.

Міне, қажылықтағы қияметке дейін жалғасатын шайтанға тас лақтыру осылай басталған еді. Бұл уақиға олардың тәуекел етулерінің және мойынсұнуларының бір нышаны ретінде үмметке үлгі болып, нәсілден нәсілге жалғасып келуде.

Ибраһим аләйһиссәләм Исмаилды құрбан етуге апара жатқанда көктегі періштелер сондай толқыған еді.

Таң қалысып, бір-біріне:

«Сүбханаллаһ! Бір пайғамбар бір пайғамбарды құрбан етуге апара жатыр!» – деді.

Сосын Ибраһим аләйһиссәләм ұлына істің мән жайын ашып түсіндіреді.

– Балақайым! қарашы. Сені түсімде құрбан етіп жатқанымды көрдім, – дейді.

Исмаил аләйһиссәләм:

– Әкетайым! Мұны саған Аллаһ бұйырды ма? – деп сұрайды.

Ибраһим аләйһиссәләм:

– Иә, – деп жауап береді.

Сонда Исмаил аләйһиссәләм:

– Әкетайым! Сен өзіңе бұйырылған істі орында! Ал, мені уайымдама. Мен сабырлы боламын, көресің, – деп тәуекел етеді.

Өз жанын қапысыз Аллаһқа қия білді. Ол кездері Исмаил аләйһиссәләм әлі бала, жеті не он үш жас шамасында, болатын.

Риуаяттардың айтуы бойынша Жәбіреил періште қатты толқып, үлгеруге қиналған үш оқиғаның бірі осы Ибраһим пайғамбардың шын мәнінде бауыздамақшы болып, өткір пышағын баласының кеңірдегіне тақаған кезі екен. Сонда Аллаһ Тағала пышақтың дүзін өтпейтін қылады.

Екеуі тәуекелдерін дәлелдеген еді. Аллаһтан оларға сый ретінде жәннәттан қошқар жіберіліп, соны құрбан етуге бұйрық келеді.

Осылайша әке мен бала қуаныштары қойындарына сыймай, үлкен шүкіршілікпен тәкбір айтып сол қошқарды бауыздайды.

ҚҰРБАНДАҒЫ НЕГІЗГІ МАҚСАТ

Жоғарыдағы хақиқаттарды ескере отырып, құрбандағы негізгі мақсат – сол оқиғаларды еске алу, ондағы Иләһи хикметтен нәсіп ала білу және Аллаһқа толық мойынсұна отырып, құлдық жасауды терең түйсіну.

Жаратушы Иеміз Құранда:

«(Құрбандарыңның) **еттері де, қандары да Аллаһқа бармайды. Аллаһқа баратын тек сендердің тақуалықтарың ғана»** – дейді. (Хаж, 37)

Бұл ақиқатқа байланысты Мәуләнә Жәләлуддин Руми:

«Ешкінің көлеңкесін құрбан етуге тырсыпағын!» – деп өсиет қалдырыпты.

Яғни бұл, құрбандағы негізгі мақсатты ұмытып, тек қана сыртқы көрінісін ғана орындап әуре болмай-ақ қояйық деген сөз.

Адам атамыздың қос ұлы Әбіл мен мен Қабылдың құрбандары да ғибраты мол мысал болып табылады.

Әбіл құрбанға арнап атағанын ең жақсысынан таңдап, ықыласпен ұсынған болса, Қабыл егінінің ең нашар масақтарының өзін әрең қиып құрбан қылған болатын.

Нәтижеде Әбілдің құрбаны қабыл болып, Қабылдың құрбаны кері қайтарылды.

Өз құлшылығымызға осы оқиғалардағы ақиқат айнасынан қарап, Жаратушы Иеміздің бізге берген нығметтеріне шүкірлік ретінде немізді қия алатынымызды, және қаншалықты таза ниетпен, көңілмен қия алатынымызды салмақтауымыз керек.

ҚҰРБАН – ПИДА ЕТУ ДЕГЕН СӨЗ

Құрбанның сырлары мен хикметтерінің басқа бір аты – пида ету, яғни нығметтерді Аллаһ жолында шын көңілден бере салу, қия салу. Негізінде әр адамның ахиретте табатыны тек осы дүниеде қия білгенінің мөлшеріндей ғана болмақ. Отаны үшін ұлдарын құрбандыққа берген халықтар әрқашан да аты мен затын сақтап қалған. Бірақ шын мақсатта, шынайы құрбан бере білу керек. Ал егер шын құрбан емес, ешкінің көлеңкесі құрбан етілетін болса, онда қанның иісі мен өліктердің үйіндісі ғана артады.

Осы тұрғыдан алып қарағанда құрбан болу жоқ болу немесе ұтылу емес, керісінше ол табыстардың ең ұлысы. Адам өзін Аллаһқа және Пайғамбарына құрбан етуге даяр болғанда ғана мәңгілік бақытқа жетуге жолдама алған болады. Ол сол сәттен фәнилік сырлардың ар жағына қадам басады. Аллаһтың сүйікті құлдарының тізіміне жазылады.

Мәуләнә Жәләлуддин Руми осыған меңзеп мынадай өсиеттер айтады:

«Бүкіл жануарды адам үшін, бүкіл адамдарды бір ақыл үшін құрбан ете салуға тұрады. Яғни жаратылғандардың абыройлысы болғаны үшін адамға жануарлар құрбан, адамдардың ішіндегі таңдаулысы пайғамбарларға бүкіл адамдар құрбан болсын».

«Осылай құрбан болғандар ой мен қайғының ауыр жүгінен құтылады, жарықтыққа қол жеткізеді. Өздерін Хақ жолында пида етіп, жалған дүниеден құтқарғаны».

«Олар барлық адам қорқатын, үркіп қашатын өлімге қарап, күлімдей алады. Ешкім олардың көңілін жаралай алмайды. Себебі олардың тек қабығына ғана зиян бере алады, ішіндегі інжу-маржанына емес».

«Сегіз жәннәттың нақыштары жарқылдаған сайын, олардың көңіліне шағылысып, көрініс береді. Аллаһ сыйлаған мәңгілікті өздеріне мекен қылғандардың мәртебелері Арыштан да, Күрсіден де ұлы».

«Сондықтан да мен, шынайылықты ту еткен Хақ шырағы Хазіреті Мұхаммедтің нөкерімін, жолының құрбанымын».

ҚҰРБАН – АЗАТТЫҚ

Кім болса да өзіне ең жақындарды басқалардан артық бағалайды, көзінің қарасындай қорғайды. Сондықтан Хазіреті Мұхаммед саллаллаһү аләйһи уә сәлләм Мырзамыздың шапағаты да өзіне көбірек жақындағандарға,

Оның жолына құрбан болғандарға артығырақ болады. Аллаһ Тағаланың өзі де Өзіне құрбан боларлықтай тәуелді болған мүмин құлдарын басқалардан артық сүйеді, жоғары бағалайды.

Хазіреті Мәуләнәнің айтқанындай:

«Ондай адам Хазіреті Исмаил сияқты тамағын бауыздауға ұсынады, Аллаһ жолында құрбан болуға дайын болады. Бірақ Аллаһ ол тамақты бауыздатпайды».

«Сондықтан да шәһидтер Аллаһ жолында жандарын пида еткендері үшін тірі. Сен отқа табынатындар құсап денеге қарама!».

Өздерін Хаққа құрбан еткен құлдар Қамар сүресінің 54-55 аяттарында айтылғанындай Аллаһқа жақын болудың соңы жоқ нығметіне жеткен адамдар:

إِنَّ الْمُتَّقِينَ فِي جَنَّاتٍ وَنَهَرٍ

فِي مَقْعَدِ صِدْقٍ عِندَ مَلِيكٍ مُّقْتَدِرٍ

«Күдіксіз тақуалар, Аллаһтан сақсынғандар пейіштерде және өзендердің жағасында тұрады. Сыдқ орнында (шын тұрақта) **ең құдіретті** (патшалардың патшасы) **Аллаһтың жанында болады».**

Олай болса, барлық құлшылықтарымызда мойынсұну, құрбан болу сезімі үстемдік құруы керек. Әсіресе намаздарымызда...

НАМАЗ ЖӘНЕ ҚҰРБАН

Хазіреті Пайғамбар саллаллаһү аләйһи уә сәлләм құлшылықтардың ішіндегі ең ауқымдысы намазға ерекше көңіл бөлген, әрі оның Хақ Тағалаға мақбул түрде оқылуы керектігін меңзеп:

«Намаз – Аллаһтан қорқатын құлдардың құрбаны» – деген. (Құзағи, Мүснәд, I, 181)

Осы хадис төңірегінде ой толғаған Мәуләнә құрбандық намазын оқи білген құлдар жайында:

«Олар тәкбір алып намазды бастағанда бұл дүниені сол сәттерге құрбан қылып, жандары биіктерге ұша жөнеледі», – дейді.

Сосын шынайы намаз оқығысы келетін әр адамға былай үн қатады:

«Сен де олардың артынан ілескің келсе қиямға тұрып михраптағы тіректей жүзіңді Аллаһқа бұр. Егер білсең, намазды бастарда «Аллаһу әкбәр» - деп айтудың мағынасы мынау: «Ей, Аллаһым! Сенің құзырыңда құрбан болдым. Қолдарымызды құлақ тұсына көтергенде дүниелік барлық нәрсені артқа тастап, Саған жүзімізді бұрдық!».

«Құрбан шаларда «Аллаһу әкбәр» демеуші ме едік. Міне намазда да нәпсімізді сол сәттерге құрбан етіп тұрып сол сөзді айтамыз».

«Ол сәттерде денеміз Исмаил, жанымыз Халил Ибраһимнің орнында. Жан еркелеген денені нәпсінің билігінен азат ету үшін тәкбір алған кезде, дене нәпсілік әуес-

терінен азат болып намазға кіреді. «Бисмилләһир-Рахмәнир-Рахим» – деумен құрбан болып кете барады».

«Ей, ақыл иелері! Намаздағы Хақпен бірге болуды түсіну ақылдың шамасынан тысқары. Мұны түсіну үшін ақыл Хаққа құрбан болып, көңіл әлеміміз тірілуі керек».

ҚҰРБАН ЖӘНЕ НӘПСІНІ ТӘРБИЕЛЕУ

Құрбан нәпсіні тәрбиелеуден бастау алатын көңіл тәрбиесі, сезім тәрбиесі деуге болады. Жүнәид Бағдади Хазірет:

«Нәпсілеріңді құрбан етіңдер. Біле білсеңдер, нәпсі біз бен Аллаһтың арасында тұратын қалың перде. Өмір нәпсіні өлтірумен басталады», – дейді.

Шібли Хазірет те:

«Нәпсі өлмей, рух тірілмейді. Хаққа ғашықтар рухтың өмірін нәпсінің өлімінен табады», – деген.

ХАҚҚА ҚҰРБАН БОЛҒАН ҚҰРАНҒА АЙНАЛАДЫ

Кім неге құрбан болса, соған тән ерекшеліктермен безенеді.

Тамшы өзін дарияға құрбан етсе, ол да дарияның бір бөлігі болады. Аллаһтың ұлылығымен салыстырғанда таяз ақылға ие адам өзін соңсыз ақылға, яғни Аллаһтың еркіне құрбан етсе, таңқаларлық сипаттарға ие болады.

Сондықтан да Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Ақылыңды Хазіреті Мұстафаның жолына құрбан ет те: "Аллаһ маған жетеді!" – де».

«Ақылыңды Достың жолына құрбан ет! Өйткені ақылдардың бәрі Дос бар жерге бұрылған. Себебі рухтардың да, ақылдардың да барар жері Хақ. Сондықтан да ақылды Хақтың жолына құрбан ет!»

«Ақылы барлар ақылдарын Достың мекеніне, соның қолына тапсырып жібереді!»

«Бұл дүниеде қалған ақыл болса, сүйіспеншіліктен хабарсыз, сүймейтін, сүюге лайық емес ақымақ ақыл!»

«Құранның мағынасын Құранның алдында құрбан болып, менмендігінен алыстап, Хақ алдында кішірейген, рухы кәдімгі Құранға айналған адамнан сұра».

ХАҚ ҒАШЫҚТАРЫНЫҢ ЖОМАРТТЫҒЫ

Жомарттықтың түрлері болады. Байлардың жомарттығы малмен, ғашықтардыкі жанмен болады. Жомарттықтың сыйы да оның түріне қарай болады.

Нан бергендерге нан берілсе, жан бергендерге жан ұсынылады. Халық арасындағы «жан қарызы» деген сөз содан шыққан. Жан беру ғашықтықтың ең биік шыңы. Фузули ақын бұл туралы керемет айтқан:

Жанды беру Жаратқанға ғашықтықтың кемелдігі,
Жан бермеген мойындасын кемел емес екендігін.

Адамдар әдетте бір нәрседен берген кезде ол азаяды деп ойлайды.

Дұрыс. Есепке салсақ бесеудің үшеуін берсек екеуі қалады, яғни азаяды. Бұл дүниелік беру, жұмсау мәселесінде осылай берсең азаяды.

Алайда Аллаһ жолына беретін болсаң, математикалық өлшемдер астан-кестен болады. Керісінше, берген сайын көбейеді. Бұл Жаратушы Иенің құдіреті мен кеңшілігінен.

Хазіреті Мәуләнә бұл ақиқатты былай түсіндіреді:

«Мына шынар ағаштың жапырақтары түссе, Аллаһ оған жапырақсыз тіршілік ету күшін береді».

«Аллаһ жолында таратып, жомарттықтан қолыңда ештемең қалмаса, Аллаһтың қамқорлығы сенің аяқ астында қалуыңа жол бере ме?!».

«Егін еккеннің қамбасы күзге дейін бос қалады. Бірақ оның пайдасын егін жинайтын кезде көреді».

«Ал бидай егілмей, тиісті орнына жұмсалмай қамбада сақталса, құртқа, тышқанға жем болады. Босқа кетеді».

«Бізге қорқынышты боп көрінетін, жан берудің бергі көрінісі, сыртқы пішіні. Ал ішкі жағы тірілік, тіршілік. Былай қарағанда жоқ болу, ал шындығында мәңгілік өмір».

Аллаһым! Көңілдерімізді Хазіреті Ибраһим мен Хазіреті Исмаилдың шынайы құлдықтарымен, тәуекелдерімен, құрбанның берекетімен безендіргейсің.

Әмин!

Сөз соңы

АСТАРЛЫ МАХАББАТ ПЕН ШЫНАЙЫ МАХАББАТ

Көңілімізге тыныштық сыйлайтын махаббаттар иләһи махаббаттан туындаған. Сондықтан махаббат деген ерекше күш пен қасиетті, сол иләһи махаббатқа бағыттауға тиіспіз. Өйткені өзгелерге деген махаббаттарымыздың барлығы иләһи махаббат пен мағрифатқа негізделген. Біздің жаратылуымыздың себебі мен сыры – махаббат пен мағрифат.

Осыған орай:

Көңіліміздегі махаббат көріністері иләһи махаббат пен мағрифатқа бағытталатын болса, бізді мол жетістікке жетелейтін ерекше дәнекер болады. Негізінде бүкіл астарлы махаббаттар бізге шынайы ғашықтыққа жетуіміз үшін берілген көпір іспетті.

ЛӘЙЛІДЕН МӘУЛӘҒА

Өміріміздегі махаббат сынақтары негізінде астарлы махаббаттың шынайы махаббатқа айналуына ашылған

есік тәрізді. Яғни махаббаттың бағыты үнемі Ләйліден Хақ Тағалаға қарай болады. Шын ғашықтар осы бағытта соңына дейін жүретін болса, нәтижеде Аллаһпен қауышады. Мәжнүннің өмірі де осындай болған еді.

Егер де Мәжнүннің махаббаты Ләйлімен шектеліп қалғанда, көптеген қарапайым адамдардың бірі болып қалар еді. Махаббаты босқа кеткен болар еді. Аллаһтың берген махаббат нығметін босқа жұмсап, құр алақан қалар еді. Бірақ ол пенделік махаббатты жоғары өрлеу үшін баспалдақ ретінде қолдана білді. Соңында Ләйліні іздеп Хаққа қауышты.

Ішіміздегі махаббат сыйының бізге берілуінің негізгі мақсаты осы. Сондықтан Хақ Тағала барлық пенделік махаббатты иләһи махаббатқа дәнекер етіп жаратқан.

ӘРБІР СҮЙІСПЕНШІЛІК ИЛӘҺИ МАХАББАТПЕН ҚАДІРЛІ БОЛАДЫ

Адамның бала-шағасына, отбасына деген махаббаты немесе ақшаға, мал-мүлікке және атақ-даңққа деген сүйіспеншілігі, соңында Мәуләға жақындауға себепші болатын болса, онда ол махаббаты пайдаға асқан болады. Өйткені барлық махаббаттың негізі – Аллаһ Тағала. Көңілдегі Аллаһ махаббаты сөнбеген болса, өзге махаббаттар да одан нәр алып, өмірлерін пайдалы түрде әрі қарай жалғастырады.

Материалдық әрі рухани жеңістердің барлығы осы иләһи махаббаттың нәтижесі. Сондай-ақ бүкіл рухани жеңістер, жүректегі материялдық және рухани жеңістер – осы иләһи махаббаттың сыйлаған сыйы.

Осы жайлы Хазіреті Мәуләнә:

«Есіңде болсын, иләһи сүйіспеншілік пен махаббаттан жұрдай адам сондай бақытсыз, бейшара. Мүмкін ол жануарлардан да төмен. Ал Асхабы Кәһфтың иті болса, Аллаһқа ғашық болғандарды іздеді, әрі тапты. Рухани рахатқа кенеліп, ол ізгі құлдармен бірге болғандығы себепті жәннәтқа лайық болды», – деп өте дұрыс айтқан.

ИЛӘҺИ МАХАББАТТЫҢ КӨРІНІСІ

Өмірге және мына әлемге көрегенділікпен қарай білгендер, барлық нәрсені иләһи махаббаттың көрінісі ретінде қабылдайды. Барлық нәрсенің махаббаттан туындағанына куә болады. Егер де ежелгі махаббат болмағанда мына әлемнің жаратылмайтындығын сезінеді. Кемеңгерлер бүкіл жаратылыстың бар болуын, ежелгі махаббатының нәтижесі деп біледі.

Сондықтан бұл әлем әлемдердің сұлтаны Хазіреті Мұхаммед Мұстафа саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға тарту етілген. Сондай-ақ Оның құрметі үшін адамзат өмір сүретін мына әлем сәнді, салтанатты әрі кемшіліксіз етіп жаратылған.

Хақ Тағала адамды неліктен бұл кемшіліксіз әлемге жіберді?

Бұл дүниедегі сән-салтанат пен нығмет бұдан өте аз болуы әбден мүмкін еді. Бірақ Хақ Тағала құлдарының өзінің құдіретіне таңырқап әрі бұл құдіретке ғашық болып, оны шын танып жәннатқа кірулерін қалайды. Адам ата

аләйһиссәләмнің жәннәтқа қайта оралуын қалайды. Сол үшін Аллаһ иләһи құдірет пен өнеріне тәнті болатындай етіп бұл әлемді әсемдіктермен сәндеп, оны адам баласына сыйлаған. Көктегі әрі жердегі барлық нәрсе түгелімен адамға тарту етілген. Сағди Ширази бұл жайлы:

«Көреген данышпандар үшін ағаштың бір ғана жапырағы мағрафатуллаһ диваны. Надандар үшін бүкіл ағаш бір ғана жапыраққа да татымайды», – дейді.

Мұны сезіне білу үшін адам көңілінің иләһи махаббат пен мағрифат бағытында жетіліп, дамуы қажет. Жүрегіміздегі барлық махаббат есігін Аллаһқа деген махаббатқа айқара ашумыз керек. Фәнилік көлеңкелерден арылып, мәңгілік әрі негізгі махаббатқа қол жеткізе білу ләзім. Пайғамбарлардың ең басты мақсаттарының бірі – жүректерді барлық нәпсілік кірлерден арылтып осы мағрифатұллаһқа құштар қыла білу.

Құран Кәрімде де баяндалғанындай бүкіл үмметке өнеге ретінде жіберілген мүбәрак елшілерге, мына үш міндет жүктелген:

1. Аллаһтың аяттарын оқып, тәблиғ ету (жеткізу).
2. Нәпсіні жамандықтан арылтып, тазалау.
3. Кітап пен хикметті үйрету.

Пайғамбарлардың осы міндеттерінің нәтижесінде тазаланған пәк жүректер мына әлемнің микродан макроға (тозаңынан алып аспан денелеріне) дейінгі бүкіл сырларына ой жүгіртіп, өз бойларындағы керемет иләһи өнерге ғашық болып, алған әрбір демі оларды Хаққа жақындатқанды.

Хақ Тағала осындай құлдары үшін:

«(Ұлы Аллаһ) **көктегі және жердегі бүкіл нәрсені сендерге тарту етті...»** – деген. (Жасия, 13)

ЖАЛЫНДЫ МАХАББАТТЫҢ ТЫНЫШТЫЛАТЫН ЖЕРІ

Қысқасы біздің міндетіміз бұл нығметтердің барлығын көре білу. Ең маңыздысы да бұл нығметтерді бергенді көре білу және үнемі артып отыратын махаббатпен Оған шүкіршілік ету. Яғни ең негізгісі жердегі, көктегі бізге берілген нығметтерге емес, ол нығметтердің Иесіне бағынып, құлшылық жасау әрі Оған деген махаббатты арттыру.

Бірнеше жылдан соң Ләйлі Мәжнүнге келеді. Бірақ Мәжнүн оған көңіл аудармайды. Сонда Ләйлі одан:

– Мен үшін шөлді кезген сен емес пе едің? – деп сұрайды. Мәжнүн:

– Салыстырмалы (релятивті) және көлеңкеден тұратын Ләйлі арадан шығып жоқ болды, – дейді.

Кезінде Ләйлі Мәжнүнге арман болған еді, ал соңында иләһи махаббатқа бастайтын баспалдақ ролін атқарды. Яғни Мәжнүн іздеген иләһи махаббат әлемінен өз орнын тапқан соң өміріндегі Ләйлінің ролі жоғалды.

Махаббат жолында Ләйлінің қызметі осындай. Ол бір қарағанда басқалар секілді қарапайым бір адам. Ал шын мәнінде өзіне ғашық Қайысты Мәжнүн атымен аңызға айналдырды.

Мәжнүннің шын сүйген Ләйлісі ғашығын қандай жағдайға әкелгенін ойланып көрейікші! Олай болса, Хазіреті Мұхаммед Мұстафа саллаллаһү аләйһи уә сәлләмға шын ғашық болған жан қандай дәрежеде болар еді? Ал егер де кісі Аллаһ Тағалаға шын ғашық болса, оның жағдайы қалай болмақ?

Міне, шын ғашықтық дегеніміз – осындай жағдайға жете білу. Мәжнүн де осы мәртебеге жете білді.

ЫДЫСЫ ЕМЕС, ІШІНДЕГІСІ МАҢЫЗДЫ

Мәжнүннің халін түсінбегендер оған жандары ашып:

– Ей Мәжнүн, Ләйліден бас тарт енді. Одан да сұлулар бар ғой, – деді.

Мәжнүн болса мағыналы түрде:

– *Біздің дене пішініміз, сыртқы келбетіміз ыдыс іспетті. Нағыз сұлулық – оның ішіндегі иләһи шәрбәт. Біліп қойыңдар, Хақ Тағала бұл шәрбәтты маған Ләйлінің ыдысымен ұсынды.*

Сендер ыдыстың сыртына қарайсыңдар, ал ішіндегісінен хабарларың жоқ. Өйткені оның ішіндегі иләһи сұлулық шәрбәті руханияттан нәсібі болмағандарға көрінбейді. Оның ішіндегі сұлулық ар-намысты әйел секілді қожайынынан басқаға қарамайды әрі көрінбейді. (Аллаһтың көретін көзі, еститін құлағы, толғанатын жүрегі бола алғандар, бұл сырды ұға алады. Олардың көзінің алдында Аллаһтан өзге нәрселер толығымен жоғалады), – деді.

Сондықтан **Шәйх Сағди**:

«Ләйлінің сұлулығына Мәжнүннің көңіл терезесінен қарау керек», – деді.

Шынайы Ләйліні, яғни оның негізгі болмысын тек Мәжнүн секілді нағыз берілген ғашықтар ғана көре алады. Әйтпесе, көз суреттен басқа нәрсені көрмейді. Яғни адамның көңіліне қарай біреуге пердедегі сурет, ал басқа біреуге перденің артындағы сырлар көрінеді. Осыған орай көріністер әр түрлі болады.

Хазіреті Мәуләнә былай дейді:

«Әрбір нығымет пен михнат біреуге тозақ, енді басқаға жұмақ болып көрінеді».

«Көрген әрбір нәрселеріңізде адам, жануар, өсімдік, жансыз болсын – барлығында қорек те бар, захар да бар. Бірақ мұны әркім көре алмайды»

«Ыдыс ашық ортада көрінуде. Ал ішіндегі сиқырлы су жасырын. Оны тек татқан адам ғана біледі».

«Юсуфтың бейнесі рөмкеге ұқсайтын. Әкесі ол рөмкеден жанды жадырататын махаббат сезімін ішетін. Ал бауырлары болса ол рөмкеден захар ішіп, Юсуфқа өшпенділіктері мен ашу-ызалары онан сайын артатын. (Яғни нұрлы көздер Юсуф рөмкесінен шипа ішсе, нәпсілік көздер тек у ішетін).

«Юсуфтың көйлегі бауырының қолына берілген аманат еді. Бауыры ол көйлекті Хазіреті Яқубқа тапсыруы қажет болатын. Яғни ол көйлек бауырының және құл

сатушының қолындағы сұлу, келбетті бір күң секілді еді. Ол күң құл сатушыға емес, басқа бір кісіге тиесілі болатын».

«Зүлейха да Юсуф рөмкесінен басқа сусын ішіп, дүниелік махаббатпен басқа есірткі жұтты».

«Сурет ыдысының ішіндегі махаббат шәрбәті ғайып әлемінде. Ыдыс болса бұл дүниеден. Ыдыс көрінуде, ішіндегісі болса жасырын, ол тек иесіне ғана мәлім».

«Бұл керемет рухани шәрбәтті иләһи махаббат пен сырлардан нәсібі болмағандар тата алмайды (жүрегі зындан секілді болғандар махаббат нұрын пайдалана алмайды). Жүрегі қыңырлық пен нәпсіқұмарлыққа толы болғандар осы рухани сырды ұға алмайды (себебі олардың жүректері көр болып, бітеліп қалған). Ал махаббатқа құштар болғандар үшін бұл сыр айдай анық».

БЕЙНЕГЕ НАЗАР АУДАРҒАНДАР, МАҒЫНАНЫ КӨРЕ АЛМАЙДЫ

Маңдайына нұрұ Мұхаммед қонған Хазіреті Юсуфты бауырлары құдыққа тастап кеткенде, ұлылардың ұлысы Аллаһ оны ол жерден аман алып қалады. Қатты шөлдеген бір жолаушы су алу үшін құдыққа қауға тастайды. Хазіреті Юсуф жіпке жабысып, қауғамен бірге сыртқа шыққан кезде, әлгі жолаушы шөлдегенін ұмытып кетті. Көз алдындағы бұл кереметті көріп аң-таң қалды. Бірақ ықылассыз жолаушы бұл ғажайыптың рухани тұсын көре алмады. Оның сырт бейнесіне қызығып, аз ғана ақшаға сатып жібереді. Дәл Ләйлілерге байланып, Аллаһпен қауыша алмағандар секілді.

Негізінде, «ішетін су табылар» деген үмітпен арқанын құдыққа тастаған адам, көз алдында Хазіреті Юсуфтың сұлулығын көргенде, суды да, құдықты да ұмытуы ол үшін үлкен мүмкіншілік болатын. Осы уақытта ол дүниелік, уақытша нәрселерді ұмытуы керек еді. Шара не, бірақ ол ықылассыз, дүниеқұмар адам Хазіреті Юсуфтан келетін дүниелік пайдаға алданды. Қолына түскен рухани байлық зая кетті.

Хазіреті Мәуләнә бұл жағдайды:

«Дүниеге және сырт көрініске мән бергендер, көлеңке аулаған аңшыға ұқсайды. Көлеңке қалайша олардың қолына түссін?»

«Ақымақ бір адам құстың көлеңкесін ұстап алғысы келді. Оның бұл әрекетіне ағашта отырған құстың өзі аңтаң қалды», – деп өте тамаша түсіндірген.

Қысқасы, махабатта сүйікті мен ғашықтың арасына ешқандай нәрсе кірмеуі қажет. Нағыз ғашық сүйіктісіне ешқандай мақсатсыз, махаббатын тек Аллаһ үшін арнауы қажет.

АЛЛАҺПЕН ДОСТЫҚТЫҢ СЫРЫ

Иләһи махаббаттың ескерткішіне айналған Ибраһим аләйһиссәләмды Нәмрут отқа тастамақ болды. Сол уақытта періштелер жәрдемге келді. Басында Жәбірейіл аләйһиссәләм болып, барлығы Хазіреті Ибраһимге:

– Ей, Халилұллаһ! Бізден не қалайсың, не істейік? -– деді.

Ибраһим аләйһиссәләм болса Раббысына разы, тәуекелшіл күйде:

– Дос пен достың арасына араласпаңдар, – дейді.

Осындай махаббат пен мағрифат құлды періштелерден де жоғары дәрежеге көтереді.

Себебі махаббат пен мағрифат сырының арқасында адам баласы барлық қиындық пен азапты және сынақты табысты түрде жеңе алады. Махаббат пен мағрифат төзу мүмкін емес ауыр қорлықтарды да тәтті балға айналдыратын иләһи шәрбәт іспетті.

Сондықтан барлық пайғамбарлар халқының өздеріне көрсеткен қорлықтарына барынша төзіп, сабырлық көрсеткен және де осылайша небір қол жетпес мәртебелерге ие болған.

Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләм адамдардың және барлық пайғамбарлардың арасында ең көп зорлық-зомбылық көріп, озбырылыққа ұшыраған. Бұған қоса ең ұлы мәртебелерге, пайғамбарлардың имамы дәрежесіне және «Хабибұллаһ (Аллаһтың сүйіктісі)» деген ілтипатына лайық болған.

Осылардың барлығы шынайы махаббаттың көрінісі. Кімнің бойында осы махаббаттан бір үлес болатын болса, ол да Пайғамбарымыз саллаллаһу аләйһи уә сәлләмнің жолымен жүріп, заңғар биіктерге қол жеткізеді. Ал кімде-кім махаббаттан мақрұм болса, оған тәтті балдың өзі захар болып әсер етеді.

ҒАПЫЛДЫҢ КӨЗІНДЕГІ ӨЛІМ – ҒАШЫҚҚА ӨМІР

Барлық оқиғалар оларды бастан кешіргендердің жағдайына қарай түрлі-түрлі мәнге ие. Мысалы ақтық дем – сырттан қарағандар үшін жан тапсырып өлу болса, ғашықтар мен данагөйлер үшін Аллаһпен қауышу сәті. Хазіреті Мәуләнә болса бұл сәтті сүйіктілердің қауышу сәтіне ұқсатып, артта қалғандарға мынадай өсиет айтады:

«Мен өлгеннен соң табытымды алып бара жатқанда, менде бұл дүниенің дерті мен уайымы бар деп ойлама! Дүниеден кеткеніме өкінеді деп ойлама!»

«Мен өлгенде жылама! «Әттең-ай! әттең-ай!» дей көрме! Егер мен тірі кезімде нәпсіге беріліп, шайтанның тұзағына түсетін болсам, нағыз өкініп, күйінетін кез – сол уақытта».

«Менің жаназамды көріп «айырылдық, айырылдық» деме! Есіңде болсын, ол уақыт – менің айырылған уақытым емес, Раббыммен қауышқан уақытым».

«Мені топыраққа бергеннен кейін «Қош бол! Қош бол!» дей көрме. Өйткені мазар – о дүниенің, жәннәт қонысының пердесі».

«Батып, көзден ғайып болуды көрдің. Енді қайта тууды да көр. Ойланып көрші, ай мен күн батып көзден ғайып болғанда, олардың нұрына зиян келеді ме?»

«Бұл жағдай саған бату, жоғалу болып көрінсе де, негізінде бұл қайта туылу. Қайтадан өмірге қауышу. (Мәңгілік өмірге қауышу)».

«Сырттан қарағанда қара жердегі мазар адамға зындан болып көрінгенімен, негізінде ол жер рухтың (дүниенің күйбең тіршілігі мен машақатынан) құтылған жері».

«Топыраққа тасталып, егілгеннен кейін қайта өспеген тұқым бар ма? Онда неге адам тұқымы жайлы қате пікірдесің?»

«Қандай қауға суға тасталды да толып шықпады? Юсуф құдықта неге зарар көрсін, неге ойбай салып, айқайласын?»

«Бұл дүниеге ауызыңды жұмсаң, арғы жағына аш. Енді сенің әрекеттерің мекенсіз әлемде».

Хазіреті Мәуләнә бүкіл өмірінде осындай сезіммен өмір сүрген және негізгі өмірдің ахіретте екеніне анық сенген. Ол бұл сезімін былай баяндайды:

«Мен өліп жатқан едім, тірілдім. Жылап жатқан едім, күлдім. Махаббат мекені келді, мәңгілік мекенімді таптым».

Міне, бұл – иләһи махаббат жолында қол жеткізетін ең ұлы мәртебе. Бұл – махаббатпен қайта тірілу халі. Құлшылықтың барлық мақсаты – Аллаһқа осы халмен сәжде жасап, жақындай түсу.

БІЗДІҢ ЕҢ ҮЛКЕН СЫНАҒЫМЫЗ

Біздің бұл дүниедегі ең үлкен сынағымыз – махаббат пен мағрифат сынағы. Осы екі сынақта жетістікке жеткендер, басқа барлық сынақтардан сүрінбей өтеді.

Қиындықтарға, зорлық-зомбылықтарға, бәлекеттерге мойымайды. Олардың дүниелері де ахіреттері де жұмаққа айналады, әрі үнемі Хақ Тағаламен бірге болудың берекетімен өмір сүреді.

ТҰҚЫМ ТОПЫРАҚТА ӨНЕДІ

Бүкіл кітаптағы және заһири мағлұматтар негізінде тұқымға ұқсайды. Егер тұқым топыраққа егілмей, тек қоймада қалатын болса, бірнеше жылдар өтсе де тұқым күйінде қалады. Кейде құрт-құмырсқаға жем болып жатады. Осы секілді кітаптағы және заһири мағлұматтар да тек сөрелер мен қағаз беттерінде қалатын болса жағдай осындай болады. Ал, керісінше, топыраққа егілген тұқым өніп, өседі. Тіпті кейбіреуі алып шынар ағашына айналады. Осы секілді көңіл топырағына егілген ғылым мен парасат және иләһи махаббат тұқымы да жүректі руханият бақшасына айналдырады. Олардың жемістері өмірдің барлық маусымында көрінеді.

О, Раббым! Баршамызға махаббат пен мағрифат қойнауында осындай сезіммен өмір сүруді нәсіп еткейсің! Біздің өмірімізді барлық қайғы-қасіретті рахатқа, барлық күйінішті шаттыққа, барлық жамандығымызды жақсылыққа ауыстыратын, фәнилігімізді мәңгілікке алмастыратын нағыз махаббатпен және мағрифатпен безендіргейсің! Бізді тек махаббатымызды Пайғамбарымызға арнаған күйде құзырыңа алғайсың! Бізді жақсы көр, Өзіңді жақсы көруді нәсіп ет, және қуандыра көр Аллаһым!..

Әмин!

«Хикмет» баспа үйі ЖШС,
Алматы қаласы, Мамыр - 4 мөлтек ауданы
Байланыс телефондары: 8 (727) 255 63 41
255 63 57